

З. А. Джандосова



# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

# 10

Жалпы білім беретін мектептің  
10-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының Білім  
және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2019

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3(5Қаз)я72  
Д37

**Джандосова З. А.**

Д37 **Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық.** — Алматы: Мектеп, 2019. — 256 б., сур.

ISBN 978—601—07—1176—1

Д  $\frac{4306020600—089}{404(05)—19}$  67(1)—19

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3(5Қаз)я72

© Джандосова З. А., 2019  
© «Мектеп» баспасы, көркем  
безендірілуі, 2019  
Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүліктік  
құқықтары «Мектеп»  
баспасына тиесілі

ISBN 978—601—07—1176—1

## АЛҒЫ СӨЗ

*Қымбатты оқушылар!*

Сендерге ұсынылып отырған «Қазақстан тарихы» оқулығының өздерің білетін тарих оқулықтарынан біршама ерекшелігі бар. Бұрынғы оқулықтарда ежелгі дүниенің, орта ғасырлардың, жаңа және қазіргі заманның тарихи оқиғалары хронологиялық ретпен баяндалатын. Ал жаңа оқулықта тарихи дәуірлерге ондай таңылу жоқ. Әрбір тараудың өз хронологиясы бар. Басты ерекшелігі – тұжырымдамалық баяндау. Осыған сәйкес, оқулықта тарих сызықтық емес, өркениеттік тұрғыдан баяндалған. Сондай-ақ Қазақстан тарихы қазақ көшпелі өркениетінің тарихы ретінде тереңірек қарастырылады. Бұл тәсіл дүниежүзінің елдеріне өздерінің жеке ұлттық құндылықтарын меңгеру мүмкіндігін береді. Адамзат қоғамы өмірінің материалдық, рухани және саяси мәдениетінің ерекшелігі әлеуметтік ұйым, салт-дәстүрлері, өнегелі істері, идеология, әдебиет пен мәдениет сияқты маңызды құндылықтарына көңіл бөлуге жағдай жасайды.

Оқулық 11 тарау, 60 параграфқа бөлінген. Олар далалық көшпелілік өркениетіне, Ұлы Даладағы қазақтардың этногенезіне, қазақ мемлекеттілігінің орнығуына және қазақ қоғамындағы мәдени үдерістерге байланысты мәселелерді ашып көрсетеді. Оқулықта тарихи материал неғұрлым жалпылама беріліп, тарихи жағдайлар себеп-салдарлық байланыстарды іздестіру көзқарасы тұрғысынан талданады. Әрбір параграфқа кілт сөздер мен онда баяндалған материалды түйіндеуші қорытындылар қоса берілді.

Оқулықты зейін қойып оқындар, картаны зерделеңдер, суреттерге назар аударындар, хрестоматия мен глоссарийді (ұғымдар сөздігін) пайдаланындар, сұрақтарға жауап беруге және ұсынылған тапсырмаларды орындауға тырысындар. Бұл оқулық сендерге қазақ тарихының жалпы сұлбасын түсінуге көмектеседі. Оны қазіргі заманмен байланыстыра отырып, өткен тарихқа талдау жасауға және қорытындылай білуге үйретеді.

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨРКЕНИЕТТЕРІ: САНАЛУАНДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ОРТАҚТЫҒЫ

### § 1-2. «Орталық Азия» ұғымының тарихи және географиялық негіздері

#### Бүгінгі сабақта:

- «Орталық Азия» ұғымы;
- «Орталық Азия» мен «Орта Азияның» арасындағы айырмашылықтар;
- «Орталық Азия» ұғымын анықтауда өзендер ағысының мәні;
- Орталық Азия климатының маңызды ерекшеліктері туралы білеміз.

#### Кілт сөздер:

- Орталық Азия
- Орта Азия
- саяси география
- физикалық география
- аймақ
- ішкі ағын аймағы
- дала ландшафты
- құрғақ климат

**«Орталық Азия» ұғымының саяси-географиялық мәні.** Бүгінде «Орталық Азия» ұғымының тар және кең мағынасы бар. Тар мағынасында саяси-географиялық мәнге ие. Қазіргі кезеңде Орталық Азия саяси-географиялық аймақ ретінде бес мемлекетті: Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан және Тәжікстанды қамтиды. 1991 жылы КСРО ыдыраған соң, аталған мемлекеттер мен Ресейде «Орталық Азия» ұғымы қолданыла бастады.

Саясатта және бұқаралық ақпарат құралдарында Орталық Азияға кейде өзге де мемлекеттер мен аймақтарды қосады (кестені қараңдар).

**«Орталық Азия», «Орта Азия», «Түркістан» ұғымдарының өзара байланысы.  
«Ішкі Азия»**

Ұғым	Неміс, орыс, кеңес, бірқатар ресейлік география және тарих ғылымында	Ағылшын-америкалық география мен тарих ғылымында	Заманауи саяси география	Заманауи физикалық география мен тарих ғылымы
1	2	3	4	5
Орталық Азия	Моңғолия мен Солтүстік-Батыс Қытай, Тибет таулы өлкесі кіреді	Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан	Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан	Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Моңғолия,

1	2	3	4	5
	Шығыста Үлкен Хинган қыратына дейін созылады		Тәжікстан, кейде Ауғанстан, Пәкістан, Батыс Қытай (Синьцзян)	Солтүстік-Батыс Қытай, Солтүстік Ауғанстан, Солтүстік-Шығыс Иран, Поволжье, Орал маңы, Оңтүстік Сібір
Орта Азия	Батысында Каспий мен шығысында Қытайдың, солтүстігінде қазақ даласы мен оңтүстігінде Ауғанстан және Иранның аралығы	Ұғым қолда- нылмайды	Ұғым қол- данылмайды	Ұғымды кеңес мектебінің бір- қатар географта- ры мен тарихшы- лары қолданады
Түркістан	Батысында Каспий мен шығысында Гоби шөлінің, солтүстігінде қазақ даласы мен оңтүс- тігіндегі Гинду- куш қыратының аралығындағы облыс	Батысында Каспий мен шығысында Гоби шөлінің, солтүстігінде қазақ даласы мен оңтүс- тігіндегі Гиндукуш қыратының аралығындағы облыс	Ұғым кей жағдайда қолданы- лады	Ұғым кей жағдайда қолда- нылады
Ішкі Азия	Ұғым қолда- нылмайды	Моңғолия мен Солтүстік- Батыс Қытай, Тибет таулы өлкесі қосы- лады	Ұғым қолда- нылмайды	Ұғым кей жағдайда қолда- нылады

**Назар аударыңдар!** Қазіргі саяси географияда Орталық Азияға Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан және Тәжікстан кіреді.

**Орта Азия, Түркістан және Дала өлкесі.** Бүгінде Орталық Азия ата-лып отырған аймаққа қатысты КСРО кезеңінде «Қазақстан және Орта Азия» деген ұғым қолданылды. Қазақстан «Орта Азияға» енген жоқ, өйткені ол жеке экономикалық аймақ болды.

Ресей империясы кезінде «Орта Азия» ұғымы Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы барлық далалы жерді қамтыды. Сондай-ақ оған



Қазақстан мен Орталық Азия картасы

Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аумағы да қосылды. «Орта Азия» ұғымы «Түркістан» ұғымымен қатар қолданылды. Сол себепті Ресей империясының Орта Азиядағы иеліктері «Түркістан өлкесі» деп аталды. Сол тұста Қазақстан өлкесі батыстағы Орал мен Торғай облыстары (1881 жылға дейін Орынбор генерал-губернаторлығына енді) мен шығыстағы «Дала өлкесі» – Дала генерал-губернаторлығына бөлінді, яғни «Түркістан өлкесіне» енбеді. «Дала генерал-губернаторлығы» атауының өзі әкімшілік бөлініс негізінде физикалық-географиялық қағидат жатқанын көрсетеді.

**«Орталық Азия» ұғымының физикалық-географиялық мағынасы.** «Орталық Азия» (немесе «Орталық Еуразия») ұғымының кең ауқымдағы физикалық-географиялық мағынасы Қазақстан мен өзге де ортаазиялық мемлекеттердің, сонымен қатар Моңғолия, Солтүстік-Батыс Қытай, Ауғанстан, Солтүстік-Шығыс Иран, Поволжье, Орал және Оңтүстік Сібір аумақтарын қамтиды. Осылайша оның саяси-географиялық ұғымына қарағанда, әлдеқайда ауқымы кең болды.

Орталық Азияны ішкі ағынды және ағынсыз өзен-көл алаптарын біріктірген Еуразияның орталығындағы көлемді аймақ ретінде тануына оның физикалық-географиялық анықтамасы негіз болды. Ішкі ағынды

өзендер деп әлемдік мұхитқа құймайтын өзендерді айтады. Олардың қатарына Жайық, Ембі, Сырдария, Әмудария, Шу, Іле өзендері жатады. Ішкі ағынды өзендер, негізінен, таудан басталып, даладан өтіп, көлдерге құйылады немесе құмға сіңіп кетеді.

**Назар аударыңдар!** Физикалық географияда «Орталық Азия» – Еуразияның ішкі ағынды алабына жататын түкпірдегі орталық ауданы.

**Ұғым тарихы.** «Орталық Азия» ұғымын алғаш рет ХІХ ғасырдың ортасында неміс зерттеушілері Карл Риттер мен Александр фон Гумбольдт кеңінен қолданды. Риттер Орталық Азияны Еуразияның «ішкі биік аудандары» деп атап, ондағы түбектер мен ойпаттарды бөлек қарастырды. Ал Гумбольдт Алтайдан оңтүстікке және Памирден шығысқа қарайғы (Қазақстанның шығысындағы Орталық Азия аймағын) аумақты атады. Басқа неміс географы Ф. фон Рихтгофен Орталық Азияны ішкі ағынды өзендер алабымен анықтауды енгізді. Алайда бұл аймаққа Каспий мен Арал теңізін қоспады. Бұл теңіздерді әлемдік мұхитпен байланысқан ежелгі теңіздердің бір бөлігі деп санады.

Орталық Азия аумағы (заманауи саяси-географиялық мағынасы) ХІХ ғасырдағы неміс географтарының көрсеткендеріне мүлде сәйкес келмейді. Бұл ұғым алғашында неміс, кейін орыс және Кеңес ғылымында тек Моңғолия, Солтүстік және Батыс Қытай мен Тибетке қатысты қолданылды. Ал Орталық Азияның оңтүстік-батысындағы аймақ *Орта Азия* деп аталды.

Бұл оқулықта «Орталық Азия» ұғымы кең мағынада қолданылады. Ол мынадай жағдайлармен байланысты:

- мемлекеттер арасындағы қазіргі шекаралар кейін белгіленді;

- бұрынғы Орталық Азия өркениеті қазіргі Орталық Азия мемлекеттерінің ауқымынан да кең аумақты қамтиды;

- Орталық Азияның батыс бөлігінің тарихы оның шығыс бөлігінің тарихымен сабақтас;

- Орталық Азияның жалпы тарихымен таныспай, Қазақстан тарихының жекелеген кезеңдерін білу мүмкін емес.

**Орталық Азияның табиғаты мен климаты.** Орталық Азияның табиғаты алуан түрлі. Ол тік беткейлі, терең шатқалды биік таулардан, ыстық әрі құрғақ шөлді аймақтан тұрады. Таулар тізбегі бір-бірінен жазықтар мен ойпаттар арқылы



Іле Алатауы



Қазақстан мен Қырғызстан аумағымен ағатын Шу өзені

бөлінген. Таулар аймақтың климатын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және ағынсыз әрі ағынды алаптар арасын табиғи бөлуші болып табылады. Орталық Азия өзендерінің басым бөлігі өз бастауларын таулардан алады. Таулардан сарқырап аққан су жазықтарға жеткенде баяу ағады да, үлкен өзендерге қосылады (Жайық, Ембі, Әмудария, Сыр-

дария, Іле, Нұра) немесе құмға сіңіп, сортаңды жер, шағын көл мен батпақты аймақтарға айналады (Торғай, Шу, Сарысу). Шөл далада өзеннің ескі су арналарын көп кездестіруге болады. Орталық Азияның кең даласында Каспий секілді үлкен теңіз бен шағын көлемдегі мыңдаған көл бар. Орталық Азия орманды далалы, далалы, жартылай шөлейт, сондай-ақ құмды, тастақты шөл және таулы болып келеді. Орталық Азияның үстіртті және аласа таулы массивтеріне, көбінесе далалы ландшафт тиесілі. Ал Тұран ойпатында, жазықтарда, Орталық Азияның тауаралық ойпаңдарында Қарақұм, Қызылқұм секілді үлкен құмды шөлдер болса, Қазақстан аумағында Нарын құмы, Қарақұм, Үлкен және Кіші Борсық, Бетпақдала, Мойынқұм орналасқан. Орманды дала мен жазық далада дәнді өсімдіктер мен алуан түрлі шөптер өседі. Ал жартылай шөлде астық тұқымдас өсімдіктер мен жусан, шөл далада аптап ыстық пен құрғақшылыққа төзімді өсімдіктер өседі. Қазақстан аумағы, негізінен, Каспийдің шығысындағы ойпаттан басталып, Алтайға дейін созылған жазық далалы болып келеді.

**Назар аударыңдар!** Жазық дала Қазақстанның тарихында маңызды рөл атқарды. Өйткені дәл осы дала аймағында көшпелілер өркениеті қалыптасты. Қазақтардың көшпелі мәдениеті оның құрамдас бөлігі болып саналады.

Орталық Азияның климаты ауа температурасының күндік немесе жылдық ауытқуы айтарлықтай болып келетін шұғыл континенталды немесе континенталды сипатқа ие. Климаты – құрғақ (қуаң). Ауаның құрғақтығы солтүстіктен оңтүстікке және таудан жазыққа қарай жауын-шашынның мөлшері азаятын атмосфераға байланысты.

**Назар аударыңдар!** Орталық Азияның құрғақ климаты оның тарихында маңызды рөл атқарды, себебі дәл осы фактор көшпелі өркениеттің пайда болуына әсер етті.

**Қорытынды.** Саяси география тұрғысынан қарастырғанда, Орталық Азияға бес посткеңестік ел (Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан,





Ұлы Дала

Қырғызстан, Тәжікстан) кіреді. Ал физикалық география тұрғысынан алып қарағанда, Еуразияның ішкі ағынды (өзендер ағыны) аймағы болып табылады. Орталық Азияның сипатын алуан түрлі далалы, шөлді және таулы ландшафтылар құрайды және шұғыл континенталды құрғақ климат тән болып келеді.

**Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Орталық Азияның физикалық географиясының негізін анықтауда қандай белгілер бар?
2. 1-кестемен жұмыс.  
Кеңес ғылымында қай аймақ «Орталық Азия» деп аталды? Қазіргі саясатта және саяси географияда «Орталық Азия» деп қай аймақ аталады? *Орта Азия* мен *Түркістан* ұғымдары бір-біріне сәйкес келе ме? Қалай ойлайсындар, қай тарихи өңір «Шығыс Түркістан» деп аталды?

**Картамен жұмыс.**

1. Картаға қарап сұрақтарға жауап беріңдер. Неліктен Қазақстанның көп бөлігі мен Моңғолия және Ауғанстан шартты түрде (физикалық-географиялық көзқарас тұрғысынан) Орталық Азия құрамына енбейді?
2. Орталық Азияның физикалық картасынан осы параграфта көрсетілген ойпаттар мен тау қыраттарын, өзен-көлдерді, Орталық Азияның шөлдерін көрсетіңдер.

**Өлкетану бойынша тапсырмалар.**

1. Сендер тұратын облыста (қала маңында) қандай таулар, өзен-көлдер бар? Бұл өзендер қандай алапқа жатады?
2. Өздерің тұратын жердің климаты туралы айтып беріңдер. Қыс пен жаз қаншалықты ұзаққа созылады? Жауын-шашын көп түсе ме?

**Күрделі тапсырмалар.**

1. Шыңғыс ханның империясы дәуірінде Қазақстанның батыс, орталық және солтүстік өңірлері Жошы ұлысына, ал оңтүстік және оңтүстік-шығысы Шағатай

ұлысына қарады. Ресей империясының бөлінісі де осыған ұқсас болды: батыс, орталық және шығыс аудандар әкімшілік жағынан оңтүстік және оңтүстік-шығыстан бөлек болды. Мұндай сәйкестіктің себебі неде?

2. Қазіргі кездегі саяси шеғара бөлінісінің негізінде қандай қағидаттық жағдайлар бар? Қазақстанның біртұтас саяси-географиялық бейнесін қалыптастыруға не себеп болды?

### § 3. Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы

#### Бүгінгі сабақта:

- дәстүрлі өркениетті;
- дәстүрлі өркениетті зерттеудің күрделілігін;
- Орталық Азияның ежелгі өркениетін зерттеудегі жазба деректердің құндылығын;
- ежелгі өркениетті зерттеудегі отандық археологтердің рөлін қарастырамыз.

#### Кілт сөздер:

- дәстүрлі өркениет
- дәстүрлі мәдениет
- дәстүр
- дәстүрдің дәріптелуі
- материалдық мәдениет
- рухани мәдениет
- жазба дерек
- археология
- көшпелілік

«Дәстүрлі өркениет» ұғымы. Ертедегі ежелгі дәуірлік, ежелгі шығыстық, ортағасырлық өркениеттер *дәстүрлі* деп аталады. Олар индустриалдық<sup>1</sup> дәуірге дейін ежелгі және орта ғасырларда болды. Олардың мынадай белгілері бар:

- бірсарындылық: мәдени тәжірибенің (дәстүрдің) тұрақты түрде қайталануы және ата-бабалар өмір салтының ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруы;
- дәстүрдің дәріптелуі (дәстүр қасиетті саналады, оны ешқандай жағдайда бұзуға болмайды);
- адам мен табиғаттың тығыз байланысы және табиғат жағдайларына тәуелділік;
- адамның өз әлеуметтік тобымен тығыз байланысы (қауыммен, этноспен, қоғамдық ортасымен), қоғамдық және жеке өміріндегі бөлінбеушілік;
- діни немесе діни-мифологиялық сана.

Дәстүрлі өркениет дәстүрлі (аграрлы, индустриалдыға дейінгі) қоғамға сай болады. Оларға *дәстүрлі мәдениет* тән.

Жоғарыда айтылған белгілердің барлығы кездесетін көшпелілер өркениеті де дәстүрлі болып табылады.

**Назар аударыңдар!** Дәстүрлі өркениет – бабалардың мәдени тәжірибелері мен өмір салтын қайталауға негізделген өркениет. Оның белгілеріне табиғатпен тығыз байланыс, адамның әлеуметтік топпен қатаң қарым-қатынасы, дәстүрдің дәріптелуі, діни сана жатады.

**Дәстүрлі мәдениет пен өркениетті зерттеудің қиындықтары.** Ежелгі дәстүрлі мәдениетті зерттеу оңай емес. Мәдениеттің өз жазуы болмаса

<sup>1</sup> Формациялық теорияда капиталистікке дейін.

тіптен қиынға соғады. Қазіргі заманда дәстүрлі мәдениетті әлеуметтік топтармен араласа отырып бақылайды. Мұндай зерттеу әдісі «қосылып бақылау» әдісі деп аталады. Осыдан екі немесе үш мың жыл бұрын өмір сүрген, алғашқы қауымдық қоғамның күнделікті әлеуметтік өмірін «қосылып бақылау» әдісімен зерттейтіндей мүмкіндік жоқ. Сондықтан ертедегі дәстүрлі мәдениет археологиялық деректер мен өзге де тарих салаларының (нумизматика, эпиграфика, антропология т.б.) мәліметтерін жазба деректермен салыстыру негізінде зерттеледі. Археологияның көмегімен техника мен технологиядағы, адамдар пайдаланған материалдық мәдениеттегі өзгерістерді бақылай алады. Палеоантропология көмегімен ежелгі адамның сыртқы келбетін анықтауға болады. Ал жазуы болмаған қоғамның рухани мәдениетін айқындауда тек болжамдар жасап, гипотеза құруға тура келеді.


**Назар аударыңдар!** Материалдық мәдениет – баспана, киім-кешек, сәндік және тұрмыстық бұйымдар, қару-жарақ және т.б. Рухани мәдениет – білім, идея, діни ұстаным, адамгершілік құндылықтар, дәстүрлер.

Егер өзінен кейін жазба деректер қалдырмаса, ежелгі халықтың қандай тілде сөйлегенін анықтау қиын. Осыған байланысты ежелгі тарих мәселелері туралы түрлі пікірлер туындап, қорытынды жасауда гипотезаға жол беріледі.

**Орталық Азияның ертедегі дәстүрлі өркениет тарихы туралы жазба деректері.** Орталық Азияның ежелгі тарихы жазба деректерде дәл және нақты көрсетілмеген. Бұл деректердің басым көпшілігі б.з.б. I ғасырдың екінші жартысына – б.з. I ғасырының бірінші жартысына жатады.

**Антикалық деректер.** Ғылымда бұл туралы жақсы белгілі, бірақ олардың деректері нақты емес. Өйткені ертедегі грек және римдік авторлар ауызша хабарлар мен дәлелсіз дереккөздерден жазған. Геродоттың «Тарихында» Ұлы Кирдің Орталық Азияға жасаған соңғы жорығы туралы баяндалады. Геродоттың скифтер мен сақтар туралы этнографиялық хабарларының да маңызы жоғары. Орталық Азия туралы мәліметтер ежелгі грек және рим тарихшыларының жазбаларында кездеседі. Страбонның «География» (XI кітабында), Үлкен Плинидің «Жаратылыстану тарихы», Птолемейдің «География» еңбектерінде Александр Македонскийдің жорықтары туралы жазылған. Рим тарихшысы Аммиан Марцеллин ғұндардың Еуропаға жорықтары туралы баяндайды.

**Қытайлық деректер** антикалыққа қарағанда Орталық Азияның ежелгі тарихы туралы маңызды да нақты деректер береді. Бұл деректер б.з.б. II



Геродот – көне грек тарихшысы



Қытайдағы Хань әулетінің тарихшысы Сыма Цян



Авеста

ғасырда Чжан Цяньның Ферғана, Жетісу, Қаңлы және Бактрияға сапар жасаған уақытынан белгілі бола бастады. Оның «Батыс елдері» туралы деректері б.з.б. II ғасырдың соңы мен б.з.б. I ғасырдың басында өмір сүрген Сыма Цянның «Тарихи жазбаларының» (Ши-цзи) 123-тарауының негізгі мәтіндерін құрайды. Бірнеше ғасыр қытайлар мен көшпелі ғұндар арасында өзара тартысты күрес жүріп отырған. Сондықтан Қытай жазбаларында ғұндар, олардың көршілерінің өмір салттары мен саяси құрылымдары туралы көптеген мәлімет кездеседі.

**Ирандық деректерге** зороастризмнің қасиетті кітабы Авеста, ежелгі парсының сына жазуы, эпиграфика жатады. Авестада «Арийлер мемлекетін» толық сипаттаған «географиялық тарау» бар. Авестаның ежелгі мәтіндерінде (б.з.б. II мыңжылдықта пайда болған) қола дәуіріндегі ортаазиялық жауынгерлер мен малшылардың өмір салты және рухани мәдениеті жөнінде көптеген мәлімет

бар. I Дарий патшаның (б.з.б. 522–486 жж.) бехистундық жазбаларында Орталық Азия халықтарының парсыларға қарсы көтерілісі, олардың далалық көшпелілер мен парсы империясы арасындағы қатынастары айтылады.

**Түркілер деректері** тек орта ғасырлардың алғашқы кезеңінде пайда болды. Көшпелі түркілер ирандық соғдылардың жазуын пайдаланып, соның негізінде<sup>1</sup> өздерінің жазуларын қалыптастырған. Бұл жазбаны ежелгі түркілік руна<sup>2</sup> немесе Орхон-Енисей<sup>3</sup> жазуы деп атайды. Ол сол уақытта бүкіл түрік диалектілеріне ортақ түркілік әдеби тіл қызметін атқарды. Бұл жазу таңбалары тасқа қашалып, ағашқа ойып түсірілді. Түркілердің руналық ескерткіштері б.з. I мыңжылдығында өмір сүрген ежелгі түркі мемлекеті тарихы туралы аса құнды жазба дерек болып табылады. Онда құлпытастар, ескерткіш жазбалар, діни мәтіндер, заңдық құжаттар және т.б. бар. Аса ірі жазбалар Екінші Шығыс Түрік және Ұйғыр қағанаттарының көрнекті қайраткерлерінің құрметіне арналған.

<sup>1</sup> Үнді жазуы кхароштхи мен ежелгі түркі-моңғол таңбалары арасында байланыстар болуы да мүмкін.

<sup>2</sup> Бұл атау ежелгі түркі жазбалары мен ежелгі скандинавиялық руналық таңбалар арасындағы ұқсастықтан шыққан.

<sup>3</sup> Осы жазбаның алғашқы ескерткіші табылған орны бойынша.

1893 жылы В.Томсен ежелгі түркі қолжазбаларының құпиясын ашты, кейін В.В.Радлов алғашқы аудармасын жасады. Қазіргі кезде осындай 255 руналық ескерткіш белгілі. Бұл жәдігерлер Қазақстанның Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің қорына енгізілген.

Ал археологиялық қазбалар кезінде табылған жекелеген заттардан неғұрлым ертеректегі жазбалар кездеседі.



Түркілердің руна жазуы

**Назар аударыңдар!** Орталық Азияның ертедегі дәстүрлі өркениеті туралы жазба деректердің негізгі топтары: антикалық, ирандық, ежелгі қытайлық, ежелгі түркілік болып бөлінеді.

**Қазақстанды археологиялық зерттеу тарихы.** Қазақстандағы археологиялық қазба жұмыстары 1826 жылы В.В.Радловтың Алтайдағы мұздықтарға айналған қорғандарға қазба жұмысын жүргізуімен басталды. Н.Н.Пантусов бірінші болып тастарға қашалған ежелгі кескіндер (петроглифтер) туралы жазып, оларды суретке түсірді. Ал 1889 жылы Жетісудағы үш қорғанға қазба жұмысын жүргізді. 1893–1894 жылдары В.В.Бартольд Шу, Талас және Іле алқаптарындағы ескерткіштерді зерттеді. XX ғасырдың басында Қазақстандағы ескерткіштерді зерттеуге Орынбор мұрағат комиссиясы қосылды.

1920–1930 жылдардағы археологиялық зерттеулер қола дәуірімен байланысты. Тек Ақтөбе облысының өзінде 500-ден астам қоныспен қорған зерттелді. Таспен қаланған және «мұртты» қорғандар зерттеліп, Бесоба қорымына қазба жұмыстарын жүргізді. Қ.И.Сәтбаев Сарыарқаның ежелгі ескерткіштерін зерттеуде әрі ежелгі кен істерімен мыс қорыту өндірісін анықтауда аса маңызды рөл атқарды. Тараз қалашығын анықтауда үлкен жұмыстар жүргізді.

1946 жылы Қазақстан Ғылым академиясының құрылуына байланысты республикадағы археологиялық жұмыстарды Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты атқарды. Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясына (ОҚАЭ) Ә.Марғұлан жетекшілік етті. Экспедиция Сарыарқадағы неолит пен энеолит дәуіріндегі мекендер, қола дәуіріндегі қоныстар мен қорғандар, сақтардың және түркі заманындағы жер-



Ә.Марғұлан



М.Қадырбаев

леу орындары мен орта ғасырлардағы қалаларды зерттеді.

1954 жылы Іле археологиялық экспедициясы өз жұмысын бастады. Оған белгілі ғалым К.Ақышев жетекшілік етті. Бұл экспедиция сақ және үйсін дәуіріне тиесілі тас қорғандарды, Бесшатыр «патша қорғанын», Тамғалы шатқалындағы петроглифтерді ашты. Ал 1969 жылы Есік қорғанынан «Алтын адамның» табылуы аса маңызды оқиға болды. Алтын әшекейлер, баскиімдер, киімдер, қару-жарақ, қыш бұйымдар мен табылған ыдыстардағы жазуды зерттеу сақтардың тіршілігі, олардың мәдениеті

мен мифологиясы туралы түсінікті өзгертті. Алтын адамның табылуы әлемдік ғылымда үлкен жаңалық болды.

1970 жылы М.Қадырбаев петроглифтерге зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1970–1980 жылдары орта ғасырлардағы қалаларға (Отырар, Қостөбе, Түркістан т.б.) қазба жұмыстары жүргізілді. Қазақстанның далалы аймақтарында жаңалықтар ашылып, ғылымға энеолиттік Ботай мәдениеті мен Терсек мәдениеті енгізілді.

**Назар аударыңдар!** Археологиялық мәдениет – бір аумақ пен дәуірдегі ортақ ұқсастықтары бар материалдық ескерткіштер жиынтығы.

Ресей аумағындағы Оңтүстік Оралда Арқайым мен Сынтасты мәдениетімен сабақтас ерекше ескерткіштердің ашылуынан кейін, қола дәуірі мәдениетін зерттеуге жол ашылды. Орталық Қазақстанда андрондық қорғандар мен қоныстар зерттелді.

Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңнен кейін де археологиялық зерттеу жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Қазақстан малшаруашылығы алғаш дамыған аймақтардың бірі болғанын жаңа зерттеулер дәлелдей түсуде. 1980 жылы В.Ф.Зайберт энеолиттік Ботай мәдениетін зерттеп, осы жерде алғаш жылқының қолға үйретілгенін дәлелдеді. Іле Алатауының далалы аймағы мен тау бөктерінде сақтардың отырықшылық қоныстарының табылуы маңызды жаңалықтардың қатарында болды (К.Байпақов). Бұл сақтардың жартылай отырықшылықта өмір сүріп, тұрақты мекен салғанын және егіншілікті білгенін көрсетті. Жетісудың таулы аудандарында Көлсай археологиялық мәдениетіне жататын ертедегі сақтардың ескерткіштері зерттелді. Алтайдың қазақстандық бөлігіндегі Берел қорғандарын қазу жұмыстары жүргізілуде. Ол жерден де ерекше жәдігерлер табылды. Қазақстандық петроглифтерді зерттеу жұмыстары жалғасуда. 2004 жылы Тамғалы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұраларының тізіміне енді.



Тамғалы (Таңбалы) – Жетісудың ең көне және танымал петроглифтерінің бірі

**Орталық Азияның ертедегі дәстүрлі мәдениетін зерттеуде номадистика мен этнографияның рөлі.** Орталық Азияның дәстүрлі мәдениетін зерттеуде номадистика (көшпеліліктану) – көшпелі мал-шаруашылығының бағыты мен көшпелі қоғамның барлық қырын зерттейтін кешенді ғылымның маңызы зор. Бұл – ХХ ғасырдың ортасынан дами бастаған ғылымның жаңа бағыты. Алғашқы уақытта номадистика қазіргі замандағы көшпелі қоғамның этнографиялық жазбаларын зерттеумен ғана айналысты. Ал Ежелгі және орта ғасырлардағы көшпелілер империясының өткен тарихымен тек тарихшылар ғана айналысты. Кейіннен көшпелілердің бұрынғы тарихын зерттеген тарихи-этнографиялық зерттеулер пайда болды. Ауқымды тақырыптарды зерттей бастаған номадистика жеке кешенді ғылым саласына айналды.

Қазіргі уақытта онымен тек этнографтар ғана емес, тұтастай көшпелілер өркениетін зерттеп жүрген тарихшылар мен археологтер да айналысуда. Қазақтардың көшпелі өркениеті туралы тарихи-этнографиялық еңбектердің ішінен С.Зимановтың «Қазақтардың ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы қоғамдық құрылысы», В.Ф.Шахматовтың «Қазақтың жайылымды-көшпелі қоғамы», С.Толыбековтің «ХVІІ–ХХ ғасырлардың басындағы қазақтардың көшпелі қоғамы», Д.Кішібековтің «Көшпелі қоғам: шығуы, дамуы, құлдырауы», Н.Масановтың «Қазақтардың көшпелі өркениеті» еңбектерін айтуға болады. Қазіргі замандағы көшпелілердің этнографиялық өмірін бақылау көшпелілер қауымының өткен тарихын білуге жәрдем береді.

**Қорытынды.** Өткеннің дәстүрлі мәдениеті мен өркениетін, оның ішінде көшпелілердің өркениетін зерттеу жазба дереккөздері мен археологиялық деректерге негізделеді. Олар антропологиялық және этнографиялық материалдармен, тарихи қосалқы пәндердің деректерімен толықтырылады. Қазақстандық археология ғылымы ежелгі әлемді зерттеу ісінде үлкен жетістіктерге қол жеткізді; Қазақстан аумағында көптеген археологиялық ескерткіштер табылып, зерттеулер жүргізілді. Көшпелілердің бұрынғы өркениетін тануда номадистика саласындағы зерттеулер маңызды рөл атқарды.

#### **Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Қандай өркениет дәстүрлі деп аталады?
2. Орталық Азияның ертедегі дәстүрлі өркениетінің тарихы туралы жазба деректердің негізгі топтарын атап көрсетіңдер.
3. 1969 жылы Есік қорғанындағы қазба жұмыстары кезінде қандай маңызды археологиялық жаңалық ашылды?
4. Неліктен қазіргі замандағы көшпелілердің этнографиялық өмірін бақылау бұрынғы көшпелілер өмірін тануға көмектеседі?

#### **Картамен жұмыс.**

Қазақстанның археологиялық ескерткіштері картасын қараңдар. Картадан осы параграфта көрсетілген: а) қола дәуірінің ескерткіштерін; ә) Есік қорғанын; б) Оңтүстік Қазақстанның ежелгі қалаларын табыңдар.

#### **Өлкетану бойынша тапсырма.**

Сендер тұратын өлкеде қандай археологиялық ескерткіштер бар? Бұл ескерткіштер қай дәуірге жатады?

#### **Күрделі тапсырмалар.**

1. Хрестоматиядағы Геродоттың скифтер мен сақтар туралы жазбалары мен қытайдың ғұндар туралы жазылған жылнамаларын салыстырып, қай дерек нақты ақпарат беретінін анықтаңдар.
2. Хрестоматиядағы Авестадан «Митра» гимнін оқыңдар. Неге Авеста Орталық Азияның ертедегі малшыларының материалдық және рухани мәдениетінің қайнар көзі болып саналады?

## **§ 4. Орталық Азияда өркениеттің пайда болу факторлары**

### **Бүгінгі сабақта:**

- неолиттік төңкеріс;
- Орталық Азиядағы отырықшы-егіншілік өркениеттің қалыптасуы;
- көшпелілер өркениеті пайда болуының алғышарттары;
- Дала өлкесінің қуаңдануы және оның салдары туралы білеміз.

Орталық Азия – Еуразияның кең даласында мыңдаған жылдар бойы үстемдік еткен көшпелілер өркениетінің бесігі. Бұл өркениеттің тағы бір атауы – «Дала өркениеті» немесе «Ұлы Дала өркениеті». Біздің кең-байтақ даламызда жылқы алғаш қолға үйретіліп, көшпелі



малшаруашылығы пайда болды. Көшпелі өркениет тұйықталып қалған жоқ, ол Орталық Азияның отырықшы-егіншілік өркениетімен, қытайлық, ирандық және өзге де ежелгі шығыс өркениеттерімен байланыста өрбіді.

Орталық Азияда көшпелілік пен отырықшылық ұзақ тарихи кезеңде отырықшы-көшпеліліктің селбескен жүйесін құрады. Олар кең далада өзара байланыс орнатып, ортақ өнімдерімен, материалдық және рухани саладағы жетістіктерімен ерекшеленді.

#### Кілт сөздер:

- неолиттік төңкеріс
- егіншілік
- отырықшы-егіншілік өркениет
- малшаруашылығы
- қуаңдану
- көшпелілік
- көшпелі мәдениет

**Назар аударыңдар!** Орталық Азияның көшпелі және отырықшы-егінші өркениеттерінің пайда болуының маңызды факторы өндіруші экономиканың – малшаруашылығы мен егіншіліктің пайда болуы болды.

**Неолиттік төңкеріс.** Шамамен б.з.б. VI–V мыңжылдықтан бұрынғы неолит дәуірінде тас өңдеу техникасының жетілуі және тастан, ағаш пен сүйектен жасалған жаңа құралдардың пайда болуы материалдық өндірістер жүйесіне бетбұрыс әкеліп, *неолиттік төңкеріс* деген атауға ие болды. Неолиттік төңкерістің себептері тұрғындар санының артуы және соған байланысты өндірістік дағдарыстың орын алуы болды.

**Назар аударыңдар!** Неолиттік төңкеріс табиғи дайын өнімді тұтынудан өндірістік шаруашылыққа, яғни, терімшілік пен аңшылықтан егіншілік пен малшаруашылығына өткен тарихи қадам болды.

Неолиттік төңкеріс адамның табиғатқа тәуелділігін азайтып, алғаш рет оның жеткілікті түрде азық-түлікпен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік берді.

**Егіншіліктің пайда болуы.** Неолиттік төңкерістің ең маңызды қадамдарының бірі – егіншіліктің пайда болуы мен отырықшылыққа көшу болды. Адам баласы дәнді дақылдарды себуді және оны өсіруді меңгерді. Ежелгі замандағы егіншілердің негізгі құралдары таяқ, кетпен және тас орақ болды. Егіншілік алғаш аңшылықпен, кейін малшаруашылығымен қатар жүрді. Б.з.б. VI мыңжылдықта Оңтүстік Түрікменстанда Орталық Азия бойынша алғаш рет *жейтундықтар* жер өңдеп, дәнді дақылдарды өсіруді меңгерді. Жейтундықтар өзен тасуынан ылғалданған топыраққа (жайылма жерлерге) бидай егіп, ешкі өсірумен айналысты. Егіншілік пен малшаруашылығы адамдарға көшпелі өмір салтынан бас тартып, азық іздеп көшіп жүруді тоқтатуына мүмкіндік берді.

**Орталықазиялық отырықшы-егіншілік өркениетінің қалыптасуы.** Энеолит дәуірінде (б.з.б. IV мыңжылдық) Орталық Азияның оңтүстігіндегі егіншілер (Оңтүстік Түрікменстан Анау мәдениеті) суармалы егіншілікті меңгерді. Суару жүйелерінің (өңделген жерлерді суаруға арналған тоғандар), метал құралдардың, күш көліктердің (түйе, өгіздер) және дөңгелекті көліктің пайда болуы өнімнің артуына, тұрмыстың жеңілдеуіне және адам санының өсуіне әкелді. Осылайша Орталық Азиядағы отырықшы-егіншілік өркениеттің қалыптасуы басталды. Келесі мыңжылдықта бұл өркениет жетістіктері шығысқа таралып, Тянь-Шаньға дейін созылды. Отырықшылық пен егіншілікке жерді суаруға Әмудария, Сырдария өзендерінің жағалаулары және суармай-ақ егін егуге болатын ылғалды, тау бөктерлеріндегі жерлер таңдап алынды.

Егіншілікке пайдаланылатын құралдар өте баяу жетілдірілгендіктен, өркениетте материалдық тұрғыдағы сабақтастық мыңдаған жылға созылды. Бірақ рухани, мәдени және этникалық қатынастар тұрғысынан Орталық Азияның оңтүстік бөлігінде маңызды өзгерістер орын алды.

**Назар аударыңдар!** Малшаруашылығы мен егіншіліктің пайда болуы нәтижесінде көшпелі және отырықшы-егіншілік өркениет қалыптасты.

**Еуразияның далалы өңірлерінде малшаруашылығының пайда болуы.** Неолиттік төңкерістің нәтижесінде Еуразияның далалық өңірлерінде малшаруашылығы таралды. Б.з.б. IV және III мыңжылдықтың алғашқы



Ежелгі егіншілер

жартысында салқын ылғалды климаттың әсерінен бұл аймақтар көгорай шалғынды болды. Бұл қолайлы жағдай ірі сүтқоректілердің, оның ішінде жылқының көбеюіне әкелді. Кейіннен олар қой, ешкі секілді басқа жануарларды да өсіре бастады. Бұл жағдай далалықтарға көшпелі өмір салтынан бас тартуға ықпал етті. Малшаруашылығымен айналысқан адамдар бір жерге тұрақты қоныстанып, жылы үйлер мен малдарға арнап қысқы қоралар сала бастады. Осы қоныстарда бақташы малшылық пен өзен аңғарларында кетпенді егіншілік<sup>1</sup> қалыптасты.

**Назар аударыңдар!** Көшпелі өркениеттің пайда болуының маңызды алғышарты малшаруашылығының қалыптасуы болды.

Еуразия даласындағы құрғақшылық көшпелі малшаруашылығына көшудің басты себебі болды. Б.з.б. III мыңжылдықтың екінші жартысынан бастап малшаруашылығында малды қолда емес, жайылымда бағу біртіндеп ене бастады: отырықшы малшылықтан жартылай көшпелілікке, одан көшпелілікке ұласты. Шаруашылық түрінің өзгеруі климаттық өзгерістерге бейімделудің қажеттілігінен туындады.

Б.з.б. III мыңжылдықтың екінші жартысында Еуразия даласының климаты құрғақшылыққа ұшырай бастады. Осыған байланысты Даланың өзен-көлдері құрғап, шалшық пен батпаққа айналды. Қуаңшылық Даланың шөбін құратып, жылқының азаюына әкелді. Малшаруашылығы саласына да әсерін тигізді: енді қолда жылқыдан гөрі сиыр, қой, ешкі ұстаған тиімді болды. Жауын-шашын азайғандықтан, суарылмайтын егін шаруашылығын жүргізу мүмкін болмады, сондықтан ендігі басымдық малшаруашылығына берілді.

**Назар аударыңдар!** Құрғақшылық жаңа шаруашылық түрлерінің, оның ішінде көшпелі малшаруашылығының пайда болуына жол ашты.

**Көшпелілікке көшудің өзге де себептері.** Дөңгелекті көлік ойлап табылып, атқа салт міну меңгерілмесе, көшпелілік те пайда болмас еді. Өйткені алыс жерлерге көшіп-қону үшін олар аса маңызды рөл атқарды. Еуразия даласында б.з.б. III мыңжылдықтың соңында дөңгелекті көлік, ал б.з.б. II мыңжылдықтың соңында жиналмалы киіз үй түрі пайда болды. Арба үстіне орнатылған киіз үймен жаңа қонысқа көшуге жол ашылды. Атқа салт міну кезеңі өте ұзақ уақытты қамтыды. Жылқыны қолға үйреткен соң, адам баласы оған мінуді тез арада меңгерді. Бірақ атқа салт міну ер-тоқым мен ат-әбзелдерін ойлап тауып, оны жетілдіру қажеттігін тудырды.

<sup>1</sup> Кетпенді егіншілік – соқаны пайдаланбай кетпенмен егін егу.



Көшпелі малшылар

**Назар аударыңдар!** Мал құрамының көбеюі, географиялық және климаттық жағдайға бейімделген мал бағудың әртүрлі тәжірибесін қолдану, малшаруашылығына мамандану – көшпелі малшаруашылығының пайда болуына және көшпелілер өркениетінің қалыптасуына жол ашты.

**Қорытынды.** Неолиттік төңкеріс малшаруашылығы мен егіншілік секілді өндіруші экономиканың пайда болуына әкелді. Орталық Азияда алдымен отырықшы-егіншілік, кейіннен көшпелі малшаруашылығы өркениеттері қалыптасты. Отырықшы-егіншілік өркениеті ірі өзендер маңы мен тау баурайларында пайда болды. Далалы өлкелерде көшпелі өркениеттің алғышарттарымен қатар жылқы қолға үйретіліп, жылқы шаруашылығы қалыптасты. Малшаруашылығына маманданып, оның көшпелі түрлері пайда болды, дөңгелекті көлік пен атқа салт міну дамыды. Еуразия даласында құрғақшылықтың басталуы малшыларды оған бейімделуге мәжбүрледі және көшпелілік пен көшпелілер өркениетінің қалыптасуына әкелді.

**Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. «Неолиттік төңкеріс» дегеніміз не?
2. Суармалы және суарылмайтын егіншіліктің айырмашылығын түсіндіріңдер. Бұл егіншілік экологиялық қандай жағдайда тиімді болады?
3. Көшпелі малшаруашылығы пайда болуының алғышарттарын атаңдар.

**Картамен жұмыс.**

1. Орталық Азияның отырықшы-егіншілік өркениеті пайда болған жерлер мен таралған аймақтарды картадан көрсетіңдер.
2. Ежелгі мысырлық, месопотамиялық, ежелгі үнділік, ежелгі қытайлық, яғни көне шығыстық өркениеттерді картадан көрсетіңдер. Физикалық география

тұрғысынан оларды не біріктіреді? Олардың пайда болуына қандай ортақ факторлар әсер етті?

#### Өлкетану бойынша тапсырмалар.

1. Өздерің тұратын өңір Орталық Азияның отырықшы-егіншілік өркениеті таралған аймаққа жата ма?
2. Өз аймақтарыңның ауылшаруашылық құрылымы туралы айтыңдар. Қайсысы басым? Егіншілік пе, әлде мал өсіру (малшаруашылығы) ме? Малшаруашылығы қай бағытқа негізделген? Малшаруашылығы отырықшы ма, әлде жартылай көшпелі ме? Егіншілік суармалы ма, әлде суарылмайтын ба?

#### Күрделі тапсырмалар.

Неолиттік төңкеріс малшылық пен егін шаруашылығына жол ашып, аграрлық қоғамды қалыптастырды. Аграрлық қоғам дәстүрлі қоғаммен сабақтас. Қалай ойлайсыңдар, оның себебі неде? Неге егіншілік пен малшаруашылығы баяу дамитын шаруашылық түріне жатады? Қандай технологиялық өзгерістер егіншілікті жылдам дамытты? Бұл қашан болды және ол неге әкелді?

## § 5-6. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары

### Бүгінгі сабақта:

- Орталық Азиядағы ежелгі отырықшы-егіншілік өркениеттердің ерекшеліктерін;
- отырықшы-егінші өркениеттің мәдени ошағын;
- экологиялық ерекшеліктер мен мәдени-тарихи аймақтарды;
- даланың оңтүстік шегараларындағы отырықшы аймақтарды қарастырамыз.

Археологиялық зерттеулер нәтижесі Орталық Азияда өзіндік өркениеттің бар екендігін көрсетті. Өзіндік мәдени болмысын сақтап қалған бұл өркениеттер мыңдаған жыл бойы өмір сүрді. Жекелеген қоныстар мен қалалар өз дамуын тоқтатса да, сол жерлерде жаңа қалалар пайда болып, өркениет тіршілік ете берді. Мұндай тұрақтылық Орталық Азияның географиясымен тығыз байланысты. Отырықшы-егіншілік мәдениет белгілі бір аймақтарда, өзендер мен тау етегіндегі жазираларда (оазистерде) пайда болды. Табиғатты біртіндеп игере бастаған адамдар өңдейтін жерлердің аумағын кеңейте бастады. Тоған жүйелері пайда болған соң, егіншілікті суармалы егіншілік алмастырды. Егіншілер біртіндеп кең алқаптарды игеруге көшті.

Отырықшы-егіншілік өркениеттің тағы бір ерекшелігі оның көшпелі өркениетпен тығыз байланыстылығында еді. Бұл сауда айырбасынан байқалды. Далалықтар трансконтиненталды саудаға<sup>1</sup> араласып, делдал қызметін де атқарды. Далалықтар үшін де, отырықшы халық үшін де

### Кілт сөздер:

- өркениет ошағы
- отырықшы-егіншілік өркениеті
- тарихи аймақтар
- экологиялық бөлік
- суландыру жүйесі

<sup>1</sup> Бүкіл Еуразия материгі ауқымындағы сауда, мысалы, Жібек жолы арқылы Қытайдың Византиямен немесе Үндістанның Ресеймен сауда жасауы.

сауда өзге жұртпен материалдық және рухани мәдениет элементтерінің араласуына әкелді. Мұндай байланыс түрі малшы-егінші аралас мәдениетінің пайда болуына әсер етті.

**Назар аударыңдар!** Орталық Азияның отырықшы-егінші өркениетінің ерекшеліктері – бірнеше тұрақты мәдени ошақта өмір сүруі және көшпелі өркениетпен тығыз байланыстылығы.

Бұл өркениеттің негізгі тоғыз ошағын бөліп қарастыруға болады: Маргуш (маргиандық), Бактрия<sup>1</sup>, Хорезм, Соғды, Ферғана, Шаш, Сырдария жазирасы, Жетісу және Шығыс Түркістан.

**Маргуш (Маргиан).** Б.з.б. XVIII–XIII ғасырлардағы қола дәуірінде, Орталық Азияның оңтүстігінде Мурғаб жазирасында Маргуш (Маргиан) отырықшы-егінші және қалалық мәдениеті пайда болды. Бұл мәдениет Әмударияның төменгі ағысындағы Бактрияға таралды. Оны кейде «Окс өркениеті»<sup>2</sup> деп те атайды. Маргуштың екі негізгі қаласы – V Намазга-депе мен Алтын-депенің мықты қорғандары, сарайлары, ғибадатханалары мен көп бөлмелі үйлері болды. Б.з.б. II мыңжылдықта астанасы Гонур болды. Маргуштықтар Алдыңғы Азия мен Инд өзені аңғарындағы өркениеттермен байланыс орнатты. Б.з.б. I мыңжылдықтың бірінші жартысында Мерв қаласы пайда болды. Ол мұсылман дәуіріндегі Орталық Азияның ең басты қалаларының бірі саналды.

**Хорезм** – Әмударияның төменгі сағасында орналасқан ірі аймақ. Б.з.б. II мыңжылдықта аймақта хорезмдік отырықшы-егіншілік өркениет пайда болды. Бұл мәдениеттің негізі Даладан бастау алған. Б.з.б. I мыңжылдықтың басында өлкеге хорезмдіктер қоныстанып, Әмудариядан су тартып, канал жүйелерін жетілдірді. Суландыру жүйелері хорезмдік өркениеттің негізіне айналды. Өйткені тоған жүйелерін жыл сайын тазалап, күтіп ұстау ұйымдасқан еңбекті қажет ететін еді. Хорезмнің астанасы Топыраққалада әртүрлі суреттермен, мүсіндермен безендірілген сәулетті сарайлар болды. Хорезмнің бұдан кейін дербес мемлекет ретінде өркендеген кезі Хорезмшах мемлекеті, кейін Хиуа хандығы кезінде болды. Осы мәдени ошақтардың негізі көнеден жеткен суландыру жүйелері болды.

**Соғды.** Әмудария мен Сырдария аралығындағы ірі егіншілік аймағында Мараканд (Самарқанд) қаласы пайда болды. Соғдының солтүстігінде Шаш (қазіргі Ташкент) жазирасы орналасқан. Соғдыда халықтығыз қоныстанды және бұл аймақ әр уақытта түрлі мемлекеттердің

<sup>1</sup> Маргиана және Бактрия б.з.б. I мыңжылдықтың ортасына дейін біртұтас мәдени аймақ болып саналды.

<sup>2</sup> Окс – Әмударияның ежелгі грекше атауы. Осы себепті Орталық Азияны *трансоксиандық* деп жиі атайды. Бұл «Окстың арғы жағындағы мемлекет» (гректер секілді бұл жерге оңтүстік-батыстан келетіндерге берілген атау) дегенді білдіреді.



Маргуш – құмда тұрғызылған өркениет. Жаңғыртпа

құрамында болды. Соғдылықтардың өз жазуы болды, негізінен, саудамен және қолөнершілікпен айналысты. Соғдының Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы және трансконтиненталды саудада делдалдық қызмет атқаруы оның гүлденуіне әкелді. Олар Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Шығыс Түркістан, Жетісу және Тараз өңірлерінде сауда орындарын ашты. Кейіннен арабтар жаулап алған соң Самарқанд Мәуреннахрдың<sup>1</sup>, кейін Әмір Темір империясының астанасы болды. Бұдан кейінгі ғасырларда Соғды Бұхара хандығының құрамына кірді.

**Ферғана** – тау арасындағы ойпат. Бұл жерге су Сырдариядан тартылған. Ферғана ахеменидтік және Александр Македонский империяларының құрамында да болған. Дәл осы жерге Александр патша өз империясының солтүстігіндегі ең шеткі қала – Александрия Эсхатты<sup>2</sup> салуды бұйырды. Б.з.б. III – б.з. VI ғасырлар аралығында Ферғана өз билеушілері бар дербес мемлекет болған. Оның солтүстігінде ғұндар, шығысында қытайдың Хан империясы, ал оңтүстігінде Бактриядағы Юэчжи мемлекеті орналасқан. Сыма Цянның дерегі бойынша Даваниде (Ферғанада) 70 қала болды. Олардың жылқыларымен, жүзімдіктерімен, ерекше гүлдерімен даңқы шықты. Ферғана арқылы да Ұлы Жібек жолы өтті. VI ғасырда Ферғана Түрік мемлекетінің құрамына қосылды. Ал Әмір Темірдің заманында бұл жерде Бабыр дүниеге келді. Кейін Ферғана Қоқан хандығының орталығы болды. Оның тарихы Қазақстанның тарихымен тығыз байланыста өрбіді.

<sup>1</sup> Гр. *Трансоксиана* «өзеннің ар жағындағы ел» дегенді білдіреді. Гректерден соң арабтар да Өмударияның солтүстігінде жатқан жерді осылай атады. Мәуреннахрдың аумағы Соғдының аумағына сәйкес болатын.

<sup>2</sup> Александрия Эсхат («Шеткі Александрия»). Тарым алабының батысындағы Қашқар ауданында, грек жауынгерінің мүсіні табылған аймақта орналасқан деген болжам бар.



Хорезм – Орталық Азияның ежелгі аймағы


Орталық Азияның ежелгі отырықшы-егіншілік өркениетінің бұдан кейінгі үш ошағы Қазақстан аумағымен тікелей байланысты.

**Назар аударыңдар!** Орталық Азияның отырықшы-егіншілік өркениетінің үш мәдени ошағы – Шаш, Сырдария аймағы және Жетісу Қазақстан аумағымен тікелей байланысты.

**Шаш** – Соғдының солтүстігі мен Шыршық және Ангрен өзендерінің алқабын, сондай-ақ Сырдарияның оң жағалауын қамтитын тарихи өңір. Бұл аймақ – қазіргі Ташкент пен Шымкент қалалары орналасқан жер. Б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында өңірде 30-ға жуық шаһар болған. Шаш қаласының (Чачтепа, Чачкент) іргесі б.з.б. III ғасырдан бұрын қаланған, ал I мыңжылдықта далалық түркілер мен соғдылықтар, кейіннен Мәуреннахр тұрғындарының негізгі сауда орталығы қызметін атқарды. Шаһар XI ғасырдан бастап Ташкент (Ташканд) атала бастады. XVI ғасырда Ташкент үшін Қазақ хандығы мен Бұқара әмірлігі арасында тартыс басталады. XVII ғасырдың басынан XVIII ғасырға дейін шаһар Қазақ хандығының иелігінде болды. XVIII ғасырдың соңында Ташкент Қоқан әмірлігінің билігіне өтті. Ал 1865 жылы қаланы орыс әскері басып алып, орыс билігіндегі Түркістанның орталығына айналды.

Шаштың солтүстігін **Сырдария аймағы** алып жатыр. Сырдарияның орта ағысындағы бұл аймақ даламен шектеседі. Аймақ Қаңғы атауымен Авестада кездеседі, ал Сыма Цян оны «Қаңлы мемлекеті» деп атады. Бұл өркениет ошағының ірі орталығы Арыс пен Сырдария өзендерінің қосылған тұсында орналасқан Отырар (Фараб) шаһары болды. Мыңжылдықтың соңында бұл жер сауда мен қолөнер орталығына





Ортаазиялық өркениет ошағының картасы

айналды. Бұл туралы көптеген мұсылман тарихшылары мен жағрапияшылары деректер қалдырды. X ғасырда Отырар Қарахандар мемлекетіне қарады. Кейіннен қарахандар моңғол шапқыншылығынан күйреген соң, Отырар Хорезмнің қол астына өтті. Мұсылман жылнамаларында моңғол шапқыншылығынан кейін Сырдария жазирасы Түркістан деп аталды. Аймақта Сауран, Созақ, Сығанақ, Сайрам (Испиджаф) және Түркістан (Яссы) шаһарлары болды. Олар Қазақстан мен бүкіл Орталық Азияның тарихында үлкен маңызды рөл атқарды.

**Жетісу** – Балқаш көлі мен Ыстықкөлдің арасындағы тарихи-мәдени аймақ. Аймақтың атауы дәл «жеті өзенді» емес, «көп сулы» деген мағынаны білдіреді. Бұл – Балқаштың солтүстігі мен шығысындағы құрғақ далалы жермен салыстырудан шыққан атау. Тянь-Шаньның солтүстігіндегі тау басынан көптеген өзен ағады, ал өңірдің ең басты су көзі – кең арналы Іле өзені. Тянь-Шаньның бөктерінде аралас шаруашылықпен – жартылай көшпелі малшылықпен, егіншілікпен әрі бау-бақша өсірумен айналысқан. Ежелгі уақытта бұл жерде Үйсін мемлекетінің орталығы болған. Б.з.б. I мыңжылдықта Жетісуда қалалар дамып, соғдылықтардың сауда орындары өркендеген. Ал өлкенің астанасы – Алматының тарихы мың жылдан асады. Мұны қазба жұмыстарын жүргізген қазақстандық археологтер нақты деректермен дәлелдеді.



Көне Сауран қаласының орны

екі мың жыл бойы Тянь-Шаньның солтүстігі мен батысындағы тарихи үдерістерге, сондай-ақ жалпы Орталық Азиядағы оқиғаларға қатысып келеді.

**Қорытынды.** Ежелгі уақытта Орталық Азияның оңтүстік бөлігінде ортаазиялық отырықшы-егіншілік өркениет қалыптасты. Бұл өркениеттің мыңдаған жыл бойы өз мәдени маңызын сақтаған, сабақтастығы мен тұрақты дамуын қамтамасыз еткен бірнеше ошағы болды. Жазиралар мен тау баурайларындағы отырықшы-егіншілік өркениет көшпелілер өркениетімен өзара тығыз байланыста болды. Осындай өзара байланыстың нәтижесінде бұрын иран тілінде сөйлеген халықтар түркіленді.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Орталық Азияның отырықшы-егіншілік өркениетіндегі негізгі екі ерекшелікті атаңдар.
2. Біздің дәуіріміздің I мыңжылдығында Соғды мен Жетісу арасындағы байланысты неден байқауға болады?
3. Хорезмдік өркениеттің ошағы неге негізделген?

#### Картамен жұмыс.

Отырықшы-егіншілік өркениеттің ошағы болған Орталық Азияның тарихи аймақтарын картадан көрсетіңдер.

#### Ізденімдік жұмыс.

Кіші жүз қазақтарының тарихы Хорезмнің қай мемлекетімен тығыз байланыста болды? Ұлы Жүз қазақтарының тарихы Ферғананың орталығындағы қай мемлекетпен тығыз байланыста болды?

#### Күрделі тапсырмалар.

1. Қалай ойлайсыңдар, ежелгі, орта ғасырлардағы және жаңа замандағы көшпелілер мен отырықшы-егінші тұрғындар арасындағы айырбас қандай тауар түрлерімен жүрді?
2. Орталық Азияның отырықшы тұрғындарынан көшпелілердің материалдық және рухани мәдениетіне енген жаңалықтарды мысалға келтіріңдер.

## ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ

### § 7. «Ұлы Дала» ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы

#### Бүгінгі сабақта:

- «Ұлы Дала» мен «Еуразия даласы» ұғымдарының айырмашылығын;
- Ұлы Даланың географиялық сипаттамасын;
- Ұлы Даланың тарихи-мәдени аспектілерін;
- Еуразия тарихындағы Ұлы Даланың орнын қарастырамыз.

**Географиялық сипаттама.** «Ұлы Дала» деп Дунайдан Алтайға, одан Маньчжурияға (Қытайдың солтүстік-шығысындағы облыс) дейінгі жерді алып жатқан Еуразияның орталығындағы кең аумақты атаймыз. Бұл белдеудің ұзындығы алты мың шақырымға созылса, ені мың шақырымды<sup>1</sup> құрайды. Ұлы Дала – географиялық емес, тарихи-мәдени ұғым. Бұл аймақтың географиялық атауы – Еуразия даласы. Ұлы Даланың ландшафтылары біртекті емес, ол далалық, тоғайлы, жартылай шөлейтті және құмды болып келеді. Даланың солтүстігі орманды алқаптармен, соның ішінде тайгамен шектеседі. Ұлы Даланың оңтүстігі өзен-көлдер, теңіздер (Қара, Азов, Каспий теңіздері) мен биік тауларға (Кавказ, Тянь-Шань) барып тіреледі.

#### Кілт сөздер:


- экологиялық орны
- әскери-саяси тарихы
- тілдік топ
- көлік дәлізі

**Назар аударыңдар!** Ұлы Дала – тарихи-мәдени, ал Еуразия даласы – географиялық ұғым.

Орта ғасырлардағы Ұлы Даланың (Дунайдан Алтайға дейінгі аралық) атауы мұсылман жазба деректерінде *Дешті Қыпшақ* аталады. Қазақстан тарих ғылымында X–XVII ғасырлардағы Қара теңіз бен Каспий аралығын «Батыс Дешті Қыпшақ», ал қазақ даласын «Шығыс Дешті Қыпшақ» деп атау қалыптасқан.

**Ұлы Даланың маңызды тарихи-мәдени мәні.** Ұлы Дала Еуразия мен оның халықтарының, оның ішінде қазақ халқының тарихында

<sup>1</sup> Егер оңтүстік шөлді де көшпелі өркениет аймағының таралуы деп есепке алсақ, онда бұдан да ауқымды болады.



Ұлы Дала картасы

маңызды рөл атқарды. Ұлы Даланың осындай маңызға ие болуының бірнеше мәнін бөліп көрсетейік.

Ұлы Дала көшпелілер өркениетінің «бесігі» саналады. Мұның негізінде табиғи-географиялық фактор, яғни көшпелі малшаруашылығын өркендетуге қолайлы экологиялық жағдай жатыр. Әртүрлі мезгілде сан алуан шөп түрлері басып жататын дала мен жартылай шөлейтті аймақтар жылқы мен ұсақ малдар үшін таптырмас жайылым болды. Сондай-ақ климаты құрғақ болуына байланысты Ұлы Даланы игеруге жалғыз шаруашылық түрі – көшпелі және жартылай көшпелі малшаруашылығы қолайлы еді.

**Назар аударыңдар!** Даланың экологиялық, табиғи-климаттық жағдайы көшпелі малшаруашылығына қолайлы болды. Бұл көшпелі өркениеттің ұзақ уақыт сақталуына ықпал етті.

Дала өркениетінің этникалық сипаты әртүрлі болды, ол бір халықпен (этносмен) және бір дінмен шектелмеді. Көшпелілер алуан түрлі тілде сөйлейтін (түркілер, моңғолдар, ирандықтар) және түрлі нәсілге жататын (моңғолоидтер, еуропейдер және аралас нәсіл түрлері) халықтардан құралды. Олардың ұстанған діні де әртүрлі (тәңіршілдік, зороастризм, буддизм, ислам) болды. Оларды «туыстастырған» және біріктірген Ұлы Дала мен көшпелі малшаруашылығы еді.

Ұлы Дала елеулі тарихи оқиғалар алаңы болды. Оның тарихы кескілескен шайқастар мен жорықтарға және басқа да әскери-саяси оқиғаларға толы көшпелі мемлекеттер тарихы еді. Оның кейбіреуінің аса ауқымды болғаны соншалықты, бүкіл Ұлы Даланы қамтып, тіпті оның ауқымынан асып та кетті. Көшпелі халықтар мен мемлекеттер бірде өзара жауласып, бірде күш біріктіріп, одақтас та болып отырды.



Ұлы Дала

Жылнамашыларды қызықтыратын да осындай тарихи оқиғалар еді. Шынымен де, өткенге қызығушылық танытатындар үшін маңызды оқиғаларға толы тарих еді. Көшпелілер бүкіл Еуразияның саясатына ықпал етіп қана қоймай, тіпті олардың саясатын да анықтады.

Ұлы Дала – кең-байтақ ашық кеңістік. Даланың табиғаты ұшы-қиыры жоқ байтақ алқапты болып келеді. Осыған байланысты ежелгі уақыттан бері бұл аумақта түрлі нәсілдер, тілдер, тайпалар, мәдениеттер, діндер және өркениеттер тоғысып жатты. Сондай-ақ технологиялардың, мәдениет пен әлеуметтік жетістіктердің өзара араласуы тоқтаусыз жүріп отырды. Ұлы Дала Алтай халықтарының ежелгі атамекені болған, тіпті үндіеуропа халықтары<sup>1</sup> да осы жерден шыққан болуы мүмкін деген болжамдар да бар. Ұлы Далада түріктер мен моңғолдар, ирандықтар мен славяндықтар өзара және өзге халықтармен де байланыс орнатып отырды. Дала халқының нәсілдік, тілдік және этникалық әр алуандығы, олардың көшіп-қонып жүретін жерлерінің аса ауқымдылығы, ондағы көшпелілердің тілдік және этникалық құрамын, археологиялық мәдениетін анықтауда қиындық тудырады. Кезінде осы далада өмір сүріп, артына түрлі ескерткіштер қалдырып кеткен халықтардың қай тілде сөйлегенін анықтау археологтер үшін күрделі іс. Даланың әр аймағында пайда болып, тіршілік еткен ежелгі, орта ғасырлардағы және қазіргі замандағы этностардың қалыптасуын анықтау да оңай шаруа емес. Ұлы Даланың «қазанында қайнаған» халықтардың сан қилы оқиғаларға толы тарихын қызығушылықпен қарауға итермелейді.

<sup>1</sup> Үндіеуропалықтардың түпкі шыққан жері дәл қай жер екені ғылымда әлі анықталмаған.

Ұлы Дала тарихының тағы бір қыры – көшпелілердің және отырықшы-егіншілік өркениеттің өзара ықпалдастығы. Ежелгі заманда көшпелілер ортаазиялық, ирандық, антикалық және қытайлық өркениетпен байланыс орнатса, орта ғасырларда қытайлық, христиандық және исламдық өркениеттермен тығыз қарым-қатынаста болды. Көшпелілер сақ, ғұн дәуірлерінде және Моңғол империясы мен Алтын Орда уақытында Еуразияның халықаралық саясатына өз үстемдігін жүргізіп отырды.

Сонымен қатар Ұлы Дала Қиыр Шығыс пен Алдыңғы Азияны, Қиыр Шығыс пен Еуропаны, Оңтүстік Азия мен Русьті байланыстырып, Ұлы Жібек жолының қалыптасуына ықпал еткен көлік дәлізі болды.

#### Ұлы Даланың маңызды тарихи-мәдени мәндері

Экологиялық орны	Тарих алаңы	Ашық кеңістік	Өзара ықпалдастық аймағы	Көлік дәлізі
Ұлы Даланың табиғи-климаттық жағдайы көшпелі өркениеттің пайда болуы мен өркендеуіне ықпал етті	Ұлы Даланың тарихы барысында көптеген мемлекет құрылып, бірқатар маңызды оқиғалар өтті	Ұлы Дала тілдік, антропологиялық және этникалық араласулар мен өзара мәдени байланыстардың орталығы болды	Ұлы Даланың шегаралық аймақтары көшпелі және отырықшы өркениеттердің өзара ықпалдасқан аймағы болды	Ұлы Дала Шығыс пен Батыс арасындағы көлік дәлізі қызметін атқарды

**Қорытынды.** Ұлы Дала – Еуразияның орталығында орналасқан кең-байтақ дала белдеуі, көшпелі өркениеттің «бесігі». Ұлы Далада әр ғасырда алуан тілде сөйлейтін, нәсілдік сипаты әртүрлі көшпелі және жартылай көшпелілер қоныс тепті. Олардың барлығын ортақ көшпелі өркениет біріктірді. Ұлы Дала тарихы – көшпелі мемлекеттердің және көшпелі ұлы империялардың тарихы. Ұлы Дала – үздіксіз байланыстар мен қатынастар аймағы, Азия мен Еуропаны байланыстырған ауқымды көлік дәлізі.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қалай ойлайсындар, неге Қазақстанның тарихы Ұлы Дала тарихымен тығыз байланысты?
2. Не себепті археологтерге Ұлы Даладағы қандай да бір археологиялық мәдениетті таратушылардың қай тілде сөйлегенін анықтау қиындық тудырады?
3. Кестені қолдана отырып, Ұлы Дала тарихындағы маңызды аспектілерді баяндаңдар.

**Картамен жұмыс.**

1. Картадан Еуразия даласының батыс, орталық және шығыс бөлігін көрсетіңдер.
2. Қазіргі замандағы қай мемлекеттің аумағында Ұлы Даланың тарихы жатыр?

**Ізденімдік жұмыс.**

1. Қосымша дереккөздерден қазіргі қай халықтар алтай, үндіеуропалық және оралдық тілдер тобына кіретінін табыңдар. Бұл тілдік топтар неге бұлай аталады?
2. Қосымша дереккөздерден көшпелі мемлекеттер мен бұрынғы өткен империялар туралы мәлімет жинаңдар. Олар қай ғасырларда өмір сүрген?

**Күрделі тапсырмалар.**

1. Неге Еуразия даласымен шектесіп жатқан орманды дала, жартылай шөлдер мен шөлдер «Ұлы Дала» ұғымына жатқызылады? Неге «Еуразия даласы» физикалық-географиялық ұғым, ал «Ұлы Дала» тарихи-мәдени ұғым саналады?
2. «Қыпшақ даласы» мен «Дешті Қыпшақ» тарихи атаулары арасында өзара қандай байланыс болуы мүмкін? Парсы тіліндегі *дешті* сөзі нені білдіреді?

## §8. Ұлы Дала көшпелі өркениетінің қайнаркөзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит пен қола дәуірі)

**Бүгінгі сабақта:**

- Ботайлықтар – Еуразиядағы тұңғыш жылқы өсірушілер;
- қорғандардағы Көнешұңқыр мәдениеті;
- қола дәуіріне өту;
- Андрондық мәдени қауым туралы білеміз.

**Энеолит дәуіріндегі Ұлы Дала.** Энеолит (тастымысты дәуір) дәуірі б.з.б. III–II мыңжылдықтарды қамтиды. Бұл дәуірде Далада малшаруашылығы пайда болды. Далалықтардың жылқыны қолға үйретуін Солтүстік Қазақстандағы Ботай-Терсек археологиялық мәдениетінің қалыптасуымен байланыстырады. Бұл өтпелі мәдениетте аңшылық басым болып, малшаруашылығы енді ғана қолға алына бастады.

**Ботай (Ботай-Терсек) мәдениеті** – адамзат тарихындағы жылқы өсірушілердің алғашқы мәдениеті. Ботай қонысы б.з.б. 3700–3100 жылдары өмір сүрді. Ботайлықтар жылқы өсірумен айналысты. Жылқы еті мен қымыз олардың негізгі азықтары болды. Олардың жылқыны қолға үйретуі мен атқа салт мінуін Ботай қоныстарынан табылған ат әбзелдері, тұсауға арналған ілмектер мен басқа да заттар дәлелдейді.

**Кілт сөздер:**

- энеолит
- Ботай мәдениеті
- жылқы өсіру
- қола дәуірі
- андрондықтар
- Андронов мәдениеті
- тарихи қауымдас-тық

**Назар аударыңдар!** Жылқыны қолға үйрету б.з.б. IV мыңжылдықтың ортасында (Ботай-Терсек мәдениеті) Солтүстік Қазақстан даласында басталды.



Ботай мәдениеті тұрғынжайының жаңғыртпасы

Ботайлықтар мыс қорытуды білмеді, бірақ тастан және сүйектен құрал жасауды жақсы меңгерді. Олар ағаш бөренесінен жартылай дөңгелек баспана тұрғызып, оның жіктерін шөппен және мүкпен тығыздап бітеді. Төбесін сазбалшықпен сылап, шыммен жауып, түтін шығатын тесік қалдырды. Қабырғаларға ет сақтайтын орындарды ойып жасады.

Ботайлықтардың жылқы асырау мәдениеті Ұлы Даладағы көшпелі өркениеттің қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Олардың бұл мәдениеті болашақтағы қазақтардың көшпелі өркениетінің тікелей негізі саналады. Осы мәдениеттің жұрнағынан қазақтардың бүгінге дейінгі мәдениетіне тән белгілерді көруге болады (жылқы өсіру, жылқы еті мен қымызды пайдалану).

**Назар аударыңдар!** Энеолит дәуіріндегі ботайлық жылқы өсіру мәдениеті Ұлы Даланың малшаруашылығы өркениетінің негізі және қазақтардың көшпелі мәдениетінің алғашқы бастауы болды.

Б.з.б. III мыңжылдықта Ботай мәдениеті өз ерекшелігін жоғалтты. Бұған табиғаттың қуаңшылыққа ұшырауы және жылқы басының азаюы себеп болды. Ботайлықтар өз қоныстарын тастап, Оңтүстік Орал мен Шығыс Қазақстандағы балық аулау мен аңшылықты кәсіп еткен тайпалар арасына сіңіп кетті.

Энеолит және ерте қола дәуіріндегі **Көнешұңқыр мәдени-тарихи қауымдастығы** б.з.б. 3600–2300 жылдары Ұлы Даланың батыс бөлігін қамтыды. Көнешұңқырлықтар мал өсірумен айналысып, жартылай көшпелі болды. Олар ірі қара, ұсақ малдар және жылқы өсірді. Жайылымға дөңгелекті жүк арба арқылы көшіп-қонып жүрді. Ұлы Даланың бар-



лық тұрғындары секілді егіншілікке қарағанда, малшаруашылығына көбірек көңіл бөлді.

Мәйіттерді қорған астындағы шұңқырға жерлеуі Көнешұңқыр мәдениетінің өзіндік белгісі болып табылады. Мәйітті тізесін бүгіп, арқасымен жатқызып, үстіне бояу сепкен. Адамдармен бірге жануарларды да қоса көмді. Кейбір қорғандардан төрт дөңгелекті арбаның қалдықтары мен саздан жасалған үлгілер табылды.



Арқайым тұрағы

**Қола дәуіріндегі өзгерістерге** – тұрақты қоныстар, дөңгелекті көлік және қола құю жатады. Б.з.б. II мыңжылдық Ұлы Дала үшін үлкен бетбұрысты кезең болды. Қуаңшылық салдарынан шаруашылық түрлері мен мәдениет өзгерді. Жаңа технологиялар пайда болып, тайпалардың кең ауқымды көші-қоны басталды. Өмірдің барлық саласында үлкен жетістіктер орын алды. Малшаруашылығы мен егіншіліктің дамуы адамдарды тұрақты азықпен және киіммен қамтамасыз еткендіктен, халық бір орында мекендей бастады. Ал бұл үлкен және ұзақ уақыт тұратын қоныстардың пайда болуына әкелді. Тіпті олардың кейбіреуін (Арқайым, Сынтасты<sup>1</sup>) алғашқы қалалар деп атауға болатын еді. Баспана үлгілері өзгеріп, үйлер кең және өмір сүруге ыңғайлы бола бастады. Қыш шеберлері, тігіншілер, сүйек өңдеушілер, зергерлер сияқты қолөнершілер пайда болды.

Б.з.б. III мыңжылдықтың соңында дөңгелекті арбалар жасала бастады. Ауыр жүк арбаларын өгіздерге жекті. Дөңгелекті көліктің пайда болуы алысқа көшуге мүмкіндік берді. Осы кездері малшаруашылығымен айналысатын тайпалар арасында жиі-жиі қақтығыстар орын ала бастады. Бұл әскери істің дамуына әкеліп, нәтижесінде атқа жегілген әскери арбалар пайда болды. Бұл сол кездегі аңыздардан да көрініс береді: Авеста аңызында Құдайлар шайқаста жауынгерлерге көмектеседі, ал жауынгерлер қамқоршысы Митра құдайы аспанда дөңгелекті әскери арбамен жүреді. Дала тұрғындарының өнерінде де өзгерістер орын алды: тасқа қашалып салынған арбалар, доңғалақ түріндегі күншуақ таңбалар<sup>2</sup> сол уақыттың еншісіне жатады.

**Назар аударыңдар!** Қазақстандағы қола дәуірі б.з.б. XVIII–VIII ғасырларды қамтиды.

<sup>1</sup> Арқайым мен Сынтасты Ұлы Даланың қазіргі Ресейдегі Оңтүстік Орал жерінде орналас-ты. Бұл қоныстардың ұқсас түрлері Қазақстанның аумағында да кездеседі. Бұл мәдениеттің өте жақындығы мен бірегейлігін байқатады.

<sup>2</sup> Күншуақ таңба – Күнді нышандық бейнелеу. Шеңберден (дөңгелектен) бөлек, ертедегі арийліктердің Күншуақ белгісі *свастика* болды.

Б.з.б. II мыңжылдықтың басында Ұлы Дала тұрғындары қола қорытуды (мыс пен қалайы қосындысы) меңгерді. Б.з.б. II мыңжылдықтың ортасында еңбек құралдарының басым бөлігі мен қару-жарақ түрлері (найзалар, жебенің ұштары, айбалталар) және әшекей бұйымдар осы металдан жасалды. Қола дәуірінің адамдары үлкен әскери артықшылыққа ие болды.

Ұлы Далада түсті металл кен көздері көп кездесетін. Сарыарқа мен Кенді Алтайда мыс өндіру б.з.б. II мыңжылдықтан басталып, б.з.б. XIII–XII ғасырларда кен өндіру ісі жоғары шегіне жеткен болатын. Орталық Қазақстан мен өзге де өңірлерде ежелгі заманда кен қазған 500-ге жуық кен орны анықталды.

**Назар аударыңдар!** Материалдық мәдениеттегі б.з.б. III мыңжылдықтың соңы мен II мыңжылдықтың басындағы маңызды жетістік деп дөңгелекті арба мен қола өндірісінің пайда болуын атауға болады.

**Андрондық мәдени-тарихи қауымдастық.** Қазақстан аумағындағы қола дәуірді кейде *Андрон дәуірі* деп те атайды. Б.з.б. III мыңжылдықтың соңында Даланың қазақстандық бөлігіне Жайық өзені жақтан шығу тегі<sup>1</sup> көнешұңқырлық көптеген малшы тайпалардың қоныстануы басталды. Ірі қара, қой және жылқы үйірі көп болғандықтан, оларға жаңа жайылымдар аса қажет болды. Бұл кезеңде Ресейдегі Оңтүстік Орал мен Қазақстанның далаларында адамдар аз қоныстанып, жерлер бос жатқан.

Жаңа қоныстанған тайпалар өздерінен кейін археологиялық ескерткіштер – қоныстар мен мазарлар қалдырды. Археологтер оларды ұқсас, бірақ бөлек мәдениет ретінде қарастырады. Мәдениеттер арасындағы айырмашылықтар олардың әртүрлі тайпаларға тиесілі екенін байқатады. Сонымен қатар олардың өзара ұқсастығы мәдениеттің ортақ екенін көрсетеді. Ғылымда мәдениеттің осындай жиынтығын *далалық қола мәдениеті* немесе *андрондық мәдени-тарихи қауымдастық* деп атау қалыптасқан. Далалық қола мәдениетін иеленушілерді андрондықтар<sup>2</sup> деп атайды.

**Назар аударыңдар!** Андрондықтар – бір мәдени-тарихи қауымдастық ретінде қалыптасқан, қола дәуіріндегі далалық малшылар мәдениетін құрушылар.

Андрон қоғамында ерлердің мәртебесі жоғары болды. Олар табындарды алыс қашықтыққа бағып, өгіздермен, жылқылармен айналысты. Кен өндіріді, тасымалдады, қорытты. Тастарды өңдеп, үйлер, қоныстар

<sup>1</sup> Бұған жерлеу қорғандарының ұқсастығы мен өзге белгілері дәлел.

<sup>2</sup> Мұндай атауды осы мәдениет түрін 1914 жылы алғаш тапқан археологтер жақын маңдағы Андронов ауылының атына орайластырып берді (Батыс Сібір).

салды. Тайпа шегарасын күзетіп, сыртқы жаулардан қорғады, басқа тайпалармен соғыс жүргізді. Малшаруашылығының өркендеуі, дөңгелекті көлікті қолдану және атқа салт міну секілді Далалық қола мәдениеті келесі дәуірдегі<sup>1</sup> көшпелі малшаруашылығына өтудің алғышартын қалыптастырды.

Андрондықтардың ең басты шаруашылығы мен күнкөріс көзі әрі материалдық байлығы малшаруашылығы болды. Олар, негізінен, сиыр малын өсірді. Қыс мезгілінде андрондықтар баспаналары мен мал қораларын қатарластыра салды. Жылқы өсіруші ботайлықтардан айырмашылығы андрондықтар сүтті мал өсірумен айналысты: сиыр сүті мен сүт өнімдері олардың негізгі азығы болды. Сиыр сияқты бағалы болмаса да, тұрқы шағын жылқылар да өсірді. Олардың етін азыққа пайдаланды немесе өгіз және түйелермен қатар жегінге қосты. Тұрқы биік жылқыларды салт мінуге немесе әскери арбаға жегуге пайдаланды.

**Қорытынды.** Энеолит және қола дәуірі – көшпелі өркениеттің қалыптасу жолындағы маңызды кезең. Жылқыны қолға үйрету, Ботай-Терсек жылқы шаруашылығының дамуы Еуразия даласындағы көшпелілер үшін жылқының ерекше маңызды болуына әкелді. Малшаруашылығының өркендеуі, дөңгелекті көлікті пайдалану және атқа салт мінуді меңгеру көнешұңқырлықтар мен андрондықтар үшін көшпелі малшаруашылығына ауысудың негізін қалады. Қоланы пайдаланып, жаңа қару-жарақ түрлерін жасау далалықтарды мықты да жеңімпаз қауымға айналдырды. Бұл жерде, әсіресе жауынгер-ерлер үлкен маңызға ие болды. Энеолит пен қола кезеңіндегі далалық малшыларға тән қорғандық жерлеу олардың рухани мәдениеті мен шығу тегінің жақындығының белгісі болып есептеледі.



Қола бұйымдар

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Ботай-Терсек мәдениеті көшпеліліктің қалыптасуына қалай әсер етті? Неге ботайлықтарды көшпелілер деп атауға болмайды?
2. Ежелгі жерлеу қорғандарымен қандай Дала мәдениеті белгілі?
3. Қуаңшылық далаға қалай әсер етті? (Ботай мәдениетіне, андрондық қауымдастық мәдениетіне.)
4. Қазақстан аумағында қола өндірісінің дамуына не ықпал етті?

<sup>1</sup> Андрондық археологиялық мәдениет пен олардың кезеңделуі туралы толықтай келесі тарауда баяндалады.

**Картамен жұмыс.**

1. Картадан қола дәуірінде Қазақстан аумағында өндірілген кен орындарын көрсетіндер.
2. Андрондық мәдени-тарихи қауымдастық мәдениеті таралған аймақты картадан қараңдар.

**Күрделі тапсырмалар.**

1. Неге андрондық қоныстар ондаған жылдан артық өмір сүрмеді? Адамдар оларды не себепті тастап кетті?
2. Параграфта ботайлық және андрондық қоғамдағы ер адамдардың еңбектері туралы көп айтылады. Бұл қоғамда әйелдер қандай істермен айналысты деп ойлайсыңдар?

## § 9. Қазақстан аумағындағы қола дәуірінің археологиялық мәдениетінің ерекшеліктері

**Бүгінгі сабақта:**

- археологтердің бір мәдениетті екіншісінен қалай ажырататынымен;
- Қазақстандағы Андронов мәдениетімен;
- Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ерекшеліктерімен;
- жерлеу салтындағы өзгерістер – мәдениет көрсеткіші екендігімен танысамыз.

**Кілт сөздер:**

- археологиялық мәдениет
- археологиялық ескерткіш
- Сынтасты мәдениеті
- Петров мәдениеті
- Алакөл мәдениеті
- Федоров мәдениеті
- Сарғары мәдениеті
- Беғазы-Дәндібай мәдениеті

Қолжазба деректері болмаған немесе мүлде аз сақталған тарихи кезеңдерді тануда археологиялық деректер аса маңызды орын алады. Археология – жоғары дамыған құрал-жабдыққа ие ғылым саласы. Археологиядағы маңызды мәдени<sup>1</sup> белгілерге жерлеу салты мен қыш бұйымдардағы өзгерістер, сондай-ақ қоныстар мен баспаналардың, еңбек құралдары мен қару түрлерінің өзгеруі жатады.

Далалық және көшпелі мәдениет пен өркениетті зерттеуде қорымдар мен қабірлер маңызды рөл атқарады. Ертеде қайтыс болғандарды белгілі бір салттарды сақтай отырып жерлеген. Құрбандыққа мал шалған, бейітке қарулар мен түрлі заттарды қоса көмген. Осы деректер негізінде материалдық мәдениеттің сипатын, қоғамның әлеуметтік жіктелуін, ежелгі адамдардың дін туралы түсінігін білуге болады. Жерлеу салттарын зерттеу барысында археологтер бейіт үстіне қойылған белгіге, жерлеу орнының көлеміне, мүрденің қалай қойылғанына назар аударады. Сондай-ақ құрбандық шалынғанына, жерлеуде бірге қойылған бұйымдарға және тағы басқаларына көңіл бөледі.

<sup>1</sup> Бір археологиялық мәдениеттің басқасынан айырмашылығы.



Сынтасты қорымы

Қыштарды сараптау барысында ыдыстың пішініне және оның жасалу тәсіліне, сазбалшықтың құрамына, сыртқы өңдеу ерекшеліктеріне, әсемдік белгілеріне қарайды. Археологтер ескерткіштер қай уақытқа жататынын, бұрынғыны қайталайтындығын немесе жаңаша дүние екендігін анықтайды. Анықталған ерекшеліктерге орай жаңа археологиялық мәдениетті айқындайды.

**Андрондық мәдени-тарихи қауымның мәдениеті.** Андрон ескерткіштерінің басым бөлігі Оңтүстік Орал мен Қазақстанда кездеседі. Олар төмендегі мәдениеттерге негізделген.

**Сынтасты мәдениеті (б.з.б. XXI–XVIII ғғ.).** Ресейдегі Оңтүстік Орал жазығында шоғырланған. Бұл мәдениет сазбалшықтан дөңгелете немесе тікбұрышты пішінде ерекше үлгімен тұрғызылған қоныстарымен, екі аяқты арба және жылқыны қоса көмген жерлеу орындарымен белгілі. Осы қоныстардың ішіндегі ең ірілері Арқайым және Сынтасты болып табылады. Қостанай облысында Арқайым архитектурасына ұқсас Қамысты қоныстары бар. Оның көлемі 140·150 метр және бұрыштары дөңгеленген төртбұрыш пішіндегі қосарланған үймекпен жабылған. Сынтастықтар мүрдені қабірге сол қырымен алақандарын бетінің тұсына қойып жатқызған. Ерлер мен ұл балаларды қарумен, әйелдерді әшекейлермен жерлеген. Металдан және тастан жасалған еңбек құралдары мен түрлі заттар ерлер қорымынан да, әйелдер қорымынан да табылды. Жерлеу кезінде құрбандыққа жануарлар (жылқы, ірі қара мен ұсақ мал) шалынған.


**Петров мәдениеті (б.з.б. XVII–XVI ғғ.).** Сынтастымен жақын болып келеді. Петров қоныстарының негізгі ерекшелігі – қорғаныс орларының болуында. Петровтық жерлеу ескерткіштерінде балалар мен жауынгерлердің жерлеу орындары бөлек орналасқан. Қорымдардан әскери

арбалардың қалдықтары табылды. Үй жануарларының сүйектері көп кездесті. Петровтықтарда қыш өндірісі, тоқымашылық, сүйек өңдеу ісі, әшекейлер жасау, қоладан қарулар мен еңбек құралдарын құю өркендеді.

**Алакөл мәдениеті** (б.з.б. XVII–XIII ғғ.). Орманды далада өмір сүрген алакөлдiктер қабырғалары бөренемен құрастырылған үлкен жартылай жер үйлерде тұрған. Әрбір үлкен үйде жерден қазылып, таспен өрілген бірнеше ошақ болды. Батыс Қазақстан далаларында орманның болмауы Тасты-Бұтақ қоныстарының өзіндік ерекшелігін қалыптастырды, онда ағаш орнына тас қолданды.

Алакөлдiктердің жерлеу құрылыстары әртүрлі: топырақ және тас қорғандар, тасты қоршаулар, шеңберлене қаланған тастары бар қорғандар болды. Мәйіттердің шынтағын бүгіп, сол жағымен бүктестіре жатқызып, басын батысқа қарата жерледі. Алакөл мәдениеті дамуының соңғы кезеңінде мәйітті өртеу (Тасты-Бұтақ) белгілері де кездесті. Жерлеу орындарында қарулар мен еңбек құралдары сирек, бірақ әйелдердің әшекейлері көптеп табылды.

**Федоров мәдениеті** (б.з.б. XV–XII ғғ.) алакөлдiктердің дәстүрін жалғастырды. Белгілі бір кезеңде алакөлдiктер мен федоровтықтар бір-бірімен қатар өмір сүруі мүмкін. Федоровтықтар шығысқа қарай жылжып, Тобыл және Ертіс алаптары маңына қоныстанды. Бұл уақытта федоровтықтарды Батыс Қазақстаннан қималықтар ығыстырып шығарды. Федоров мәдениетінің батыс шегарасы Торғай қолаты болған. Федоровтардың тіршілікке қолайлы, ұзақ уақытқа лайықталған



Федоров мәдениетінің жерлеу бұйымдары: қола білезіктер (1-2); сырғалар (3-4); қармақ ілгегі (5); қолорақ (6); қанжарлар (7-8); қыш ыдыстар (9-15)

қоныстары алакөлдiктердiң қоныстарымен шамалас болды. Олардың жеңiл қабырғалы жер үйлерi алакөлдiктердiң үлкен жартылай жер үйлерiне ұқсас.

Федоров обалары өзеннiң биiк жағалауында тобымен орналасқан, кейде қорғандар мен қоршаулар тiзбегi түрiнде болады. Тас кездеспейтiн жерлерде федоровтықтар қорғандары қоршаусыз топырақ үймектерi түрiнде тұрғызылған. Федоровтықтардың материалдық мәдениетi бұйымдарына пышақ-қанжарлар және сүйектен жасалған құралдар тән. Атқа салт мiну кең тарала бастағандықтан, алғаш рет өзектi, сүйектi және мүйiздi ауыздықтар<sup>1</sup> қолданыла бастады.

Қола дәуiрiнiң соңғы кезеңiнде федоровтық мәдениеттi сарғарылық мәдениет алмастырды (б.з.б. XIII–VIII ғғ.). Бұл мәдениетке шамамен 200 қоныс пен 40 қорым жатады. Сарғарылықтардың үлкен тiкбұрышты жер үйлерi федоровтық мәдениет қабатының үстiне салынды. Сарғарылық мәдениеттiң ерекше белгiсi жапсырма қыш ыдыстары болып саналады. Сарғарылық мәдениетте қолөнер өркендеп, қола металлургиясы жоғары деңгейде дамығанын археологтер тапқан заттардан байқаймыз. Сарғарылықтар жақын қашықтыққа көшiп-қонып, ұсақ малдар мен жылқылар өсiрдi. Сарғары мәдениетi андрондық үлгiдегi соңғы мәдениет саналады.

Шығыс және Орталық Қазақстанда қола дәуiрiнiң соңғы кезеңiнде ерекше Беғазы-Дәндiбай мәдениетi қалыптасты.

**Беғазы-Дәндiбай мәдениетi** (б.з.б. X–VIII ғғ.) сарғарылық мәдениеттен өзiндiк қыш бұйымдары және басқа да белгiлерiмен ерекшеленедi. Ол кең-байтақ жайылымдары мен кен орындары бар Сарыарқамен байланысты. Беғазылықтар малшаруашылығы мен қола металлургиясының дамуына байланысты өркендеген. Бұл мәдениетте ерте темiр ғасырының да белгiлерi кездеседi. Бiрқатар ыдыстан тамғаға ұқсас белгiлер табылды. Бұл мәдениеттiң ерекшелiгiне мүрденi шалқасынан жатқызып жерлейтiн тастан құрастырылған кесенелерiнiң болуы жатады. Ағаш көмiрi мен күл қабаттары ағашпен жабылған төбесiн отқа өртеу салтының болғанын көрсетедi. Қазiргi заманда отандық археологтердiң ең басты мәселелерiнiң бiрi сарғарылық және Беғазы-Дәндiбай мәдениетiнiң арақатынасын зерттеу болып табылады.

**Жерлеу салтындағы өзгерiстер – мәдениет көрсеткiшi.** Андрон мәдениетi, негiзiнен, көнешұңқырлықтардың жерлеу салттарына тән ерекшелiктердi сақтады. Сондай-ақ бiрқатар тайпалар (беғазы-дәндiбайлықтар) қорғандық жерлеуден бас тартып, кесене тұрғыза бастады. Жерлеу салтындағы мұншалықты айырмашылықтар соңғы мәдениеттi қола дәуiрiндегi өзге мәдениеттерден ерекшелейтiн көрсеткiш болып есептеледi.

<sup>1</sup> Ауыздық – аттың аузына кигiзiлетiн жүген бөлiгi.



Беғазы қорымы. Қарағанды облысы

Археологиялық деректер қола дәуірінде Қазақстандағы далалық тайпалар Оңтүстік Орал, Жайық маңы, Алтай және Енисейдегі туыстас тайпалармен өзара тығыз байланыста дамығанын көрсетеді. Ескерткіштерде айырмашылығы аз, түрлі мәдениетке тән сипаттар кездеседі. Сондықтан да археологтер қола дәуіріндегі Дала мәдениетінің үлкен бөлігін бір мәдени-археологиялық қауымға біріктіріп қарастырады.

**Қорытынды.** Археологиялық деректерге сәйкес, б.з.б. III мыңжылдықтың соңы мен I мыңжылдықтың басында Ұлы Далада өзара туыстас тайпалар өмір сүрді. Олар *андрондықтар* деп аталды. Малшы-бақташылар болғандықтан, олардың негізгі байлығы мал болды. Андрондықтарда өгіздерге жегілетін төрт дөңгелекті жүк арбалар және аттарға жегілетін екі дөңгелекті әскери арбалар болды. Кейін дөңгелекті көліктен бас тартып, атқа салт мінуге көшті. Олар егіншілікті, аңшылықты және балықшылықты кәсіп етті; шебер қолөнершілер болды, қаруды жақсы меңгерді. Алғашында олар қоныстарын қорған қабырғалармен қоршап тұрғызса, кейіннен ашық қоныстарда үлкен жартылай жертөлелерде тұра бастады. Біртіндеп жеңіл баспана салуды меңгерді. Андрондықтардың малшаруашылығы мәдениеті – Ұлы Даладағы көшпелі мәдениеттің қалыптасу жолындағы маңызды қадам болды.



**Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Не себепті археология ғылымы Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеуде ерекше маңызға ие?
2. Орталық Қазақстандағы андрондық ескерткіштердің ерекшелігі туралы айтыңдар.
3. Федоров мәдениетіндегі жеңіл қабырғалы жертөлениң пайда болуы нені байқатады?
4. Федоровтың бір қонысынан табылған «егіншінің үйі» мен «тоқымашының үйі» нені білдіреді?
5. Қола ғасырының қандай мәдениетін жартылай көшпелі деп атауға болады? Не себепті?

**Картамен жұмыс.**

Картадан тарауда көрсетілген археологиялық мәдениеттің таралу аймағын көрсетуге тырысыңдар.

**Күрделі тапсырмалар.**

1. Сынтасты және Петров мәдениетімен салыстырғанда, Алакөл мәдениетіндегі жерлеуде жылқының қаңқалары мен дөңгелектің қалдықтары кездеспеуі нені білдіреді?
2. Алакөл мәдениетіне жататын жерлеу орындарынан табылған көптеген әшекейлер нені білдіреді?
3. Беғазы-Дәндібай мәдениетінің андрондық мәдениетпен салыстырғанда қандай ерекшелігі бар? Оның ерекшелігін ажыратыңдар.

**§ 10. Ерте көшпелілер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті****Бүгінгі сабақта:**

- көшпелі малшаруашылығының пайда болуы;
- көшпелілікті анықтау;
- Ұлы Даладағы ерте көшпелілік – скифтер, сақтар және сарматтар;
- сақтардың әлеуметтік ұйымы туралы білеміз.

Көшпелілік, Даладағы шаруашылықтың негізгі түрі ретінде, ерте темір (б.з.б. I мыңжылдық) дәуірінде қалыптасты. Темірді игеру мыс пен қоладан жасалған еңбек құралдары мен қаруларды темірге алмастырды.

**Көшпеліліктің пайда болуы.** Далада ұзақ ғасыр көшпелі малшы-егінші шаруашылығы өмір сүрді. Б.з.б. II мыңжылдықтың ортасында көшпелі малшаруашылығына өтудің барлық алғышарттары қалыптасқанымен, ол жүзеге аспады. Көшпелілікке өтуге б.з.б. I мыңжылдықта болған кезекті құрғақшылық ықпал етті. Б.з.б. I мыңжылдықтың алғашқы жартысында құрғақшылыққа ұшыраған Далада шаруашылық жүргізудің жалғыз түрі көшпелілік болды. Ұлы

**Кілт сөздер:**

- ежелгі темір дәуірі
- көшпелілік
- көшпелі малшаруашылығы
- номадизм
- көшпеліліктің арбалық түрі
- сақтар
- оқшаулану
- Тасмола мәдениеті
- қорған
- «мұртты» обалар

Даланың барлық белдеуінде андрондық мәдениет түрінің мұрагерлері тұрақты қоныстардан бас тартып, жыл бойы көшіп жүретін көшпелілікке ауысты. Қоныстар мүлдем бос қалды немесе маусымдық қонысқа айналды. Осыдан бастап малшаруашылығы басты шаруашылық түріне айналды. Көшпеліліктің тағы бір ерекшелігі малды жыл бойы далада бағу болды. Андрондықтар қыс мезгілінде малды өз баспаналарында ұстады немесе арнайы қорада бақты. Олар малды алдын ала дайындалған азықпен (шөппен) асырады. Өйткені ол кезде, негізінен, қар астынан өздігінен шөп таба алмайтын сиыр түлігі басым болған еді.

Көшпелілер мал құрамын өзгертіп, тебінге ыңғайлы қой мен жылқыны көбірек өсіре бастады. Жайылымды тиімді пайдалану үшін көшпелілер маусымдық көшуді меңгерді: шөптің қашан, қайда өсетінін зерттеді, бір маусымдық жайылымнан басқасына көшу жолдарын есте сақтады, малдарды суаратын су көздерін іздестірді. Бұған олардың жабайы жануарлар үйірінің (мысалы, киіктердің) маусымдық көшіп жүруін бақылап отыруы да көмек болды. Маусымдық жайылымдар мен көшіп-қонатын жолдар, ондағы су көздері туралы мәліметтер ауыздан-ауызға таралып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды. Көшпелілердің әрбір үлкен туыстас топтарының жайылымдық аумағы қалыптасты.

Алғашқы кезеңде мал үйірлерімен бірге ер адамдар көшті. Әйелдер, балалар мен қарттар тұрақты қоныста қалып, егіншілікпен және үй шаруашылығымен айналысты. Кейін көшу үдерісіне біртіндеп барлығы қатыса бастады. Ақырында ерлер әйелдері мен балаларын қоныста қалдырмайтын болды. Енді отбасылар жүк пен үй артылған арбалармен салт атты малшылардың соңынан еріп жүретін болды.

**Назар аударыңдар!** Көшпелілік (көшпелі малшаруашылығы, номадизм) – шаруашылық түрі. Оның басты сипаты: жыл бойы малды жайылымда бағу; белгілі бір жайылымдық аумақта мал жаю үшін көшіп-қону; көшіп-қонуға тұтас жұрттың қатысуы; малшылықтың – шаруашылықтың ең негізгі түрі саналуы.

Арбаға қос тігіп көшу б.з.б. I мыңжылдықтың ортасына дейін сақталды. Кейін тұтастай технологиялық өзгерістер (құрастырмалы киіз үй, үзеңгі, ер-тоқым мен жаңа шикізат материалдарының пайда болуы) классикалық көшпелі малшаруашылығының қалыптасуына әкелді.

**Ұлы Даладағы ертедегі көшпелілер.** Андрондық мәдениет түрінің орнына *сақ-скиф* деп аталатын мәдени-тарихи қауым келді. Ежелгі гректер скифтерді ертедегі көшпелілер деп атаған. Бұл атау Батыс ғылымында қолданысқа енді, мәдени сипаты, шаруашылық түрлері, қарулары, жерлеу салттары мен сыртқы түрлерінің ұқсастығына, өнердегі сәйкестіктеріне байланысты кейін барлық көшпелі осы-




Ұлы көш. Суретші Н.Г.Хлудов

лай аталып кетті. Алайда ертедегі гректер, парсылар мен қытайлар Далада әртүрлі тайпалар өмір сүретінін жақсы білді. Олардың сол кездегі нақты атауларын бізге жеткізді. Сондықтан қазіргі замандағы Қазақстан ғылымында бұл дәуірді Ұлы Даланың ортаазиялық бөлігінде мекендеген тайпаның атауымен – *сақ* немесе *сақ-сармат* кезеңі деп атайды.

**Сақтар.** Ертедегі көшпелілер – сақтар, скифтер (*көне парсыша* – сака, *көне қытайша* – сә) мен сарматтар және Ұлы Даланың шығыс бөлігіндегі тайпалар туралы тек археологтердің деректерінен ғана емес, сондай-ақ көптеген жазба дереккөз арқылы да білуге болады. Б.з.б. VI ғасырдың соңындағы ежелгі парсы жазбалары – сақтар заманы туралы жазылған ең алғашқы дереккөз. Ежелгі парсы бедерлі суреттерінде сақтардың бейнесі де кескінделген. Екінші жазба дерек Геродоттың еңбектері мен грек-римдік тарихнама дәстүрінде кездеседі. Үшінші дерек б.з.б. I мыңжылдық соңына жататын көнеқытайлық жылнамаларда баяндалады.

Парсы патшасы I Дарийдің бехистундық жазбаларында оның Орталық Азияға сақ-тиграхаудаларға («шошақ бөрік киетін») жасаған жорығы сипатталады. Олардың үлкен өзен жағалауында өмір сүретіні («Парадарайя»), сол өзенді Дарийдің кесіп өткені баяндалады. Басқа жазбаларда Дарий өз империясының солтүстік шетіндегі мемлекетті «соғдылықтардың сыртындағы сақтар» деп атаған. Сондай-ақ сақтар-




Сақ тайпаларының орналасу картасы

хаомаваргалар туралы да айтылады («хаома дайындайтындар»; басқа аудармасы – «Хаоманы [Құдайын] дәріптеушілер»). Парсылар мен гректер сақтардың өзге де тайпалары: дахтар (дайлықтар), массагеттер, сарматтар (савроматтар), исседондықтар туралы мәлімет береді.

Дарий жүзіп өткен өзен Сырдария болуы мүмкін. Солай болса, ол «бағындырған» өзеннің ар жағындағы сақтар осы өзеннің солтүстік-шығысындағы қазақ даласын мекендеген болып шығады. «Соғдылықтардың сыртындағы мемлекет» деген атау да бұл ұстанымды бекіте түседі (қандай тарихи өңір Соғды аталатынын еске түсіріңдер). Қазақстанның Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс даласында сақ-тиграхаудалар көшіп-қонып жүрген болуы керек (олардың қатарында әйгілі «Алтын адам» болуы да мүмкін). Дахтар мен массагеттер Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал маңын мекендеп, тайпалық одақ құрған. Дахтардан парн тайпасы (парфян) бөлініп шығып, кейін олар Иранда Аршакидтер империясын құрды. Исседондар Орталық Қазақстанда оқшауланып тіршілік кешті. Сақтар мен оларға туыстас тайпалар Ұлы Даланың шығыс бөлігі – Шығыс Қазақстанды ғана емес, сондай-ақ Алтай мен Оңтүстік Сібір және Жоңғарияны да мекендеді. Шығыс сақтар енді парсы және гректермен емес, ғұндар мен Орталық Азияның осы аймағын мекендейтін өзге де халықтармен соғыс жүргізді.

Сақтар алғашқы нағыз көшпелі малшылар болды. Олар арба үстіне орналасқан баспаналарымен бірге көшіп жүрген. Азыққа жылқы еті мен қойды, қымыз бен қой сүтін пайдаланды. Сақтар көшпелі өмір



Орталық Қазақстандағы мұртты обалар. Тасмола мәдениеті

сүргендіктен, ешқандай қоныстар салмады. Олардың мәдениеті мен әлеуметтік жіктелуі туралы жерлеу орындары – қорғандар (Шығыс Қазақстандағы Майемер мен Шілікті, Жетісудағы Бесшатыр мен Есік қорғандар тобы және басқалар) бойынша пікір қалыптасты.

Қазақстан аумағынан жүздеген сақ қорғандары табылды. Олардың ең ежелгісі б.з.б. VIII ғасырларға жатады. Ірі қорғандардың диаметрі 100 м-ге, ал биіктігі 17 м-ге дейін жетті (Бесшатыр). Олардың ішіндегі жерлеу орындары Тянь-Шань қарағайының бөренелерінен жасалды. Қорғандардың басым көпшілігі ерте кезде-ақ тонауға ұшыраған. Ал сақталып қалғандары сақтар туралы құнды деректер берді. Қорғаннан алтын бұйымдар, қола және қыштан жасалған керек-жарақтар, темір қарулар (ақинақ-қанжар, қылыштар, қысқа найзалар, сүңгілер), тері мен ағаштан жасалған бұйымдар табылды. Тіпті киім қалдықтары да кездесіп, сақ киімінің негізгі үлгісін анықтауға үлкен ықпал етті.

**Сақтардың Тасмола мәдениеті** (б.з.б. VII–III ғғ.) Солтүстік және Орталық Қазақстан аумағына таралды. Тасмолалық сақтардың (исседондықтар болуы мүмкін) жерлеу құрылыстары мәйітті жерлейтін үлкен қорған мен оның мінген атын көметін жапсарлас шағын қорғаннан тұрады. Шағын қорғаннан шығысқа бағыттталып, ұзындығы 20 м-ден 200 м-ге жететін екі доға тектес тас тізбектер тізіледі.

**Назар аударыңдар!** Мұндай «мұртты» қорғандар тасмолалық мәдениеттің өзіндік ерекшелігі болып табылады.

Жерлеу орындарынан жылқы мен қойдың бас сүйектері, сондай-ақ жебенің қоладан жасалған ұштары, ақинақ (қысқа темір семсер), саздан жасалған ыдыстар, құрбандық шалатын тас пен ат әбзелдері кездеседі. Исседондықтарда қазақтың қыстауына ұқсайтын қоныстар болды. Бұл солтүстік сақтардың суық климатқа бейімделгенін көрсетеді. Қоныстардың қорымының шағын болуы бытыраңқы шаруашылық жүйесін көрсетеді, яғни исседондықтар шағын топтармен көшіп жүрді (қазақ ауылдары сияқты).

**Сарматтар** (Геродот бойынша «савроматтар») – сақтарға мәдениеті жағынан жақын көшпелі тайпалар одағы. Олар Батыс Қазақстанды, Еділ мен Жайық өзендерінің аралығын мекендеген. Б.з.б. III ғасырда олар дах-массагеттердің ығыстыруымен Ұлы Даланың батыс бөлігін тастап шығады. Жерлеу қорғандарын тұрғызу, ақинақтар жасау, өнердегі «аң» стилі оларға да тән ерекшелік болды. Сарматтарда егіншілік маңызды шаруашылық түрі болды. Олардың қоғамында әйелдің орны жоғары болды. Сарматтар Орталық Азиядағы сақтар мен Қара теңіз маңындағы скифтерді өзара байланыстырды.

**Сақтардың әлеуметтік ұйымы.** Қарапайым адамдардан айырмашылығы бар патшалар әулетінің қорғандары қоғамда әлеуметтік жіктелуді ғана емес, сақтарда патша әулеттерінің болғанын көрсетеді. Жазба дереккөздердің мәліметінше, патша-көсемдер әскери қолбасшылар болған әрі олар дипломатиялық келіссөздер жүргізген. Осындай билеуші тектен шыққандар (көсемдер мен ақсақалдар) әскери-тайпалық ақсүйектерді құрады. Олар күнделікті өмірде билік жүргізіп, соғыс кезінде тайпаластарының әскерін басқарды. Сонымен қатар қоғамда абыздар тобы да болды. Көптеген жәдігерлер мен жазбалар сақтар ат құлағында ойнаған жақсы садақшылар болғандығын дәлелдейді. Салт атты садақшылар қаһарлы, жеңілмейтін жауынгерлер болды. Олар әскери жорықтардан бос кезінде қарапайым көшпелі тұрмыс кешіп, мал өсірумен айналысты. Осы сақтардың әлеуметтік иерархиясының ең төменгі сатысында егінші шаруалар тұруы мүмкін. Өйткені кейбір тайпалар егіншілікпен де айналысқан еді.

**Назар аударыңдар!** Әлеуметтік ұйымның туыстық ұйым, әскери көсемдер мен ақсақалдар беделі, жауынгер-көшпелілердің еркіндігі сияқты белгілері көшпелі өркениетке тән құбылыс еді. Осылайша, көшпелілер өркениетінің ерекшелігіне тек табиғат жағдайына бейімделген шаруашылық түрі ғана емес, әлеуметтік ұйымның да ортақтығы тән.

**Қорытынды.** Ерте темір дәуірінде қуаңшылыққа байланысты Ұлы Далада көшпелі малшаруашылығы пайда болды. Бұл Дала өркениетін айғақтайтын басты белгі еді. Көшпелі малшаруашылығының жартылай көшпелі және жартылай отырықшылық формадан айырмашылығы малдың жыл бойы жайылымда жайылуы және көшкен малдың соңынан бүкіл халықтың белгілі бір үйреншікті бағыт бойынша ілесіп жүруі еді. Көшпелі малшаруашылығы аумағының ұлғаюы, сонымен қатар көшпелі өркениеттің таралуы Еуразия даласында үлкен белдеу қалыптастырды. Көшпелі скиф-сақ-сармат мәдени қауымдастығы б.з.б. I мыңжылдықта Ұлы Даланың батысы мен орталық бөлігінде басымдыққа ие болды. Ерте көшпелілердің әлеуметтік ұйымының өзіндік ерекшеліктері кейіннен көшпелі өркениеттің үлгілеріне айналды.

**Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Ерте темір дәуіріндегі көшпелілер тарихы туралы негізгі жазба деректерді атаңдар.
2. Б.з.б. II мыңжылдық ортасында қалыптасқан көшпелі малшаруашылығының пайда болуының алғышарттарын атаңдар.
3. Көшпелілікке (көшпелі малшаруашылығына) анықтама беріңдер.

**Картамен жұмыс.**

Сақ тайпаларын атап, картадан олардың қоныстану орындарын шамалап көрсетіңдер.

**Ізденімдік жұмыс.**

Тасмолалық мәдениетке қандай қорғандар түрі тән? Қосымша дереккөздерден мұндай қорғандар тұрғызу не үшін қажет болғанын түсіндіретін болжамды табыңдар.

**Шығармашылық тапсырма (шағын топтар үшін).**

Сақ қорғанынан табылған ерекше олжа туралы таныстырылым дайындаңдар.

**Күрделі тапсырмалар.**

1. Хрестоматиядан скифтер мен ғұндарға берілген сипаттаманы оқыңдар. Осындай жазба дереккөздерден алынған деректер археологтердің деректерімен қаншалықты сәйкес келеді? Қандай дереккөздер шындыққа жақын? Жазбаша ма, әлде археологиялық па?
2. Неге көшпелілерге ұжымдық әрекеттер, өзіндік ұйымдасу мен тәртіп тән? Бұлар қандай жағдайда қолданылады?

## § 11. Орталық Азияның ежелгі мәдениетінің сабақтастығы мен өзара ықпалы

**Бүгінгі сабақта:**

- Шығыс Дала мәдениеті (мыс пен қола дәуірлері);
- Ұлы Даланың шығыс аймағындағы ерте көшпелілік;
- ерекше жерлеу түрлері нені білдіретіні;
- далалық және отырықшы-егіншілік мәдениеттің өзара ықпалы туралы білеміз.

**Ұлы Даланың шығыс аймағындағы малшылар мәдениеті (мыс, қола және ерте темір дәуірі).** Қазақстанның шығысындағы Андрон мәдениеті өзімен туыстас **Афанасьев мәдениетімен** қатар өмір сүрді. Олар Шығыс Қазақстан мен Оңтүстік Сібір далаларындағы темірді игерген алғашқы мәдениет болып саналады. Афанасьевтіктер Алтайға, Сібір далаларына қоныс аударып, жергілікті неолиттік тұрғындармен араласып кеткен көнешұңқырлықтар болатын. Мұнда олар аңшылық пен балық аулауды кәсіп етіп, мал бағумен айналысты. Олар өздерімен бірге Сібірге

**Кілт сөздер:**

- археологиялық мәдениет
- мәдениеттердің өзара ықпалы
- жерлеу салттары
- ғұрып
- отқа табыну
- өркениет диалогі

металл өңдеу және егіншілік мәдениетін ала келді. Көнешұңқырлықтар мен андрондықтар секілді, афанасьевтіктер қайтыс болғандарды қорғандарға жерледі, сонымен қатар олар арбаларды қолданды.

Б.з.б. II мыңжылдықтың соңында Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Сібір және Батыс Моңғолиядағы Андрон және Афанасьев мәдениеті Ұлы Даланың шығыс аймағынан келгендер мен жергілікті далалықтардың араласуынан пайда болған **Қарасұқ мәдениетіне** ауысты. Бұл мәдениет көшпелі малшаруашылығына өтпелі кезең болды. Қарасұқтықтар атқа салт мінуді және жайылымда мал бағуды меңгеріп, жартылай көшпелі өмір салтын ұстанды. Олар тіршілікке керектінің барлығын малшаруашылығынан алды. Қарасұқтықтар қару-жарақтарына қоланы пайдаланды. Қанжар, пышақ, найза ұшы түгелімен қоладан жасалды. Қарасұқтық тайпалар дәстүрінде қорғандық жерлеу болмады. Олар қорымдарын тас жәшік секілді жұқа тастан қалады. Төбесін тақтатаспен жауып, оның үстіне топырақ үйді (бұл мәдениетті «тақтатас қабір мәдениеті» деп те атайды).

**Назар аударыңдар!** Қарасұқ мәдениетінде қорғандарға жерлеу болған жоқ.

Ертедегі темір дәуірінде көшпелі өркениет даланың шығыс аймағында да өркендеді. Көшпелі және жартылай көшпелі малшаруашылығы аңшылықпен және егіншілікпен өзара үйлесім тапты. Шығыстағы көшпелілер біртіндеп темір өңдеу мен салт атқа мінуді меңгерді. Олар арба үстіне орнатылған киіз қостарда өмір сүрді, көшетін кезде оны үлкен жүк арбаға тиеп көшті (арбамен көшу түрі).

Сақтардың **Ұйық мәдениеті** ерте темір ғасырында Тува, Шығыс Алтай және Солтүстік-Батыс Моңғолия аумағында қалыптасты. Бұл мәдениет туралы жуырда I Аржан, V Аржан және II Аржан қорғандарынан табылған құнды жәдігерлерден белгілі. Қорғандардан жерленген адамдар мен көмілген жылқылардың сүйектері, сондай-ақ скиф-саққа тән «аң стиліндегі» түрлі алтын бұйымдар қазып алынды.

Сақтар кезеңінде Оңтүстік Сібір даласында **Тағар мәдениеті** өмір сүрді. Тағарлықтар өз көсемдерін жерлеу үшін сақтар секілді үлкен қорған тұрғызды. Олардың мәдениетін зерттеу үшін мыңдаған Тағар қорғаны мен олар өмір сүрген ондаған қоныс қазылды. Онда көптеген петроглифтер табылды. Тағарлықтардың жерлеу орындарынан жылқылар мен ат әбзелдері кездеспейді. Олар малды қолда ұстамай, жайылымдарда бақты, негізінен, ірі қара өсірді. Қоныстары бөренелі ағаштан тұрғызылды. Тағарлық ақсүйектер арбаға орнатылған үйлермен көшіп-қонып жүрді (сол тұста арбаға орнатылатын киіз үй<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Қытай деректерінде бейнеленген ежелгі киіз үйлер б.з.б. I мыңжылдықтың ортасына жатады.



болған). Оңтүстік Сібірдің ежелгі мыс кендерінің басым бөлігі солардың иелегінде болды; тағарлардың алтын түсті қолалары көршілес тайпалар арасында жоғары бағаланды.

Құрылымдық жағынан сақтарға жақын **Пазырық мәдениеті** Таулы Алтай мен Шығыс Қазақстанда өмір сүрді. Бір болжамдарға сәйкес, ол Афанасьев мәдениетінің мұрагері болып саналады. Ал басқа болжам бойынша, жергілікті тайпалардың араласуынан, сондай-ақ Беғазы-Дәндібай мәдениетінің шығыстық элементтері бар қоныс аударушыларының қатынасынан пайда болған. Пазырықшылар көшпелі өмір сүріп, малшаруашылығымен айналысты. Бұл мәдениет туралы маңызды деректерге обаларға (ағаш бөренелерден жасалған қорғандар) зерттеу жүргізу арқылы қол жеткізілді. Мәңгілік тоң жағдайында түрлі бұйымдар мен тату салынған адам мумиялары жақсы сақталып қалған. Б.з.б. VII ғасырдың ортасында қазіргі Моңғолияның шығыс және оңтүстік-шығыс аумағында қорымдардың жаңа түрі пайда болды. Ертедегі көшпелілер қалдырған бұл ескерткіштерде сақ мәдениетінің ешқандай белгілері жоқ. Бұл көшпелі мәдениет этникалық жоғары сипат алғанын көрсетеді. Даланың бұл бөлігіндегі ертедегі көшпелілер тарихы қытай дереккөздері арқылы зерттелуде. Қытайлар әртүрлі тайпалы көшпелілерді «солтүстіктегі варварлар» деп атады. Қытайлықтар «солтүстіктегі варварлармен» соғыс жүргізіп, олардан қорғану үшін Ұлы Қытай қорғанын тұрғызды. Қытай өркениетінің өнімдеріне қол жеткізу үшін көшпелілер отырықшы халыққа жылқы, қой, яғни мал өнімін апарып, олармен айырбас саудасын жүргізді. Осылайша көшпелі өркениеттің қалыптасуының ерте кезеңінде-ақ отырықшы-егіншілік өркениетпен өзара қатынас сипатын қалыптастырды.

**Орталық Азиядағы далалық және отырықшы-егіншілік мәдениеттер арасындағы өзара ықпалдастық.** Даланың солтүстігі мен оңтүстігі арасында және егінші аймақтарда өзара қарым-қатынас тұрақты түрде дамып отырды. Ол андрондықтардың және олардың далалық ізбасарларының оңтүстікке жылжуы барысында байқалды. Осылайша Хорезмде б.з.б. XV–XI ғасырларда шыққан тегі **тазабагьябтық** болып табылатын андрондық мәдениет болды. Әмударияның төменгі сағасында орналасқан малшылар біртіндеп суармалы егіншілікке көшіп, Хорезмнің егіншілік өркениетін қалыптастырды.

Тянь-Шаньның қола мәдениеті андрондық болды. Қырғызстандағы Арпа өзенінің алқабында 3600 метр биіктікте андрондық қорымдар анықталды. Одан Федоров үлгісіндегі қыштар мен қола әшекейлер табылды. Қорымнан күл мен өртеудің өзге де іздері анықталды. Қорымның биік тау басында болуы осы мәдениет өкілдерінің тауда мал бағумен айналысқанын дәлелдейді, өйткені қорым жаздық жайлауда орналасқан. Далалық қола мәдениетіне тән белгілері бар көптеген қорым Батыс Ферғанадан табылды.

Көптеген андрондық қорымдар (мысалы, Тигровая Балка) тәжікстандық **Вахш мәдениетіне** жатады. Бұл мәдениетке катакомбалық түрдегі<sup>1</sup> андрондық жерлеу және қышшы құралы арқылы айналдырып жасалған маргиандық керамикалық үлгі тән. Вахш мәдениеті маргиандықтардың Тәжікстан тауларына бейімделуі нәтижесінде пайда болған. Бұрынғы егіншілер тауда мал өсірумен айналысты, оларға осында келген далалықтар үлкен ықпал етті.

Орталық Азияның оңтүстігінен табылған қорымдар мен қоныстар өркениеттердің өзара ықпалы мен мәдениеттердің байланысын көрсетеді. Далалықтарға дейін отырықшы егіншілерде отқа табыну болмаған. Федоров кезеңінде отқа табыну Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпалар арасына кең таралған болатын. Осы діни ғұрыптың Тәжікстанға жетуін өртеу салты мен жерлеуден және күн таңбасы болуынан көреміз.

Өзбекстандағы **Сапаллин мәдениеті** де өзара ықпалдастықтың тағы бір үлгісіне жатады. Олардың жерлеу ғұрыптарында далалықтарға тән салттар (мәйітті өртеу, от ғұрыптары, жануарларды құрбандыққа шалу) мен андрондықтарға тән жерлейтін орынды таспен қалау секілді ерекшеліктер көрініс береді. Мұның барлығы ерте кезеңдегі отырықшы-көшпелілер арасындағы «өркениеттердің сабақтастығын» көрсетеді.

Ұлы Даланың солтүстік қиыр шетінде де байланыстың тағы бір аймағы болды. Онда далалықтар мен орман халықтары арасында өзара байланыс орнады. Афанасьев мәдениетінің мысалынан белгілі болғандай, далалықтардың қоныс аударуының нәтижесінде, Оңтүстік Сібірде малшаруашылығы, егіншілік және металл қорыту алғаш рет қолға алынды. Жайық және Сібір мәдениеттері Ұлы Дала мәдениетінің ықпалына түсті. Мысал ретінде венгрлердің ата-бабалары – угорлар ұстанған **Сарғат мәдениетін** келтіруге болады. Үлкен қорғандар мен қорымдар<sup>2</sup> бұл мәдениетке тән.

**Қорытынды.** Осы және алдыңғы параграфтардан энеолит, қола және ерте темір дәуіріндегі далалық малшылар мәдениеттерінің бір-бірімен сабақтас екендігін және өзара ықпалдасқандығын көреміз. Археологтердің көп жағдайда қай мәдениет қандай мәдениеттің белгілерін иеленгендігін, қандай белгілер барлық мәдениет түрлеріне ортақ немесе айрықша екендігін анықтауына мүмкіндігі бар. Қорғандық жерлеу энеолит, қола және ерте темір дәуірлеріндегі далалық көшпелілер мен жартылай көшпелі мәдениеттің басым бөлігінің ортақ белгісі болды. Орталық Азияның оңтүстігіндегі көптеген археологиялық мәдениетте далалық ықпалдың іздері бар. Бұл – тұрақты «өркениеттер сабақтастығының» көрінісі.

<sup>1</sup> Катакомба – жер астындағы құрылысқа апаратын дәліз (қорған астында орналасқан) жерлеу орны.

<sup>2</sup> Бұл жерлеу орындарынан шығу тегі шетелдік Үндістан және Ежелгі Мысырда жасалған әшекейлер табылды. Бұдан сарғаттықтар Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағындағы сауда жолына бақылау орнатқан деген болжам жасауға болады.

**Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Б.з.б. III–II мыңжылдықтың соңында Шығыс Қазақстанда қандай археологиялық мәдениет өмір сүрді? Еске түсіріңдер.
2. Далалық өркениет Орталық Азия аймағындағы отырықшы-егіншілік өркениетке қаншалықты ықпал етті?
3. Оқыған параграфтардан мысалдар келтіріңдер: а) малшаруашылығынан егіншілікке өту; ә) егіншіліктен малшаруашылығына өту; б) жайылымда бағылатын малшаруашылығы; в) қолда бағу (жартылай көшпелі) малшаруашылығы; г) көшпелі малшаруашылығы.

**Картамен жұмыс.**

Картадан тауып көрсетіңдер: 1) Көнешұңқыр мәдени-тарихи қауымдастық; 2) Афанасьев мәдениеті; 3) Андрондық мәдени-тарихи қауымдастық; 4) Беғазы-Дәндібай мәдениеті; 5) Қарасұқ мәдениеті; 6) Тағар мәдениеті; 7) Тазабағьяб мәдениеті; 8) Пазырық мәдениеті.

**Ізденімдік жұмыс.**

Ұлы Қытай қорғаны қашан тұрғызылды? Оны тұрғызуға кім мүдделі болды? Құрылыстың мақсаты не? Бұл монументалды құрылыс нені байқатады?

**Шағын топтарға арналған шығармашылық тапсырма.**

Оқулық материалын пайдалана отырып, осы параграфта немесе 8- және 9-параграфтарда аталған екі археологиялық мәдениетті өзара салыстырып, таныстырылым дайындаңдар.

Назар аударыңдар: 1) қоныстану орны; 2) археологиялық дәуірдің уақыты; 3) басқа мәдениеттен пайда болу болжамы; 4) шаруашылық түрі және малдың құрамы; 5) баспана мен қоныстың түрі; 6) жерлеу салты.

**Күрделі тапсырма.**

Осы және өткен екі параграфтағы материалдарды пайдалана отырып, энеолит, қола және ерте темір дәуірінде Ұлы Далада болған әртүрлі мәдениеттердің жерлеу салттарын салыстырыңдар. Мәдениеттің сабақтастығы неден көрінеді? Айырмашылықты қалай түсіндірер едіңдер? Қарасұқ мәдениетіндегі жаңа жерлеу түрінің пайда болуы нені білдіреді?

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ

### § 12. Ертедегі көшпелілердің әлемдік тарихи үдерістер бағытына ықпалы

#### Бүгінгі сабақта:

- Ұлы Дала көшпелілерінің әлемдік кеңістікке шығуы;
- Алдыңғы Азиядағы киммерліктер мен скифтер;
- сақтар мен ахеменидтер;
- сақтар мен Александр Македонский;
- ғұндар мен Қытай империясы туралы білеміз.

#### Кілт сөздер:

- киммерліктер
- скифтер
- сақтар
- Ахеменидтер империясы
- ғұндар
- көшпелі империя
- халықтардың ұлы қоныс аударуы

Ерте темір дәуірінде көшпелілер әлемдік кеңістікке шыға бастады. Көшпелілердің әскери қуаты артып, олар ежелгі шығыстық Ассирия, Урарту державаларының, Ахеменидтер империясының басты қарсыластарына айналды. Б.з.б. VIII–VII ғасырларда скифтер Алдыңғы Азияға<sup>1</sup> басып кірді. Жауынгерлер құрамы атты әскерден құралғандықтан, олар өте шапшаң болды. Кіші Азияның барлық шығыс аймағын басып алып, ондаған жыл бойы өз биліктерін жүргізді.

Б.з.б. VII ғасырдың бірінші жартысында скифтер Дербент қақпасынан өтіп, Оңтүстік Кавказға басып кіреді. Қазіргі Әзірбайжан жеріне келіп

табан тіреген олар өздерінің патшалығын құрып, көршілес елдерге шабуылдар ұйымдастыра бастады. Б.з.б. 670 жылы ассириялықтармен болған соғыста скиф патшасы Ишпакай қаза табады. Ассирия мен скифтер арасында келісім жасалып, құдалық орын алды. Ассирия патшасы өзінің қызын скиф патшасының ұлына береді. Кейін скифтер Мидияны өздеріне салық төлеуге мәжбүр етеді. Оңтүстікке қарай жылжыған скифтер Сирия, Палестинаға дейін барып, Мысырдың шекарасына жетеді. Б.з.б. VII ғасырдың аяғында скифтердің басым бөлігі Далаға қайтып оралды.

<sup>1</sup> Алдыңғы (Оңтүстік-Батыс) Азия – Кіші Азия, Шығыс Жерорта теңізі (Левант), Сирия, Арабия, Месопотамия, Оңтүстік Кавказ бен Иранның таулы аймақтарын қамтыған аймақ.

**Назар аударыңдар!** Скифтердің Алдыңғы Азияға жорықтары Ұлы Дала көшпелі өркениеті мен ежелгі шығыстық өркениет арасында байланыс орнатты.

Осы дәуірге жататын Кавказ бен Алдыңғы Азиядағы археологиялық мәдениеттен скифтерге тән көптеген белгілерді кездестіруге болады. Далалық ат үстінде садақ тарту әдісі мен мергендік Алдыңғы Азияға кең таралды. Ал скифтердің ат үстіндегі ұзақ жорықтарға киетін былғары немесе тері шалбарлары ұзақ уақытқа дейін «варварлықтың» көрінісі саналды. Киммер-скиф шабуылдары Ассирия империясының ыдырауына және жаңадан Мидия мен Парсы (Иран) мемлекеттерінің пайда болуына жол ашып, тарихқа өзгеріс енгізді.

**Сақтар мен ахеменидтер.** Б.з.б. VI ғасырда парсылық Ахеменидтер империясының патшасы Орталық Азияға бірнеше жорық жасады. Ұлы Кир (б.з.б. 558–530 жж.) атанған патша аса үлкен империя құрды. Мидияны қиратып, Лидия мен Иранның батысындағы Вавилонияны басып алған оның әскері шығысқа бет түзеп, б.з.б. 539 жылы Үндістан шегарасына дейінгі жердің бәрін жаулап алады. Ұлы Кир Орталық Азияның отырықшы-егінші аймағы – Маргиана, Соғды, Бактрия сияқты жерлерді басып алып, оларды өз империясының сатрапы (бағынышты аймағы) етеді. Сонымен қатар ол сақтарға қарсы бірнеше жорық ұйымдастырды. Кир патша Соғдының сақтар мемлекетімен шегарасында Курушката аталатын қала салуға бұйрық берді. Кир б.з.б. 530 жылы шығысқа массагеттерге қарсы жорыққа шықты. Геродоттың баяндауынша, осы жорықтан Кир қайтып оралмаған. Ол Әмудария жағасындағы шайқаста қаза табады. Кир қаза тапқан соң, оның империясы ыдырай бастайды: шет аймақтардағы бағынышты елдер еркіндік алып, империя қазынасына салық төлеуден бас тартады.

Кирдің ізбасары I Дарий (б.з.б. 522–486 жж.) бүлік шығарғандарды аяусыз жазалап, империяны қайтадан «құруды» қолға алады. Ол



А.Македонскийдің парсы әскерімен шайқасы бейнеленген суреттің бөліктері

Маргианадағы бүлікшілерді бағындырған соң, б.з.б. 519 жылы сақ-тиграхаудаларға шабуыл жасап, олардың көсемі (патшасы) Скунханы тұтқынға түсіреді. Бұл туралы жартасқа (бехистундық жазба) жазып қалдырады. Дарийдің Скунханы «бүлікші» деп атамауы сақтардың бұрын парсыларға бағынышты болмағанын айғақтайды. Б.з.б. 518 жылы Дарий сақтарға қарсы тағы бір жорық жасайды. Бұл жорық жөнінде халық аңыздары да сақталған. Аңыздардың бірінде Шырақ атты сақтың парсылардың сеніміне кіріп, оларды сақтардың әскері орналасқан жерге төте жолмен жеткіземін деп сусыз шөлге апарып, көпшілігі шөлде қырылғаны айтылады.

Дарий әскерінің қатарында «он мың ажалсыз» сақтың болғаны туралы мәліметтер бар. Олар грек-парсы соғыстарына б.з.б. 490 жылы Марафон маңындағы шайқасқа, ал б.з.б. 480 жылы Ксеркс (б.з.б. 486–464 жж.) патшалығында болған соғыстарға қатысқан.

**Назар аударыңдар!** Б.з.б. V–IV ғасырлар соңында сақ жерлері ахеменидтіктердің ешқайсысына бодан болған жоқ. Ал сақ патшасы ахеменидтік билікке бағынышты емес, олардың одақтасы саналды.

**Сақтар мен Александр Македонский.** Б.з.б. 331 жылы Александр Македонский Гавгамела шайқасында парсы патшасы III Дарий әскерін тас-талқан етіп жеңіп, Азияның билеушісіне айналады. Осы соғыста сақтардың дах тайпалары бактриялық атты әскермен бірігіп, македондықтардың ең мықты жауынгерлеріне қарсы шайқас жүргізеді. Бұл туралы Арриан: «скифтердің өздері [дахтар] де, олардың аттары да сауытпен қорғалған», – деп жазды. Бұдан б.з.б. IV ғасырда сақтар парсы әскерінің таңдаулы жауынгерлері болғанын білеміз. III Дарий патша қаза тапқан соң, дахтар македондықтар жағына өтіп, таңдаулы атты садақшылар ретінде Үндістан жорығына қатысады.

Б.з.б. 331 мен 327 жылдар аралығында төрт жыл бойы Александр Орталық Азиядағы – отырықшы бактриялық, соғдылық халықтар мен көшпелі сақ тайпаларына басқыншылық жорықтарын жүргізеді. Көшпелілер батыс басқыншыларына қарсы соғысқан соғдының әскери қолбасшысы Спитаменнің негізгі күшінің құрамында болды. Спитаменнің жауынгерлері грек-македон күштеріне қарсы бірнеше мәрте күйрете соққы береді. Ақыр соңында Спитаменнің көтерілісі жеңіліс тауып, Соғды мен Бактрияны Александр жаулап алады. Сырдарияның солтүстігін мекендеген сақтар өздерінің тәуелсіздігін сақтап қалады.

**Ғұндар мен Қытай империясы.** Б.з.б. III ғасыр соңында Ұлы Далада өмір сүрген көшпелі ғұн тайпаларының (хунну) билігіне ержүрек қолбасшы Мөде келеді. Ол Саян, Алтай, Жоғарғы Енисей аймағын мекендеген көшпелі және жартылай көшпелі тайпаларды жаулап алады.

Осы уақыттан бастап ғұндардың даңқты жорықтары басталып, олар аса ауқымды империя құрады. Олардың басты қарсыластары көшпелі Юэчжи (тохарлар) мемлекеті мен Қытай болды. Б.з.б. 200 жылдары Хань әулетінің негізін қалаған Қытай императоры Гаоди ғұндарға қарсы жорыққа шығады. Алайда оның өзі қоршауға түседі. Амалсыздан ғұндармен бейбіт келісім жасаған олар Қытай ханшайымын Мөдеге беріп, императордың өмірін сақтап қалады. Ғұндардың көшпелі мемлекеті мен юэчжейліктер арасындағы соғыс төрт ғасырға созылып, б.з.б. 165 жылдары ғұндардың толық жеңісімен аяқталады.

Ғұндар мен қытай соғысының жаңа кезеңі б.з.б. 133–127 жылдары Хань императоры У-дидың ғұндарға қарсы жорық жасауымен басталады. Ғұндардың көшпелі империясында дағдарыс орын алып, ғұндар жан-жақты қыспаққа түседі. Қытайлардан жеңілген олар көршілес Жетісу жерін мекендеген көшпелі және жартылай көшпелі үйсіндердің шабуылына ұшырайды. Осындай жойқын шабуылдар салдарынан ғұндар одағы ыдырап кетеді. Біздің дәуіріміздің бірінші ғасырында оңтүстік ғұндар толығымен Қытайдың қол астына өтеді. Солтүстік ғұндар батысқа қарай көшеді.

**Халықтардың Ұлы қоныс аударуының басталуы.** Батысқа жылжи отырып солтүстік ғұндар II ғасырдың ортасында Шығыс Қазақстан мен Жетісу жеріне келіп, Юэбань (қытайша атау) мемлекетін құрады. Ол V ғасырға дейін өмір сүрді. IV ғасырдың ортасында олар Ұлы Даланы бойлай батысқа жорық жасап, Рим империясының шекарасына дейін жетеді. Жол бойы олар өздері бағындырған Дала тайпаларын қатарларына қосып отырды. Еуропа үшін шығыстан пайда болған көшпелілер нағыз үрей туғызды. Ғұндар жорығы өзге де тайпалардың қозғалысына әсер етті, әсіресе шабуылға ұшыраған герман тайпалары бүкіл Еуропаға тарала бастады. V ғасырда ғұндардың ұлы көсемі Атилла Шығыс Еуропада өз мемлекетін құрды.

**Қорытынды.** Б.з.б. I мыңжылдықта Ұлы Дала көшпелілері Шығыс пен Батыстың отырықшы-егіншілік өркениетімен тығыз қарым-қатынас жасады. Киммерліктер мен скифтердің Алдыңғы Азияға, парсылардың скифтер мен сақтарға жасаған



Мөде қаған. Суретші А.Дүзелханов

жорықтары, сақтардың парсы әскері құрамында грек-парсы соғысына қатысуы, көшпелілердің Александр Македонский әскерімен және қытайлармен соғысы, Ұлы Даланың шығысында көшпелі ғұндар мен юэчжий мемлекеттерінің құрылуы, ғұндардың ықпалымен халықтардың Ұлы қоныс аударуының басталуы – көшпелі өркениеттің әлемдік тарихқа тигізген әсері болып саналады.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Ертедегі Ұлы Даланың көшпелілері әлемдік тарихи оқиғаларға қатысқанын көрсететін мысалдар келтіріңдер.
2. Қола дәуіріндегі Ұлы Даладағы соғыстар мен өзге де оқиғалар туралы еш нәрсе белгісіз. Неге б.з.б. I мыңжылдық пен б.з. I мыңжылдығы басындағы тарихи оқиғалар туралы көп нәрсе белгілі?
3. Қалай ойлайсыңдар, неліктен көшпелілер туралы мәліметтер арасында аңыз сипатындағы мәліметтер көп кездеседі? Мысалдар келтіріңдер.

#### Картамен жұмыс.

Картадан табындар: а) Киммерліктердің Алдыңғы Азияға жорығы; ә) Ұлы Кирдің Орталық Азияға жорығы; б) Дарийдің скифтерге қарсы жорығы; в) I Дарийдің сақтарға қарсы жорығы; г) Александр Македонскийдің Орталық Азияға жорығы; ғ) Ғұндардың көшпелі империясы; д) Ғұндардың батысқа жорығы (халықтардың Ұлы қоныс аударуының басталуы).

#### Күрделі тапсырмалар.

1. Неге ертедегі гректер, римдіктер және қытайлар көшпелілерге «варварлар» деп қарады?
2. Соғды – Орталық Азиядағы отырықшы-егінші өркениеттің ең негізгі мәдени ошағының бірі. Неліктен соғдылықтардың грек-македон жаулап алушыларымен жүргізген күресінде соғдылықтардың соққы беретін негізгі күшін көшпелі сақтар құрады?
3. Хрестоматиядан Геродоттың I Дарий скифтерге қарсы жасаған жорықтары туралы әңгімесін оқындар. Бұл жорық парсылар үшін неге сәтсіз болды?

### § 13-14. Орталық Азия халықтарының әлемнің материалдық мәдениетіне қосқан үлесі

#### Бүгінгі сабақта:

- көшпелілердің әлемдік материалдық мәдениетке қосқан үлесі;
- андрондық әскери арбалар;
- сақтардың қарулары;
- сақтардың тоқыма бұйымдары;
- киіз үй туралы білеміз.

Орталық Азияда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде көптеген жәдігерлер табылды: олардың қатарында қыштан, тастан, сүйектен, мыстан, қоладан және темірден жасалған еңбек құралдары мен қару түрлері, тоқыма бұйымдар болды. Бұл бұйымдардың барлығы –



материалдық мәдениеттің дамығандығының айғақтары. Б.з.б. IV–I мыңжылдықтардағы халықтардың даму деңгейі жоғары болды.

Көшпелі өркениет табиғаттағы қуаңшылыққа байланысты пайда болды. Неолит дәуіріндегі аңшы біртіндеп малшыға, кейін көшпелі мал өсірушіге айналып, маусымдық көшіп-қонуды меңгерді. Бұл олардың малдарының көбейіп, отбасының қамсыз өмір сүруіне жағдай жасады. Көшпелілердің атқа салт мінуі, жауынгерлікті меңгеруі өз жайылымдарын қорғауына және отырықшы өзге өркениетке қарсы тұруына ықпал етті. Әскери өнер көшпелілерді қаһарлы күшке айналдырды.

Ал отырықшы егіншілер жерді суарып баптауды меңгеріп, әртүрлі ауылшаруашылық дақылдарды өсіруді үйренді. Көптеген егіншілік және қалалық мәдениет ошақтары қалыптасып, сәулет өнері, қолөнер, сауда дамыды.

Далалық мәдениет пен отырықшы-егіншілердің мәдениеті арасында үлкен айырмашылық болды. Мысалы, айналмалы қондырғыны қолданбай жасаған далалық қыш бұйымдары егіншілер мен қала орталықтарында жасалған қыш бұйымдарға қарағанда, жұқа әрі нәзік болды. Далалықтар ыдыстарға қарапайым өрнектер (шырша, ирек, үшбұрыш) салып безендірсе, отырықшы ауданның қышшылары өз бұйымдарына күрделі өрнектер салды. Ұлы Даладағы ежелгі қалалар жобасы мен материалдары (топырақ пен балшық) бойынша, оңтүстіктің тас пен кірпіштен қаланған қалаларынан үлкен айырмашылығы бар. Андрондық жартылай жертөлелер мен жеңіл қабырғалы үйлер оңтүстікте кең таралған шикі кірпіштерден салынған үйлерге ұқсамайтын еді. Осындай айырмашылықтарға қарамастан, екі өркениет те адамзаттың материалдық мәдениетіне елеулі үлес қосты.

**Андрондық әскери арбалар және қарулар.** Қола дәуірінің негізгі көлік құралы әскери арба болды. Ең алғашқы екі доңғалақты әскери арба (б.з.б. XX–XVIII ғасырлар) Қисық көлдегі (Кривое озеро)<sup>1</sup> Сынтасты қорымынан табылды. Оның негізі терімен қапталып, ұзын білікке бекітілген ағаш жақтау болды. Арба берік болу үшін білікті арбаның артына қарай орналастырған (андрондықтарда білік ортасына орналасқан арбалар да болды). Арба ағаш бөлшектерден, қайың қабығынан жасалып, шанағының арты ашық болды. Диаметрі 90 см шамасындағы шабақты доңғалақтар сол кездегі арбаның тұтас доңғалақтарына қарағанда анағұрлым жеңіл еді. Арбаға жегілген аттарды тізгіннің немесе ұзын қамшының көмегімен басқарды. Осындай арбалар Солтүстік

### Кілт сөздер:

- материалдық мәдениет
- әскери арба
- қола дәуірінің қарулары
- сақтардың қарулануы
- сақтардың киімі
- киіз үй

<sup>1</sup> Оңтүстік Оралда, Ресейдің Челябинск облысында.



Андрондық әскери арба (жаңғыртпа)

Қазақстандағы сынтасты халқында да болды.

Жауынгерлік арбада тізгінші мен жауынгер отырады. Жауынгердің басты қаруы – адырнасы бұғы сіңірінен жасалған садақ пен бүркіттің қауырсыны қадалған ұшы сүйек жебеден тұрды. Жебе қорамсағы арбаның бүйіріне бекітілді. Шауып бара жатқанда, жауынгер ұшы қоладан жасалған сүңгіні лақтырып, ұзын найзамен, қола айбалтамен, қысқа шоқпармен немесе қола қанжармен де

шайқасты. Ол басына дөңгелек дулыға, үстіне теріден (негізінен, өгіз терісінен) жасалған жеңсіз сауыт киді. Оның үстіне қола қаңылтырлар мен жалпақ сүйектер орнатылды. Дөңгелек немесе тік бұрышты қалқан ағаштан немесе теріден жасалды.

Андрондықтар әскери арбаны жиі қолданды. Бұған қазба жұмыстар кезінде табылған арбалар мен жерлеу орындарынан кездескен саздан жасалған шабақты доңғалақ түрлері дәлел болады. Арбалар петроглиф түрінде жартастарға қашалып бейнеленді. Қос доңғалақты әскери арбалар жеңісте шешуші рөл атқарды, ал ондағы жауынгер – батыр және басшылар саналды. Қос доңғалақты әскери арбашылар ежелгі әлемнің<sup>1</sup> алғашқы кәсіби әскерилері болды.

Орталық Азияның шығысындағы көшпелілердің өздеріне тән әскери арбалары болды. Бұл қаһарлы әскери арбалар қытайлардың зәре-құтын ұшыратын.

**Андрондық Арқайым, Сынтасты қалалары.** Б.з.б. III мыңжылдықтың соңы мен II мыңжылдықтың басында Ұлы Даланың Оңтүстік Жайық, Солтүстік Қазақстан аймақтарында нақты жоспармен тұрғызылған бірнеше бекініс қалалары мен қоныстары пайда болды. Осылардың ішінде жақсы сақталғаны топырақ пен бөренеден тұрғызылған екі бекініс дуалы бар Арқайым<sup>2</sup> қаласы болды. Қаланың орталығында алаң орналасып, онда көшелер түйісетін. Қорған қабырғаларында төрт бағытқа қараған төрт қақпа болды. Әрбір андрондық қаланың жанында қорғанды жерлеу қорымдары және малға арналған екі жайылым болды. Қорымдардан әскери арбалар жиі табылады. Мұндай қоныс түрлері Авестада «вар» деп аталды. «Вардың» үш қабатпен орналасуы аңыздан бастау алады. Аңыз бойынша, ең алғашқы патша Йима адамдар мен

<sup>1</sup> Үндіарийлік қауымда оларды жауынгерлер мен билеушілер кастасы – кшатрилер құрады.

<sup>2</sup> Челябинск облысының оңтүстігінде. Мұндай қоныстар Қазақстан аумағында да табылды.

малдарды сыйдыру үшін жерді үш мәрте кеңіткен деп сипатталады.

**Сақтардың қарулануы.** Сақтардың негізгі қаруы «скиф» үлгісіндегі садақ болды: көлемі шағын, М әрпіне ұқсайтын. Қысқа жебелерінің ұштары қоладан жасалды. Жебеге қызыл және қара бояулар жағылды (осы белгіден жебе кімге тиесілі екенін анықтауға болатын). Садақ пен жебе арнайы қорамсаққа салынып, белге тағылды. Сақтардың басқа қарулары: қысқа сапты сүңгі, найза, балталар – түгелдей темірден жасалды. Өткір қарулар ретінде



Пазырық кілемі

ақинақ-қанжарларды немесе қылышты пайдаланды. Ақинақты оң жағына қынымен белдікке тағып жүрді. Сақтардың қалқандары шағын болды, оны ағаштан және теріден жасады. Б.з.б. IV ғасырда сақтар дулыға мен сауытты сирек пайдаланды. Бірақ олардың қару-жарағы толықтай темірден даярланды.

**Пазырық кілемі** – әлемдегі түкті кілемдердің алғашқылары. Ол Алтайдағы Пазырық қорғандарының бірінде, мәңгілік тоңның<sup>1</sup> арасында жақсы сақталған. Пазырық кілемі төрт-бұрыш пішінді, орта тұсы бес қатар жиектемеммен көмкерілген. Кілем геометриялық өрнектермен безендіріліп, грифон, бұғылар, салт аттылар мен гүл бейнелері салынған. Ол тұтастай жүннен даярланған және ашық түсімен ерекшеленеді. Пазырық кілемі ертедегі көшпелілерде<sup>2</sup> кілем тоқу өнері жоғары деңгейде болғандығын көрсетеді.

**Ұлы Дала тұрғындарының киімі** Пазырық, Есік, Аржан қорғандар кешенінен табылған жәдігерлерден белгілі. Мысалы, салт атты әйелдің киімі үш қызыл жолақпен тоқылған ұзын әрі кең жүн белдемшеден тұрды. Белдемшені жүннен жасалған, қызғылт сары түсті шашақты белбеумен буды. Кеудесіне жеңі ұзын, мойын тұсы дөңгелене ойылған және қызыл баулы шілтермен әсемделген жеңіл көйлек киді. Ұзын жеңді сырткиімі суырдың терісінен тігіліп, кейбір жері қара құлынның терісімен безендірілген. Аяқкиімі киізден жасалған шұлық-етік болды. Пазырық әйелдері шаштарын алып тастап, киізден жасалған, екі қабаттап шаш тігілген баскиім киді.

<sup>1</sup> Сол себепті қорғандарда киімдердің басым бөліктері сақталып қалған. Бұл пазырық мәдениетін таратушылардың киімдерін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

<sup>2</sup> Қазір бұл ерекше кілем Петербордағы мемлекеттік эрмитажда сақтаулы.



Сақ әйелдің киімі (Пазырық қорғаны, жаңғыртпа)

Сақ ерлері жеңі ұзын, белден төмен түсетін кең жейде мен балақ жағы тарлау шалбар киді (шалбар – скиф және сақ киімінің негізгі бөлігі, өйткені бұған дейін Жерорта теңізі мен Алдыңғы Азия халықтары шалбарды білмеді). Жейденің сыртынан ұзын түймесіз шекпен киді, оны көбінесе желбегей жамылды. Аяғына теріден табан орнатылған киіз етік киді. Мұндай етіктер сақтардың өздеріне тән ерекшеліктері болды: Персепольдегі бедерлі суретте бейнеленген сақ елшілері Дарий патшаға өзге сыйлықтармен қоса, осындай етіктерді сыйға тартып жатқаны бейнеленген.

Сақтар киімдерін әр алуан материалдардан – мақтадан, жүннен, киізден, теріден, былғарыдан дайындап, оны әшекейлермен безендірді. Осындай киімнің жарқын үлгісі – «Алтын адам»

киімі. Есік қорғанына жерленген, ақсүйек әулетінен шыққан жас жігіт алтын жапсырмалармен безендірілген, алқызыл күдері киім киген. Оның үстінде теріден тігілген тар шалбар, биік етік және жеңі тар бешпент болды. Етік пен бешпентте жапырақшалар түріндегі, ал жағасы мен жеңінде барыс басы бейнеленген жапсырмалар орнатылған. Баскиімі биік, үшкір ұшты. Ою-өрнектермен, таңбалармен, алтын жебелермен және басқа да алтын әшекейлермен безендірілді.



Персепольдегі бедерлі суретте бейнеленген сақтардың елшілері (Иран)

**Киіз үй** – Еуразия көшпелілерінің ұлы туындысы. Киіз үй б.з. I мыңжылдығының бірінші жартысына тиесілі болғанымен, оның нобайы одан бұрын пайда болған еді. Федоров қоныстарындағы б.з.б. XII–IX ғасырлық жер қабаттарын қазу кезінде, дөңгелек пішінді баспаналар табылған еді. Төбесі жақтауға (шаңырақтың алғашқы үлгісі) сүйеп бекітілген, қаңқасы сырғауылдарды тігінен шеңберлей орнатып, тоқыма шарбақ түрінде жасалған. Көшпелілер оны дамытып, қаңқасын өзгертті және тері, шөп, жапырақ жабынының орнына киізді қолданды. Олардың дөңгеленген сүйір пішінді таңдау себебі, ол су өтпейтін және қатты дауылға жақсы шыдас беретін болғандығынан. Сонымен қатар төртбұрыштыға қарағанда, дөңгелек баспананың сыйымдылығы үлкен болды. Шамамен III ғасырда киіз үйдің сүйегі құрастырмалы етіп жасалды. Киіз үйдің жиналмалы болуы көші-қон кезінде өте ыңғайлы болды. Түркілер мен моңғолдардың киіз үйлерінің негізі Андронов кезеңіндегі баспаналардан бастау алады.

**Қорытынды.** Орталық Азия далалық тұрғындарының көшпелі малшаруашылығының технологияларын меңгеруі әлемдік материалдық дамуға үлкен үлес қосты. Олардың қару-жарақтарын, сауыт-саймандарын және әскери әдістерін жаулары да, отырықшы көршілес халықтар да ерекше бағалады. Баспаналары мен жерлеу құрылыстары, әскери және жүк арбалары, қарулары мен сауыттары, тоқыма өнері, кілем тоқу үлгілері, еңбек құралдары бар Дала мәдениеті техника мен өнердің жоғарғы деңгейде дамығанын көрсетеді. Орталық Азияның ежелгі қалалары сәулет өнерімен және қалалық өмірдің даму деңгейімен таңғалдырады.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Материалдық мәдениеттің анықтамасын еске түсіріңдер.
2. Қола дәуіріндегі Далалық өркениеттің материалдық мәдениетінің жетістіктері туралы баяндаңдар.
3. Андрондық қалалардың Маргуш қалаларынан өзгешелігі неде?
4. Дала қыш бұйымдарының отырықшы-егінші мәдениет ошақтары қыш бұйымдарынан қандай ерекшелігі бар?



Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» (жаңғыртпа)

**Шағын топтарға арналған шығармашылық тапсырма.**

1. «Әскери арбалар» тақырыбына таныстырылым дайындаңдар.
2. «Сақ киімі» тақырыбына эссе жазыңдар.

**Күрделі тапсырмалар.**

1. Ертедегі ортаазиялық қалалық өркениетті Ежелгі Мысыр немесе Ежелгі Месопотамиядағы өркениеттермен тең деңгейде деп қарастыруға бола ма? Болмаса, неліктен?
2. Андрондық арбалы жауынгер мен сақтың атты садақшысын салыстырыңдар.

## § 15-16. Орталық Азия халықтарының әлемдік рухани мәдениеттің дамуына қосқан үлесі

### Бүгінгі сабақта:

- ежелгі заманғы рухани дүниені зерттеу мәселелері;
- Күнге табыну;
- отқа табыну;
- «аң стиліндегі» сақ өнері туралы білеміз.

### Кілт сөздер:

- культ
- нышан
- аң стилі
- ғарыш
- Митра
- отқа табыну
- құрбандық шалу

**Рухани мәдениет** – әдебиет пен көркем шығармада, архитектуралық және өзге де ескерткіштерде көрініс табатын білім мен дүниетанымдық идеялар жүйесі. Андрондықтар мен сақтардың рухани әлемі Авестадан, жерлеу қорымдары мен бұйымдарынан көрінеді. Мысалы, қорымдарға мәйітпен бірге арбаны қоса көмуі, арбаның қастерленуі, Күн бейнелі таңбалар мен күлдің табылуы отқа табынуды білдіреді.

Ежелгі адамның рухани өмірі туралы ақпаратты тасқа қашалған бейнелер – петроглифтерден алуға болады. Қазақстаннан петроглифтері бар көптеген ғибадат орындары (петроглифтер орналасқан жерлер ғибадат орны екендігін оның жанындағы құрбандық шалатын орындар дәлелдейді) табылды. Жартаста адамдар мен жануарлардың бейнесімен қоса, құдайлар, арбалар, құрбандық шалу әрекеттері, Күн таңбалары мен «өмір ағаштарының» қашап салынған суреттері кездеседі.

**Күн күдіретіне табыну.** Авестаның ежелгі бөлімдерінде Андронов тайпаларының аңыздары мен олар табынған құдайлар туралы айтылады. Ең басты күдірет Күн бейнелі құдай болды. Ол достық пен махаббаттың үлгісі ретінде сипатталып, әділ сот деп есептелді, келісім кепілі мен сенім сақтаушысы саналды. Ежелгі малшылар Күн құдайы жеңіс сыйлап, малды аман сақтайды, тоқшылық пен байлық дарытады; ол жаулардың үйлерін талқандап, оларды соғыста жеңіліске ұшыратады деп сенді. Жетісудағы Тамғалы петроглифтері Күнге

табынудың кең таралғанын айғақтайды. Бұл жерден көптеген Күн бейнелі таңбаларды кездестіруге болады. Мұндағы басты бейне – адамдардан биік тұрған, үй жануарлары мен билеп жүрген адамдардың қоршауындағы «Күнбасты құдірет». Күн мен Ай құдайлары малдар мен адамдарды аман сақтайды деп саналды. Сондай-ақ бұқаға мінген үлкен Күнбасты құдірет кескіні де кездеседі. Бұл Күн құдайы мен оның серігі – шайқастар мен жеңіс құдайы болуы мүмкін.

Күнге табыну сақ заманында да сақталды: «Алтын адамның» оң қолынан күн құдіреттің ойып салынған бейнесі бар жүзік табылды (Күн құдайы тайпалар бірлестігінің көсемдері үшін келісім кепілі саналды).

«Алтын адамның» баскиіміндегі қанатты аттың кескіні Күн күймесі деп те түсіндіріледі. Бүркіттің кескіндері де Күн құдайын сипаттайды (өйткені аңыз бойынша Күн құдайының арбасын аспанда не төрт ат, не төрт бүркіт сүйреп жүреді).

**Отқа табыну.** Андрондықтар дәуірінің соңы мен сақ заманында Дала тайпаларында отқа табыну болғаны туралы деректер жиі кездеседі. Жетісу сақтарында кездесетін қоладан жасалған құрбандық шалуға және иіс шығаруға арналған бұйымдар – отпен байланысты ғұрыптық заттар. Жерлеу құрылысы мен мәйітті өртеу де отқа табынумен байланысты салттар болды. Мәйітті отқа өртеп, оның күлі мен заттарын тас жәшікке салып жерледі. Отқа табыну туралы мол мағлұматты Бесшатыр мен Жетісу қорғандарынан кездестіруге болады. Қорған үйіндісінің сыртынан шеңберлей 94 тас қоршау орналасқан. Бұл жерден күлдер көп табылды. Әрбір қоршаудың ішіндегі жерлеу рәсімі кезінде от жанып тұрған және мәйітті шеңберлей жанған алаудың ортасында жерасты әлеміне аттандырған. Сақтар отты қоршау мәйіт жанының



Күнбасты құдірет. Тамғалы



Бұқаға мінген Күнбасты құдірет. Тамғалы



Күн құдайы бейнеленген жүзік. Есік қорғаны

дүниеге қайта оралуына кедергі келтіріп, оны аспанға алып кетеді деп сенді. Сақтар киіміндегі алтын және қызыл түстердің басым болуын Күн мен отқа табынумен байланыстырады (олар қызыл киім киген адам Күннің рақымшылығын алады деп сенді).

**Бабаларға табыну және о дүние туралы түсінік.** Далалық көшпелілер мен жартылай көшпелілерде бабаларға табыну ерекше орын алды. Олар өлгендердің рухына табынып, өздерін қорғайды деп сенді, ал қорымын қасиетті деп санады. Андрондықтар мен оларға жақын мәдениеттің күрделі жерлеу салттары олардың о дүниеге ерекше мән бергенін білдіреді. Жерлеу салттарын Жер-Ана құрсағына қайтадан оралу түсінігімен байланыстырады. Ортада қабір орналасқан дөңгелек қорғанды әлем бейнесі деп санады. Мәйіттің басын батысқа немесе оңтүстік батысқа, яғни Құдайға қарата жерледі. Андрондықтардың ұғымынша, жерасты әлемі жерүсті әлемі секілді орналасқан. Сондықтан қабірге ас салынған ыдыстар, қарулар, киімдер, әшекейлер мен басқа да керекті заттарды қойған. Бұл заттар марқұмның о дүниеде қамсыз өмір сүруіне қажет болады деп санады.

Б.з.б. I мыңжылдықтың басында Заратуштра есімді адам жаңа діннің негізін қалап, ең басты құдай Ахура-Мазда деп атады. Заратуштраның діні *зороастризм* Орталық Азияның оңтүстігі мен Иранға таралды. Бірақ көптеген далалық тайпалар Күн мен отқа табынуды жалғастыра берді.

**Материалдық мәдениет** – белгілі бір өркениеттің барлық материалдық құндылықтарының (бұйымдар, құрылғылар, құрылыстар) жиынтығы.



«Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағындағы Іле өзені аңғарындағы Бесшатыр қорғаны



Орталық Азияның тарихын ауқымды зерттеулер нәтижелері аймақтың материалдық мәдениеттің дамуында көрнекті орны мен өзіндік ерекшелігі бар екендігін көрсетті. Ежелгі Орталық Азияның өзіндік мәдениеті жөніндегі археологиялық жаңалықтар оның бай мұрасын көрсетіп берді.

**Андрондықтар өнері.** Қола дәуіріндегі далалықтардың өнері туралы мәліметтерді адамдар мен жануарлар бейнеленген саздан, тастардан, сүйектер мен қоладан жасалған бұйымдардан білуге болады. Осылардан жануарларға табынып, оларды рудың бастапқы тегі деп санайтын тотемизмнің көрінісін байқауға болады. Сол кезеңде қолданбалы және зергерлік өнер біршама дамыды. Мыстан жасалып, сыртынан алтынмен қапталған алқалар мен дөңгелек пішінді, ұшын тұтастыра жасалған сырғалар жиі кездеседі. Айналар, моншақтар, түйреуіштер және айылбастар жоғары деңгейде жасалды. Әйелдер қола жүзіктер, әшекейлер, білезіктер мен жүзіктер тақты. Ғалымдар қазақтың дәстүрлі зергерлік өнері өз бастауын осы қола дәуірінен алатынын айтады.

**Аң стиліндегі сақ өнері.** Аң стиліндегі бұйымдар археологиялық мәдениеттің ертедегі скиф-сақ көшпелі қауымына тиесілі екендігін көрсетеді. Аң стилі шеберлерінің жануарларды бейнелеуі андрондықтардағы секілді тотемдік табынуды білдіреді. Көбінесе құдіретті саналатын жануарлар, жыртқыш аңдар, құстар мен аңыз кейіпкерлері, мысалы, грифондар бейнеленді. Жануарлар бейнесін салу үшін түрлі материалдар, бірінші кезекте алтын қолданылды.

Аң стиліндегі өнер Ұлы Даланың орталық аймағындағы сақтардың арасында пайда болды (б.з.б. VIII ғасырдағы Аржан қорғанының жәдігерлері)<sup>1</sup>. Кейіннен бұл стильге Алдыңғы Азияның



Арқар мүсіншесі.  
Есік қорғаны



«Алтын адамның» баскиімі.  
Есік қорғаны

<sup>1</sup> Скиф-сібірлік аң стиліндегі өнер бұдан да ертерек пайда болды (б.з.б. X–IX ғғ. Қарасұқ мәдениеті).

әсері болып, арыстан, сфинкс, қанатты арыстан, «өмір ағашы» секілді бейнелер енді. Олар орталықазиялық тотемдік аңдар (бұғы, арқар, түйе, барыс, жолбарыс, қабан) бейнелерімен араласты. Аң стилі бүкіл Ұлы Далаға кең тарап, тіпті Қаратеңіз маңындағы скифтерге де жетті. Қазақстандық қорғандардан осы стильдегі жәдігерлер көптеп табылды. Есіктен табылған «Алтын адам» киімінде бұлан, жолбарыс, арқар, аңыздардағы хайуанаттар бейнелері кездеседі. Жануарлар бейнелерінің қасиетті мәні болды, өйткені ондай заттардың басым бөлігі жерлеу орындарынан табылды және жерлеу мен табынуға байланысты болды. Жаңа дәуірдің басында сақтардың аң стилі полихромды стильге ауысты. Елбасы Н.Назарбаев аң стилін «Ұлы Даланың жеті қырына» жатқызады.

**Сақтардың ғарыш туралы түсінігі.** Сақтар әлемнің (ғарыштың) құрылымын өз түсініктері бойынша елестетті. Әлемнің өзін жерасты, жер беті және аспаннан құралған деп есептеді.

Сақтардың әлем туралы түсініктерінің мысалына «Алтын адамның» баскиімін келтіруге болады. Баскиімнің әшекейлері үш қабатқа бөлінген. Баскиімнің жиегі айналдыра тау және ағаш бейнелерімен көмкерілген. Таудың етегіне «жер аңдары» – жолбарыстар, ешкілер орналастырылған. Ал төбесіне құстар мен қанатты барыстар бейнесі бекітілген. Таулар – әлемдік жоталар. Олар әлемді барлық жағынан қоршап жатыр деп санаған. Баскиімнің төрт жағына да аңдардың бейнеленуі дүниенің төрт бұрышын қорғаушы жануарлардың нышанын білдіреді. Баскиімнің алдыңғы жағында – Күн таңбасы, төрт қанатты ат және төрт алтын жебе орналастырылған. Бұл – әлемнің үш қабаты мен дүниенің төрт бұрышына билік құрудың белгісі. Осындай символикалық мәнге ие баскиімді көсемнің басына кигізу оған билік аспаннан (ғарыштан) берілген деген түсініктен туындаған.

**Қорытынды.** Қола және ерте темір дәуірлеріндегі Ұлы Дала көшпелілерінің рухани әлемі жекелеген жазба деректер, жерлеу орындары, тастағы бейнелер, өнер туындылары арқылы айқындалды. Ертедегі көшпелілер өнерінің айрықша түрлері біздің бабаларымыздың рухани әлемін, кейбір қырларын зерттеуге көмектеседі.

**Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Андрондықтар мен сақтарда Күнге табыну таралғанын қандай деректер көрсетеді?
2. Даланың ежелгі тұрғындарында тотемдік түсінік болғанын қандай жәдігерлер дәлелдейді?
3. Неліктен жерлеу салттарын зерттеу ертедегі адамдардың рухани мәдениетін түсінуге көмектеседі?
4. Өнер туындылары біздің бабаларымыздың рухани әлемін түсінуге қалай көмектеседі?

**Шағын топтарға арналған шығармашылық тапсырмалар.**

1. «Қазақстан петроглифтеріндегі көне мәдениет көріністері» атты таныстырылым дайындаңдар.
2. «Сақ өнерінің аңдық стилі» атты таныстырылым дайындаңдар.
3. «Ғұндардың полихромдық өнері» атты таныстырылым дайындаңдар.

**Күрделі тапсырма.**

Қалай ойлайсындар, ежелгі адамдардың рухани мәдениетін зерттеудің қиындығы неде? Неге ертедегі адамдардың діни түсініктері мен олардың салттарындағы символикалары және өнері туралы деректер аз?

**Бөлім бойынша бақылау тапсырмасы.**

Кестемен жұмыс. Оқулық материалдарын пайдалана отырып, кестені үлгі бойынша толтырыңдар.

Мәдениет	Басқа мәдениеттермен байланысы	Аумағы	Уақыты мен дәуірі	Шаруашылықтың түрі. Мал түрі/көлік	Қоныс түрі және баспана	Жерлеу түрлері мен жерлеу салты
Ботай	?	Солтүстік Қазақстан	Б.з.б. 3700–3100 жж.	Аңшылық пен жылқы шаруашылығы	Үлкен көлемдегі қоныстар, дөңгелек жартылай жертөлелер	?
Көне-шұңқыр	Хвалындық Афанасьевтік Андрондық	Оралдан батысқа қарайтын дала	Б.з.д. 3200–2300 жж.	Жайылымды мал, егіншілік шаруашылығы. Сиырлар, қойлар, ешкілер, жылқылар, арбалар	Малшылардың уақытша тұрағы	Қорған, аяғын бүгіп, арқасымен жатқызу, қышамен бояу жағылған.
Сынтасты-Петров						
Афанасьев						
Алакөл						
Федоров						
Беғазы-Дәндібай						
Қарасұқ						

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ

### § 17. Антропогенез және этногенез

#### Бүгінгі сабақта:

- антропология және антропогенез;
- антропология және гендік география;
- этнос және этногенез;
- этностардың құрылу тәсілдері туралы білеміз.

#### Кілт сөздер:

- антропология
- антропогенез
- этнос
- этнология
- этногенез

**Антропология және антропогенез.** Тарих ғылымдары адам мен адамзат қоғамының дамуын әртүрлі аспектілерде қарастырады. Мысалы, әскери-саяси тарих – соғыстар мен мемлекеттер тарихын; тарихи әлеуметтану – әлеуметтік құрылымдардың дамуын; техника тарихы – техникалық прогресті зерттейді және т.б. Алайда тарихтың дербес ғылымдары зерттейтін аспектілер де бар. Олардың бірі *антропология* (физикалық антропология)

болса, оның бір бөлімі *палеоантропология*, ол *антропогенезді* – қазбалардан табылған сүйектер негізінде адамның биологиялық түрінің (Homo) шығу тегі мен эволюциясын зерттейді.

**Назар аударыңдар!** Антропогенез: 1) адамның пайда болуы мен оның түр ретінде эволюциясы; 2) палеоантропология пәні.

**Антропология және археология.** Археологтер сүйектерді көбінесе қазба жұмыстары кезінде табады. Антропология мен археологияның арасындағы айырмашылық мынада: *археология* – әлеуметтік ғылым, ал *антропология* – биологиялық ғылым, ол адам денесін, оның құрылысын, қызметтері мен өзгергіштігін зерттейді. Археологті ежелгі адамдардың пайдаланған құралдары, ал антропологті – оның бас сүйегі мен сүйектерінің құрылысы қызықтырады. Алайда антропологиялық және археологиялық зерттеулер қатар жүргізіледі. Археологтер қазба сүйектерін антропологтерге сараптамаға береді. Олар бұл сүйектерге адамдардың жынысын, жасы мен сыртқы бейнелерін анықтайтын зертханалық зерттеулер жүргізеді.

**Антропология және гендік география.** «Нәсіл» түсінігінің ғылыми еместігі. Антропология салаларының бірі болған нәсілтану ұзақ уақыт бойы адам нәсілін зерттеген. Заманауи ғылым саяси себептерге байланысты нәсілшілдікке ұрынбау үшін «нәсіл» түсінігінен бас тартты. Нәсілдік теория ғылыми тұрғыдан алып қарағанда ескірді. Өйткені барлық адам бір түрге жатады және өзара еркін араласады. «Таза» нәсіл жоқ, толып жатқан аралас түрлері бар. Нәсілдерді генетикалық деңгейде бөліп көрсету мүмкін емес.

Біздің әрқайсымызда Отанымыздан өте алыс жерге тән генетикалық белгілер бар. Дүниежүзінің әртүрлі аймақтарындағы генетикалық белгілердің таралуын зерттеумен жаңа ғылым – *гендік география* айналысады. Ғалымдар дүниежүзі халықтарының генетикалық атласын жасаумен және адамдардың ежелгі замандағы көшіқондарын зерттеумен айналысады. Бұл – өткен өмір туралы ғылымның алдыңғы шебі.

Қазір «нәсіл» түсінігінің орнына *антропологиялық үлгі* ұғымы жиі қолданылады. Антропологиялық зерттеулер бұрынғыша жекелеген халықтардың ежелгі тарихын зерттеу үшін маңызды. Антропологтер археологтермен, тіл мамандарымен, тарихшылармен және этнографтармен бірге жұмыс істейді. Археологиялық мәдениет тасымалдаушыларынан моңғолоидтік, еуропеоидтік және өзге антропологиялық белгілерді анықтау ежелгі тайпалардың көшіқондары туралы пайымдауға және олардың өзара қатынастары туралы болжамдар жасауға мүмкіндік береді.

**Этнос және этнология.** Этнос дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтсақ, *халық* немесе *ұлт* дегенді білдіреді. Ғылым тұрғысынан қарастырсақ, этнос – адамдардың өзіндік сезімі бойынша тиісті болатын этникалық қауымдастық. Мұндай өзіндік сезіну *этникалық сана-сезім (этникалық тұтастық)* деп аталады. Адам өзінің қандай да бір этникалық қауымдастыққа тиістілігін анықтаған кезде, ол әдетте: «Бұл – біз, ал басқалар – олар» екенін айқын біледі. Әдетте, адам өзі үшін бұл қауымдастықты тілімен, шығу тегімен, тарихымен, әдеттерімен, дәстүрлерімен, өнегелік нормаларымен, сондай-ақ басқа да белгілерімен анықтайды.



Антропологиялық бейнелер:

а) сақ; ә) сармат; б) үйсін

**Назар аударыңдар!** Этнос – ортақ өзіндік атауымен, өзіндік сана-сезімімен, шығу тегінің нақты немесе мифтік ортақтығымен, тілімен, мәдениетімен, шаруашылық түрлерімен және менталитетімен бірігетін және өзін осындай басқа қауымдастықтардан ерекшелендіретін адамдардың әлеуметтік қауымдастығы.

Этностың алғашқы рулық қауымдардан айырмашылығы қандас туыстық емес, мәдени-тілдік қауымдастық. Этникалық мәдениет – этностың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мәдениеті. Бұл – өмір салты, әдеттер, нормалар мен құндылықтар кешені. Этникалық мәдениет шеңберінде өз әлемін ерекше әлем ретінде қабылдау, дәстүрлер арқылы жинақталған білімді, шеберліктерді және дағдыларды сақтау ниеті қалыптасады.

**Назар аударыңдар!** Этнос – қандас туыстық емес, мәдени-тілдік қауымдастық. Этносты ортақ мәдениет, өмір салты, салттар мен дәстүрлер біріктіреді.

Этностар мен басқа да этникалық қауымдастықтарды (мысалы, этнос болып қалыптаспаған тайпаларды), сондай-ақ сан алуан этникалық үдерістерді зерттейтін ғылым *этнология* деп аталады. Бұл «этнография» ұғымымен байланысты. Этнографияны сипаттаушы ғылым ретінде және этнологияны этностар туралы теориялық ғылым ретінде ажыратады.

**Этногенез.** Этносты анықтайтын белгілердің бірі шығу тегінің ортақтығы болып табылады. Өйткені тілден айырылуға, аумақты жоғалтуға, шаруашылық қызметін алмастыруға болады. Бірақ этностың ортақ шығу тегі туралы түсінік өзгермейді. Этностың шығу тегі және оның өткен уақыттағы дамуы *этногенез* деп аталады.

**Назар аударыңдар!** Этногенез – этностың пайда болуының тарихи үдерісі.

Этногенез – этникалық тарихтың бастапқы үдерісі. Тарихи мифтер, сондай-ақ нақты фактілер оның барысын айқындауға қабілетті. Этногенез өз бастауын палеолиттен алатындықтан, оны зерттеу – қателіктермен, болжамдармен және дәлелденуі қиын гипотезалармен қатар жүретін күрделі іс. Палеолиттің өзінде-ақ адамдар әртүрлі тілде сөйледі, тайпалардың бір-бірінен айырмашылықтары болды. Кейбір тайпалардың тілдері бір-біріне жақын болды және олар бір-бірін жақсы түсінді. Ал басқа тайпалардың тілдері мүлдем түсініксіз болды және бұл қарым-қатынасты қиындатты. Жазба дереккөздері болмаған кезде, қандай да бір этностың қашан және қайдан шыққанын дұрыс анықтау өте қиын.

**Жаңа этностар құрылуының тәсілдері.** Жаңа этностар әртүрлі тәсілдермен құрылады. Көбінесе бұл *интеграция* жолымен, яғни әртекті

бөліктердің біртіндеп жақындасуынан және қосылуынан болады. Бұл төмендегідей тәсілдермен жүзеге асады.

1. Тайпалардың бірігуі. Ол көбінесе бірыңғай мемлекет шеңберінде ортақ діннің әсер етуімен немесе сыртқы әсерлерге – табиғи апатқа, ортақ жаудың басқыншылығына қарсы бірігу қажеттігінен орын алады. Тайпалардың бірігуімен қазақ, ежелгі орыс және араб этностары құрылды.

2. Жаулап алушылар немесе отаршылардың жергілікті халықпен – автохтондармен араласуы. Бұл *ассимиляция* деп аталады. Қоныс аударушылар автохтондарды ассимиляциялаған кезде, олар жергілікті халыққа өз этнонимін (этнос атауын) және тілін немесе тек *этнонимін* (герман тайпасы франктардың ежелгі Францияның галл-роман халқына сияқты) күшпен таңуы мүмкін.

3. Иммигрант топтарының қосылуы. Оның айқын мысалы америкалық этностың құрылуы болып табылады.

4. Жіктелу арқылы. Бұл кезде ірі этнос ыдырайды немесе өз құрамынан қандай да бір бөлігін шығарады. Мысалы, австралиялықтар ағылшындардан бөлініп шықты.

5. Өзгеру арқылы. Бұрынғы этнос тарихи жағдайлардың әсерімен жаңа этносқа айналады (мысалы, ежелгі мысырлықтар копттарға<sup>1</sup>).

**Этнос құрылуының факторлары.** Этностың туындауында аумақтың (*этникалық аумақ*, «біздің жер»), тілдің, шаруашылық пен мәдениеттің ортақтығы маңызды. Бұл факторлардың негізінде «біз – олар емеспіз» түсінігі пайда болады және этникалық өзіндік сана («мен – бұл біз») орын алады. Этнос мәдени бірлік, мәдени жүйе ретінде пайда болады.

Этностың мәдени жүйе ретінде қалыптасуына этникалық қауымдастықтың құрылуы жәрдемдеседі. Бұл – *эндогамия*, яғни өз этносы шегінде ғана неке құру арқылы жүзеге асады. Эндогамия норма ретінде енгізілгенше, тайпалар мен халықтардың араласуы стихиялы жүреді.

**Қорытынды.** Этностың шығуы және қалыптасуы немесе этногенез – ұзақ үдеріс. Ол кейде бірнеше мыңжылдықты қамтиды және өте ежелгі заманнан басталады. Этногенез этникалық мәдени жүйе мен этникалық популяция қалыптасқан кезде болады. Бұл аумақтың, тіл мен мәдениеттің ортақтығы негізінде жүзеге асады. Этногенезді зерттеу – этнологияның міндеті. Этногенезді зерттеу – күрделі үдеріс.

Онда көптеген ғылымның: археологияның, антропологияның, гендік географияның және тарих, лингвистика мен этнографияның мәліметтері салыстырылады.

<sup>1</sup> Бұл таласты мәселе. Өйткені копттар Египеттің байырғы тұрғындары деген пікірлер бар.

**Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Антропология нені зерттейді? Этнология нені зерттейді?
2. Антропогенез дегеніміз не? Адам эволюциясының негізгі кезеңдерін еске түсіріңдер. Адам (Homo) қашан пайда болды? Саналы адам (Homo sapiens) түрі қашан пайда болды?
3. Археолог пен антрополог палеолиттік тұрақты бірігіп қазып жатыр. Олар адам қаңқасын тауып алды. Антропологті не нәрсе қызықтырады? Ал археологті не нәрсе қызықтырады?
4. Этностың ғылыми анықтамасын естеріңе сақтаңдар. Этностың әдеттегі және ғылыми анықтамасының арасында қандай айырмашылық бар екендігін анықтаңдар.
5. Этногенез дегеніміз не? Жаңа этностардың құрылуы қандай тәсілдермен өтеді?

**Глоссариймен жұмыс.**

Глоссарий бойынша өздеріңе мына ұғымдардың түсінікті екендігін тексеріңдер: *антропологиялық үлгі, этникалық өзіндік сана, этникалық мәдениет, этникалық аумақ, этноним, эндогамия.*

**Күрделі тапсырма.**

Жаңа этностардың интеграция (үш мысал, 1, 2 және 3-тармаққа сәйкес), жіктелу және өзгеру жолымен құрылуына мысалдар келтір.

## § 18-19. Ежелгі дәуірдегі Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық үдерістер

**Бүгінгі сабақта:**

- қазақтар этногенезінің басталуы;
- этногенездің үндіеуропалық/ирандық кезеңі;
- этногенездің түркілік дәуірінің басталуы;
- Ұлы Даладағы иран тайпаларының тағдыры туралы білеміз.

**Кілт сөздер:**

- этногенез
- этникалық үдерістер
- этникалық-тілдік тиістілік
- угор-финдік
- үндіеуропалық
- үндіирандық
- ирандық
- түркілену

**Қазақтар этногенезінің басталуы.** Орталық Азияда этникалық сана-сезім ұзақ уақыт бойы шаруашылық қызметке сәйкес қалыптасып, отырықшы және көшпелі халық болып бөлінді. Қазақтардың этногенезі көшпелі өркениеттің пайда болуымен байланысты. Көшпелі малшылық көшпелілер мәдениетін қалыптастырды және қазақтар этногенезінің басталуына негіз болды.

**Назар аударыңдар!** Қазақтардың этногенезі көшпелілер өркениетінің пайда болуымен тығыз байланысты.

Қазақтар этногенезінің ерте кезеңдерін зерттеу Қазақстан аумағындағы әртүрлі археологиялық мәдениеттерді қалыптастырушылардың тілдерін анықтаумен тікелей байланысты.





Андрондықтардың антропологиялық кескінінің жаңғыртпасы

Кез келген далалық этнос әртүрлі антропологиялық, тілдік және этникалық элементтердің араласуы нәтижесінде қалыптасты. Бірақ барлық далалықты өркениеттерінің жақындығы біріктірді. Қандай тілде сөйлесе де, Даланың барлық тұрғыны – малшы, ал б.з.б. I мыңжылдықтың ортасына қарай көшпелі және жартылай көшпелі болды.

**Этногенездің фин-угор кезеңі.** Ботай-Терсек мәдениетін жасаушылардың тілі даулы мәселе болып қалып отыр. Олар аралас еурпеоидті-оралдық антропологиялық түрге жатады. Ғалымдардың көпшілігі оларды угорлар деп есептейді. Б.з.б. IV–III мыңжылдықта Орталық Азияның оңтүстігінде фин-угор тілдестер дравид тілдестермен қарым-қатынаста болған. Ботайлықтар шығу тегінің үндіеуропалық және түркілік екендігі туралы теориялар кең танымал емес.

**Этногенездің үндіеуропалық (үндірандық) кезеңі.** Үндіеуропалықтармен, дәлірек айтсақ, үндірандықтармен (*арийлермен*) қола дәуірінің жақсы зерттелген кезеңі Андрон мәдени қауымдастығының уақыты байланыстырылады. Андрондықтардың үндірандық екендігі туралы болжам жазбаша (Авеста, Ригведа және басқа Ведалар) және лингвистикалық мәліметтермен расталады.

Андрондықтардың түркі тілдестерге жататыны туралы теория түркілер барлық далалық мәдениетті жасаушылар болды деген ұйғарым жасайды. Бұл теорияға сәйкес, сақтар да түркілер болған. Кейде Беғазы-Дәндібай және Тасмола мәдениеттерін жасаушыларды ғана түркілер деп есептейді.

**Андрондықтар антропологиясы.** Андрондықтар еурпеоидтердің екі типінде кездеседі. Ұзын бас сүйекті және сопақтау бетті жерортатеңіздік тип олар мекендеген жердің батыс бөлігінде болды. Ал дөңгелек бас сүйекті, жалпақ бетті және қыр мұрынды андрондық түр шығысында таралды. Андрондықтар мекендеген аймақтың солтүстігінде оралдық типтің, ал шығысында моңғолоидтіктің айқын белгілері (прото-түркілермен қарым-қатынас ықтималдығы) орын алған.

**Қарасұқ мәдениетінің мәселелері.** Шығыс Қазақстан мен Оңтүстік Сібірдегі Қарасұқ мәдениеті өкілдерінің қандай тілде сөйлегені белгісіз. Қарасұқтықтар антропологиялық жағынан аралас тип болып табылды.

Оның негізі болған «андрондық» тип Орталық Азияның шығысынан келген моңғолоидті типпен толықтырылған. Тілі жағынан Қарасұқ мәдениеті ирандық та, сондай-ақ прототүркілік те болуы мүмкін. Оның мұрагері скиф-сақтық келбеттегі Тағар мәдениеті болды, бірақ Қытай деректерінде олар кейде түркі тілдес динлиньдерге ұқсатылады.

**Сақтар.** Андрондық қауымдастық пен оған туыстас мәдениеттердің мұрагерлері скифтер мен сақтар болып табылады. Андрондықтар мен сақтардың арасындағы сабақтастық айқын байқалады. Далалық ирантілдес тайпалар қатарына сақтардан бөлек юэчжилер кіреді.

Б.з.б. I мыңжылдықтағы жазба дереккөздерде Қазақстан аумағы мен Орталық Азияның іргелес жатқан аудандарында өмір сүрген сақтардың әртүрлі тайпалары туралы ақпарат бар. Бұл *турлар* мен *дахтар*, *сақ-тиграхаудалар*, *хаомаваргалар*, *парадарайялар*, *массагеттер*, *аландар*, *сарматтар*, *исседондар*, *аорстар*, *аримаспалар*, *агриппейлер*. Барлық сақтар «скифтік үштікпен» – өнердегі *аңдық стильмен*, қару-жарағы және киімдерінің ұқсастығымен, барлығына түсінікті диалектілерде сөйлеуімен біріккеніне қарамастан, олар орасан аумаққа таралып, шағын топтармен көшіп-қонып жүрді. Сондықтан оларда бірыңғай этникалық аумақ қалыптасқан жоқ және бірыңғай сақ этносы құрылмады.

**Юэчжилер мен үйсіндер.** Қытай деректеріндегі юэчжилер сақтарға туыстас болған және Бактрияға өз атын берген ирантілдес тохарлармен (IV–XI ғасырларда Бактрия Тохарстан деп аталды) байланыстырылады. Тохарлар юэчжилердің тек бір бөлігі болуы да мүмкін. Б.з.б. II ғасырда юэчжилер *ғұндардың* қысымымен Солтүстік-Батыс Қытайдан батысқа қарай кетіп, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аумағына қоныстанды. Бұл уақытта Жетісу аумағында жартылай көшпелі үйсіндер өмір сүрді.

**Қаңлылар.** Қытай деректері бойынша *қаңлылар* мен олардың мемлекеті Сырдарияның орта ағысында және Шаш облысында орналасты. Олардың шаруашылығы жағынан ғұндар мен юэчжилерден айырмашылығы аз, яғни көшпелілер немесе жартылай көшпелілер болды. Олар Қазақстанның оңтүстігіне солтүстік-шығыстан ғұндардың ығыстыруы нәтижесінде келді.

**Этногенездің түркілік кезеңінің басталуы.** Қазақтар этногенезінің түркілік кезеңінің басталуы ғұндармен байланысты. Зерттеушілердің көпшілігі ғұндарды түркі тілдестер деп есептейді. Ғұндардың тарихы Даланың әртүрлі көшпелі тайпаларының тарихын қамтиды. Еуропада таралған ғұндар бейнесі – көшпелілердің жинақталған және мифологияланған бейнесі. Солай болса да, Қытай деректеріндегі *сюнну* мен *хунну* және еуропалық деректердегі ғұндардың арасындағы байланыс айқын көрінеді.

Даланың шығысында, сақтар мен юэчжилерден шығысқа қарай мекендеген ғұндар б.з.б. III ғасырда көшпелілердің үлкен империясын құрды. Юэчжилерді ығыстырып, олар Солтүстік-Батыс Қытай аумағын иеленді. Ол жерден ғұндардың жасақтары қазіргі Қазақстан аумағына еніп, жергілікті тайпалармен соғыса бастады. Ирандық тайпалардың бір бөлігі ғұндар одағына кірді және ассимиляцияға ұшырады. Өзгелері оңтүстікке және батысқа кетті. Соңғыларының бұдан кейінгі көші-қоны шығыс және батыс көшпелілерінің (ғұндардың) батысқа жорығымен ұласты.

**Назар аударыңдар!** Ғұн тайпалары түркі тілдес тайпалар болды. Түркі тілдес ғұн тайпаларының Ұлы Даланың орталық бөлігіне келуі ондағы тайпалардың түркілене бастауының негізін қалады.

**Ұлы Даланың ирандық тайпаларының тағдыры.** Көптеген иран тілдес тайпалар б.з.б. I мыңжылдықтың өзінде-ақ Орталық Азияның отырықшы-егіншілік шұраттарын иеленді және автохтондарды ассимиляциялап, хорезмдік, соғдылық, бактриялық этностарды құрды. Біздің заманның шегінде юэчжилер (тохарлар) Бактрияда Кушан патшалығын (I–III ғасырлар) құрды. Кейбір сақтар алысқа, Ауғанстанның оңтүстігіне кетті. Бұл облыс олардың атын алып, Сакастан (Систан) деп аталды. Кейін олар Үндістанға қоныс аударды. Қалған иран тайпалары I мыңжылдықтың ортасында түркілермен араласып кетті және қазақтардың этногенезіне қатысты.

**Қорытынды.** Қазақтар этногенезінің басталуы сан ғасырлар қойнауында жатыр. Қандай болмасын археологиялық мәдениетке жата-



Сақтар. Суретші А.Дүзелханов

тын халықтың этникалық тегін дәл анықтау қиын. Этногенезді зерттеу кезінде әртүрлі ғылымның мәліметтері қолданылады. Қазақтар этногенезінің ерте кезеңдерінде этникалық үдерістер үндіеуропа тілдестер ортасында өтті. Біздің заманымыздың басталуына қарай Ұлы Даланың орталық бөлігіндегі үндіеуропалық дәуір аяқталды. Этногенезге түркілік құрамының ықпалы артты.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Ежелгі дәуірдегі Қазақстан аумағындағы этногенездің негізгі кезеңдерін айтып беріңдер.
2. Андрондықтардың тілі туралы әңгімелеңдер.
3. *Сақ-тиграхауда, сақ-хаомаварга, сақ-парадарайя* этнонимдерінің қалай аударылатынын еске түсіріңдер.
4. Ұлы Даланың қазақстандық бөлігінде үндіеуропалықтардың үстемдігі аяқталып, этногенездің түркілік кезеңі қашан басталады?

#### Картамен жұмыс.

Карта бойынша: 1) сақ тайпалары мекендеген және көші-қон аймақтарын; 2) юэчжи, үйсін мен қаңлылардың мекендеген және көші-қон аймақтарын; 3) ғұндар мекендеген және көші-қон аймақтарын анықтаңдар.

#### Шағын топқа арналған шығармашылық тапсырма.

Ежелгі дүние тарихының басты мәселелерінің бірі үндіеуропалықтардың және үндіирандықтардың ежелгі отанының орналасқан жерін анықтау болды. Қазақстан тарихына қатысты қолдансақ, мәселені былай баяндауға болады: «Андрондықтар қайдан келді: батыстан ба немесе оңтүстіктен бе?». Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, қазіргі уақытта орын алған үндіеуропалық тегі туралы теорияларға қатысты ақпараттар табыңдар. Таныстырылым дайындаңдар.

#### Күрделі тапсырма.

Сендер Авеста мәтіні андрондықтардың шығу тегі үндіирандық екендігі туралы теорияға сенімді дәлел деп есептейсіңдер ме? Сендерге бұл теорияға тағы да қандай дәлелдер белгілі? Қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, бұл теорияны теріске шығаруы мүмкін ақпарат табыңдар.

## § 20. Түркі дәуіріндегі Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық үдерістер

### Бүгінгі сабақта:

- Қазақстан аумағындағы түркілер дәуіріндегі этникалық кезеңдерді;
- Ұлы Даланың түркіленуін қарастырамыз.

**Этногенездің арғы түркілік кезеңі.** Түрік қағандығын құрған және ежелгі түркілік руна жазуын ойлап тапқан ежелгі түріктер тарих сахнасына VI ғасырдың ортасында шықты. Олардың ата-бабалары б.з.б. I мыңжылдықта түркілердің түп Отанын (Алтай тауының шығыс бөлігі болуы ықтимал) мекендеді және арғы түбі түркі тілінде сөйледі.

Арғы түбі түркілік тайпалардың біртекті тобы болған жоқ және бір-бірімен жауласып отырған. Арғы түркілер санының өсуіне қарай, тайпалар бір-бірінен алыстап, тілдік тұтастығы ыдырады. Тайпалардың бөлінуі мен тілдердің бөлінуі қатар жүрді.

**Қазақтар этногенезінің түркілік кезеңі.** Еуразия даласында түркі тілдес халықтар үстемдік құрған VI ғасырдан XIII ғасырға дейінгі кезеңді *түркі дәуірі* деп атайды. Алғашқы кезде түркілермен байланысты этникалық үдерістер Ұлы Даланың шығыс бөлігінде жүрді.

*Теле тайпалары.* VI ғасырда Гоби шөлінен солтүстікке қарай қытай дереккөздерінде *теле* этнонимімен біріктірілген түркі тілдес тайпалар мекендеді. Теле батысында және оңтүстік-батысында иран тілдес тайпалармен, ал оңтүстігінде Қытаймен шектесті. Телелердің ата-бабалары ғұндар болды. VII ғасырдың басында теле 15 тайпаға бөлінді. Теле тайпаларының көпшілігі кейін батысқа қарай көшіп, Даланың орасан зор аумағына таралып қоныстанды және көптеген кейінгі түркі халықтарының негізін қалады.

**Түріктер** (қытайша *тьюцзюэ*) алғашында екі рудан – *ашина* мен *ашидэдден* тұратын шағын тайпа болды. Бумын бастаған ашина руы 552 жылы Түркі қағандығын құрғаннан және оған теле тайпаларын қосқаннан кейін түрік атауы теле тайпасына да таралды. VI ғасырдың соңында Түрік қағандығы Батыс және Шығыс қағандықтарына бөлінді. Кейін теленің шығыс тайпалары *тоғыз-оғыз (ұйғырлар)* саяси одағына бірікті және 646 жылы Бірінші Ұйғыр қағандығын құрды. 682 жылы Білге қаған басқарған Екінші Шығыс түркі қағандығы құрылып, қытайлар мен тоғыз-оғыздарды бірнеше ірі жеңіліске ұшыратты.

603 жылы құрылған Батыс Түрік қағандығы Шығыс Түркістан, Жетісу аумағы мен Қазақстанның Сырдария мен Аралға дейінгі бүкіл далалық аймағын қамтыды. Барлық батыс телелер (түркілер) шығыстық және батыстық одақтар – дулу мен нушибиге топтасты. Олар Еділ бойын, Жайық маңын, Орта Азияның бір бөлігін жаулап алды және Иранға екі жорық жасады. Ең соңында дулу мен нушибидің арасындағы өзара қырқыс қағандықтың ыдырауына соқтырды.

**Түргештер.** VII ғасырдың соңында дулулардан бөлініп шыққан *түргештердің* өрлеуі басталды. Түргештер Шу-Іле өзендері аралығын иемденіп, шартты түрде *шулық* және *ілелік түргештер* деп атауға болатын екі топқа бөлінді. Олар өз қағандығын құрып, VIII ғасырдың ортасында арабтардан жеңілгенге дейін өмір сүрді.

**Қарлұқтар.** Кейін Жетісуға шығыстан Ұйғыр қағандығының тоғыз-оғыздарымен соғысып жүрген *қарлұқтар* тайпасы келді. 751 жылы

#### Кілт сөздер:

- этногенез
- түп отан
- прототүркілік
- ежелгі түркілік
- түркілендіру
- еуропеоидті тип
- моңғолоидті тип
- автохтонды халық
- ассимиляция



Көне түрік аңызындағы көкбөрі мен бала. Нұр-Сұлтан қаласы

арабтар қарлұқтармен одақтасып, қытайлықтарды елеулі жеңіліске ұшыратты. Алайда тоғыз-оғыздық *яғма* және *сеяньто* тайпалары қарлұқтардан Шығыс Түркістан мен Жетісудағы иеліктерінің бір бөлігін тартып алды. Қарлұқтар X ғасырдың екінші жартысында шығу тегі қарлұқтармен және олардың тармағы *шығылдармен*, сондай-ақ яғмалармен байланыстырылатын Қарахандар мемлекетінің құрамына кірді. Қарлұқтар отырықшы-егіншілік өркениеттің ықпалына ұшырады және Сырдария мен Әмударияның аралығындағы отырықшыларға айналған алғашқы түркілердің бірі болды.

**Даланың орталық бөлігінің түркіленуі.** Шығыстан көшпелілердің жаңа толқындары келуіне байланысты түркі мемлекеттерінің құрамында қалып қойған ирантілдес халықтың түркіленуі орын алды. Түркілер жергілікті әйелдерге үйленді, нәтижесінде моңғолоидтік антропологиялық белгілері басым аралас ұрпақ пайда болды. Шаруашылық және мәдениет саласында өзгерістер болды: көшпелілік тұрмыс түркілік этникалық келбетке ие, рухани салаға түркілік дүниетаным енді. Біртіндеп Ұлы Даланың жергілікті халқы түркілерге толықтай араласып кетті.

**Оғыздар.** VIII ғасырдың соңында шығыстан түркілердің жаңа толқыны – оғыздар келді. Олар Шу мен Талас өзендерінің аралығында тұрақтап, кейін өздерімен бірге жетісулық *қарлұқтар* мен сырдариялық *печенегтерді* ертіп, Арал және Каспий маңына қарай орын ауыстырды. Өздеріне Арал маңайындағы жергілікті тайпаларды бағындырған

түркі-оғыздар құрамы жағынан ең күрделі одаққа айналды. IX ғасырдың соңына қарай оғыздар Жайық пен Еділ өзендерінің арасын иеленсе, X ғасырда Оңтүстік Кавказға өтті. Оғыздар түрікмендердің, әзірбайжандар мен түріктердің ата-бабалары болды. Олар жылжыған жолында үндіеуропалықтармен араласа отырып, еуропеоидтік белгілерді көбірек иеленгенімен, өз тілдерін жоғалтпады. Олардың бір бөлігі көшпелі өмір салтын сақтаса, бір бөлігі отырықшыға айналып, егіншілікке көшті.

**Қимақтар.** Солтүстік-Шығыс Қазақстан аумағында, Ертіс бойында Солтүстік-Шығыс Моңғолиядан келген қимақ тайпалары орналасты. IX–X ғасырларда Қимақ қағандығының аумағы Қазақстанның айтарлықтай үлкен аумағына таралды. Қимақтардың шығу тегі туралы түрлі пікірлер бар. Кейбір ғалымдар оларды *қыпшақтарға* туыстас түркі тілдес халық деп есептейді. Басқалары, қимақтар Даланың қазақстандық бөлігінде түркіленуге ұшыраған моңғол тілді *қидандардың* батыс тармағы деген болжам айтады. Қидандардың жылжуы Ұйғыр қағандығының ыдырауынан туындаған.

**Қидандар.** XII ғасырда Қазақстан аумағында *моңғол тілді қидандар* немесе *қарақытайлар* пайда болды және олар өз мемлекетін құрды. Түркілердің қоршауында қалған қидандар түркі тіліне көшті. Қарақытайлар мемлекеті моңғолдар жаулап алғанға дейін өмір сүрді (XIII ғ.).



Түркілер дәуіріндегі балбал тастар. Жамбыл облысы

**Қыпшақтар.** Оғыздар алғаш Қимақ қағандығына бағынышты болды. X ғасырда бөлінген қыпшақтар оғыздарды батысқа ығыстырды. XI ғасырда қыпшақтар (олардың басқа атаулары *құмандар, кундар, половецтер*) Батыс Моңғолиядан бастап Дунайға дейінгі бүкіл Ұлы Даланы иемденді. Қыпшақтар ортақ атаумен, тілмен және мәдениетпен біріккен этномәдени қауымдастық болды. «Қыпшақ» атауымен шығу тегі әртүрлі түркі тайпалары біріктірілді. Араб дереккөздерінде билеуші ру елбөрі («*қасқырлар елі*») мен ондаған тайпа атап көрсетілген.

**Назар аударыңдар!** Қыпшақ тілі тобына жататын тайпалардың (қыпшақтардың) Ұлы Даланың орталық, кейін батыс бөлігіне қоныс аударуы қазіргі заманғы түркі халықтарының солтүстік тобының, бірінші кезекте қазақтардың қалыптасуына негіз қалады.

«**Диуани лұғат ат-түрікте**» кездесетін тайпалар. Қазақтар этногенезінің түркілік кезеңі Махмұд Қашқаридың араб тілінде жазылған «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі тілдерінің жинағы», XI ғасыр) кітабындағы халықтар тізбесінде ішінара көрініс тапқан. Махмұд Қашқари тайпаларды батыстан шығысқа қарайғы бағытта санамалайды. Солтүстік топ халықтары: *бедженек, қыпшақ, имек, оғыз, башқұрт, басмыл, каи, йабаку, татар және қырғыз*. Оңтүстік топ халықтары: *шығыл, тухси, ягма, игрок, жарұқ, жұмұл, ұйғыр, таңгут және хитай*. Махмұд Қашқаридың айтуынша, бұлардың кейбіреулері түрікше сөйлемеген.

**Қорытынды.** Қазақтар этногенезінің түркілік дәуірінде (VI–XIII ғасырлар) түркі тайпалары қазіргі Қазақстан аумағына келе бастады және жергілікті халықпен араласа отырып, қазақ даласының этникалық бейнесін толықтай қайта өзгертті. Бұл ретте өркениеттік негіз – көшпелі малшаруашылығы мен көшпелілік мәдениеті бұрынғыша қалды, этникалық жағынан Ұлы Даланың көшпелілер әлемі мүлдем басқа әлемге, түркі әлеміне айналды. Бұл кезеңдегі қыпшақтар қазақтар этногенезіне үлкен үлес қосты.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазіргі кезде қандай халықтар түркі тілдерінде сөйлейді?
2. Даланың шығыс бөлігіндегі түркі тайпаларының Қазақстан аумағына қоныс аударуы неден туындады?
3. *Автохтонды халық* дегеніміз не?
4. VI ғасыр мен XIII ғасырдың бас кезіндегі қазақтар этногенезіне қатысқан негізгі тайпалар мен тайпалық одақтарды атаңдар.
5. Қарлұқтар батысқа қоныс аударған басқа түркі тайпаларынан несімен ерекшеленді?

#### Картамен жұмыс.

Картадан түркілер, түргештер, оғыздар, қарлұқтар, қимақтар мен қыпшақтардың қоныстанған жерлерін көрсетіңдер.



**Күрделі тапсырмалар.**

1. Қандай этникалық үдеріс түркілену деп аталады? VI–XII ғасырларда қандай этникалық қауымдастықтар түркіленуге ұшырады?
2. Махмұд Қашқаридың сөздігінде аталған түркі тайпаларының атауларын параграфта кездесетін түркі этнонимдерімен, сондай-ақ қазіргі түркі халықтарының атауларымен салыстырыңдар.

## § 21-22. Моңғол дәуіріндегі Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық үдерістер

**Бүгінгі сабақта:**

- қазақтардың шығу тегінің кезеңдерін;
- қазақ этнонимінің пайда болуын;
- Қазақ хандығының құрылуындағы қазақтар этногенезінің маңызын қарастырамыз.

**Этногенездің түркі-моңғолдық кезеңі.** Моңғол шапқыншылығы ортаазиялық тайпалардың батысқа ығысуына әкелді. Түркі тайпалары Моңғол империясының құрамына кірді және моңғол тайпаларымен бірге батысқа қарай жылжыды. Бұл Еуразия даласындағы түркілік белгілердің одан әрі күшеюіне ықпал жасады. Қыпшақ даласына моңғол тайпаларының келуімен қазақтардың, сондай-ақ кейбір басқа заманауи түркі халықтары этногенезінің жаңа кезеңі басталды. Рулар мен тайпалардың араласуы, этнонимдердің алмасуы, жаңа ру-тайпалық топтардың қалыптасуы мен оларға жаңа ат беру, моңғол тайпаларының түркіленуі, жаңа этникалық қауымдастықтардың қалыптасуы жүзеге асты.

Моңғол жаулаушылығының нәтижесінде Қазақстан аумағы Шыңғыс ханның үш үлкен ұлы ұлыстарының (иеліктерінің) құрамына кірді. Отырықшы-егінші аймақ – Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан Шағатай ұлысының, Ертістен шығысқа қарайғы жерлер Үгедей ұлысының, Шығыс Дешті Қыпшақ Жошы ұлысының (Алтын Орда) құрамына кірді. XIII ғасырдың ортасынан бастап Шығыс Дешті Қыпшақта екі мемлекет – Ақ Орда мен Көк Орда қалыптасты. Ақ Орда аумағында, негізінен, қазақ халқы этногенезінің үдерісі аяқталды.

**Жошы ұлысы мен Ақ Орда тайпалары.** Жошы ұлысындағы көшпелілер *моңғолдар, татарлар* (әсіресе Русьте), *түркілер, қыпшақтар* деп аталды. XIII–XIV ғасырларда Жошы ұлысы мен Ақ Орда ру-тайпаларының арасында барлас, жалайыр, қарлұқ, керейт, қыпшақ, қоңырат, қият, маңғыт, меркіт, найман, оғыз, үйсін және т.б. кездеседі. Моңғол этнонимдерінің басым болуы алғашқы уақытта моңғолдардың Қыпшақ даласында үстем топ болғанын білдіреді. Алай-

**Кілт сөздер:**

- этногенез
- этнос
- ұлыс
- орда
- моңғол мемлекеттері
- Жошы ұлысы
- Ақ орда
- өзбек

да Орыс ханның (XIV ғасырдың соңы) тұсында Ақ Орда халқының құрамында қыпшақ тайпалары басым болды. Моңғол тілдес шағын тайпалар түркіленіп, қыпшақ (XIV ғасырдан бастап қыпшақ-ноғай) тілінде сөйлейтін тайпалардың арасына толықтай араласып кетті.

«Өзбек» және «Өзбек хандығы» ұғымдары туралы. XIV ғасырдың ортасына қарай мұсылмандық жазба деректерде Шығыс Дешті Қыпшақтың халқы *өзбектер* деп атала бастады. «Өзбек» ұғымы ол кезде этноним болған жоқ, Алтын Орда ханы Өзбектің (1313–1342 жж.) қол астындағы халықты білдірді. Біртіндеп Шығыс Дешті Қыпшақтың барлық көшпелі халқы, қазақ этносының негізін құраған тайпалар да өзбектер деп атала бастады. Алтын Ордадан бөлінген Дешті Қыпшақ «Өзбек хандығы» деп атала бастады (кейінгі өзбек хандықтарымен шатастырмау үшін отандық тарихнамада бұл мемлекетті – *Әбілхайыр хандығы* деп атау қабылданған).

XV ғасырдың соңында Шайбани хан бастаған үш жүз мың далалық өзбек оңтүстікке кетті. Бұл жерде Мәуереннахрды оның орталықтары Бұхара және Самарқанд қалаларымен қоса басып алды. «Өзбек» ұғымы Мәуереннахрға ауысып, егіншілерге (иран және түркі тілдес) қарама-қарсы көшпелілерді білдіре бастады. Мәуереннахрдағы этникалық үдерістер қыпшақ, қарлұқ, оғыз және көптеген т.б. тайпалар негізінде біртіндеп өзбек этносының қалыптасуына әкелді.

Даладан Мәуереннахрға кеткен көшпелі өзбектер 92 тайпаға бөлінді. Бұл тайпалар аттарының арасында қазақтарда да кездесетін көптеген



Ұлыстардың аумақтары

этноним бар. Негұрлым кейінгі тізімдерде қатағандар, қарлұқтар кездеседі. Этнонимдердің сәйкес келуі қазіргі қазақтар мен өзбектердің этногенезіне бірдей тайпалардың қатысқанын білдіреді.

**Қазақтар этногенезінің аяқталуы XIV – XV ғасырдың бірінші жартысына сәйкес келеді.** Осы уақытта Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Моғолстан мен Ноғай ордасының аумағында қазақ этносы қалыптасты.

XV ғасырдағы Әбілхайыр хандығының құрамындағы тайпалар XIV ғасырдағы Ақ Орда құрамындағы тайпаларымен сәйкес келеді. Олардың арасында моңғол этнонимдері басым болды. Батыс Қазақстан аумағын иеленген Маңғыт жұрты (Ноғай ордасы) тайпаларының бір бөлігі кейінірек қазақтардың құрамына кірді.

Аталған мемлекеттердің тайпалық құрамы айтарлықтай біркелкі болды. Көшпелі тайпалар әртүрлі мемлекеттер құрамына кіріп, олардың арасында орын ауыстыра алды. Сондай-ақ жекелеген мемлекеттердің құрамында болу оларды бір-бірінен біртіндеп алшақтата берді. Әбілхайыр хандығы, Моғолстан және Ноғай ордасының негізінде бірыңғай қазақ этносының<sup>1</sup> құрамында жүздердің қалыптасуы орын алды.

**Қазақ этнонимінің пайда болуы.** XV ғасырдың ортасында, 1459–1460 жылдары Орда Ежен мен Орыс ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандардың басшылығымен көшпелілердің бір бөлігі Әбілхайыр хандығынан Батыс Жетісуға көшіп кетті. Көшіп кеткендерді *қазақтар* деп атай бастады. Бұл оқиға қазақ халқы этногенезінің аяқталуында маңызды рөл атқарды.

*Қазақ* сөзінің нақты шығу тегі әлі де анықталмағанымен, оның мәні белгілі. Түркілік *қазақ* сөзі *еркін, тәуелсіз өмір сүру* дегенді білдірді. Сондықтан Әбілхайыр ханның билігінен Моғолстанның батыс шетіне Жәнібек пен Керей бастап кеткен көшпелі тайпалар тобы өзбек-қазақтар (яғни «қазақты жасаушы өзбектер», «еркін, тәуелсіз өзбектер») аталды. «Тарих-и Рашидидің» авторы Мұхаммед Хайдар Дулати өз шығармасында *өзбек-қазақтар* ұғымын қолданған кезде, *қазақ* сөзі нақты этникалық мәнге ие болған еді. Бұл ұғымды қолданған Дулати қазақтардың Өзбек ұлысынан шыққанын ғана атап көрсеткен.

**Қазақ хандығы құрылуының қазақтар этногенезі үшін маңызы.** Жәнібек пен Керейдің Әбілхайыр хандығынан бөлініп көшуі мен Қазақ хандығының құрылуы қазақ халқының қалыптасуына әкелді. Ол ежелгі замандардан басталып, түрлі кезеңдерді бастан өткере отырып, XV ғасырда аяқталған үдеріс болды. Осы уақытта Шығыс Дешті Қыпшақтағы Орыс хан ұлысының халқын құрайтын қазақ рулары<sup>2</sup> мен тайпаларының бірлестігі қалыптасып болған еді. Орыс

<sup>1</sup> Бұл жүздер бөлінуінің бірден-бір себебі емес.

<sup>2</sup> XIV–XVII ғасырларда қазақ тілі қалыптаса бастады, кейін ол қыпшақ-ноғай тобының басқа тілдерінен түпкілікті бөлініп шықты.



Қазақ хандығының негізін қалаушы  
Керей мен Жәнібек хандар ескерткіші. Нұр-Сұлтан қаласы

хан ұрпақтарының оған саяси тұтастық беруге ұмтылысы олардың Әбілхайыр ханнан бөлініп кету үдерісін жылдамдатты. Нәтижесінде Даланың түркі тайпаларының арасынан жаңа этнос бөлініп шықты. Жаңадан құрылған Қазақ хандығы өз иеліктерін бүкіл Шығыс Дешті Қыпшаққа кеңейтіп, қазақ этносының шоғырлануы жалғасты.

Алтын Орданың ыдырауынан пайда болған басқа мемлекеттерде де халықтардың қалыптасуына әкелген жағдайлар орын алды (Қазан хандығындағы татарлар, Ноғай ордасындағы ноғайлар және т.б.).

**Қорытынды.** Қазақ этногенезінің моңғолдық кезеңінде оған моңғолдар келіп қосылды, бірақ олар жылдам түркіленді. Жошы ұлысы мен Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған түркі-моңғол мемлекеттері тайпалардың шоғырлануына және түркі этностарының, соның ішінде қазақтардың қалыптасуына жағдай жасады. Тайпалардың жекелеген бөліктері көші-қонның нәтижесінде әртүрлі мемлекеттің және оның салдары ретінде этностардың құрамына келіп қосылды. Көпғасырлық этникалық үдерістің нәтижесінде XV ғасырдың бірінші жартысында қазақ этносы қалыптасты. Оның негізін Шығыс Дешті Қыпшақтың, сондай-ақ Моғолстан мен Ноғай ордасының далалық тайпалары құрады.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақ халқының этногенезіне моңғолдардың жаулап алуы қандай өзгерістер енгізді?

2. Қазақ этногенезі қандай мемлекеттің шеңберінде аяқталды?
3. Қазақтардың Үш жүзі қалыптасуының алғышартын қандай саяси өзгерістер атқарды?

#### Картамен жұмыс.

Картадан моңғол және түркі-моңғол мемлекеттерін қарап шығындар: 1) Жошы ұлысы (Алтын Орда); 2) Ақ Орда; 3) Әбілхайыр хандығы; 4) Моғолстан; 5) Ноғай ордасы. Олар Қазақстан аумағымен қалай байланысты?

#### Күрделі тапсырмалар.

1. Жошы ұлысы мен XIII–XV ғасырлардағы басқа да мемлекеттердің қандай (түркі және моңғол) тайпаларының атаулары қазақ рулары мен тайпаларының атауларымен сәйкес келеді?
2. *Этнос* анықтамасын еске түсіріп, Орыс ханның елі этнос болғанын дәлелдендер.

## § 23. Мәдени-генетикалық код – ұлт негізі

### Бүгінгі сабақта:

- мәдени-генетикалық код дегеніміз не екендігімен;
- мәдени-генетикалық кодтың маңызымен танысамыз.

**Мәдени-генетикалық код дегеніміз не?** Адамзат тарихын зерттеудегі өркениеттік тәсіл бойынша әрбір этнос, ұлт пен өркениеттің бірегей өзіндік мәдени ерекшеліктеріне үлкен назар аударуды қажет етеді. Бұл ерекшеліктер этносқа тарихтың кез келген қиыншылықтарының алдында өзінің қайталанбас келбетін сақтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, оның өмір сүруіне де жауап береді. Ерекше мәдени белгілер жаңа ұрпақтарға тілдегі, мифология мен мәдени нышандардағы ақпарат түрінде беріледі. Ол бұл этносқа кіретін адамдардың рухани дүниесі мен өзіндік санасын анықтайды. Өзіндік мәдениетті жоғалту күйреуге, бөтен мәдениетке араласып кетуге әкеледі.

Әрбір этностың мәдениетінде тек өздеріне ғана түсінікті және соларды ғана біріктіретін идеялар мен түсініктер, нышандар мен белгілер жүйесі болады. Этностың бұл ішкі әлемі этностың көзге көрінбейтін, «құпия» (яғни, бөгделер үшін жасырын) *мәдени-генетикалық коды* ретінде өмір сүреді.

«Генетикалық» ұғымын сөзбе-сөз *қан, ген, ДНК арқылы берілетін нәрсе* деп түсінуге болады. Бұл ішінара солай да: біз ата-бабаларымыздың генетикалық жадын сақтаймыз. Қазақстан жерінде туғандар энеолит жылқышыларының, қола дәуіріндегі жауынгер арбакештердің, сақ садақшылары мен зергерлерінің, жартастағы сурет авторларының, ежелгі қорғандар мен кесенелер құрылысшыларының, руналық мәтіндер

### Кілт сөздер:

- мәдени-генетикалық код
- этнос
- өркениет
- ұлт
- ұлттық дәстүрлер
- ұлттық нышан
- технократиялық жаңғырту

авторларының, отқа, Күнге, Тәңірге табынушылардың және алғашқы түркі мұсылмандарының, қолөнершілер мен егіншілердің, түркі және моңғол жауынгерлерінің, яғни Ұлы Даладағы барлық дәуірлердегі көшпелілердің генетикалық жадын сақтап жалғастырушылар болады. Бізде ата-бабаларымыздың қаны, олардың гендері бар. Ол әрбір қазақ білуге міндетті «жеті атаны» ғана емес, одан анағұрлым ертеректегіні де қамтиды. Жеті ұрпақ – бар-жоғы екі жүз жыл. Көшпелілер өркениетіне үш мың жылдай уақыт болды. Егер оның алдындағы Ботай мәдениетінен есептеуді бастасақ, онда бес мың жылдан асып, біздің генетикалық тамырларымыз тереңге кетеді.

**Назар аударыңдар!** Мәдени-генетикалық код – этнос (ұлт) мүшелерінің арасындағы ерекше өзара байланыстар. Бұл биологиялық өзара байланыс (шығу тегі ортақ генетикалық жад), тарихи өзара байланыс (ортақ тарих және тарихи жад), әлеуметтік өзара байланыс (ортақ қағидалар, өнегелі құндылықтар мен дәстүрлер) болып табылады.

Дегенмен *генетикалық* деген ұғым – метафора. Ұлттың генетикалық кодын этнос ішіндегі биологиялық туыстықтан ауқымдырақ түсінген жөн. Мұнда этностың мәні мен оның басқалардан айырмашылығын анықтайтын мәдени мұра туралы сөз болып отыр. Дала кеңістігіндегі бір-бірін алмастырған мәдениеттер толқыны өзінен бұрынғы мәдениетті жойып отырған жоқ, оны өзіне қабылдап отырды. Осылайша олар Қазақстан аумағында қазақ этносын қалыптастыруда генетикалық қана емес, мәдени қызмет те атқарады.

Мәдени-генетикалық код этникалық сана-сезім үшін маңызды түсініктерді қамтиды, этностың ерекше белгілерін көрсетеді және ұлттық мұратқа сәйкес келеді. Бұл түсініктердің ішінде жалпыадамзаттық, мәселен, адамгершілік қағидалары мен құндылықтары да бар. Сондай-ақ тіл, Отан, мифтік және эпикалық бейнелер, халықтық музыка сияқты өзіндік және тұрақты түсініктері де болады. Халықтың өз өткенін қалай көретіні, осы шақты қалай қабылдайтыны, болашақты қалай болжайтыны және дәл қазіргі сәтте қандай мұратқа ұмтылатындығы туралы түсініктері бар.

**Назар аударыңдар!** Ұлттың (этностың) мәдени-генетикалық коды нышандар мен бейнелерді, салттар мен дәстүрлерді, ғұрыптарды, музыканы, дүниенің тілдік бейнесін, фольклорды, халықтық ырымдарды, мақал-мәтелдерді, өнегелілік құндылықтарды, эпос пен тарихи мұраларды құрайды.

Өткен дүние туралы түсініктер өзгеруі мүмкін. Мысалы, кеңестік уақытта көптеген халықтық дәстүрлер көнерген, жойылып бара жатқан дәстүрлер ретінде қабылданса, қазір олар этнос өмірінің негізін құрайтын ата-бабалардың аса бағалы мұрасы ретінде қабылданады. Өз этносының мәдениеті мен өткенін жақтырмауы мәдени-генетикалық

кодтың бұзылуымен байланысты және *ұлттық нигилизмге* – этникалық тегінің құндылықтарын жоққа шығаруға, өз этносын төмен бағалауға әкеледі.

Егер адам өз этносының тілін меңгерсе, дәстүрлерді құрметтеп, сақтаса, өз тарихын білсе, өз мәдениетін түсінсе, қабылдаса және сүйсе, ол – мәдени-генетикалық кодтың тасымалдаушысы. Ол өзін өз этносымен біртұтас санайды.

**Мәдени-генетикалық кодты сақтау үшін тілдің маңызы.** Мәдени-генетикалық код әлемнің ұлттық (этникалық) бейнесін – этностың ұжымдық дүниетанымын сақтайды. Ол этнос өмір салтының ерекшеліктерін, қоғамдағы өзара қарым-қатынас қағидаттарын, басқа халықтарға, жер мен табиғатқа көзқарасын қамтиды. Әлемнің ұлттық бейнесін келесі ұрпақтарға беру тіл арқылы жүзеге асырылады.

Тіл – мәдениетпен тығыз байланысты, оның ажырамас бөлігі. Тіл дүниені этникалық танудың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Тіл – мәдениеттің іргетасы. Тіл өзіне этномәдени ақпаратты жинақтайды және оны сақтайды.

**Назар аударыңдар!** Шетелдік сөздермен араластырмай, тіл тазалығын сақтаңдар. Өйткені шетелдік сөздер бөтен мәдениеттің ізін, бөтен нышандарды, яғни басқа этностардың кодтық ақпаратын сақтайды.

**XX ғасырдағы қазақтардың мәдени-генетикалық кодының бұзылуы.** Кеңестік кезеңде қазақ тілі, онымен бірге қазақ мәдениеті мен этносы орыстандыру саясатымен, қазақ мектептерінің жабылуымен, орыс тілінің өмірдің барлық салаларына, әсіресе қалаларда енуімен байланыс-



«Мәңгілік ел» салтанат қақпасы. Нұр-Сұлтан қаласы



Елбасы Н.Ә.Назарбаев түрлі ұлт өкілдерінің ортасында

ты орасан зардапты бастан кешірді. Орыс мектептерінде оқи жүріп, көптеген қазақтар ана тілін ұмытты. Осылайша туған мәдениетімен байланысын жоғалтты. Ұлттық нигилизмге салынып, ана тілі мен мәдениетін білу қажеттігін жоққа шығарды, олар мәдени-генетикалық кодын жоғалтты. Бұл Кеңестер Одағының көптеген басқа да этностарына қатысты.

XX ғасыр жаңғырту, индустрияландыру және революциялық қайта құрулар ғасыры болды. Бірақ бұл жаңғырту технократиялық сипат алып, табиғатқа, Жерге және оның ресурстарына аяусыз қараумен, экологиялық тепе-теңдікті бұзумен қатар жүрді. Тарих пен прогреске «сызықтық» тұрғыдан қарауға сүйенген жаңғырту басқа мәдениеттер мен өркениеттерге Батыс өркениетінің тәжірибесі мен дүниетанымын енгізді. Нәтижесінде қазақ жеріндегі көшпелілік өркениетіне орны толмас залал келтірілді. Сталиндік жаңғырту барысында миллиондаған қазақ қырылды. Технократиялық жаңғырту қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлеріне немқұрайды қарады. Нәтижесінде қазақ мәдениеті мен тілі жойылып кете жаздады. Ұрпақтар сабақтастығы үзіліп, мәдени-генетикалық кодты жоғалту қатерін төндірді.

**Мәдени-генетикалық кодты қалпына келтіру міндеті.** Тәуелсіз Қазақстанда ұлттық мәдениетке басымдық берілді. Қазақ этносы мен өркениетінің негізі ретінде мемлекеттік тілге және оған сүйенген мәдениетке ерекше көңіл бөлінді. Мәдени-генетикалық кодты қалпына келтіру және жаңадан толықтыру жүріп жатыр.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап қазақ халқының тілін, мәдениеті мен дәстүрлерін дамыту мәселелеріне көңіл аударды. Мұнымен бірге ол біздің көпұлтты елде бейбітшілік пен келісімнің сақталуына, барлық этностардың қазақ этносы мен оның тілі айналасында инте-



грациялану үдерісінің үйлесімді және зардапсыз өтуіне қамқорлық жасайды. Ал мұндай интеграция қазақ этносының мәдени-генетикалық коды толығынан қалпына келтірілгенде ғана, тілі, әдебиеті, өнері мен мәдениеті қайтадан дамығанда ғана орын алады.

Елде жаңа үлгідегі жаңғырту – этностың үздік дәстүрлерін сақтауға бағытталған, өткен тарих пен рухани мұраға сүйенетін жаңғырту басталды. Мұнда тарихты, оның ішінде тек дүниежүзі тарихы мен Қазақстан тарихын ғана емес, сондай-ақ туған жер тарихын да зерделеу үлкен рөл атқарады. Әрбір адам өзінің туған жерін сүйеге және оның табиғатына аса ұқыптылықпен қарауға, оның тарихын білуге, сондай-ақ оның мәдени-тарихи ескерткіштері мен қасиетті жерлерін сақтауға міндетті.

*Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, гажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де, жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл – кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі.*

*Н.Ә.Назарбаев*



Аңшы құспен және итпен аң аулау қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрлерінің бірі

Көшпелілер өркениеті адамның табиғатқа бейімделуі барысында пайда болды. Өмірге төзімді өркениет жасау үшін адам табиғатты «қайта жасауға» немесе жоюға емес, оған бейімделуге ұмтылуы тиіс. Сондықтан біздің ата-бабаларымыздың экологияны қорғау дәстүрлерін есте сақтау өте маңызды. Халқымыз, көшпелі ата-бабаларымыз мыңдаған жылдар бойы ұқыппен және үнемді пайдаланып жеткізген табиғатты қайта қалпына келтіру қажет. Адам табиғатпен толықтай үйлесімге қайта оралуы тиіс. Бұл – қоғам үйлесімінің кепілі.

**Қорытынды.** Мәдени-генетикалық код – этностың, ұлт немесе өркениеттің негізі. Бұл – рухани құндылықтар, ұғымдар, тәжірибе мен дәстүрлер. Олар тіл мен нышандардың көмегімен адамдарды көрінбейтін жіппен байланыстыра отырып, ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Мәдени-генетикалық кодтың бұзылуы этносқа жойылу қатерін төндіретін қауіпті салдарға әкеледі.

#### **Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Мәдени-генетикалық код дегеніміз не?
2. Қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер? Қайсысы ерекше ұнайды?
3. Ана тілімізді неліктен ұмытпауымыз керек? Тіл тазалығын қадағалаудың маңызы неде?
4. Қазақстанның қандай ұлттық нышандары бар?
5. Қазақстанның мемлекеттік туы мен елтаңбасы туралы әңгімелеңдер.

#### **Өлкетану бойынша тапсырма.**

Сендердің туған өлкелеріңде қандай мәдени-тарихи ескерткіштер мен қасиетті жерлер бар?

#### **Күрделі тапсырмалар.**

1. Дәстүрлер неліктен ескірген, заманауи емес, архаикалық болуы мүмкін? Мысалдар келтір.
2. «Тіл өзіне ақпаратты жинақтайды және оны сақтайды» деген сөйлемді қалай түсінесіңдер? Қазақ тілі пәнінен мысалдар келтіріңдер.

## ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ: ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҰЙЫМДАСУЫ

### § 24. Қазақ қоғамындағы ру-тайпалық құрылымның қалыптасуы

#### Бүгінгі сабақта:

- қазақ қоғамындағы шежіре және туыстық пен туыстық қатынастар қағидасының маңызы туралы білеміз.

XV ғасырдың ортасына қарай қалыптасқан қазақ этносы өзара байланысты көптеген ру-тайпадан құралды. Қазақ ру-тайпалары шежіре арқылы біріктірілген.

**Назар аударыңдар!** Қазақ рулары мен тайпалары шежірелік дәстүрмен – ортақ шығу тегі туралы түсінікпен бірікті.

**Шежіре.** Шежірелік дәстүр ел арасында ауызша аңыздар түрінде өмір сүрді. Шежіреде рулардың шығу тегінің бір екендігі және біртұтас туыстық жүйеге жататындығы көрініс табады.

**Назар аударыңдар!** Шежіре – ер адам жағынан ата-бабаларын ауызша немесе жаз-баша санамалайтын туыстық қатынастар тізбегі (генеалогиялық тармақтары). Қазақтардың шежіресі аңыздармен қатар жүреді. Шежіренің ең қысқа бөлігі «жеті ата» саналады.

Шежіре қазақ этносының ұжымдық тарихи жады болып табылады. Әрбір қазақ тайпасы мен руының өз шежірелері бар. Олар бірігіп, қазақтардың ру-тайпалық жүйесін біртұтас етіп байланыстыратын ортақ шежірені құрайды.

Қазақтардың рухани мәдениетіндегі шежіре дәстүрі басқа да түркі-моңғол этностары тәрізді ауызша тарих айту дәстүрімен байланысты. Оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші *шежірешілер* ауызша ақпаратты есте сақтауға қабілетті, тамаша жадты иеленген адамдар болды. Олар – халықтың тарихшы-аңызшылары, тарихи фольклордың білгірлері. Шежірешілер өткен тарих туралы халық аңыздары мен әңгімелерін (*хикаяларын*) жинады, жүйеледі, түсіндірмелер берді және оларды келесі ұрпаққа айтып жеткізді. Ауызша тарих айту дәстүрі қола дәуірінің

#### Кілт сөздер:

- шежіре
- ауызша тарихи дәстүр
- экзогамия
- ру-тайпалық ұйым
- ұлыс
- жүз

өзінде-ақ пайда болған. Онда әрбір ру мен тайпаның өз шығу тегі туралы білімі жинақталып, ғасырлар бойы сақталды және ұрпаққа беріліп отырды. Олар тарихи тұлғалар мен оқиғалар жайлы әңгімелер түрінде болып, бүкіл халықтың жылнамасы ретінде қабылданды. Бұл әңгімелер нақты тарихи оқиғалардан қалыптасты. Сондықтан әңгімелердің аңыздық сипатына қарамастан, қазақ халқының ауызша тарих айту дәстүрін мұқият сақтау және зерттеу қажет. Шежіре бағалы тарихи дереккөз болып табылады.

**Ру-тайпалық ұйым** – көшпелі қоғамның негізгі белгісі. Шежіре айту дәстүрі бар ру-тайпалық ұйым кез келген көшпелі қоғамға тән. Рулар мен тайпаларға бөліну көшпелілердің қоғамдық өмірінде маңызды рөл атқарады. Рулар мен тайпалар – *патронимиялар*, яғни ер адам жағынан ататегі ортақ топтар. Шежіре қатаң түрде әке жағынан есептеліп, баладан әкеге қарай отыз және одан да көп ұрпаққа дейін айтылады. Сондай-ақ патронимиялар (рулар мен тайпалар) иерархиясы *үлкен және кіші, басты және жанама* болып бөлінуі мүмкін.

**Туыстық қағидасы мен рулық құрылымның маңызы.** Көшпелілердегі әке жағынан туыстыққа негізделген ру-тайпалық жүйенің өмір сүруінің басты себебі – ақпарат пен меншікті әкеден балаға беріп отыруында. Көшпелі малшы болу үшін табиғи құбылыстар туралы қажетті ақпараттың бәрін білу қажет. Ал бұл білімді тек ата-бабалардан ғана алуға болатын еді. Білім жиналды, сақталды және ұрпақтан-ұрпаққа берілді. Көшпелілер әлемінде әрбір адам міндетті түрде өз руына, ал ру арқылы тайпаға тиісті болды. Ол ру-тайпалық жүйеден тыс әлеуметтік тұлға ретінде өмір сүре алмады. Сондықтан румен байланыс көшпелілер үшін әрқашанда өте маңызды болды.

Ірі патронимиялардың, яғни тайпалар мен тайпалар одағының шығу тегі мифтік, ал шежіресі аңыздық сипат алады. Шежіре патронимияның барлық мүшесінің шығу тегінің ортақтығын негіздеу қызметін атқарды. Шағын патронимияларда ортақ ататек – нақты тұлға. Жеті атаны білу – туыс адамдардың үйленуіне салынған тыйымды, яғни *экзогамияны* сақтау үшін қажет.

**Қазақтардың ру-тайпалық ұйымы.** Көшпелі ру-тайпалық ұйымның аталған ерекшеліктері қазақтарда да болды. Әрбір қазақ белгілі бір рудың мүшесі болды. Рудың көшіп-қону аймағы *атажұрт* (қазақтардың бүкіл этникалық аумағы – *атамекен, ата-бабалар жері*) ретінде қабылданды. Бірнеше ру-тайпаға, ол тайпалар тайпалар бірлестіктеріне (жүздерге) бірікті. Тайпалар бірлестіктерін кейіннен жеке хандар басқарды.

Қазақтардағы экзогамия шегі кем дегенде жеті ұрпақты қамтып, «жеті ата» деп аталды. Әрбір қазақ жеті атасының атын білуге тиіс болды. Олардың ұрпақтары туыс болып есептелді және олардың арасындағы некелерге қатаң тыйым салынды.

**Жүздер.** Қазақтардың этникалық тарихының маңызды сипаты этникалық-аумақтық бірлестіктерге – *жүздерге* бөліну болып табылады. Үш жүздің әрқайсысына жайылымдар мен көшіп-қону жолдары бекітіліп берілген. Дереккөздерде қазақ жүздері туралы алғаш XVII ғасырдың бас кезінде айтылады.

**Назар аударыңдар!** Жүздер – қазақтардың бірыңғай этносқа (*қазақ елі*) тиістілігін ұғынған, ортақ этникалық аумақты (*атамекен*) мекендейтін, шежіремен бекітілген ортақ генеалогиялық дәстүрі бар этникалық-аумақтық бірлестіктер (тайпалар одағы).

Қазақ хандығында жүздер жүйесінің көмегімен орасан зор көшпелі аумақты басқару жүзеге асырылды.

**Ұлыстар мен жүздер.** Түркі және моңғол көшпелілерінің мемлекеттік құрылымдарына көшпелі *ұлыстық жүйені* жатқызуға болады. Ол Қазақ хандығында XV–XVI ғасырларда сақталды. Мемлекет ұлы ханның меншігі ретінде қарастырылып, неғұрлым ұсақ иеліктерге – *ұлыстарға* бөлінді, оларды сұлтандар басқарды. Ұлыстың барлық адамы *елге* бірікті. Әрбір ұлыстың көшу аумағы – *жұрты* болды. Белгілі бір ұлыстың елін құрайтын рулар мен тайпалардың бекітілген аумақтары болды. Ұлыстық жүйе біртіндеп жүздік жүйемен алмасты.

Бұл көшіп-қону жүйесіндегі өзгерістермен түсіндіріледі. Ұлыстарда көшпелілердің көпшілігі арбадағы үйлермен көшті және үнемі қозғалыста болып, жылына мың және одан да көп шақырым жол жүрді. Кейін қолданысқа құрастырылмалы киіз үй енді. Қысқа қашықтыққа көшіп-қону шағын туыстас топтар – *ауылдармен* жүзеге асырыла бастады. Бұл рулардың арасындағы туыстық және шежірелік байланыстарға аумақтық байланыстарды қосты.

Жүздерге бөлінуде әртүрлі үш аумақ – Жетісу, Орталық Қазақстан (Солтүстік және Солтүстік-Шығысты қоса) мен Батыс Қазақстандағы шаруашылық-мәдени үдерістердің ерекшеліктері көрініс тапты. Бұл аумақтарда жергілікті жердің географиясына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар көшіп-қону аймақтары қалыптасты. Әртүрлі мәдени аймақтар, әртүрлі көршілермен қатар болу әрбір жүздің белгілі бір мәдени тұрмысын (мысалы, салттағы кейбір айырмашылық) анықтады.

Жүздердің шығу тегін тек аталған факторлармен ғана байланыстырмайды. Жүздердің шығу тегінің кең таралған нұсқаларының бірі «әскери» нұсқа болып табылады: қазақтардың тайпалар одағы Әбілхайыр хандығынан бөлінген (көшіп кеткен) соң, өз тәуелсіздігі мен аумағын қорғауға тиісті, хан басқарған әскери-саяси құрылым (Қазақ хандығы) болды. Сондықтан жүздер – сұлтандар басқарған Қазақ хандығының әскери бөлімшелері ретінде қалыптасқан. Жүздердің қалыптасуына саяси, географиялық, шаруашылық-экономикалық және әскери факторлар өз әсерлерін тигізген.

**Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. *Шежіре* дегеніміз не? Шежіре неге тарихи дереккөз қызметін атқаруы мүмкін? Шежірешінің бойында қандай қасиеттер болуы керек?
2. *Ауызша тарих айту* дегеніміз не? Ауызша тарихи ілім тарихнамадан несімен ерекшеленеді?
3. Көшпелілерде ру-тайпалық ұйым неліктен сақталды?
4. Қазақтарға өзінің жеті атасын білу неліктен маңызды?
5. Жүздердің құрылу факторларын атаңдар.

**Глоссариймен жұмыс.**

Өздеріңнің шежірелеріңді, шежірелік тармақтарыңды білесіңдер ме? *Патронимия, экзогамия* ұғымдарын қаншалықты білетіңдеріңді тексеріңдер.

**Күрделі тапсырмалар.**

1. Параграфта: «Бұл аумақтарда жергілікті жердің географиясына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар көшіп-қону аймақтары қалыптасты» дегенді қалай түсінесіңдер. Жетісуда, Орталық және Батыс Қазақстанда көшіп-қону сипаты қалай ерекшеленді? Жетісу көшпелілері неліктен неғұрлым қысқа қашықтыққа көшіп-қонды?
2. Көшіп-қонудың табиғи циклдары туралы ақпаратты қазақтардың мәдени-генетикалық кодының бір бөлігі деп есептеуге болатын-болмайтынын анықтаңдар.

**§ 25. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы****Бүгінгі сабақта:**

- қазақ қоғамындағы ру-тайпалық ұйым;
- Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз туралы білеміз.

**Кілт сөздер:**

- жүз
- ру
- тайпа
- ру-тайпалық бірлестік
- этникалық аумақ
- этногенез
- Ұлы жүз
- Орта жүз
- Кіші жүз

Қазақтардың рулық бірлестіктері олардың этнос ретінде қалыптасуы мен бірлесе өмір сүруіне мүмкіндік берді. Олардың саяси ұйымы рулардың шежірелік сатылары түрінде құрылды. Атауларынан көрініп тұрғандай, жүздердің өзі сатылардан тұрады. Беделді (жолы үлкен, аға) рулар қазақ мемлекетінің жетекшілері ретінде әрекет етті. Әскери қауіп төнгенде, жүздер бір ханның басшылығымен ұйымдасып, ортақ әскер шығарды. Бейбіт уақытта олар барлық мәселені жүздің ішінде, қажеттігіне қарай жалпы жиналыс – құрылтай шақыра отырып шешуге тырысты.

Үш жүздің – Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздің әрқайсысы өз аумағында мекендеді. Үш жүздің қазақтары өздерінің туыстығын, сондай-ақ қазақтың этникалық аумағы мен тілінің біртұтастығын ұғынды. Бұл шежіремен бекітілді, оған сәйкес қазақтар Алаш болып бірігеді. Ал ағайынды Ақарыс, Бека-

рыс пен Жанарыс Ұлы, Орта және Кіші жүздердің түпкі аталары саналады. Қазақтар арасында «тегі бір екендігі» туралы түсінік сақталған.

**Ұлы жүз.** Ұлы жүз қазақтары Жетісу мен одан батысқа қарайғы жерлерді иеленді. Олардың көшіп-қонуы солтүстігінде Балқашқа дейін, оңтүстігінде Солтүстік Тянь-Шань қыраттарына дейін, шығысында Жоңғар Алатауы мен Тарбағатайға дейін жетіп, Іле өзені мен оның салалары алабында орналасты. Ұлы жүздің қысқы жайылымдары жазықта, жазғы жайылымдары Алатау тауларында болды.

Ұлы жүз мынадай рулардан құралды: *жалайыр, дулат, сары үйсін, шапырашты, албан, суан, ошақты, қаңлы, шанышқылы, сіргелі, ысты.*

*Жалайыр* тайпасынан ертеде моңғол әскерінің атақты әскербасылары шыққан, кейін жалайырлар Ұлы жүздің үлкен руларының біріне айналды. Ұлы жүздің аса ірі тайпасы – *дулат*. Дулаттар бүкіл Жетісуға кеңінен таралып қоныстанған ірі тайпа болды.

Далалық тайпалардың бірі – *үйсіндер* Жетісуда біраз уақыт саяси үстемдік орнатты. Кейін олар Ұлы жүз қазақтарына өз атауын қалдырды (кейде *Ұлы жүз үйсін* деп айтылады). Шежіреге сәйкес, осы жүздің мифтік түпкі бабасының аты *Үйсін* болған.

**Орта жүз.** Орта жүз қазақтары Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан аумағын иеленді. Оларға орасан алыс қашықтықтарға көшіп-қону тән болды. Орта жүз тайпаларының шығу тегі, негізінен, қыпшақтық саналғанымен, оған Шығыс Дешті Қыпшақтың әртүрлі тайпалары қосылған. Орта жүз руларының атаулары өзбек, ноғай, қарақалпақтар мен басқа да түркілік халықтардың арасында кездесетін этнонимдерге ұқсас.

*Арғындар* – жүздің аса ірі тайпалық бірлестігі, олардың көшіп-қонатын жерлері Сарыарқа кеңістігінде орналасты. Арғындарда әртүрлі генеалогиялық аңыздарға сүйенген күрделі құрылым болды.

*Наймандар* Қазақстанның шығыс бөлігінде, Алтайдан Жетісу (Жоңғар) Алатауына дейінгі жерлерде және бүгінгі Қызылорда облысының аумағында көшіп-қонып жүрді.

Орта жүз руларының бірі *қыпшақтар* арғындар қонысынан батысқа қарай, Тобылдан бастап Сырдарияның төменгі ағыстарына дейін көшіп-қонып жүрді. Қазақ қыпшақтары ортағасырлық қыпшақтардың тікелей ұрпақтары болып табылады.

Солтүстік және Солтүстік-Шығыс Қазақстанда (Ертіс жағалауы мен Батыс Алтайда) *керейлер* көшіп-қонып жүрді. Олар *керейттер* ұрпақтары болуы мүмкін, алайда жергілікті ру болуы да мүмкін деген болжамдар да бар. *Керей* этнонимі басқа да қазақ тайпаларының құрамында кездеседі. Керейлерге туыстас *уақтар* Қазақстанның солтүстігінде, Торғайдан Алтайға дейінгі аралықта көшіп-қонды.

Орта жүз аумағының оңтүстік бөлігін ірі ру *қоңырат* иеленді. *Кунград* атауы ортағасырлық жазба дереккөздерде өте жиі аталады.

**Кіші жүз.** Кіші жүз қазақтары үш ірі ру-тайпалық бірлестікке – *әлімұлы, жетіру, байұлына* біріккен. Олар бүкіл Батыс Қазақстан аумағын иеленді.

Алты ата әлімұлы бірлестігіне *шекті, төртқара, шөмекей, кете, қаракесек, қарасақал* рулары енді.

Кіші жүздің екінші ру-тайпалық бірлестігі жетіру болды. Ол жеті рудан: *табын, тама, кердері, төлеу, керейт, жағалбайлы, рамадан-нан* тұрады. Байұлы бірлестігі – Кіші жүздегі ең көп санды бірлестік. Байұлы тайпалары Жайық және Ембі өзендерінің аралығы мен Үстіртті иеленді. Байұлының құрамына он екі ру: *шеркеш, ысық, байбақты, масқар, алаша, қызылқұрт, тана, алтын-жаппас, беріш, есентемір, таз, адай* кіреді. Шежіреге сәйкес, олардың бәрі Қадырқожа «бай ұлдарының» ұрпақтары саналады.

**Қорытынды.** Қазақтардың ру-тайпалық жүйесі маңызды рөл атқарды, өйткені ол қазақтардың этнос ретінде ұйымдасуы мен бірлесе өмір сүру тәртібін реттеді. Осылайша Даладағы тәртіп пен қазақ мемлекеттілігінің өмір сүруіне мүмкіндік жасады. Қазақтардың саяси ұйымы Үш жүзге біріккен ру мен тайпалар иерархиясы түрінде құрылды. Ұлы, Орта және Кіші жүздер ортақ шежірелік дәстүрмен Қазақ елі болып бірікті.

**Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Қазақ этносы қандай үш жүзге бөлінді?
2. Ұлы жүз тайпаларының этногенезі туралы әңгімелеңдер.
3. Орта жүз тайпалары туралы әңгімелеңдер.
4. Кіші жүз тайпалары туралы әңгімелеңдер.

**Картамен жұмыс.**

Картадан Ұлы, Орта және Кіші жүз қазақтарының, сондай-ақ параграфта аталған тайпалардың таралып қоныстану аумақтарын көрсетіңдер.

**Күрделі тапсырмалар.**

1. Тігінен және көлбеу (меридиандық) көшіп-қонудың арасындағы айырмашылық неде? Көшіп-қонудың қандай үлгісі кезінде үлкен қашықтықтардан жүріп өтеді?
2. Түркілену қазақтанудан несімен ерекшеленеді?

## § 26. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері

### Бүгінгі сабақта:

- қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылыммен танысамыз.

XV–XVIII ғасырларда дәстүрлі қазақ қоғамында айқын иерархия орын алды. Қоғам ерекшеленген екі әлеуметтік топтан – ақсүйектерден және халықтан құралды. Бұл топтар бір-бірінен саяси және құқықтық тұрғыда айрықша болды.



**Ақсүйек.** *Ақсүйектер* тобы әлеуметтік сатының жоғарғы сатысында орналасып, өздеріне тән артықшылық жағдайды пайдаланды.

Ақсүйек адамдардың бірінші тобына Шыңғыс ханның ұрпақтары жатты және олар жүздік жүйеге кірмейтін *төрелерді* құрады. Ақсүйек адамдардың екінші тобына *қожалар*, яғни Мұхаммед пайғамбар мен басқа да исламды насихаттаушылардың ұрпақтары жатқызылды.

**Сұлтандар.** Шыңғыс хан ұрпақтары – төрелерді *сұлтан* деп атады. Олар қазақ қоғамындағы ең ықпалды саяси күш болды. Бастапқыда *сұлтан* сөзі жоғары билік пен оның иесі, әмірші түсінігін білдірді. Орталық Азияда, ең соңғы Әбілхайыр хандығы уақытынан бастап ол Шыңғыс хан ұрпағының атағына айналды. Шыңғыс хан ұрпақтарының балалары бұл атақ пен оған байланысты барлық құқықты туғанынан, өз жағдайы мен жеке қасиеттеріне қарамастан иеленді. Қазақ хандығында және Моңғол империясының барлық мұрагер мемлекетінде Шыңғыс хан ұрпағы ғана хан болып сайлана алды. Сондықтан қазақ ұлыстарының сұлтандары Бұхара, Хиуа және басқа мемлекеттердің билеушілері бола алатын. Сұлтандар өздерін түркі-моңғол тайпаларының бірде-біреуіне жатқызған жоқ, руларға бөлінген жоқ. Тек генеалогиялық құқыққа ғана негізделген Шыңғыс хан ұрпақтарының саяси билігінің этникалық маңызы болған жоқ.

Қоғамның басқа мүшелерімен салыстырғанда, сұлтандардың құқықтық артықшылығы болды. Олар әскери қызметтен басқа ешқандай міндеткерліктер атқарған жоқ. Қазақ даласындағы барлық Шыңғыс хан ұрпағының ортақ таңбасы мен ұраны (*арқар*) болды. Олар тән жазасынан босатылды және сұлтанды ағасұлтан немесе ханның өзі ғана соттай алды. Сұлтанды өлтіргені немесе мертіктіргені үшін қарапайым адамға қарағанда анағұрлым ауыр жаза қолданылды. Сұлтандық артықшылықтың сыртқы белгілерінің бірі ақ киіз болып есептелді. Құрылтайлар мен салтанатты жағдайларда ақсүйек өкілдері тек ақ киізге ғана отырды.

#### Кілт сөздер:

- әлеуметтік жіктелу
- ақсүйек
- сұлтан
- қожа
- би
- бай
- батыр
- ақсақал



Тезек сұлтан. Суретші Н.Кошаров



Төле би



Қазыбек би



Әйтеке би

Әлеуметтік иерархияның шыңында хан орналасты. Хан тек сұлтандар арасынан ғана сайланатын болған.

**Қожалар** – Мұхаммед пайғамбардың, төрт халифтің – Әбу Бәкр, Осман, Омар мен Әлидің (соңғысының Фатимамен некесінен тараған ұрпақтары, яғни сайидтерді қоспағанда) және Орталық Азияға ислам дінін таратушылардың ұрпақтары. Шыңғыс хан ұрпақтарынан айырмашылығы қожаларда бірыңғай генеалогия болған жоқ. Қожалар көптеген артықшылықты пайдаланды. Оларға қарсы күш қолдануға болмайтын еді.

**Билер.** Рулар мен тайпалардың басшылары – билер ерекше құқықтарды иеленді. *Би* сөзі – түркілік *бек* сөзінің нұсқасы, моңғолдық *нойон* мен араб-парсылық *әмірге* сәйкес келеді. Билердің ықпалы орасан болды



Ұлы жүз билері: Адамқұл би, Жайнақ би және аудармашы. Суретші Н.Кошаров

және кейде хан ықпалынан да асып кетуі мүмкін еді. Ол басқаратын рудың көптігіне, жолының үлкендігіне, сондай-ақ бидің өз беделіне байланысты болды. Билерге қол астындағы рулар ауқымында сот, әкімшілік және әскери билік тиісті болды. Билер әдеттік құқықтың білгірлері болды және сотты соған сәйкес жүргізді (сондықтан әдеттік құқық бойынша жүргізілетін сотты *билер соты* деп атайды). Билердің үлкен саяси салмағы болды: сұлтандармен бірге құрылтайларға қатысты және мемлекеттік мәселелер бойынша өз пікірлерін білдірді. Неғұрлым ықпалды билер ханның жанындағы билер кеңесіне кірді.

**Байлар.** Қазақ қоғамында мүліктік жағдайы бойынша жіктелу орын алды. Көп мал мен мүлікке ие болған ықпалды, дәулетті адам *бай* деп аталды. Ең бай адамдар ондаған үй, жүздеген түйе, мыңдаған қой мен жылқыны иеленді. Байлар қоғамда айтарлықтай көп болды, бірақ олар ерекше тапты құраған жоқ. Байлық орасан пайда әкелді және қоғамдағы беделді анықтады.

**Батырлар.** Қазақтардың көшпелі қоғамында *батырлар* ерекше рөл атқарды. Оларды кәсіпқой әскери адамдар деп атауға болады. Олардың қоғамдағы салмағы әскери өмірдегі орнымен (билермен бірге тікелей рудың әскери бөлімдерін басқарды), сондай-ақ ханға немесе сұлтанға жақындығымен анықталды.

Батырлардың беделі мен билігі тек олардың жеке қасиеттеріне – шайқастағы ерлігіне, күшіне, ептілігіне, шыныққандығына байланысты болды. Жекетұлғалық қасиеттері бар адамдар ретінде батырлар руларды басқаруға жиі араласты. Батырлардың даңқы көбінесе далалық әнші-ақындарға байланысты болды. Ақындар өз руы мен тайпасынан шыққан батырлардың жауынгерлік ерліктерін мадақтай отырып, ел ішіндегі олардың беделін көтеріп отырды.

**Ақсақалдар.** Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымындағы белгілі бір орын *ақсақалдарға* тиісті болды. Ақсақалдар өз жасы мен бұрынғы сіңірген еңбектеріне қарай құрметке ие болды. Олар жауласушы тараптар арасында бейбіт келісімдер жасау кезінде елшілер және бітімгерлер



Райымбек батыр ескерткіші.  
Алматы қаласы



Ақсақалдар кеңесі. ҚР Мемлекеттік Орталық музей қорынан

рөлін атқарды. Халық жиналыстарында ақсақалдар ханның немесе сұлтанның сол жағындағы құрметті орынды иеленді.

**Қара халық.** Қазақтардың ру-тайпалық (жүздік) жүйесі қатардағы көшпелі адамдарды біріктірді. Олардың әрқайсысы құқықтары бар ерікті адам болды. Ол мұраға қалдыруға, куәгер болуға, жиындарға қатысуға және т.б. құқықтарды иеленді. Қарапайым адамды айыпсыз өлтіруге болмайтын еді. Алайда жекетұлға бостандығын қорғау ру мүшелерінің ынтымақтастығымен ғана қамтамасыз етілді; өлтірілген адамның туыстарында кек алу, ал тоналғанның барымта жасау (кінәлінің малын бірлесіп айдап әкету) құқығы болды. Ру әрбір мүшесінің құқықтарын қорғайтын негізгі бірлестік саналды. Сондықтан руынан қол үзген адам мүлдем қорғансыз қалып, құқықтарынан айырылған адамға айналды.

Әрбір қарапайым адам жауынгер, олар кез келген сәтте жиналып, жауға тойтарыс беруге дайын болуы тиіс. Әрбір қазақтың әскери міндеті болды, оны барлық жарамды ер адамдар атқарды.

**Еріксіз адамдар.** Сол уақыттағы қазақ қоғамында еріксіз адамдар *құл* мен *күң* деп аталды. Олар толықтай құқықсыз, куәгер ретінде сөйлей алмады. Құлдар мемлекеттік міндеткерліктер атқарған жоқ. Құлдарға қатысты істер билер сотының қарауына жатпады (құл келтірген шығындар үшін зардап шеккен тарапқа айыпты құлдың қожайыны төлеуі тиіс болды).

**Қорытынды.** XV–XVIII ғасырлардағы қазақ қоғамы иерархиялы ұйымдастырылған әлеуметтік құрылым болды. Оның басында *хан* тұрды. Жоғары сословиені Шыңғыс хан ұрпақтары *сұлтандар* мен мұсылман аристократиясы: *қожалар* құрады. Бір саты төмен Шыңғыс хан ұрпақтарына жатпайтын ру-тайпалық шонжарлар – *билер, батырлар, байлар, ақсақалдар* тұрды. Қоғамдық сатының төменгі деңгейін рулық қауымдарға біріккен қатардағы *көшпелілер* иеленді. *Құлдар* мен *күңдер* ерекше құқықсыз топты құрады.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақ хандығы дәуірінде қазақ қоғамы қандай екі негізгі топқа бөлінді?
2. Шыңғыс хан ұрпақтары – сұлтандардың құқықтары туралы әңгімелеңдер. Сұлтан құқығы оның мүліктік жағдайына байланысты болды ма?
3. Қазақ даласындағы сұлтандарды кейде неліктен көрші елдер тағына шақырды?
4. Кімдерді *мұсылман ақсүйектері* деп атайды?
5. Қазақ даласында сотты кім жүргізді? Әскерді кім басқарды? Бітім жасасу кезінде кім бітістіруші болды?

#### Кескіндік тапсырма.

Қазақ хандығы дәуіріндегі қазақ қоғамының әлеуметтік сатысының суретін сал.

#### Күрделі тапсырма.

Қазақ хандығы дәуіріндегі әлеуметтік саты бойынша жоғары көтерілу мүмкіндігі туралы не айта аласыңдар?

## ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЕРТЕ МЕМЛЕКЕТТЕР

### § 27. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымы

#### Бүгінгі сабақта:

- әскери демократия эволюциясы;
- көшпелілер мемлекеттерінің үш үлгісі;
- көсемшілдік ерте мемлекеттің үлгісі ретінде;
- Үйсін мемлекеті: төрешілдіктің маңызы;
- алғашқы көшпелілер империясы туралы білеміз.

**Әскери демократиядан ерте мемлекетке қарай.** Ерте көшпелі тайпаларда әскери демократия болып, оларда әдеттік құқық әрекет етті. Көсем бір мезгілде басшы, әскербасы, би, кейде тіпті абыз да болды. Халық жиналысы үлкен рөл атқарды. Алайда үнемі соғыс жүргізуден көсем билігі нығайып, халық жиналысының рөлі әлсіреді. Ол әскери жасақ жиналысына айналды. Туыстас жасақтар бір әскерге, ал туыстас тайпалар бір көсем басқарған тайпалық одаққа бірікті. Мұндай одақ енді бір халық ретінде қабылданды. Тиграхауда-сақтар немесе массагеттер бір көсем басқарған тайпалық одақтар болды. Әскери демократиядан ерте мемлекетке көшу осылай өтті.

**Көшпелілер мемлекеттерінің үш үлгісі.** Көшпелілер мемлекеттерінің үш үлгісі бөліп көрсетіледі. *Көсемдік* – туыстыққа негізделген, мұрагерлік билігі бар көсем басқаратын саяси құрылым. Мұндай мемлекетте әлеуметтік жіктелу орын алады. Көсемнің басты қызметі: әскери, әкімшілік, сот, бітістіруші, біріктіруші істерін атқару болды. *Ерте көшпелілер империясы* – рулық және рудан тыс байланыстарға негізделген көпсатылы саяси құрылым. Мұндай мемлекетте министрлер, салық жинаушылар, төрешілдік аппарат пайда болды. Ерте көшпелілер империясының басты қызметі – әртекті халқы бар үлкен аумақты (империяны) бір орталықтан басқару, әскери жорықтарды ұйымдастыру, салықтар мен алымдар есебінен қоғам мен ақсүйектер мүддесін қорғау. Мұның бәрі қағидалар ретінде қарастырылып, әдеттік құқықпен және дінмен бекітілді. Мемлекеттің дамыған кезеңі –

#### Кілт сөздер:

- саяси генез
- мемлекет
- көсемшілік
- көшпелілер империясы
- күнби
- шаньюй
- түменбасы

дамыған көшпелілер империяларында ғана мәжбүрлеу жүйесі мен заң пайда болды.

**Назар аударыңдар!** Көшпелілер мемлекеттерінің үш үлгісі бөліп көрсетіледі: көсемдік, ерте көшпелілер империясы, дамыған көшпелілер империясы. Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілер мемлекеттері алғашқы екі үлгіге жатады.

**Сақ патшалықтары.** Сақ патшалықтары көсемдіктері, яғни туыстас тайпалардың әскери-саяси одақтары болды. Ақсүйектер жерленген орасан үлкен қорғандар мен қарапайым жерлеу орындары арасындағы айырмашылықтар сақ қоғамының жіктелгендігін көрсетеді.

Сақ көсемдері саяси қызметтерді атқарды. Антикалық дереккөздерде соғыс пен бітімгерлік мәселелерін шешкен, әскерді басқарған, елшілер жіберген, одақтар жасасқан, басқарушыларды тағайындаған сақ патшалары мен патша әйелдер туралы айтылады. Сақтардың билеушілері біраз уақыт парсы патшасына одақтас та болды. Сақ қоғамында әскери демократия үстемдік етті және патша билікке «тең адамдар арасындағы бірінші» ретінде жауынгерлердің жалпы жиналысында сайланды. Осылайша ерекше патша әулеті бөлініп шықты. Көсемдер мен ақсақалдардан әскери-тайпалық ақсүйектер құралды. Сондай-ақ абыздар тобы бөлініп шықты.

Скиф (сақ) қоғамында әйелдер жоғары мәртебеге ие болды. Оны далалық халықтардың ауыз әдебиеті растайды. Сақтардың әйел патшалары туралы мәліметтер аңызға айналған дастандарда кездеседі: патша әйел Зарина қарсыластарымен соғыс жүргізіп қана қоймай, бірнеше қаланың негізін салды, ал патша әйел Томирис өз патшалығын парсыларға қарсы соғыста басқарды.



Томирис. Суретші А.Дүзелханов

**Қаңлы мемлекеті.** Б.з.б. II ғасырда Сырдарияның орта ағысында Қаңлы мемлекеті күшейді. Алғаш қаңлылар оңтүстігінде юэчжилерге, солтүстігінде ғұндарға тәуелді болды, бірақ кейін күші жағынан олармен теңесті. Қаңлылар билігі біршама уақыт Батыс Қазақстанға, Каспийдің солтүстік жағалауларына дейін таралды. Бұл жерлерде оған массагеттер, кейін сармат-алан тайпалары тәуелді болды. Тіпті Орал маңындағы орман тайпалары да алым төледі. Қаңлы мемлекетінің құрамына біраз уақыт Шаш, Ферғана мен Хорезм де кірді. Негізгі халқы көшпелі болса да, олардың өз қалалары болды, шұраттарда егіншілікпен айналысты. Қаңлылардың астанасы — Битянь қаласы. Ақтөбе қалашығында (Сырдарияның оң жағалауы) және Хорезмде қаңлылардың сарай үлгісіндегі құрылыстарына қазба жұмыстары жүргізілді.

Б.з.б. 101 жылы қытайлар Даваньды (Ферғананы) жаулап алған кезде Қаңлы мемлекеті ферғаналықтар жағына шықты. Б.з.б. 47–46 жылдары қаңлылар солтүстік ғұн билеушісіне үйсіндерге қарсы күресте қолдау көрсетті. Кейін олардың арасында жанжал шығып, қаңлы ғұндарға қарсы Қытаймен одақ жасасты. I–II ғасырларда Қаңлы мемлекеті бірнеше иелікке бөлініп кетті. V ғасырда ол Қытай императорлық сарайына елшілік жібереді, кейін эфталиттерге бағынған мемлекеттердің бірі ретінде еске алынады. Қаңлының саяси құрылысы туралы мәлімет аз. Бұл мемлекет сақтардың дәстүрін мұраға алуы ықтимал.

**Үйсін мемлекеті.** Б.з.б. I мыңжылдықтың соңында Жетісу, Тарбағатай және Тянь-Шань аумағында құрылды. Үйсіндер – сақ-тиграхаданың ұрпақтары. Олар жартылай көшпелі шаруашылық жүргізді. Әлеуметтік айырмашылықтар қорғандардан жақсы аңғарылады. Үйсіндердегі жоғары билік билеуші – *күнбиге* (гуньмо) тиісті болды, оған билік мұрагерлік бойынша берілді. Күнбидің сарайы Чигу қаласында орналасты. Мемлекет сол жақ (шығыс), оң жақ (батыс) және орталық бөліктерге, ал олар толып жатқан ұсақ иеліктерге бөлінді. Иеліктерді басқарушылардың бір бөлігі көшпелі тайпалардың көсемдері болды. Мемлекет басшысы күнбиден кейінгі лауазымды тұлға бас уәзір – *тулы* (*дулы*), одан төменгілері сол және оң жақ аймақтарының билеушілері болды. Шенеуніктерден, тексерушілерден және хатшылардан тұратын төрешілдік аппарат құрылды.

Б.з.б. II ғасырдың бас кезінде үйсіндер күшті мемлекет құрды. Олар ғұндармен күресте қытайлықтармен одақтасты. Б.з.б. I ғасырда Үйсін мемлекеті «кіші күнби» және «үлкен күнби» иеліктеріне бөлініп, өзара соғыс басталды. Нәтижесінде екі иелік те қытайлардың билігінде қалып қойды. Үйсіндердің бір бөлігі батысқа кетіп, қаңлылардың көмегімен Қытай билеушілерімен нәтижелі соғыс жүргізді. II ғасырда үйсіндер Қытайдан толық құтылды. IV ғасырда көшпелі жужандардың қысымымен үйсіндер Тянь-Шань тауларына қоныс аударды. Осы күнге

дейін үйсіндер V ғасырда Қытайға елшілер жіберген мемлекеттердің бірі ретінде аталады.

**Назар аударыңдар!** Сақ патшалықтары, Қаңлы мен Үйсін тайпалық одақтары болды. Ерте көшпелілер мен жартылай көшпелілер мемлекеттілігі саяси құрылымның күрделенуіне байланысты эволюцияға ұшырады.

**Ғұндар мемлекеті – ерте көшпелілер империясы.** Ғұн мемлекеті көшпелілер мемлекеттерінің екінші үлгісіне жатты. Ғұндар мемлекеті көршілес тайпалық одақтар мен Қытай патшалықтарымен күресте қалыптасты. Ғұн билеушілері «садақ тартатын халықтарға» (яғни көшпелілерге) ғана емес, сондай-ақ «жер үйлерде өмір сүретін адамдарға» (яғни отырықшы егіншілерге) да билік жүргізуге ұмтылды. Мұндай мемлекет орталықтандырылған империя ретінде ғана өмір сүре алатын еді.

Мемлекеттің басында *тәңірқұт* (шаньюй) тұрды, оның билігі қатаң түрде мұрагерлікпен берілді және оның орасан зор беделі болды. Оны «Аспан ұлы», «Аспан мен Жерден жаралған», «Күн және Аймен тағайындалған», «Ұлы шаньюй» деп атады. Ол соғыс жариялады және бітім жасады, жорықтарда әскерді басқарып, келіссөздер жүргізді, сыртқы саясаттағы барлық мәселені шешті. Өзіне бағыныштылардың кез келгенін өлім жазасына кесуге және кешірім жасауға құқылы болды. Тәңірқұттың айналасында толып жатқан кеңесшілері мен әскербасылары болғанымен, шешуші сөз өзінде қалып отырды.

Мемлекетте тәңірқұттан кейінгі жоғары тұлғалар «сол жақ» және «оң жақ» (яғни батыс және шығыс) *кіші хандар* болды. Олар империяның батыс және шығыс аумақтарын басқарды, әскердің сол және оң қанаттарына басшылық жасады. Олардан төмен 24 *түменбасы*, яғни он мыңдық әскерді басқарушы тұрды. 10 мың жауынгер саны шартты алынған. Түменбасылар тәңірқұттың туысқандарынан тағайындалды. Лауазымдар мен атақтар туыстық дәрежесіне байланысты еді. Түменбасыларды мемлекет басшысының өзі тағайындады, орнынан алды және жазалады. Ол әрбір түменбасының билігіне үлес бөлді. Үлес көлемінен оның халық саны маңыздырақ болды. Себебі онымен түменбасының әскери күші мен билігінің деңгейі анықталды. Өз иеліктерінің шектерінде түменбасы мыңбасылар, жүзбасылар мен онбасыларды тағайындап, оларға көшпелі халқымен бірге жер үлестерін бөліп берді.

Шаньюйдің бұйрығынсыз тайпалардың орын ауыстыруына тыйым салынды. Ер адамдардың негізгі міндеткерлігі әскери қызмет болды. Әрбір ғұн жауынгер болып есептелді, әскери борыштан жалтару өліммен жазаланды. Ғұндар бала кезінен белгілі бір жасаққа тіркелді және әркім өз түменбасының қол астында шайқасты.



Кіші хандар мен түменбасылар жылына үш рет мемлекеттік істерді талқылау үшін және күзде бір рет адамдар мен мал санын есептеу және тексеру үшін тәңірқұттың ордасына отбасылық кеңеске жиналды.

**Назар аударыңдар!** Ғұн империясының билеуші тобы ру-тайпалық ақсүйектерден құрылды. Туысқандық қатынастар әрбір шонжардың саяси рөлін белгілеу үшін шешуші қызмет атқарды. Ақсүйектердің саяси күші олардың иелік еткен жайылымдық жерлеріне сәйкес болды.

Бұл құрылым орнықты болды және Ғұн империясының үш ғасырдан астам өмір сүруіне мүмкіндік берді.

**Қорытынды.** Көшпелілік өркениет пайда болғаннан, яғни б.з.б. I мыңжылдықтан бастап ортаазиялық көшпелі қауымдастықтарда саяси ұйым мен мемлекеттің алғашқы түрлері қалыптасты. Ұлы Даланың көсемдіктері (Сақ патшалықтары және қаңлы болуы мүмкін) саяси генездің бірінші сатысында болды. Бұл тайпалардың әскери одақтары бар. Оларға әскери демократия мен көптеген қызмет атқаратын билеушінің мықты билігі (мұрагерлік бойынша берілетін) тән. Үйсін мемлекеті олардан әкімшілік-төрешілдік аппаратының пайда болуымен ерекшеленді. Ғұн империясы – көшпелілер тарихындағы алғашқы империя және Ұлы Даладағы екінші үлгідегі көшпелілердің алғашқы мемлекеті.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Мемлекет ұғымына берілген анықтаманы естеріңе түсіріп, оның белгілерін айтыңдар.
2. Көшпелілердегі мемлекеттің үш үлгісі туралы әңгімелеңдер.
3. Сақтардағы жоғарғы көсем қандай қызметтер атқарды?
4. Сақтардың, үйсіндердің, қаңлылардың әлеуметтік және мүліктік жіктелуін қалай білуге болады?
5. Қалай ойлайсыңдар, Үйсін мемлекеті қандай өркениеттің және қандай мемлекеттің ықпалында болды? Бұл неден көрінді?
6. Ғұн империясының саяси құрылысы туралы әңгімелеңдер.

#### Картамен жұмыс.

Картадан: 1) Сақ протомемлекеттерінің (көсемшіліктің) орнын; 2) Үйсін мен Қаңлы мемлекеттерінің аумағын; 3) Ғұн империясының жерін көрсетіңдер.

#### Күрделі тапсырмалар.

1. Қалай ойлайсыңдар, кейбір ғалымдар неліктен көшпелілерде мемлекеттің болғанын теріске шығарады?
2. Ғұн империясының көсемшілік емес, алғашқы көшпелілер мемлекеті болғанын дәлелдеңдер.

## ҰЛЫ ДАЛА КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ ИМПЕРИЯЛАРЫ

### § 28-29. Түркі империясы – көшпелілер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі

#### Бүгінгі сабақта:

- Түрік қағандықтары;
- он оқ одағы;
- бектер – түркілік ру басшылары;
- түркі дәуіріндегі отырықшылық-көшпелілік қатынас;
- Білге қаған және руна жазуы туралы білеміз.

#### Кілт сөздер:

- жабғу
- қаған
- қағандық
- империя
- Түркі елі
- бодан
- Он оқ одағы (он оқ бұдын)
- бек
- ру ақсүйектері

Ғұн империясы ыдырағаннан кейін Орталық Азия аумағында ғұндардың мұрагерлері – түркі тайпаларының мемлекеттілігі басталды. Олардың I мыңжылдықтың ортасында шоғырлануы Ұлы Далада көшпелілер империяларының – Түрік қағандықтарының пайда болуына әкелді:

- Бірінші Түрік қағандығы (552–603 жж.);
- Батыс Түрік қағандығы (603–704 жж.);
- Шығыс Түрік (екінші Түрік) қағандығы (682–744 жж.);
- Түргеш қағандығы (704–756 жж.).

Түрік қағандықтары, әсіресе Бірінші Түрік қағандығы мен Батыс Түрік қағандығы тек түркі тайпаларын ғана емес, сондай-ақ басқа да тайпа-

лар мен отырықшы халықтарды біріктірген көшпелілер империялары болды.

**Назар аударыңдар!** Түрік қағандықтары мен мемлекеттері көшпелілер мемлекетінің классикалық үлгілерін жасай отырып, сақтар, қаңлылар, үйсіндер мен ғұндар бастаған көшпелілер мемлекеттілігінің дәстүрлерін жалғастырды.

Түркі империялары тайпалардың оқшаулануына қарсы жалпы-империялық құрылымды, идеологияны, ортақ жазу мен ортақ тілді қойып, олардың басын біріктіруге ұмтылды.

**Түрік қағандығы (552–603 жж.).** Түркілердің бірігуі Ашина руының және *Ұлы жағбу* атағын иеленген Бумынның (олардың көсемі) басшылығымен жүрді. 552 жылы Бумын Түрік елінің қағаны болып жарияланды. *Түрік* сөзі мемлекеттің барлық көшпелі тұрғындарына

таралды. Бумынның мұрагері Мұқан қаған Орталық Азия мен Оңтүстік Сібірде түркілердің үстемдігін орнатты, Солтүстік Қытай мемлекеттеріне салық салды. VI ғасырға қарай түркілер Жетісуды иеленді және Аралға дейінгі таулы-далалы кең аумақты мекендеді. Жергілікті көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар империяға кірді. Аварлардың (жужандардың) соңына түсе отырып, түркілер Орал маңы мен Еділ бойын бағындырды. VI ғасырдың екінші жартысында Істемі қаған Иран шахымен одақтасып, эфталиттерді жеңді. Әмудариядан солтүстікке қарайғы барлық жерлер түркілерге қарады. Бұдан кейін Солтүстік Кавказды жаулап алған Істемі Византияға баратын Ұлы Жібек жолының «солтүстік тармағын» ашып, Византиямен сауда және дипломатиялық байланыстар орнатты.



Түркі жауынгерінің тастағы бейнесі. Алматы облысы

**Түрік қағандығының (Түрік елінің) әскери-әкімшілік құрылысы.** Қағандықтың батыс бөлігіндегі түркілік көшпелі халық Он оқ одағына (Он оқ бұдын) біріктірілді. Барлық «он оқ», яғни тайпалар сол (шығыс) және оң (батыс) қанатқа бөлінді.

**Назар аударыңдар!** Сол және оң қанатқа бөліну көптеген ірі түркілік тайпалық бірлестіктерге тән болды.

Тайпалар мен рулардан құралатын тайпалық одақ (бұдын) елге біріктірілді. Қаған елді ұстады және бұдынды басқарды. Ол тайпалар одағын басқарып, көсем, сот, абыз рөлін атқарды. Сондай-ақ елді басқара отырып, әскери қолбасшы қызметін де орындады. Әскердің жауынгерлік қуатын ұстап тұру, әскери жорықтар ұйымдастыру, бағындырылғандарды тәуелділікте ұстау – Түрік елін басқарған қағанның міндеті болды.

**Түркі қағандығының әлеуметтік құрылымы.** Қағандықтағы *бектер* ру ақсүйектері болды. Ақсүйектік шығу тегі мүліктік жағдайына қарағанда анағұрлым маңыздырақ болды. Әрбір тайпада аға ру болды, ал ашина руы бәрінен де жоғары тұрды.



Бумын қаған ескерткіші. Түркия

**Назар аударыңдар!** Түркі рулары мен тайпаларын түркілердің шығу тегінің ортақтығы мен барлық түркілердің бірлігі идеясы байланыстырды. Ол ру жерінің ортақтығымен және әскери олжа мен салықтардан үлес алу құқығымен нығайтылды. Барлық ерлер, оның ішінде бектер мен патшалар да жауынгерлер болып есептелді.

Жауынгерлік жасқа жеткен әрбір ұл бала аңшылық немесе әскери ерлік жасап, арнаулы ғұрыптан өтіп, *ер* атағын алды. Бектің жағдайы оған бағынышты жауынгерлер санымен анықталды, жауынгерлерден әскери жасақтар құрылды.

Ежелгі түркі қоғамында құл еңбегі, көбінесе күң еңбегі пайдаланылды. Олар көшпелі малшылық тұрмыстың үлкен ауыртпалығын көтерді.

**Батыс Түрік қағандығы. Батыс Түрік қағандығын басқарудың ерекшеліктері.** Қытайдың күшеюі, түркілердің билеуші топтары арасындағы шайқас Түрік қағандығының ыдырауына және 603 жылы Батыс Түрік қағандығының (Он оқ бұдын) бөлініп шығуына әкелді. Батыс түркілердің шығыс «бес оғы» – *дулу* тайпалары Шығыс Түркістан мен Жетісу жерлерін алып жатты. Батыс «бес оқ» – *нушиби* Шу өзенінен батысқа қарайғы аумақты иеленді. Қағандық Шегуй және Тон жабғу кезінде өзінің гүлдену шегіне жетті. Тон жабғудың өлімінен кейін дулу мен нушибидің арасында өзара соғыс болып, ол қағандықтың ыдырауына әкелді.

**Назар аударыңдар!** Батыс Түрік қағандығында отырықшылық пен көшпелілік қатар дамыды.

Батыс Түрік қағандығы тек көшпелі халықтан ғана құралған жоқ. Оған көптеген қалалар мен егіншілік аймақтар бағынды. Ортаазиялық мемлекеттердің (Хорезм, Ферғана, Шаш, Соғды және т.б.) тәуелділігі алым төлеумен ғана шектелген жоқ. Түркілер тағайындаған басшылар алым-салықтарды жинауды қамтамасыз етті. Жергілікті билеушілерге түркі атақтары беріліп, олар империяның әкімшілік иерархиясына енгізілді. Сондай-ақ түркі билеушілері тәуелді отырықшы халықтардың билеушілерімен туыстасуға тырысты.

Батыс Түрік қағандығында Ұлы Жібек жолындағы сауда арқылы мемлекеттің экономикалық өмірін өз қолдарында ұстаған соғдылықтар ерекше жағдайды иеленді. Жетісуда соғдылықтардың бірнеше ондаған қаласы мен елді мекендері пайда болды. Соғдылықтар қағандықтағы ақша соғу ісін жүзеге асырды.

**Елтерістің әкімшілік реформасы.** 630 жылдан 704 жылға дейінгі кезеңде Батыс Түрік қағандығында ұзаққа созылған дағдарыс уақыты болды. 634 жылы нушибиге сүйенген Елтеріс қаған «он оқ» жүйесін қалпына келтіруге әрекеттенді. Ол тайпалық көсемдерді қағанға ғана тәуелді, тағайындалатын басшыларға айналдыруға шешім қабылдады. Бақылауды күшейту үшін әрбір тайпаға тайпа ақсүйектерімен ешқандай

байланысы жоқ, қағанның туысы – *шад* жіберілді. Алайда бұл реформа күйреді: дулу тайпалары көтеріліс жасап, өздеріне жіберілген шадты қаған етіп жариялады. Жиырма жылдық өзара соғыс қытайлардың басакөктеп кіруімен аяқталды. «Он оқ» жасағы жеңіліске ұшырады. Таң империясы батыс түркі тайпаларын басқаруға әрекеттенді. Алайда батыс түркілері шығыс түркілері сияқты Қытайдан тәуелсіз болу үшін тұрақты күрес жүргізді.



Түргеш таңбасы. Жайсан, Жамбыл облысы

**Түргеш қағандығы (704–756 жж.).** Жетісудағы Қытай тағайындаған билеушіні құлатып, 699 жылы түргештер мен дулуды біріктірген түргештер тайпасының көсемі Үшеліктің билігін орнатты. Түргеш қағандығындағы «он оққа» бөліну мен басқа да Батыс Түрік қағандығындағы әскери-әкімшілік дәстүрлер сақталды. Сонымен қатар Үшелік әкімшілік реформа жүргізді. Ол Шу және Іле жазықтарында өз ордасын құрып, қағандықты 20 аймаққа (тұтыққа) бөлді. 708 жылы Үшеліктің мұрагері Сақал (Согэ) Кучадағы Қытай билеушісінің әскерін талқандады. Алайда мұның артынша Сақалдың кіші інісі көтеріліс жасап, шығыс түркілердің билеушісінен көмек сұрады. 711 жылы шығыс түркілердің әскері Жоңғарияда Сақалдың әскерін талқандап, қаған қаза тапты. Қаған руының мүшесі Сұлу бастаған түргеш әскерлерінің қалдықтары Сырдариядан ары қарай шегінді. Олардың соңына түсе отырып, болашақ Білге қаған мен оның інісі Күлтегін бастаған шығыс түркілер жасағы Соғдыға дейін жетті. Бұл жерде олар арабтармен болған шайқастарға қатысты. Бірақ жеңіліске ұшырап Өтікенге қайтып оралды.

Сұлу болса Жетісуға қайта оралып, өзін қаған деп жариялап, Түргеш мемлекетін қалпына келтірді. Оған екі майданда күрес жүргізуге тура келді. Ол шығыстан төнген қауіпті дипломатиялық жолмен шешті.

Өз иеліктерінің оңтүстік-батысында Сұлу қаған арабтардың басакөктеп кіруіне қарсы күреске белсенді қатысты. Арабтар оны *Әбу Музахим* («Сүзеген») атаған және оны Соғдыдағы өз биліктеріне төнген басты қатер санады. Тек 732 жылдың соңында ғана арабтың жергілікті билеушісі түргештерді талқандап, Бұхараға кірді. 737 жылы Сұлу қаған шайқаста қаза болды. Оның қазасы Түргеш қағандығының ыдырауына әкелді.

**Екінші Шығыс Түрік қағандығы.** 682 жылы шығыс түркілер Қытайдан өз тәуелсіздігін қорғап қалды. Олардың қағандығының орталығы



Күлтегін жазуы.  
Моңғолия



Күлтегін  
ескерткішіндегі  
жазбалар

Өтікенде (Хангай тауларында) орналасып, батыс шегарасы Алтайға жеткен. Бірінші қағаны Күтлүк болды. Қапаған қаған кезінде қағандық өзінің ең жоғары күш-қуатына қол жеткізді. Келесі бір аса көрнекті билеушілердің бірі – Білге қаған. 723 жылы Білге қаған мен Күлтегін Қытаймен соғыста жеңіске жетті. Күлтегін 731 жылы қайтыс болып, ал Білге қаған өзінің айналасындағы жақындарының қастандығынан қаза болды. Орхон өзеніне жақын жерде оларға арнайы ескерткіштер мен руна жазулары бар тас бағандар тұрғызылды.

Білге қағанның мұрагерлері оның саяси бағытын өзгертті. Сондықтан ашина руының аймақтардағы билеушілері орталық биліктен тәуелсіз бола бастады. 744 жылы Ашина әулеті өзінің өмір сүруін тоқтатты.

**Назар аударыңдар!** Ежелгі түркілік руна жазулары *Орхон-Енисей жазуы* деп аталады. Өйткені оның ең әйгілі ескерткіштері – Екінші Түрік қағандығына жататын Білге қаған мен Күлтегіннің бағандары Моңғолиядағы Орхон өзені бойынан табылды (ескерткіштердің келесі бір тобы Енисейден табылды).

**Қорытынды.** I мыңжылдықтың ортасында түркі тайпаларының бірігуі олардың Ұлы Далада мемлекеттік үлгі бойынша көшпелілер империясына жататын бірнеше ірі мемлекет құруына әкелді. Империя-қағандықтар түркі тайпалық одақтарын

да, сондай-ақ бағындырған халықтар мен вассалдық мемлекеттерді де біріктірді. Олар бірыңғай әскери-әкімшілік жүйемен басқарылды. Түркі қоғамы аумақтарды басып алу және әскери олжа түсіру идеологиясымен жұмылдырылды. Онда рулық ақсүйектер артықшылық жағдайға ие болды. Түркі империялары Еуразияның геосаяси сипатын өзгертіп, халықаралық істер мен саудаға белсенді араласты.

**Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Түрік қағандықтарының неліктен империялар болғандығын түсіндіріңдер. Қаған қандай қызмет атқарды?
2. Бірінші Түрік қағандығының әскери-әкімшілік құрылысы туралы әңгімелеңдер.
3. Бірінші Түрік қағандығында қандай топ артықшылықтарға ие болды?
4. Батыс Түрік қағандығы мен Шығыс Түрік қағандығының қайсысының құрылымы күрделірек болды? Неліктен?
5. Араб басқыншылықтарының қашан басталғанын еске түсіріңдер. Қандай Түркі қағандығы араб әскерімен соғысуға мәжбүр болды?

**Шағын топтарға арналған тапсырма.**

Батыс Түрік қағандығының Ұлы Жібек жолындағы рөлі туралы таныстырылым дайындаңдар.

**Картамен жұмыс.**

Картадан: 1) Түрік қағандығының; 2) Батыс Түрік қағандығының; 3) Екінші Шығыс Түрік қағандығының; 4) Түргеш қағандығының аумақтарын анықтаңдар. Ауызша түсіндірме беріңдер. Қандай империя ең үлкен империя болды? Қай империя Қазақстаннан тыс аумақта орналасқан?

**Күрделі тапсырмалар.**

1. Білге қағанның руналық жазбаларындағы мына үзіндіні оқыңдар: «Аспан тектес Аспаннан жаралған дана түркі қағаны – мен енді (патшалық тағына) отырдым. (Сендер) менің артымнан ерген менің жасы кіші туыстарым мен жастар, менің одақтас тайпаларым мен халықтарым менің сөзімді толықтай тыңдап алыңдар: оң жақта (тұрған, сендер) шад бастықтар мен апа, сол жақта (тұрған, сендер) тархан бастықтар мен бұйрықты орындаушылар, (сендер) отыз... 2) (сендер) бастықтар және «тоғыз оғыз» халқы менің бұл сөзімді жақсылап тыңдаңдар және (оны) мықтап есте сақтаңдар!» Бұл үзінді бойынша Екінші Түрік қағандығының әлеуметтік және саяси құрылысы туралы не айтуға болады?
2. Қағандықтардың ыдырауының негізгі себебі неде? Қағандықтарды не біріктірді және не ыдыратты?

**§ 30. Түрік империясының мұрагерлері****Бүгінгі сабақта:**

- Түрік қағандығының мұрагер мемлекеттері;
- Түрік мемлекеттілігінің сабақтастығы;
- отырықшы халықтардың түркіленуінің басталуы;
- Қазақ хандығының бастамалары туралы білеміз.

Түрік қағандығы ыдырағаннан кейін, Ұлы Далада бірнеше дербес Түркі мемлекеттері пайда болды.

**Ұйғыр қағандығы (745–840 жж.).** Ұйғырлар ежелгі тайпалық одақтардың бірі болды. Олар тоғыз тайпаға (тоғыз оғыздар) бөлініп, түркілерден тәуелсіз болуға ұмтылды. Алайда 680 жылдың бас кезінде олар Екінші Түрік қағандығының құрамына кірді. 742–744 жылдары қарлұқтар, ұйғырлар мен басмылдардың үштік одағы Ашина әулетін талқандады. Жеңімпаздардың арасында түркі мұрагерлігі үшін күрес басталды. Ұйғырлар өздерінің билеуші руы яғлақарлардың қаған атағын иелену құқығын қорғап, өз қағандығын құрды. Ол тоғыз оғыз тайпаларын, қарлұқтар мен басмылдарды (тоғыз оғыз одағына «тең дәрежеде» қабылданған), ұйғырлармен тең құқылы теле тайпалар тобы мен алым төлейтін бағынышты бірнеше тайпаны біріктірді. Ұйғыр қағандары Қытай үкіметіне ірі бүліктерді басып-жаныштауға қолдау көрсетіп, Қытаймен бейбіт қатынасты сақтап отырды. Олжа, салық және Қытаймен тиімді сауда ұйғыр тайпаларының арасында яғлақарлардың беделін көтерді.

**Кілт сөздер:**

- тоғыз оғыздар
- ұйғырлар
- қарлұқтар
- оғыздар
- қимақтар
- қыпшақтар
- жабғу
- қағандық
- ислам
- исламдандыру
- түркілендіру
- ихта
- харадж
- саяси генез

Қағандықтағы билік құрылымының басында қаған руы тұрды. Одан төменірек тоғыз ұлы бұйрықтар – орталық биліктің министрлері орналасты. Бұйрықтардың күшеюі 795 жылы Яғлақарлар әулетінің ығыстырылуына және оның Әдиздер әулетімен алмастырылуына әкелді. Бұдан кейін қағандық әлсірей бастады және 840 жылы өмір сүруін тоқтатты.

**Қарлұқ мемлекеті (756–940 жж.).** Ұйғырлардан жеңіліске ұшыраған қарлұқтар 746 жылы батысқа қарай көшіп, түргештерді өздеріне бағындырды. Жетісуда Қарлұқ мемлекетінің қалыптасуы Орталық Азияға арабтар мен қытайлардың басқыншылығымен тұспа-тұс келді. Қытайлар Таразды басып алып, Суябты талқандады және Шашты (Ташкентті) бағындырды. Алайда 751 жылы Талас шайқасында қарлұқтар арабтармен одақтасып, қытайларға қарсы шықты және Қытайдың батысқа

қарай жорығын тоқтатты. Кейін қарлұқтар Жетісудың, Оңтүстік Қазақстан мен Ферғананың көптеген қаласын өздеріне қаратып, арабтардан тәуелсіздігін қорғап қалды.

Жабғудың билігі шексіз болған жоқ. Тайпалық ақсүйектер мұрагерлікпен берілетін артықшылықтарды иеленді. Тайпалар мен рулар иерархиясы орын алып, билеуші рулар мен тайпалар артықшылықтарға ие болды. Ірі тайпа көсемдері өз үлестерін тәуелсіз иеліктерге айналдыруға әрекеттенді. Әскери-әкімшілік жүйе көшпелі тұрмыстың ерекшелігін бейнеледі. Соғыс жағдайында тайпалар өз жасақтарын шығарды.

**Қарахандар мемлекеті (942–1212 жж.).** IX ғасырдың ортасында түркі тайпаларының арасында Қарахан әулеті жоғары беделге ие болды. Олар құрған мемлекет ғылымда Қарахандар (қағандардың атағы – *қара қаған, қараханнан*) мемлекеті атауын алды.

Қарахандар мемлекетіндегі билік екі тайпалық топ – *шығылдар* мен *яғма* ақсүйектерінің арасында бөлінді. Қағандық қағандар басқарған шығыс және батыс бөліктерге бөлінді. Шығыста шығылдар, батыста яғмалар орналасты. Қашғар мен Баласағұнда ордалары орналасқан шығыс қағаны жоғарғы қаған болып есептелді. Шығыс қағаны *Арслан Қара қаған*, ал Батыс қағаны *Боғра Қара қаған* атағын иеленді және кіші қаған болып есептелді. Оның сарайы Таразда, кейін Самарқандта орналасты. Екі қағандықтың әрқайсысында билеушілердің күрделі иерархиясы болды. Қарахандар Орталық Азияның отырықшы бөлігіндегі билік үшін орталығы Бұхарада болған мұсылмандық Саманилер мемлекетімен күресті. Шайқас саманилердің толықтай күйреуімен





Атлах (Талас) шайқасы

(999 ж.) және Қарахандар билігінің Әмударияға дейін таралуымен аяқталды. Мәуереннахрдағы саяси билік түркілерге өтіп, аймақтағы түркілену үдерісін жеделдетті.

Отырықшы өркениет аймағында қалып қойған түркі тайпалары экономикалық және әлеуметтік қатынастардың жаңа жүйесіне тартылды. Мұндағы ықпалдасудың көрінісі отырықшы халықтың ішінара түркіленуі және Қарахандар мемлекетіндегі түркілердің исламдануы болды. Мұсылман әлемімен байланыс басқа да саяси жүйенің құрылуына ықпал етті. Жаңа ақсүйектерді қалыптастырған және моңғолдар дәуірі қарсаңындағы түркі империяларында дамыған әскери-үлестік құрылым (*ихта*) қалыптасты.

**Назар аударыңдар!** *Ихта* – мұсылман билеушісінің мемлекеттік жер қорынан үлестік жерді онда тұратын халқымен бірге беруі. Осы жерден алымдар алу құқығы (харадж) қоса беріледі. Әдетте, ихтаны билеушілер мемлекетке әскери немесе әкімшілік қызмет еткені үшін таратты.

Қиыршығыстық моңғол тайпалары – қарақытайлардың (қидандардың) басып кіруі және олардың Жетісуда өз мемлекетін құруы қарахандар билеушілерінің бір бөлігін қидандық гурханға тәуелділікке ұшыратты. Қарақытайлар салықтар алумен шектелді, бірақ олардың үстемдігі Қарахандардың құлдырауына әкелді.

**Оғыздар мемлекеті (IX ғасырдың соңы мен XI ғасырдың басы).** VII ғасырдың ортасында қарлұқтармен күресте оғыздардың бір бөлігі Жетісуды тастап кетті. IX ғасырдың бас кезінде оғыздар қарлұқтармен және қимақтармен одақтасып, печенегтерді талқандады. Осылайша Батыс Қазақстанда көшпелі Оғыздар мемлекеті пайда болды.



Қарлұқтардың астанасы Суяб қаласының орны

Оғыздар мемлекетінің басында *жабғу* тұрды, оған билік мұрагерлік бойынша берілді. Алайда оны халық жиналысы бекітуі тиіс болды. Жабғудың ордасы Жаңакентте орналасты. Жабғудың орынбасарлары *күл еркін*, әскер басшысы *сюбаши* атағын иеленді. Алғашында оғыздар оң және сол қанатқа (*бұзықтар* мен *ұшықтар*) бөлінген 24 тайпадан құралды. Бұзықтар артықшылықтарды пайдаланды.

1041 жылы оғыздар Хорезмді жаулап алды. Алайда бұдан кейін селжұқтармен<sup>1</sup> күрес Оғыздар мемлекетін әлсіретіп, ол ыдырап кетті. Оғыздардың бір бөлігі оңтүстік пен батысқа қоныс аударса, бір бөлігі қыпшақтардың арасына сіңіп кетті.

**Қимақ қағандығы (IX–XI ғасырдың басы).** Ұйғыр қағандығы ыдырағаннан кейін оған кірген тайпалардың бір бөлігі Шығыс Қазақстандағы қимақ тайпалары одағына қосылды. Бұл одақ қимақтар бастаған жеті тайпадан құралды. VIII ғасырдың ортасында қимақтар қарлұқтарды Солтүстік Жетісудан ығыстырып, оңтүстікке және батысқа қарай жылжыды. IX–X ғасырларда қимақтар мен олардан бөлінген қыпшақтар Орталық, Шығыс және Солтүстік Қазақстанның барлық аумағында үстемдік етті. Қимақ мемлекетінің астанасы Имақия Ертістің жағасында орналасты.



Қарахан (Өулие ата) кесенесі. Жамбыл облысы

Ұйғыр қағандығы ыдырағаннан кейін қимақтардың *шад-тұтығы* неғұрлым жоғары атақ *байғуды* (*жабғу* сөзінің бұрмалануы) алды. IX ғасырдың соңына қарай қимақтардың билеушісі *қаған* атағын алып, Қимақ қағандығы құрылды. Қаған билігі «патша руына» мұрагерлік бойынша берілді. Қағандық 11 үлестік иелікке бөлінді, олардың басында мұрагер билеушілер – осы иелікте көшіп-қонып жүретін

<sup>1</sup> *Селжұқтар* – оғыз тайпаларының бірі. XI ғасырдың ортасында Хорезм мен Иранды жаулап алып, өз мемлекетін құрды. Ғасырдың екінші жартысында Ирак, Оңтүстік Кавказ бен Кіші Азияны жаулап алып, кең-байтақ империя құрды.

тайпалардың әскери көсемдері тұрды. Бұл көсемдердің неғұрлым күштілері тәуелсіз басқаруға ұмтылып, өздері «патшаларға» айналды. Әл-Идриси жазғандай, бұл патшалар қала-бекіністерде тұрды, әрқайсысында көп әскері мен мол байлығы болды. Әңгіме хандардың көшпелі ордалары туралы болса керек. Қимақтарда әлеуметтік және мүліктік теңсіздік болды, көшпелілер ақсүйектері айрықша орын алды.

XI ғасырдың бас кезінде Қимақ қағандығының құлауы Дала көшпелі тайпаларының қоныс аударуының жаңа толқынымен байланысты болды.

**Шығыс Қыпшақ хандығы.** Оғыз жерлерін жаулап алған қыпшақ хандары қимақ хандарынан күштірек болып шықты. XI ғасырдың ортасына қарай қыпшақтар Даланың Ертістен Еділге дейінгі орасан үлкен аумағын иеленді. Ұлы Дала *Қыпшақ даласы* (Дешті Қыпшақ) деп атала бастады. Қыпшақтар оғыздар мен печенегтердің соңына түсе отырып, Дон және Қара теңіз жағалауындағы Даланы басып алуды жалғастырды. Олар Дунайдың төменгі ағысына дейін жетті. Қыпшақ әскерлерінің алдыңғы шебінде *құман* тайпалары жүргендіктен, қыпшақтар Еуропада осы атпен белгілі бола бастады. Орыстар болса қыпшақтарды *половцы* деп атады. XII ғасырда қыпшақтар орыс князьдерінің өзара соғыстарына араласып, олармен одақтар құрды және әулеттік некелер жасасты. Хорезмнің саяси өміріне қатысқан шығыс қыпшақтары да осылай істеді. Хорезмшахтар қыпшақ көсемдерін өздеріне қызметке тартып, оларға маңызды мемлекеттік лауазымдарды берді, сөйтіп қыпшақ әскерін құрды.

Қыпшақ одағына көптеген тайпалар кірді. Олардың арасында қимақтар да, Далада қалып қойған оғыздар мен печенегтер де болды. Қыпшақ хандарының билігі *елбөрі* руында әкеден баласына мұрагерлікпен берілді. Ханның көшпелі сарайы *орда* деп аталды. Қыпшақ ақсүйектері *хандар, тархандар, басқақтар, бектер* мен *байлардан* тұрады. Қыпшақ хандығының ордасы Жайық өзені маңында орналасқан оң қанатқа және астанасы Сырдариядағы Сығанақта болған сол қанатқа бөлінді. Қыпшақ хандығында ісқағаздар жүргізіліп, хандар басқа мемлекеттердің билеушілерімен хаттар жазысты. Шығыс қыпшақтардың Хорезммен байланыста болған бөлігі исламды қабылдады.

Моңғол шапқыншылығы қарсаңында (XIII ғ.) Шығыс Дешті Қыпшақ бытыраңқы болды. Қыпшақ хандарының өзара күресін Қыпшақ хандығының бірігуіне мүдделі болмаған хорезмшахтар қолдап отырды.

**Назар аударыңдар!** Қимақ қағандығы мен Шығыс Қыпшақ хандығын қазақтардың этногенезінде аса маңызды рөл атқарған қимақ-қыпшақ тайпалары құрады. Аталған мемлекеттерді Қазақ хандығының пайда болуында маңызды орын иеленген мемлекеттер ретінде қарауға болады.

**Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы Түрік мемлекеттерінің рөлі.** Түрік қағандығы мен оның мұрагерлері Еуразияның геосаяси және этникалық картасын түбегейлі өзгертті. Даланың ерте көшпелілерін алмастыра отырып, түркілер далалық көшпелілер өркениетіне мүлдем өзінше бір этникалық келбет берді. Өн бойына үнемі алға жылжу рухы енген түркілік көшпелілер өркениеті пайда болды. Түркі тайпаларының Ұлы Даланың орталық және батыс облыстарына қоныс аударуы Еуразияның заманауи халықтарының қалыптасу үдерісі мен еуразиялық мемлекеттердің саяси құрылымын өзгертті. Көшпелілердің орасан үлкен империяларын құра отырып, түркілер еуразиялық кеңістікті біртұтас етіп байланыстырды және ерекше әлеуметтік институттары бар (ел, иерархиялық үлестік-тайпалық жүйе) мемлекеттің өзіндік үлгісін жасады. Түркістан түркілер мекендеген шексіз дала кеңістігі ретінде Еуразияның геосаяси аймағына айналды.

**Қорытынды.** VIII ғасырдың ортасында Түрік қағандығының ыдырауына қарамастан, Еуразиядағы түркілік дәуір аяқталған жоқ. Империялардың орнына көлемі шағын Түрік мемлекеттері келіп, маңызды тарихи рөл атқарды. Олар түркі тайпаларын біріктіруді жалғастырды әрі Түрік қағандығында қалыптасқан мемлекеттіліктің көшпелілік үлгісін сақтады. Олар еуразиядағы отырықшылық-көшпелілік өркениеттер диалогін жалғастырды. Қимақ қағандығы мен Шығыс Қыпшақ хандығы моңғолдар дәуірінен кейін құрылған қазақ мемлекетінің бастауларына айналды.

#### **Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. VIII–XI ғасырлардағы Түрік мемлекеттерін атаңдар. Бұл мемлекеттерді қандай екі топқа бөлуге болады? Оны қандай белгілерінен байқадыңдар?
2. Қарлұқ қағандығының мемлекеттік құрылысы туралы әңгімелендер.
3. Оғыздар мемлекеті көшпелілер мемлекетінің қандай үлгісіне ұқсас? Көсемдікке ме, әлде көшпелілердің ерте империясына ма? Неліктен?
4. Қарахандар мемлекетінің Түрік қағандығының мұрагерлері болған басқа түркі мемлекеттерінен айырмашылығы неде? Бұл мемлекет неліктен ыдырап кетті?
5. Қимақ қағандығы мен Шығыс Қыпшақ хандығы неліктен Қазақ хандығының бастаулары болып табылады?

#### **Өлкетану бойынша тапсырма.**

Қазақстанның жекелеген өңірлері: Жетісу, Солтүстік-Шығыс, Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан үшін саяси генетикалық сабақтастық тізбегін жасаңдар. Өздерің тұратын аймақта моңғолдарға дейінгі уақытта қандай мемлекеттер бір-бірін алмастырды?

#### **Күрделі тапсырмалар.**

1. Арабтар Мәуереннахрды «Ислам елі» деп, ал Сырдариядан солтүстікке қарай орналасқан Түркістан облысын «соғыс елі» деп атады. Неліктен?
2. Өл-Йакуби былай деп хабарлайды: «Түркістан мен түркілер бірнеше ұлыс пен бірнеше мемлекетке бөлінеді. Олардың ішінде қарлұқтар, тоғыз оғыздар,

қимақтар мен оғыздар бар. Түркілердің әрбір тайпасы – жеке мемлекет және олардың біреулері басқаларымен соғысады». Өңгіме қандай мемлекеттер туралы болып отыр? Араб авторының сөзі қандай кезеңге жатады?

### § 31. Шыңғыс хан империясы және оның мұрагерлері. Шыңғыс ханның дүниежүзілік тарихтағы рөлі

#### Бүгінгі сабақта:

- саяси дамудың моңғолдық кезеңі;
- моңғолдардың экспансиясы және Моңғол империясының құрылуы;
- моңғол мемлекеттілігінің ерекшеліктері;
- үшінші үлгідегі көшпелілер мемлекеті туралы білеміз.

XIII ғасырда саяси жағдай тек Ұлы Далада ғана емес, сондай-ақ бүкіл Еуразияда толығымен өзгерді. Ол моңғол басқыншылығы және Шыңғыс хан империясының пайда болуына байланысты еді.

**Моңғолдар** – түркілерге туыстас халық. Олар I мыңжылдықтың ортасында Ұлы Даланың шығысында көшіп-қонып жүрді. Ұйғыр қағандығы құлағаннан кейін Моңғолия аумағына қоныс аударды. Сол тұста онда татар тайпасы өмір сүрді. Бұл этноним моңғолдарға берілді: моңғол тайпалары Қытай дереккөздерінде көбінесе *татарлар* немесе *моңғол-татарлар* деп аталды; Русьте моңғолдарды *татарлар* деп атады; ескі еуропалық карталарда *Орталық Азияны-Татария* (Тартария) деп аталады.

**Шыңғыс ханның Моңғол тайпаларын біріктіруі.**

Шыңғыс хан – есім емес, моңғолдың ұлы ханының атағы. Оның шын есімі – Темучин. Ол 1155 немесе 1162 жылы<sup>1</sup> қият тайпасындағы ақсүйек батыр Есугейдің отбасында туған. Есугей Темучин он жасқа жеткенде татарлармен болған шайқаста қаза тапты. Жас кезінде Темучин қорлықты, жәбірлеуді және мұқтаждықты басынан өткізді. Бірақ ержүректілігі мен ақылының арқасында өзінің айналасына жауынгерлер жасағын жинап, көрнекті батырға айналды. Әскербасы ретінде оның теңдесі жоқ болды. XII ғасырдың соңына қарай ол көп әскер жинақтады. Әрбір сәтті жорықтан кейін Темучиннің даңқы өсе түсті. 1203 жылы Темучин керейттерді, кейін наймандар мен меркіттерді бағындырды. 1206 жылға қарай ол барлық моңғол тайпаларын өз қол астына біріктірді.

#### Кілт сөздер:

- моңғолдар
- Шыңғыс хан
- құрылтай
- экспансия
- моңғол жаулап алулары
- көшпелілердің дамыған мемлекеті
- Яса
- Шыңғыс ханның біліктері
- Шыңғыс хан ұрпақтары
- Шыңғыс ханның «алтын руы»

<sup>1</sup> Дереккөздер мәліметтерінде алшақтықтар бар.

**Назар аударыңдар!** 1206 жылы көктемде моңғол ақсүйектерінің құрылтайында Темучин Ұлы хан болып жарияланып, оған Шыңғыс хан атағы берілді.



Шыңғыс хан ескерткіші.  
Моңғолия

**Шыңғыс ханның тұлғалық рөлі.** Шыңғыс хан тарихтағы жеке тұлға рөлінің жарқын мысалы болып табылады. Өзінің ерекше қасиеттерінің арқасында ол дүниежүзілік тарихтағы аса ірі империяны құрды.

Оның бойында жауынгерге тән қасиеттермен (ұзын бойлы, алып дене бітімі, күш, ептілік, қаруды меңгеруі мен ержүректік) қоса, алғыр ой, қайтпас жігер, ұстамдылық сияқты қолбасшыға, ұйымдастырушыға, мемлекеттік қайраткерге тән қасиеттер де болды.

**Моңғол шапқыншылығының басталуы.** Моңғол тайпаларын біріктірген Шыңғыс хан Даланың түркілік көшпелілері мен отырықшы халықтарды бағындыруды мақсат етті. Шыңғыс хан империясы көшпелілер ақсүйектерінің белсенді қатысуымен құрылды. Ақсүйектер

үшін жаңа жер мен әскери олжа түсетін соғыс аса маңызды қажеттілік болды. Көшпелі ақсүйектер Шыңғыс ханды жаулап алу соғыстарын жалғастырған жағдайда қолдау көрсететін болады. 1215 жылға қарай моңғолдар Солтүстік Қытайдағы Цзинь мемлекетін жаулап алды. 1224 жылға қарай Шыңғыс хан өз билігін бүкіл Орталық Азияға таратты.

Ұлы Дала көшпелілерін біріктіру Шыңғыс ханның әскери жетістіктерінің себебіне айналды. Түркілер мен моңғолдарды біріктіре отырып, Шыңғыс хан мәмілегерлікке жүгінді: одақтық келісімдер жасау әулеттік некелермен қатар жүргізілді.

**Назар аударыңдар!** Шыңғыс хан империясы сан жағынан моңғолдардан басым болған түркі тайпаларының негізінде құрылды.

**Моңғолдар Қазақстан аумағында.** Шыңғыс ханның күшеюі кезінде наймандардың бір бөлігі Жетісуға көшіп кетті. Бұл жерде наймандардың ханы Күшлік 1210 жылы Қарақытайлар мемлекетіндегі билікті басып алды. Күшлік хан Шығыс Түркістанның түркі тайпаларына шапқыншылық жасай бастағандықтан, олардың билеушілері Шыңғыс ханнан көмек сұрайды. 1218 жылы моңғолдар Күшлік ханды

талқандап, өз империясына Жетісу мен Қарақытайлар мемлекетінің бүкіл шығыс бөлігін қосып алды.

Сол жылы Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы қыпшақтардың арасында жасырынып жүрген меркіттерді күйретті. Бұл уақытта хорезмшах Мұхаммед қыпшақтарға қарсы 60 мыңдық әскерімен жорыққа шыққан еді. Осылайша Торғай даласында моңғолдар мен хорезмдіктер ұшырасып қалды. Бұл шайқаста ешкім жеңіске жетпегенімен, Шыңғыс ханның Хорезмшахпен соғысы болмай қоймайтын жағдайға айналды.

**Хорезмді жаулап алу (1219–1221 жж.).** 1219 жылы Шыңғыс хан жорыққа 200 мыңдық әскермен аттанды. Ол бірнеше әскерге бөлінді. Шыңғыс ханның ұлдары Шағатай мен Үгедей Отырарды қоршап, ол бес ай қоршаудан кейін бағындырылды. Ал Жошы Сығанақты, Жентті және басқа да сырдариялық бекіністерді өзіне қаратты. Үшінші әскерге Ходженд қиян-кескі қарсылық көрсеткенімен, ол да басып алынды. Төртінші әскерді Шыңғыс ханның өзі басқарып, Бұхара мен Самарқандты күйретті. Екі қаланың жасақтары қырғынға ұшырап, бейбіт халық қатыгездіктен зардап шекті. Хорезмшах ашық далада бірде-бір рет шайқасқа түспестен жеңіліс тапты. Кейін моңғолдардың біріккен күштері Хорезмнің астанасы Үргенішті алды. Осылайша Хорезм мен Мәуереннахр Моңғол империясының құрамына енді.

**Моңғолдар басқыншылығының жалғасуы.** 1227 жылы Шыңғыс хан қайтыс болған соң, оның жаулап алушылық соғыстарын мұрагерлері Үгедей хан, Күйік хан және Мөңке хан табысты жалғастырды. Моңғолдар Қытай, Иран, Ирак, Кавказ бен Русьті басып алып, Солтүстік Үндістан мен Шығыс Еуропаға өтті. Нәтижесінде құрлықтағы барлық дүниежүзілік империялардың ішіндегі ең үлкен және ең қуатты импе-



Отырар қаласының орны. Түркістан облысы

рия құрылды. Ол шығысында Сары теңізден бастап, батысында Дунайға дейін созылып жатты.

**Моңғол империясының мемлекеттік құрылысы.** Моңғол мемлекеттілігіне түркілердің дәстүрі елеулі ықпал етті. Шыңғыс хан құрған мемлекеттің негізіне Түрік қағандығының мұрагер мемлекеттерінде дамыған әскери-әкімшілік жүйе алынды.

Ұлы Моңғол мемлекеті біртұтас мемлекет болды. Бұл ретте ол үш әскери-әкімшілік аймаққа: оң қанатқа (барунгар), сол қанатқа (жоңғар) және орталыққа (гол) бөлінді. Әрбір аймақ он мың адамнан<sup>1</sup> тұратын түмендерге, ал олар мыңдықтарға, жүздіктер мен ондықтарға бөлінді. Моңғол мемлекетінде жүздіктерден, мыңдықтар мен түмендерден тыс қалған адам болған жоқ. Шыңғыс ханның ұлдары мен басқа да туыстарына белгілі бір аумақ – *жұрт* пен онда көшіп-қонып жүретін тұрғындар – *ел* берілді. Мұндай үлестер *ұлыс* деп аталды. Бұл ереже Шыңғыс ханның алғашқы мұрагерлері кезінде сақталды.

**Көшпелілер мемлекетінің үшінші үлгісі.** Моңғол империясы – көшпелілер империясының неғұрлым толық және дамыған түрі. Оны басқару үшін ортақ құқықтық ережелер жасап шығаруға тура келді. Көшпелілердің әдеттік құқығының негізінде заңдар мен нұсқаулардың жазбаша жинағы – «Ұлы жасақ» жасалды. «Ұлы жасақ» 1206 жылғы құрылтайда қабылданып, 1225 жылы бекітілді. «Ұлы жасақтың» қатаң қағидаларын сақтау ұлы ханның барлық қол астындағылар үшін ғана емес, сондай-ақ оның өзі және Шыңғыс ханның барлық ұрпағына да міндетті болды. «Ұлы жасақ» көшпелі өмір ережелерін жасады. Онда қылмыстар және қылмыскерлерге қолданылатын жазалар көрсетілді.


Шариғат қағидалары бойынша өмір сүруге үйренген мұсылмандар «Ұлы жасаққа» бағынғылары келмеді. Уақыт өте келе, Моңғол империясының батыс ұлыстарындағы Шыңғыс хан ұрпақтары және әскери-көшпелі ақсүйектер ислам дәстүрін қабылдады. Олар «Ұлы жасақты» сақтауды қойды және шариғат бойынша өмір сүре бастады.

Моңғолдарда хандардың нақыл сөздерін жазып алып, олардың өлімінен кейін тарататын әдет қалыптасты. Шыңғыс ханның нақыл сөздері – *біліктердің* кейбіреулері сақталған. Біліктерде сот жүргізу тәртібі белгіленген. Олар арнайы оқытылды, Шыңғыс хан ұрпақтары мен әскери ақсүйектер жылына екі рет Шыңғыс хан біліктерін «келіп, тыңдауы» тиіс болды.

**Назар аударыңдар!** Дамыған көшпелілер империясының ерте көшпелілер империясынан басты айырмашылығы – заңның болуында. Моңғол империясындағы құқықтық ережелер «Ұлы жасақ» пен Шыңғыс ханның біліктері болды. Уақыт өте келе, моңғолдардың бір бөлігі исламды қабылдап, шариғат заңына бағына бастады.

<sup>1</sup> Шартты алынған.





Моңғолдар құрған империя

**Тархандардың құқықтық жағдайы.** Империяда әскери ақсүйектер болды. Оларға Шыңғыс ханның өзі және басқа да моңғол хандары атақтар, марапаттар мен ерекше сіңірген еңбегі үшін артықшылықтар сыйлады. Мұндай адамдар *тархандар* деп аталды. Олар алым-салықтардан босатылды, хан сарайына кез келген уақытта және ерекше рұқсатсыз кіре алды, жиын-той кезінде құрметті орындарды иеленді. Тархандар «Ұлы жасаққа» қатысып, артықшылықтарға ие болды. Олар жауапкершілікке тоғызыншы рет жасаған елеулі қылмысы үшін (өлім жазасы қолданылатын) ғана тартылды. Сондықтан тархандар құқықтық тұрғыда Шыңғыс хан ұрпақтарынан да жоғары тұрды.

**Моңғол империясындағы жоғарғы билік тұжырымдамасы.** Шыңғыс ханның әкесінде хан атағы болған жоқ. Темучиннің хан атағына құқығын негіздеу мақсатымен оның әкесі Есугей қағанның жиені болған деген аңыз шығарылды. Дүниежүзілік империя құрылғаннан кейін Шыңғыс ханның басшылық құқығы туралы мәселе туындады. Жеңістерге жеткен Шыңғыс хан өзі мен өз халқының Құдайдың құдіретімен Көктің (аспанның) қамқорлығында екендігіне сене бастады. Бұған оның қол астындағылар да сенді. Шыңғыс ханның жердегі империяны басқаруы «көктің қалауы» екендігі туралы идея Ұлы Моңғол мемлекетінің ресми идеологиясына айналды. Шыңғыс ханның барлық мұрагерінің қызметі осы идеологияға негізделді. Онда Шыңғыс хан ұрпақтарының дүниежүзіне билігінің мызғымастығы мен моңғолдардың басқа халықтарға басшылық жасау рөлі жарияланған еді.

**Моңғол империясындағы тақ мұрагерлігі тәртібі.** Мемлекеттегі жоғары билік Шыңғыс ханның «алтын әулетінде» мұрагерлікпен қалдырылатын болды. Хан атағына ерекше құқық Шыңғыс ханның тек алғашқы төрт ұлы (Жошы, Шағатай, Үгедей және Төле) мен олардың тікелей ұрпақтарына ғана берілді. Жоғарғы билікке тек «алтын әулет» мүшелері ие болды. Маңызды мәселелерді Шыңғыс хан ұрпақтары мен ақсүйектер жиналысы – *құрылтай* шешетін болды. Құрылтайда «алтын әулеттің» кез келген лайықты өкілі хан болып сайлана алатын еді.

**Қорытынды.** XIII ғасырда Орталық Азиядан шығыс, оңтүстік және батыс бағыттардағы моңғолдардың басқыншылығы Еуразиядағы басты оқиға болды. Ол Моңғол империясының пайда болуына әкелді. Бұл дүниежүзілік тарихта құрлықтағы ең ірі империя саналады. Моңғол империясы көшпелілер мемлекеттілігі дамуының үшінші, ең жоғарғы кезеңі болып табылады. Моңғол империясы әскери-әкімшілік жүйе, иерархиялық үлестік жүйе, елдерді өзіне бағындыру идеясы тәрізді Түрік империясының көптеген белгілерін өзіне қабылдады. Сондай-ақ оларға қатаң соттық-құқықтық жүйе, басқыншылықты идеологиялық негіздеу мен жоғарғы биліктің ерекше тұжырымдамасы қосылды.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Шыңғыс ханның билікке келуі туралы әңгімелендер.
2. Моңғол шапқыншылығының негізгі себебін атаңдар.
3. 1207–1224 жылдары Моңғол империясының негізгі қарсыластары қандай мемлекеттер болды?
4. Моңғол империясының мемлекеттік құрылысындағы қандай белгілер Түрік империясынан алынды?
5. «Ұлы жасақ» дегеніміз не? Оның маңызы неде?

#### Картамен жұмыс.

Картадан Моңғол империясының кеңеюін көрсетіңдер. 1204–1224 жылдардағы негізгі жорықтарды атаңдар.

#### Кестемен жұмыс.

Кестені дәптерлеріңе толтырыңдар. Екі империяның мемлекеттік құрылысындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетіңдер.

	Түрік империясы	Моңғол империясы
Екі қанатқа бөлінді	+	+
...		
...		
Ресми заң	–	
...		+

#### Күрделі тапсырмалар.

1. Тарихта жекетұлға қандай рөл атқарады? Шыңғыс хан неліктен тарихтағы жекетұлға рөлінің жарқын мысалы болып табылады? Тарихта өз орны бар басқа қандай ірі тарихи тұлғаларды білесіңдер?

2. Моңғолдардағы жоғарғы билік тұжырымдамасы туралы айтыңдар. Моңғол мемлекеттерінде тақты неліктен тек Шыңғыс хан ұрпақтары ғана мұрагерлікке алды? Қосымша дереккөздерді пайдалана отырып, моңғолдардан кейінгі мемлекеттердің қайсысында Шыңғыс хан ұрпақтарының билігі бәрінен де ұзақ сақталғанын анықтаңдар.

## § 32. Қазақстан аумағында ұлыстық жүйенің дамуы

### Бүгінгі сабақта:

- Моңғол империясының бөлінуі және ыдырауы;
- Жошы ұлысы – Алтын Орда;
- Алтын Орданың мемлекеттік құрылысы;
- моңғолдар кезіндегі Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан туралы білеміз.

**Моңғол империясының төрт ұлысқа бөлінуі.** Моңғол империясының тұтастығы Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейінгі алғашқы қырық жылда ғана сақталды. Бұл кезде жекелеген ұлыстардың билеушілері ұлы ханның билігін мойындаған болатын. Шыңғыс хан империяны 4 ұлысқа бөлді: Батыс ұлыс – үлкен ұлы Жошыға, Моңғолиядағы Шығыс ұлыс кіші ұлы Төлеге берілді. Олардың арасында Шағатай мен Үгедей ұлыстары орналасты.

Қазақстан аумағы үш ұлыстың құрамына кірді. Солтүстік, Батыс және Орталық Қазақстан – Жошы ұлысына, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан – Шағатай ұлысына, Шығыс Қазақстан Үгедей ұлысына тиесілі болды. Сырдария бойындағы қалалардың көп бөлігі шағатайлардың билігіне қарады.

**Жошы ұлысы.** Жошының қазасынан кейін, оның ұлысы ұлдары мен олардың ұрпақтарына бөлінді. Шығыста (Сарыарқа мен Ұлытау) үлкен ұлы Орда Еженнің ұлысы, батыста (Хорезм, Батыс Қазақстан, Орал маңы) екінші ұлы Батудың ұлысы орналасты. Орда Ежен ұлысы – Жошы ұлысының сол қанаты, ал Бату ұлысы оң қанаты болды. Ұлы хан Үгедей қаза болған соң, оның ұлысы жойылып, Шығыс Қазақстан Жошы ұлысына қосылды. Орда Еженнің жасы үлкен болса да, ұлыстың билеушісі Бату болып есептелді. Батудың беделі өте жоғары болды. Орда Ежен ұрпақтары Бату ұрпақтарының билігін мойындады. 1260 жылдың соңына дейін Жошы ұлысы империя құрамында болып, оның билеушілерін ұлы хан тағайындады.

**Моңғол империясының ыдырауы.** 1260 жылдың соңына қарай Моңғол империясы ыдырады. Жошы ұлысындағы алғашқы тәуелсіз

### Кілт сөздер:

- ұлыс
- Жошы ұлысы
- Алтын Орда
- ордалықтар
- шайбанилер
- беклербек
- басқақ
- түменбасы
- ұлысбек

билік жүргізген Берке болды. Оның мұрагері Менгу-Темірдің билікке келуінен бастап Алтын Орда тәуелсіз мемлекет болып есептеледі. 1269 жылы Таластағы құрылтайда басқа ұлыстардың билеушілері де тәуелсіздіктерін жариялады.

Моңғол империясы ыдырағаннан кейін тәуелсіз төрт моңғол мемлекеті пайда болды.

1. *Жошы ұлысы* (Алтын Орда). Оның құрамына Ертістен Дунайға дейінгі Ұлы Дала (Дешті Қыпшақ), сондай-ақ Хорезм, Қырым, орыс князьдіктері мен басқа да аумақтар кірді. Жошы ұрпақтары Дешті Қыпшақта жоғарғы билікті ХІХ ғасырдың ортасына дейін сақтады.

**Назар аударыңдар!** Моңғол империясы ыдырауының себептері өзара қырқысулар мен бөлінуге ұмтылушылық; өркениеттік бытыраңқылық, империяның жекелеген облыстарының арасында ортақ мәдени дәстүрлер мен экономикалық байланыстардың жоқтығы; жаулап алынған халықтардың моңғолдардың билігіне қарсы күресі болды.

2. *Шағатай ұлысы*. Шағатайлар мемлекеті Мәуереннахр (ХІV ғасырдың ортасына дейін), Жетісу мен Қашқарияны қамтыды. Шағатай ұрпақтары ұлыстың шығыс бөлігін (Моғолстан) ХІV ғасырдың ортасынан ХVІІ ғасырдың соңына дейін биледі.

3. *Хулагу мемлекетін* Иранда Хулагу хан құрған. Хулагу мен оның тақ мұрагерлері *ильхан* атағын алды. Сондықтан Ирандағы моңғол билеушілерін Ильхан ұрпақтары деп атайды.

4. *Юань империясы* – Моңғолия мен Қытайдағы мемлекет. Оны Хулагудың інісі, ұлы хан Құбылайдың ұрпақтары басқарды. Құбылай үшін мемлекеттіліктің үлгісі Қытай болды. Ол астананы Қарақорымнан Ханбалыққа (қазіргі Пекин) көшірді. Юань империясының мемлекеттік құрылысы іс жүзінде қытайлық болды (11 провинция, үш палаталы үкімет, дамыған әміршілдік аппарат). Юань императорлары Қытайда 1368 жылға дейін билік жүргізді.



Бату хан. Суретті салған Х.Ахметжанов

Алтын Орда ХІІІ ғасырдың соңы мен ХІV ғасырдың бірінші жартысында. ХІІІ ғасырдың соңында оң қанаттың әскербасы болған Ноғай 1296 жылы хан тағына таласып, нәтижесінде қаза тапты. Алтын Орда Өзбек хан (1313–1341 жж.) тұсында қайта күшейді. Ол билікті өз қолында мықтап ұстап, бытыраңқылықты жойды. Өзбек хан мемлекеттік дін ретінде исламды енгізіп, Шыңғыс хан ұрпақтарының мұсылмандыққа қарсы көтерілістерін басып-жаныштады. Оның кезінде басқару жүйесі қалыптасты. Онда моңғолдық көшпелілік салт-дәстүрлерін оты-

рықшы халықтың дәстүрлерімен және мұсылман институттарымен үйлестірді.

**Назар аударыңдар!** Өзбек хан мен оның мұрагері Жәнібек ханның уақыты Алтын орданың ең жоғары гүлдену кезеңі саналады.

**Алтын Ордадағы аласапыран.** XIV ғасырдың екінші жартысында Жошы ұлысында аласапыран басталып, ол жиырма жылға созылды («Дүрбелең жылдар», «Ұлы ылаң»). Аласапыран кезеңі ішінде жиырмадан астам билеуші алмасты. Кейбір түркі көсемдері өздерін тәуелсіз билеушілер деп жариялады. Батудың бірнеше ұрпағының беклербегі (бас қолбасшысы) болған түменбасы Мамай Еділден батысқа қарайғы бүкіл даланы өз бақылауында ұстады. Еділ бойындағы алтынордалық қалаларды Шығыс Дешті Қыпшақтың билеушісі Орыс хан жаулап алды. Осылайша Жошы ұлысын Мамай мен Орыс хан өзара бөліседі. 1370 жылдың соңында ұлысты билеуге Тоқай Темірдің ұрпағы Тоқтамыс келді. Ол Жошы ұлысының бүкіл аумағын біріктірген соңғы хан болды. 1391 және 1395 жылдары әмір Темір Тоқтамысты екі рет жеңді. Нәтижесінде Жошы ұлысы алапат тонаушылыққа ұшырады.

**Алтын Орданың ыдырауы.** Темір Тоқтамысты талқандағаннан кейін маңғыт биі Едіге Жошы ұлысының көп бөлігінде билікті басып алды. Оның өлімінен кейін өзара қырқысулар жалғасты және мемлекет толықтай ыдырады. Алтын Орданың орнында Үлкен Орда, Қазан, Қырым, Астрахан және Сібір хандықтары құрылып, оларды Жошы ұрпақтары басқарды.

**Шайбани ұлысы.** Жошы ұлысының құрамындағы Бату мен Орда Ежен ұлыстарының арасынан Шайбани ұлысы бөлініп шықты. Шайбанилердің далалық иеліктеріне қалалық мәдениеттің әсері болмады. Бұл көшпелілік мәдениет пен жауынгерліктің сақталуына септігін тигізді. «Ұлы ылаңға» дейін шайбанилер Бату ұрпақтарына бағынды. XV ғасырдың бас кезінде олар Шығыс Дешті Қыпшақтағы (Әбілхайыр хандығы) билікті басып алды. Тек 1460 жылдардың соңында ғана Орыс ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей шайбанилерді Шығыс Дешті Қыпшақтан ығыстырып, ата-бабаларының – Орда ұрпақтарының иеліктерін (Қазақ хандығын) өздеріне қайтарды. Шайбанилер Мәуереннахрдағы билікті басып алды.

**Алтын Орданың мемлекеттік құрылысы.** Мемлекетті басқару аппараты Бату мен Берке кезінде қалыптасты. Мемлекет басында шексіз билікке ие болған хан тұрды. Ханның жанында бектерден тұратын кеңес болды, алайда құрылтай бұрынғы маңызын жоғалтты. Құрылтайлар, әдетте, таққа жаңа ханды отырғызу үшін шақырылды. *Беклербек* басқарған *бектер* (түменбасылар, мыңбасылар) шегаралық

аймақтарды басқарды. Беклербектің қолына әскерге, дипломатиялық қызметке, сот істеріне басшылық жасау шоғырланды. XIV ғасырда Алтын Орда әскерінде бақылайтын аймақтар санына байланысты шамамен 70 түменбасы болды. Отырықшы аймақтарды хан ордасындағы *уәзірге* (диуанды, салық басқармасын басқаратын) бағынатын *даруғалар* (*басқақтар*) бақылауда ұстады. Астананың (Сарай) негізі қаланды, астана мен облыстардың арасында пошта байланысы ұйымдастырылды, салықтар мен міндеткерліктер белгіленді. Шенеуніктік аппарат қатаң түрде жоғары билікке бағындырылды. Мұсылмандық облыстарда муфтийлер мен сопылық шейхтар ықпалды болды. Сот саласында моңғол сотымен қатар шарифаттық сот (*қазылар соты*) та қолданылды.

Өзбек хан әкімшілік реформа жүргізіп, оң қанатты ұлыстық әмірлер (*ұлысбектер*) басқаратын төрт ірі ұлысқа – Сарай, Хорезм, Қырым және Дешті Қыпшаққа бөлді.



Алтын Орда мемлекетінің аумағы

Ол басқақтыққа тыйым салды. Кейін орыс князьдері алымды өздері жинай бастады. Осылайша Өзбек хан Жошы ұрпақтары мен қыпшақ рулық ақсүйектерінің бытыраңқылығын әлсіретіп, билікті нығайтты.

**Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан моңғол дәуірінде.** Жетісу Жошы, Шағатай және Үгедей ұлыстарының түйіскен жерінде орналасқан. 1260 жылы, империяда тақ үшін күрес басталған кезде, Жетісу моңғол және түркі тайпалары жинақталған орынға айналды. Бұл өлкедегі қалалардың және отырықшы-егіншілік мәдениеттің толықтай құлдырауына әкеп соқты. Моңғол шапқыншылығы кезінде зардап шекпеген қалалар өзара соғыстар кезеңінде апатқа ұшырады. Жетісу таза көшпелі аймаққа айналды.

Сырдария бойындағы қалаларға (Түркістан қалалары) келетін болсақ, олар моңғолдардың шапқыншылығы кезінде зардап шеккен еді. Отырар мен басқа да қалалар қиратылды. Алайда Түркістан қалалары аймақ ретінде өз маңызын сақтады. Түркістан қалалары шағатайлық әлсіз билеушілер кезінде жошылықтардың билігіне өтті. Күшті шағатайлық билеушілер оларды өзіне қосып алды. Шағатай ұлысында алғашында орталыққа бағынбау басым болды. Хандар көшпелілік дәстүрлерін сақтауға ұмтылды. Ұлыс аумағы қандай да бір тайпаның басшысы басқарған *түмендерге* бөлінді. Бұл тайпалардың көсемдерін бейтараптандыруға және мемлекеттегі билікті нығайтуға мүмкіндік берді. XIV ғасырдың 40-жылдарында өзара қырқыстардан кейін Шағатай ұлысы ыдырай бастады.

**Қорытынды.** XIII–XIV ғасырларда Қазақстан аумағы Моңғол империясы ұлыстарының құрамына, ал ол ыдырағаннан кейін, тәуелсіз түрік-моңғол мемлекеттерінің құрамына кірді. Болашақ Қазақстанның үлкен бөлігі Жошы ұлысы – Алтын Орданың құрамдас бөлігі болды. XIV ғасырдың басында оның шығыс бөлігі оқшаулана бастады. Қазақстанның оңтүстік бөлігі Шағатай ұлысының құрамына кірді. Ұлыстардың мемлекеттік құрылысы моңғолдық үлестік жүйенің белгілерін сақтады. Алайда түркілік көшпелі ақсүйектердің күшеюі моңғол билеушілерінен олардың құқықтарын нығайтатын әкімшілік реформалар жүргізуді талап етті. Алдымен билеушілер мен ақсүйектердің, кейін ұлыстар халқының исламды қабылдауы басқару жүйесіне өзгерістер енгізе бастады.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақстан аумағы қандай моңғол ұлыстарының құрамына кірді?
2. Моңғол империясының, Жошы ұлысының ыдырау себептерін атаңдар.
3. Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Мәуереннахр үшін моңғол шапқыншылығының қандай салдары болды?
4. XIV ғасырда Алтын Орда мен Мәуереннахрда қалалық мәдениет неліктен көтерілді?

**Шағын топтарға арналған тапсырма.**

«Отырардың күйреуі», «Алтын Орда» атты таныстырылым дайындаңдар.

**Картамен жұмыс.**

Картадан Жошы ұлысын, Үгедей ұлысын, Шағатай ұлысын, Хулагу ұрпақтарының мемлекетін, Юань империясын көрсетіңдер. Моңғолдардың батыстағы, оңтүстіктегі, оңтүстік-батыстағы шапқыншылықтары қай жерлерге дейін жетті?

**Ізденімдік жұмыс.**

Қосымша әдебиеттерден «Алтын Орда» ұғымының мәні туралы табыңдар. Жошы ұлысы неліктен «Алтын Орда» деп аталады?

**Күрделі тапсырма.**

Мемлекеттік құрылысы, мәдениеті мен экономикасы тұрғысынан алып қарағанда, Жошы ұлысы мен Шағатай ұлысының қандай ұқсастығы мен айырмашылығы бар?

## § 33-34. XIII–XV ғғ. мемлекеттердің геосаяси белсенділігі және олардың Еуразиядағы тарихи үдерістерге әсері

### Бүгінгі сабақта:

- Жошы ұлысы еуразиялық держава екендігін;
- моңғолдардың өзара соғыстарын;
- Алтын Орда және Бейбарыс сұлтан туралы;
- Алтын Орда және Русь туралы қарастырамыз.

### Кілт сөздер:

- геосаясат
- геосаясаттық
- еуразиялық держава
- мамлюктер
- Хулагу ұрпақтары
- Византия
- Русь
- вассалдық тәуелділік
- Алтын Орданың ыдырауы

**Азия мен Еуропаның арасындағы Жошы ұлысы.** 1237–1242 жылдары Бату батыс қыпшақтарға, Бұлғар мен Руське қарсы екі жорық жасады. Жошы ұлысының аумағы Еділ бойын, Солтүстік Кавказды, оңтүстік орыс далаларын, Қара теңіз жағалауларын, Қырымды, Дунай өзеніне дейінгі Венгрия мен Трансильванияның бір бөлігін қамтыды. Жошы ұрпақтарының мемлекеті өз уақытында аса ірі мемлекеттердің бірі болды. Бұл Шығыс пен Батыстың арасында байланыстырушы рөл атқарды. Көптеген елдердің басшылары Алтын Ордамен дипломатиялық қатынастар орнатуға әрекеттенді. Жошы ұлысының астанасы Сарайға Мысырдан, Румнан, Мәуереннахрдан, Еуропа мемлекеттерінен шетелдік көпестер мен

елшілер жол тартты. Алтын Орданың ірі қалалары Сарай, Бұлғар, Қажы-Тархан, Сарайшық, Үргеніш, Сығанақ қалалары болды. Бүкіл Еуразияның көпестері көшелері мен керуен-сарайлары кең, саудаға қолайлы аталған қалаларға көптеп келген.

**Алтын Орданың Таяу Шығыс мемлекеттерімен қатынастары.** Алтын Орда Риммен, Византиямен және Мысырмен дипломатиялық



қатынастар орнатты. 1245 жылы IV Иннокентий папа Алтын Ордаға франциск монахы Пано Карпиниді жіберді. Кресшілер оларды өздеріне Мысырдағы мамлюктер мемлекетіне қарсы одақтас жасауға әрекеттенді. Византия да Алтын Орданы тиімді одақтас ретінде есептеді. Төртінші крест жорығынан кейін Византия империясының екі бөлігі: Никея және Трапезунт империялары қалды. Берке мен мамлюктердің қолдауымен Византия императоры VIII Михаил Палелогқа латындықтарды Константинопольден қуып шығудың және Византия империясын қалпына келтірудің сәті түсті.

Алтын Орданың Мысырмен (Египет) қарым-қатынастары ерекше назар аударуға тұрарлық. 1258 жылы Хулагу хан Бағдадты басып алып, Аббастар халифатын күйретті. Кейін Хулагу әскері Сирияға баса-көктеп кірді. Тек ұлы хан Мөңкенің өлімі туралы хабар ғана Хулагуды Мысырға жорық жасаудан бас тартуға мәжбүр етті. Хулагудан қауіптенген Мысыр сұлтаны Бейбарыс (шығу тегі қыпшақ) Беркемен одақтасуды қарастыра бастады. Мамлюк сұлтанының дипломатиясы Алтын Ордамен, өзінің қыпшақтық отанымен бейбітшілік орнатуға бағытталған еді. Сондай-ақ ол Оңтүстік Кавказ үшін моңғолдық мемлекеттердің өзара соғысуына мүдделі болды; өйткені бұл Хулагудың назарын Мысыр бағытындағы басқыншылығынан басқа жаққа аударған болар еді.

Бейбарыс сұлтанның Беркеге жазған хаты Алтын Орда мен Мысырдың арасындағы дипломатиялық хат алмасудың бастамасы болды және онда Беркеге исламды қабылдауға ұсыныс жасалды. Беркенің исламды қабылдауы екі мемлекетті жақындатты, бұл кезде Хулагу Тәңірге табынушы болып қалды. Бұған қоса, Алтын Орда мамлюктердің әскери тобын нығайтуға мүмкіндік жасап, Мысырға құлдарды көптеп жіберіп отырды. Алтын Орда билеушілері Мысырға алтын, шапандар, қару-



Сарай-Бату қаласының жаңғыртпасы. Ресей

жарақ, аңшы құстар, жылқылар жіберді. Жауап ретінде олар қымбат сыйлықтар алды. Алтын Орданың бұдан кейінгі билеушілері кезінде де Мысырмен достық қарым-қатынастар сақталды. Тек 1320 жылы ғана Алтын Орда мен Мысыр арасындағы қатынастарда салқындық басталды.

**Алтын Орда мен Хулагу мемлекетінің арасындағы қатынастар.** Алтын Орда өзі өмір сүрген уақытының бәрінде дерлік келесі бір моңғолдық мемлекет – Хулагу ұрпақтары билеген Иранмен әскери қақтығысқа түсті. Оңтүстік Кавказдағы үстемдік үшін соғысты Берке бастады. Хулагудың соңғы аббас халифін өлім жазасына кесуі соғыстың басталуына түрткі болды. Негізгі талас Батыс пен Шығыстың арасындағы сауда жолдары түйісетін, орталығы Тебриз болған Әзірбайжан еді. Соғыс Шыңғыс хан ұрпақтарының өздерінде, олардың замандастарын да қатты өкіндірсе де, Беркенің Дербент түбіндегі жеңісі Жошы ұлысы қуаттылығының дәлелі болды. Оңтүстік Кавказ үшін Шыңғыс хан ұрпақтарының екі ұлысының арасындағы соғыс одан кейінгі жылдары да жалғасты.

Алтын Орда ішкі тартыстармен айналысқан кезде, оның Оңтүстік Кавказға қысым жасауы әлсіреді. Алтын Ордада жеке дара билік нығайған кезде (Тоқта, Өзбек хан), оның Оңтүстік Кавказға таласы қайта жанданды. Әбу Саид ильханның өлімінен кейін Хулагулар мемлекеті өмір сүруін тоқтатты. Жәнібек хан және одан кейін Тоқтамыс хан Әзірбайжанды уақытша қосып алды. Алайда Темірдің араласуы Тоқтамыстың Әзірбайжанды ұстап қалуына кедергі жасады.

**Жошы ұлысы және орыс князьдіктері.** Моңғолдардың орыстармен алғашқы қақтығысы 1223 жылы Қалқада өтті. Бұл кезде орыс-қыпшақ әскері моңғол әскербасылары Жебе мен Сүбедейден жеңіліс тапты. 1237 жылдың соңында Солтүстік-Шығыс Русь Орталық Еуропаға бағыт алған Бату әскерінің жолында болды. Орыс қалаларын ту сыртында қалдырмау үшін, моңғолдар Рязань, Владимир, Коломна, Мәскеу және басқа да орыс қалаларын бағындырды. Тек Ұлы Новгород қана қиратылмай қалды, оған Бату жүз шақырымдай жетпеді. Жанталаса қарсылық көрсеткен Козельскіні қоршау моңғолдарды жеті аптаға бөгеді. Өз жолында моңғолдар Оңтүстік Русь князьдіктері – Киев, Чернигов, Галичті өртеп, қаңыратып кетті. Кейін Бату Еуропаға жорығын жалғастырды.

Бату шапқыншылығы Русьті әлсіретті: өте көп адам қырылды немесе құлдыққа айдап әкетілді, сатылды. Жаңа адам шығынын болдырмау үшін князь Александр Невский Русь пен Алтын Орданың арасындағы қатынастарды дипломатия арнасына бұрды. 1240 жылы Алтын Орда тарапынан Солтүстік-Шығыс Руське бірде-бір жорық жасалмауы Александр Невскийдің күш-жігері бекер кетпегенін көрсетеді. Орыс князьдері Еділдегі хан ордасына сапар шеге бастады. Олардың

кейбіреуі, тіпті Қарақорымдағы ұлы ханның ордасында да болып қайтты. Орыстардың ұлы князін бекіту Сарайда жүргізілді, бұл жерге басқа жерлердің князьдері де сапар шекті. Бұл кезде орыс мемлекеті түбегейлі қиратылмады. Русь қалалары өз дамуын жалғастыра берді, князьдіктің басты атрибуттары, оның ішінде *халық жиналысы – вече* де сақталды.

Русьтің моңғолдарға вассалдық тәуелділігі оларды алым-салық төлеуге мәжбүрледі. Ол екі жүз жылдан астам уақыт бойы орыс-орда қатынастарының негізгі сипатына айналды. Салықтардың жиналуын бақылайтын *басқақ* лауазымы енгізілді. Басқақтың басқаруында үлкен әскер болған жоқ, ол тек хандық биліктің беделіне ғана сүйенді. Орыс халқы басқақтық жүйеге қарсы шықты. Нәтижесінде XIV ғасырдың басында орыс князьдері салықтарды өздері жинай бастады.

Моңғолдар Руське кейде шапқыншылық жасап та тұрды. Шапқыншылықтардың себептері князьдердің бағынбауы мен бүліктер болды. XIII–XIV ғасырларда Ростов, Суздаль, Ярославль, Владимир, Углич және т.б. қалаларда Алтын Ордаға қарсы көтерілістер орын алды. Моңғолдар кезінде ескі қала орталықтары – Владимир, Суздаль, Ростов, Переяславль құлдырап кеткенімен, Мәскеу, Тверь, Нижний Новгород сияқты жаңа қалалар бой көтерді. Орыс князьдерінің өзара соғыстары да жалғасып, олар кейде алтынордалық әскерлердің көмегіне жүгінген.

Өзбек ханның кезінде Алтын Орданың Руське көзқарасы неғұрлым қатал бола түсті. Оның тұсында Руське әскердің қолдауымен Өзбек ханның тоғыз «елшілігі» барып қайтты. Көптеген орыс қалалары мен аймақтары ойрандалды. XIV ғасырдың екінші жартысында Русь пен Орданың арасындағы қатынастар өзгерді. Енді орыс князьдері Орда аумағына жорықтар жасай бастады. Князь Дмитрий Донской кезінде Русьті тәуелділіктен азат ету басталды. 1380 жылы Куликово даласында Дмитрий Донскойдың әскері Мамай әскерін жеңіліске ұшыратты. Алайда 1382 жылы Тоқтамыс тұтқиылдан жасалған соққымен Мәскеуді алып, Алтын Орданың Русьтегі билігін қалпына келтірді. XV ғасырда Мәскеу Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған мемлекеттерге бағыныштылығын жалғастыра берді. Тек 1480 жылы ғана Угра өзеніндегі қарсы тұрудың нәтижесінде Русьтің Алтын Ордаға тәуелділігі тоқтады.

**Назар аударыңдар!** Алтын Орда орыс князьдіктерімен тұрақты сыртқы саяси қатынастар жасаған алғашқы азиялық мемлекет болды. XIII ғасырда моңғолдар Русьті жеңгеннен кейін Русьтің назары Батыстан Шығысқа ауысты.

**Жошы ұлысы еуразиялық держава ретінде.** Моңғол басқыншылығы мен Жошы ұлысы (Алтын Орда) сияқты ірі Еуразия мемлекетінің пайда болуы Батыс пен Шығысты жақындастырды. Алтын Орданың



Басқақтар. Суретші С.Иванов

гүлденуі Батыс Еуропадағы дағдарыспен, сол жердегі инквизицияның орнығуымен тұспа-тұс келді. Алтын Орда дінге аса еркіндік беруімен ерекшеленді. Хандар орыс православиелік шіркеуін қолдады (ол салықтан босатылды; барлық орыс шіркеуінің жартысы моңғолдар дәуірінде пайда болды). Мұсылман мәдениеті, араб-парсы кітаптары кең таралды. Жошы ұлысының ислам позициялары күшті болған облыстары (Хорезм, Еділ бұлғарлары) мұсылман мәдениетінің орталықтарына айналды. Алтын Орда халықаралық сауданың, оның ішінде Ұлы Жібек жолының дамуында маңызды рөл атқарды.

**Жошы ұлысының дағдарысы.** XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орданың шегараларды ұстап тұратын күші болмады және шеткі ұлыстарын жоғалта бастады. Мамай бір мезгілде Тоқтамысқа, орыс князьдеріне және Қырымдағы венециялықтарға қарсы тұрды. Ұлысқа билігін сақтау үшін Мамай Генуя мен Ұлы Литва князьдігін өзіне тартуға тырысты. Алайда 1380 жылы Мамайдың негізгі күшін орыстар Куликово даласында талқандады, ал оның әскері Тоқтамысты заңды хан деп таныды. Мамайдың өзі қаза тапты. Тоқтамыс өзінің Темірмен қатынасын шиеленістіре отырып, Әзірбайжан мен Хорезмге жорықтар жасады. Ол Русь және Литвамен қатынастарын ретке келтірді. Темірге қарсы Мысыр сұлтаны мен Моғолстан ханы қосылған халықаралық одақ құруға әрекеттенді. Тоқтамыстың 1395 жылғы жеңілісі Алтын Орданың ыдырауын тездеткен оқиға болды.

Жошы ұлысының Еуразиялық держава ретінде дамуы төрт фактордың әсерінен тоқтады. Олар: Алтын Ордадағы биліктің ішкі дағдарысы; Юань әулетінің жойылуына байланысты Ұлы Жібек

жолындағы сауданың бәсеңдеуі; XIV ғасырдың соңғы ширегінде Даладағы экономикалық дағдарыс (малдың жаппай қырылуы мен аштық); Тоқтамыстың Темірден жеңілуі және алтынордалық қалалардың қиратылуы.

**Қорытынды.** Моңғолдардың жаулап алуы Шығыс пен Батысты жақындастырды және моңғол хандарын еуразиялық геосаяси үдеріске қатыстырды. Бірқатар еуропалық мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар орнатқан Жошы ұлысы (Алтын Орда) ерекше жағдайда болды. Бағындырылған орыс жерлерін вассалдық тәуелділікте ұстап тұру қажеттігі ордалық хандардан күштеу әдістерін ғана емес, сондай-ақ дипломатиялық күш-жігерді, икемді діни саясатты талап етті. Бұл ақыр соңында Еуразиядағы интеграциялық үдерістерге (Ресейдің еуразиялық держава ретінде дамуына) әкелді.

#### **Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Жошы ұлысының құрылуы Азия мен Еуропаны қалай жақындатты?
2. Бейбарыс сұлтан неліктен Алтын Ордамен одаққа мүдделі болды?
3. Алтын Орда мен Ирандағы Шыңғыс хан ұрпақтарының арасындағы соғыстың басталу себептері неде?
4. Моңғол жаулап алуының Русь үшін қандай ауыр салдары болды? Русьтің Ордаға тәуелділігі неден көрінді?
5. Шетелдік көпестер Алтын Орда қалаларына келуге неліктен ынталы болды?
6. Орда мен Русьтің қатынастарындағы бетбұрысты кезең қашан басталды?

#### **Күрделі тапсырмалар.**

1. Қалай ойлайсындар, Жошы ұлысы өз аумағына орыс жерлерінің қосылуына неліктен мүдделі болмады?
2. Еуразиялық держава ретінде Жошы ұлысын қандай факторлар дағдарысқа әкелді?

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ – ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

### § 35. Қазақ хандығының құрылуы – тарихи үдерістердің заңды нәтижесі

#### Бүгінгі сабақта:

- Ақ Орда мен Көк Орда;
- алғашқы Қазақ мемлекеттері;
- Түркістан қалалары үшін күрес;
- Қазақ хандығы құрылуының себептері туралы білеміз.

#### Кілт сөздер:

- Ақ Орда
- Көк Орда
- Әбілхайыр хандығы
- Сырдария бойындағы қалалар
- Моғолстан
- Қазақ хандығы
- этникалық аумақ
- мемлекеттік аумақ
- Қазақ мемлекеті

Жошы ұлысының шығыс бөлігінде Орда Ежен ұрпақтарының ұлысы бөлектене бастағаны айтылды. Осы Орда Ежен ұлысы *Ақ Орда* деп аталды.

«**Ақ Орда**» ұғымы. Ұлы Даланың батыс бөлігін жаулап алғаннан кейін, Бату Еділ жағалауына қоныс аударды. Жайық өзені Орда Ежен мен Бату ұлыстарының арасындағы шегараға айналды. Батыс Қазақстанда Батудың кіші інісі Шайбан қалып, ол шайбанилердің жеке ұлысының негізін қалады. Бұл ұлыс *Көк Орда* деп аталды. XIV ғасырдың екінші жартысында шайбанилер Алтын Ордадағы билікті басып алып, оған өз ұлысының атын (Көк Орда) берді. Бұл дереккөздерде бірқатар шатасуларды туындатты. 1370 жылдарының қарсаңында олардың бұрынғы ұлысы Орда Ежен ұрпағы Орыс ханның Ақ Ордасына қосылды.

Ақ Орда Жошы ұлысының шығыс қанаты ретінде. Алтынордалық билеушілер алғашында Ақ Орданың істеріне араласқан жоқ. Ол іс жүзінде тәуелсіз болды.

Орыс хан тұсында Ақ Орда күшейіп, Жошы әулетінің сол қанаты тиесілі барлық жерді біріктірді. Ол Ақ Ордаға Сырдария бойындағы қалаларды, әсіресе астаналық қала Сығанақты қайтарды.

Кейін ол шайбанилердің бұрынғы Көк Ордасын – Батыс Қазақстанды қосып алды. 1375–1376 жылдары Орыс хан алтынордалық Сарайшық, Қажы-Тархан мен Сарай қалаларын басып алды және ол жерде өз ақшасын шығара бастады.



Ақ Орда мемлекетінің аумағы

**Назар аударыңдар!** Орыс хан біріктірген орасан аумақ – қазақтардың этникалық аумағы және болашақ Қазақ хандығының мемлекеттік аумағы (әлі де болса Шағатайлардың билігінде болған Жетісуды қоспағанда). Сондықтан Орыс ханның Ақ Ордасы бірінші қазақ мемлекеті болып есептеледі.

Орыс ханның өлімінен кейін Тоқтамыс бүкіл Жошы ұлысын өз қол астына біріктірді. Орыс ханның ұрпақтары Ақ Ордадағы өз билігін қалпына келтіру үшін күресе бастады. Далалық тайпалардың бір бөлігі оларды, екінші бөлігі Тоқтамысты, кейін шайбанилерді қолдады. Орыс ханның ұрпағы Бараққа Шығыс Дешті Қыпшақты бес-алты жылға біріктірудің сәті түсті. Бірақ 1428 жылы оның өлімінен кейін Ақ Орда ыдырап кетті. Оның көп бөлігіне шайбанилік Әбілхайыр хан өз билігін жүргізді.

**Әбілхайыр хандығы.** Әбілхайыр хан сайланған кезде, жасы бар-жоғы он жетіде еді. Оны көптеген далалық тайпалардың басшылары қолдады. Алайда даладағы өзара соғыстар ол билік жүргізген барлық қырық жылдың ішінде де тоқтаған жоқ және Шығыс Дешті Қыпшақтың аумағы бытыраңқы болып қала берді. Әбілхайыр ханға билік үшін басқа шайбанилермен және Жошы ұрпақтарымен күресуге тура келді.

Оңтүстік аймақтарды бағындыру одан да көп күш-жігер жұмсауды талап етті.

Орыс ханның ұрпақтары Жәнібек және Керей сұлтандар орналасқан Ақ Орданың оңтүстік бөлігінде Әбілхайыр хан жиырма жыл бойы алға жылжи алмады. Олар осы аумақ билігін Барақтан мұрагерлікке алған еді және Әбілхайырмен күресте Сырдария бойындағы билеушілердің одақтастары болды. Әбілхайыр ханның оңтүстікке қарай жылжуы Жәнібек пен Керейдің және Қаратау ауданында көшіп-қонып жүрген олардың қол астындағы тайпалардың мүдделеріне қайшы келді.

**Әбілхайыр хандығының мемлекеттік аумағы.** Әбілхайыр қырық жыл билік еткен кезеңде Шығыс Дешті Қыпшақ өзгерістерге ұшырады. Билігінің соңына қарай Батыс Сібірдің оңтүстігінен Сырдарияның оң жағалауы мен Қаратаудың етегіне дейінгі жерді Сығанақ, Үзгенд, Ақ Қорған, Созақ қалаларымен бірге ұстап тұрды. Сондай-ақ Жайықтан Ертіске және Балқаштың солтүстік жағалауына дейінгі жерлер, яғни өзбек-қазақтардың этникалық аумағы оған қарасты болды. Әбілхайыр хан мемлекетін кейде *Өзбек ұлысы*, *Әбілхайыр ұлысы* немесе *Көшпелі өзбектер мемлекеті* деп те атайды. *Әбілхайыр хандығы* атауы неғұрлым дұрыстауы саналады, өйткені «өзбек» ұғымы далалық тайпаларға қатысты әлі де болса этникалық ұғым бола қойған жоқ еді.

1456–1457 жылдары ойраттардан жеңіліске ұшыраған Әбілхайыр Дешті Қыпшаққа кетуге мәжбүр болды. 1468 жылы Әбілхайыр хан қайтыс болды. Қазақ хандығының құрылуымен Шығыс Дешті Қыпшақта шайбанилердің билік жүргізуі тоқтады.

**Назар аударыңдар!** Әбілхайыр мемлекеті қазақ мемлекеттілігінің саяси тарихында маңызды рөл атқарды. Ақ Ордамен қатар Әбілхайыр хандығы Қазақ хандығының құрылуына қатысқан мемлекеттің бірі болып табылады.

**Моғолстан.** Моғолстан – XIV ғасырдың ортасында Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде құрылған мемлекет. Моғолстан құрамына Жетісу, Қырғызстан мен Шығыс Түркістан (Қашқария) аумағы енді. Мемлекеттің негізін *дулат* тайпасы иеленген Маңлай-Сүбе аумағы құрады. 1347 жылы дулаттардың әмірі Полатшы шағатайлық Тоғлұқ Темірді таққа отырғызған соң, ол жаңа әулеттің негізін қалады. Моғолстанда көшпелі тұрмыс сақталды. Бұл жерге отырықшылыққа көшкісі келмеген көптеген тайпалар көшіп келді. Бұл тайпалардың елеулі бөлігі кейіннен Ұлы жүз қазақтарының, сондай-ақ қырғыздар мен ұйғырлардың құрамына кірді.

Моғолстанның саяси тарихы соғыстар мен өзара қырқыстарға толы болды. Мысалы, 1370–1380 жылдары Моғолстан әмір Темірдің шабуылына ұшырады. Моғолстанның басты сыртқы жауы одан солтүстікке және Әбілхайыр хандығынан шығысқа қарай өз мемлекетін құрған



батыс моңғолдық көшпелілер – ойраттар (жоңғарлар) болды. 1452–1457 жылдары, Есен Бұға хан билігі кезінде, ойраттар Моғолстан мен Сырдария бойындағы қалаларға шапқыншылық жасады. Сондай-ақ олар Әбілхайыр ханды Сығанақ түбінде жеңіліске ұшыратты. 1462 жылы Моғолстан Шығыс және Батыс Моғолстанға бөлініп кетті.

**Қазақ хандығының құрылу себептері.** XV ғасырдың ортасында қалыптасып келе жатқан қазақ этносының әртүрлі бөліктері үш мемлекетте – Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасы және Моғолстанда болды. Қазақ тайпаларын бір мемлекетке біріктіру ісі Орыс ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керейдің үлесіне тиді.

**Назар аударыңдар!** Сырттай қарағанда Орыс хан ұрпақтарының шайбанилермен күресі «мұралық иелік» (Шығыс Дешті Қыпшақ) үшін күрес болып көрінгенімен, шын мәнінде, қазақтардың дербес мемлекет құруға ұмтылысын көрсетті.

1440–1450 жылдары көптеген қазақ ру-тайпалары Қазақстанның оңтүстік бөлігінде – Жәнібек пен Керейдің айналасына топтасты. Бұл жерде осыған дейін Жәнібектің әкесі Барақ ханның күшті билігі болған еді. Әбілхайыр хан билік үшін Жошы ұрпақтарымен күрес жүргізіп жатқан кезде, Жәнібек пен Керей өздерінің қол астындағы тайпаларды мықты тәртіппен басқарды. Олармен өзара қырқыстың тоқтауын және сауданың дамуын қалаған Сырдария бойындағы қалалардың ақсүйектері де байланыста болды. Жәнібек пен Керейдің билігіндегі



Моғолстан мемлекетінің аумағы

қазақ тайпаларына өз билеушілерінің Әбілхайырмен жауласуы оңай тиген жоқ. Өйткені осыған байланысты жаз мезгілінде Қазақстанның солтүстігіне көше алмады. Өз кезегінде Әбілхайырдың қол астындағы тайпалардың Сырдария бойындағы аудандарсыз қалуы қиыншылықтар тудырды. Қазақ тайпаларының табиғи көші-қон бағыттары бойындағы аумақтарды иеленуге ұмтылуы олардың мемлекет құруға ұмтылысын тудырды. Бұл Жәнібек пен Керейдің Жетісуға көшуі мен қазақ жерлерін біріктіру үшін күресінің аса маңызды себептерінің бірі болды.

**Назар аударыңдар!** Қазақ хандығының құрылуының аса маңызды себептері көшпелі тайпалардың біртұтас жайылымдық аумақты қажетсінуі, сондай-ақ аяқталып келе жатқан қазақ этносының қалыптасу үдерісі болды. Жошы ұрпақтарының билік үшін әулеттік күресі тек қосымша фактор ғана болды.

**Жәнібек пен Керейдің Жетісуға көшуі. Қазақ хандығының құрылуы.** 1450 жылдардың соңында Жәнібек пен Керей өздерінің қол астындағы халықпен бірге Жетісудың батысына, Моғолстан ханының иелігіне



Керей хан

көшті. Көп ұзамай олар өздерінің саяси дербестігін бекітті. 1468 жылы Әбілхайыр ханның өлімінен кейін Жәнібек пен Керей бұрынғы Әбілхайыр хандығындағы билікті қайтарып алып, қазақ тайпаларының этникалық аумағын біріктірді. Сол тұста оларды қазақтардың билеушілері деп атай бастады. Қазақ хандығындағы алғашқы хандық лауазымды иеленген Керей хан болды.



Жәнібек хан

**Қорытынды.** Жошы ұлысының құрамынан Шығыс Дешті Қыпшақтың бөлінуі салдарынан қазақтардың этникалық және Қазақ хандығының мемлекеттік аумағы қалыптасты. Ақ Орда алғашқы қазақ мемлекеті болды. Моңғол мемлекеттерінің ыдырау дәуіріндегі үш мемлекеттің (Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы және Моғолстан) арасындағы оқиғалар сабақтастығы Қазақ хандығының құрылуына әкелді. Өзінің негізінде түркі-моңғол үлгісіндегі көшпелілер мемлекетінің белгілерін сақтай отырып, қазақ мемлекеті қалалық және отырықшы-егіншілік мәдениет орталықтарын иеленуге ұмтылды. Бір мемлекеттің құрамына климаты мен ландшафтысы әртүрлі аймақтарды біріктіру далалық тайпалардың көшіп-қону аймақтарының кеңеюіне және көшу бағыттарының өзгеруіне мүмкіндік жасады. Нәтижесінде жүздердің құры-

луына әкелді. Қазақ хандығының құрылуы этникалық және саяси үдерістердің заңды нәтижесі болды.

**Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Орыс ханның ел басқарудағы тарихи маңызы неде?
2. Қазақ хандығының құрылуына негіз болған мемлекеттерді атаңдар.
3. Қазақстан тарихы үшін далалық хандардың Сырдария бойындағы қалалар үшін күресінің қандай маңызы болды?
4. Қалай ойлайсыңдар, Моғолстан неліктен бұлай аталды? Моғолстанның сыртқы жауларын атаңдар.
5. Қазақ хандығының құрылуының негізгі екі себебін атаңдар.

**Картамен жұмыс.**

Картадан Ақ Орда, Көк Орда, Сырдария бойындағы қалалар аумағы (Түркістан), Әбілхайыр хандығы, Моғолстан мен Темір мемлекетін көрсетіңдер.

**Күрделі тапсырмалар.**

1. Қазақ хандығының құрылуына: а) Жошы ұрпақтары Жәнібек пен Керей; ә) қазақ тайпалары; б) Сырдария бойындағы қалалар; в) Моғолстан хандары неліктен мүдделі болды?
2. Ақ Орда – Әбілхайыр хандығы – Қазақ хандығы сабақтастығын неден көресіңдер? Ақ Орда мен Әбілхайыр хандығының ұқсастығы мен айырмашылығы қандай?

## § 36. Қазақ хандарының Қазақ хандығын құру мен нығайтудағы рөлі

**Бүгінгі сабақта:**

- Қасым хан кезіндегі Қазақ хандығының гүлденуін;
- қазақтардың Мәуереннахр шайбанилерімен соғыстарын;
- Хақназар және Тәуекел хан кезіндегі Қазақ хандығын;
- хандардың Қазақ хандығын нығайтудағы күресін;
- Қазақ хандығының қазақтардың тарихи тағдыры үшін маңызын қарастырамыз.

**Бұрындық хан (1480–1511 жж.).** Керей ханның ұлы Бұрындық хан өз аумағын кеңейту үшін көп күш жұмсады. Оған Әбілхайыр ханның ұрпағы Мұхаммед Шайбани ханмен күресуге тура келді. 1495 жылы Бұрындық хан Орталық Қазақстанға билігін орнатты. Ол билік еткен соңғы жылдары Қазақ хандығының шегаралары Жайық өзеніне дейін жетті. XV ғасырдың соңында Моғолстанның ыдырауы және Жетісу қазақтарының Бұрындық ханның билігін мойындауы қазақ тайпаларының бір мемлекетке бірігуіне ықпал етті.

**Назар аударыңдар!** Бұрындық хан қазақ хандарының билігін болашақ Кіші және Ұлы жүз жерлеріне таратты.

**Көшпелі өзбектердің Дешті Қыпшақтан кетуі және Шайбанилер мемлекетінің құрылуы.** Орда Ежен ұрпақтары шайбанилердің Шығыс

**Кілт сөздер:**

- Қазақ хандығы
- этникалық аумақ
- шайбанилер
- Бұхара хандығы
- Ноғай Ордасы
- Сырдария бойындағы қалалар
- өзара қырқысу соғыстары
- егемендік
- құқықтық жинақ

Дешті Қыпшақта билік жүргізуіне мүмкіндік бермейтінін көріп, XVI ғасырдың басында Мұхаммед Шайбани хан өзінің қол астындағы тайпаларды Мәуереннахрға алып кетті. Олар өздерімен бірге «өзбек» этнонимін ала кетті. Бұл ұғым бұдан былай қазақтарға қатысты қолданылмайтын болды. Дарынды қолбасшы Шайбани хан Мәуереннахрды жаулап алып, оны Темір мен Шағатай ұрпақтарының соңғы өкілдерімен (олардың ішінде Захир ад-Дин Мұхаммед Бабыр да бар), сондай-ақ Иран сефевилерімен болған күресте қорғап қалды. Мәуереннахрда Шайбани әулеті басқарған жаңа мемлекет пайда болды. Шайбанилердің астанасы Бұхара болды, сондықтан бұл мемлекетті *Бұхара хандығы* деп атады.

Мәуереннахрға келген далалық тайпалар отырықшылыққа көше бастады және құрылып келе жатқан өзбек этносының құрамына енді.

**Қасым хан (1511–1518 жж. немесе 1523 ж.).** XVI ғасырдың бас кезінде қазақ-өзбек соғыстары тұтанды. Табыстарына қанаттанған Шайбани хан шайбанилердің Ұлы Далаға уақытша жүргізген билігін қайтаруды армандады. Шайбани ханмен болған шайқастарда Жәнібек ханның ұлы Қасым сұлтан көзге түсті. Әбден қартайған Бұрындық хан аға хан болып есептелсе де, Қасым сұлтан үлкен беделге ие болды. Ақсүйектер сұлтанды қолдады, өйткені ол мықты қолбасшы ретінде танылған еді.

**Назар аударыңдар!** Қасым хан Сырдария бойындағы қалаларда билігін орнатты. Бұл қазақтардың оңтүстіктегі этникалық аумағын қалыптастыруына әкелді.

1509–1510 жылдары, қыста Шайбани хан Қасым ханның қоныстарына жорық жасады, тіпті оның Ұлытаудағы ордасын тонады. Бірақ



Қасым хан

Қасым хан әскер жинап, өзбектерді талқандады. 1510 жылы Шайбани ханның сефевилермен соғыста қаза болуына байланысты Мәуереннахрдың әлсіреуі Қасым ханға Сырдария бойындағы қалаларды, оның ішінде оңтүстіктегі ең шеткі Сайрамды қоса қайтаруына мүмкіндік берді.

1511 жылы Шайбани ханды жеңгеннен кейін Қасым сұлтан ақ киізбен көтеріліп, бүкіл қазақтың ханы болып танылды. Бұрындық хан Ұлы Даладан кетті. Ол Самарқандта қайтыс болды. Қасым хан Дешті Қыпшақтың толыққанды билеушісіне айналды.

Қасым ханның кезінде Қазақ хандығының күшеюі шайбани сұлтандарының тағы да бір тобын өз қол астындағы тайпаларымен Дешті Қыпшақтан кетуіне мәжбүр етті. Шайбанилер Елбарыс пен Белбарыс Хорезмді басып алып, сол жерде *Хиуа хандығын* құрады. Осылайша Орта Азияда шайбанилер басқарған екі жаңа мемлекет құрылды. Олар Хорезмде XVIII ғасырдың ортасына дейін билік жүргізді.

1519–1520 жылдардағы әскери жорықтар кезінде Қасым хан ноғайларды бірнеше рет жеңіліске ұшыратып, Қазақ хандығын Еділ жағалауларына дейін кеңейтті. Ноғай-башқұрт ұлыстарының бір бөлігі хандықтың құрамына кірді. Енді бір миллионнан астам көшпелілер Қасым ханды мойындады. Мемлекетті нығайту мақсатында Қасым хан «Қасым ханның қасқа жолы» атты белгілі заңдар жинағын қабылдады.



«Жеті хан» мемориалдық кешені. Қасым ханның жерленген жері. Атырау облысы

**Назар аударыңдар!** Қасым хан билігінің нәтижесінде қазақ халқы өз этникалық аумағы шеңберінде топтасты. Қасым ханның кезінде Қазақ хандығы толықтай тәуелсіз және егемен мемлекет болды.

**Аласапыран және өзара қырқыстар дәуірі.** Қасым ханның өлімінен кейін Қазақ хандығында алаауыздық басталды. Қазақ хандығының күдіреттілігі қайтып, өз жерлерінен айырыла бастады. Қазақтардың қолында тек Жетісу мен оларға қосылған қырғыздар ғана қалды. 1537 жылы Моғулия ханы Бұхара билеушісімен одақтасып, қазақ-қырғыз әскерін ауыр жеңіліске ұшыратты. Бұл туралы «Тарих-и Рашидидің» авторы Мұхаммед Хайдар Дулати: «Бұдан кейін қазақтар жоғалып кетті», – деп жазды.

**Назар аударыңдар!** 1520–1540 жылдардағы кезең қазақтар үшін ауыр сынақ уақыты болды. Өзара шайқастар мен соғыстарда көптеген адам қырылып, этникалық аумақтың маңызды бөліктерін жоғалтты. Солай болғанымен де, қазақ мемлекеттілігінің негізі ретінде Қазақ хандығы сақталды.

**Хақназар хан билігі кезіндегі Қазақ хандығының қайта өрлеуі (1538–1580 жж.).** 1550 жылдардың басында, Қасым ханның ұлы Хақназар ханның кезінде Қазақ хандығы қайта өрлей бастады. Аласапыран жылдары Хақназар билік үшін күреске қатысуға тым жас болған еді. Ол өз ұлысында, батыстағы ноғайлардың қамқорлығында болды. 1549 жылы ол түрікмендермен болған шайқаста көзге түсті. 1555 жылы моғолдардың қазақтар мен қырғыздардың қыстауларына



Хақназар хан

жасаған шапқыншылығын тойтара отырып, моғол ханының баласын жеңді. Баласы үшін кек алу мақсатында моғол ханы Хақназарға таңдаулы әскерін жіберіп, оны жеңіліске ұшыратты. Бірақ Хақназар өз күшін жылдам қалпына келтірді.

Хақназар ханның билік жүргізуі отыз жылдан астам уақытқа созылды. Бұл уақытта мемлекет өмірінде өрлеу байқалды. Ол ұлыстық жүйені жүздік жүйемен алмастырды. Хақназарға белгілі бір уақытқа батыс жерлерін қайтарудың, Сібір хандығының есебінен солтүстіктегі өз иеліктерін кеңейтудің, 1579 жылы Мәуереннахрдың билеушісімен одақтық шарт жасасудың сәті түсті.

Хақназардың кезінде Қазан (1552 ж.) және Астрахань (1556 ж.) хандықтарын талқандағаннан кейін, Сібірді бағындыруға бағытталған Орыс патшалығымен сауда қатынастарын орнату жүзеге асырылды.

**Тәуекел хан (1583 жылдан кейін).** Хақназардан кейін Бұхара ханы қолдауымен Шығай (1580–1582 жж.) хан болды. Оның билігін Тәуекел мұрагерлікке алды. Оның кезінде біраз уақыт Бұхараға вассалдық тәуелділік сақталды. Бірақ 1583 жылдың бас кезінде Тәуекел хан Дешті Қыпшаққа кетіп, дербес билік жүргізе бастады.

Далаға келген Тәуекел хан қазақ сұлтандарын біріктірді және Бұхара ханымен Ташкент пен Сырдария бойындағы қалалар үшін күресті бастады. 1598–1599 жылдары Бұхара хандығында саяси дағдарыс басталған кезде, Тәуекел хан Сырдария бойындағы қалалар, Ташкент, Ферғана мен Самарқандты алды және Бұхараға қарай жылжыды. Бұл жерде ол жеңіліске ұшырады және ауыр жараланды. Қазақ және Бұхара хандықтарының арасында бітім жасалды. Қазақ хандығы Ташкентті, сондай-ақ Сырдария бойындағы қалаларды өзінде сақтап қалды. Бұл облыстардың Қазақ хандығының құрамына енуінің үлкен тарихи маңызы болды. Қазақ мемлекеттілігі нығайып, қазақтардың билігі Ташкент, Түркістан мен Әндіжанға таралды.

Сол тұста Қазақ хандығының солтүстік пен солтүстік-батыстағы жағдайлары күрт әлсіреді. XVI ғасырдың соңында Сарысудан солтүстікке және Аралдан солтүстік-шығысқа қарай қазақ далаларын ноғайлар басып алды. Бұған қоса, орыстар келгеннен кейін қазақтарды Далаға ағылған башқұрттар мен Сібір татарлары ығыстырды. Бұхара ханы II Абдаллах Сібір ханы Көшіммен одақтас еді. Бұл екі хан бірігіп, Қазақ хандығына қарсы әрекет етті. Сондықтан 1594–1595 жылдардағы Мәскеу өкіметімен келіссөздерде Тәуекел хан Орыс патшалығымен әскери одақ жасауға ұмтылды.

**Есім хан (1598–1628 жж.) және Тұрсын хан (1613–1628 жж.) кезіндегі Қазақ хандығы.** Шайбанилерден (1500–1598 жж.) кейін Мәуереннахрда

бір жарым ғасырдан астам уақыт бойы Аштархан ұрпақтары билік жүргізді. Қазақ хандары олармен Ташкент және Сырдария бойындағы қалалар үшін тартысты.

Тәуекелдің өлімі қарсаңында қазақ сұлтандарының арасында бірнеше бәсекелес топ болды. Бұл Қазақ хандығының бөлінуіне әкеп соқты. 1598 жылы Есім сұлтан хан атағын ресми түрде мұрагерлікке алды. Ол өз астанасы етіп Түркістанды таңдады. Есім хан көптеген жыл бойы билік үшін Тұрсын сұлтанмен күрес жүргізді. 1613 жылы Аштархани Имамкули хан Тұрсын сұлтанды қазақтардың жоғарғы ханы және Ташкент билеушісі деп жариялады. Тұрсын хан (Тұрсын Мұхаммед хан) өз ақшасын соғып, негізгі салықтарды өз пайдасына ала бастады, яғни Бұхара ханының вассалы болудан қалды. Оның билігі Сырдария бойындағы бірқатар қала мен ферғаналық Әндіжанға таралды. Ол Қазан және Сібірмен сауда байланыстарын орнатты. Есім хан өзінің қол астындағы тайпалармен Жетісудың оңтүстігіне қарай кетті.



Есім хан

1620–1622 жылдары Имамкули хан мен Тұрсын ханның арасында соғыс тұтанды.

Тұрсын хан 100 мыңдай жауынгер жинады, олардың бестен бір бөлігін қырғыз тайпаларының билеушілері шығарды. Шайқастың шешуші сәтінде Имамкули хан шегініп, Қазақ хандығының егемендігін мойындады.

Қазақ хандығының бөлінуі осы аралықта тереңдей түсті. Есім ханның ойраттарға қарсы жорығын пайдаланып, Тұрсын хан оның



Есім хан кесенесі. Түркістан қаласы

ордасын қиратып, ханның отбасын тұтқынға алды. Сайрамның айналасында екі қазақ ханының әскері арасында шайқас өтіп, Тұрсын хан жеңіліске ұшырады. Кейін Есім хан Ташкент пен Түркістанды басқару құқығын иеленді. Есім хан өлімінің дәл уақыты белгісіз. Ол Түркістанға жерленген. Есім хан Қазақ хандығының бөліну кезеңінде де орасан беделді сақтап қалған, ержүрек жауынгер және дана билеуші ретінде есте қалды. Ол «Есім ханның ескі жолы» деген атау алған заңдар жинағын бекіткен.

**Қорытынды.** XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың бірінші жартысында Қазақ хандығы Ұлы Дала мен Орталық Азиядағы өте күрделі әскери-саяси жағдайдан аман шықты. Сыртқы басқыншылық пен билік үшін ішкі күреске қарамастан, қазақ мемлекеттілігі сақталды. Алғашқы қазақ хандарының есімдері тарихи дереккөздерде және халықтың тарихи жадында сақталды. Билеушілердің күш-жігер жұмсауының арқасында қазақтардың этникалық аумағы кеңейді және әртекті әскери-саяси қатерден кейін қалпына келтірілді. Осының арқасында қазақтар өз этникалық аумағы шегінде өздері үшін қолайлы көш жолдары бойынша көшіп-қону мүмкіндігін алды.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақ хандығының кеңеюі мен нығаюы қандай хандардың есімдерімен байланысты?
2. Қазақтың үш жүзінің қалыптасуы қандай ханның есімімен байланысты?
3. Қандай ханның кезінде қазақтардың бірінші құқықтық жинағы пайда болды?
4. XVI–XVII ғасырларда қандай қала Қазақ хандығының астанасына айналды?
5. Қазақ және Бұхара хандықтарының арасында қандай аймақ үшін тұрақты күрес жүрді? Бұл аймақтың қазақтар үшін маңызы неде?

#### Ізденімдік жұмыс.

«XV ғасыр мен XVII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының хандары» атты кесте жасаңдар. Кесте бағандары: хан есімі, билік еткен жылдары, аумағы мен негізгі оқиғаларын, сондай-ақ ерекше ескертпелерді қамтуы тиіс. Өздерің соңғы бағанға нені қоса алатындарыңды ойланьңдар. Аумақтарды белгілеу үшін картаны пайдаланыңдар.

#### Күрделі тапсырмалар.

1. Қалай ойлайсыңдар, Қазақ хандығының өрлеу және нығаю кезеңдері неліктен оның әлсіреу кезеңдерімен алмасып отырды? Бұл қандай факторлармен байланысты болды?
2. Саяси қалыптасу тұрғысынан алып қарағанда, Қасым хан мен Есім ханның кезінде құқықтық жинақтардың пайда болуы нені білдіреді?



## § 37-38. Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары

### Бүгінгі сабақта:

- хан және хан билігі;
- биліктің қасиеттілігі;
- сұлтандар мен билер;
- Қазақ хандығындағы билік үштігі туралы білеміз.

Қазақ мемлекеттілігі ру-тайпалық (кейін жүздік) жүйемен біріккен *аумақ, билік және халықтың* бірлігіне негізделген. Қазақ мемлекетінің идеологиясы шығу тегі мен дәстүрінің ортақтығы туралы түсінік болды. Қазақ қоғамы саяси билік институттарының – ханның, билердің, құрылтайдың, ұлыстардың көмегімен басқарылды.

**Хан және хан билігі.** Хан етіп сұлтанды – Шыңғыс ханның тікелей ұрпағын ғана жариялауға болатын. Хан сайлауда көбінесе рудың жасы үлкен ер адамы басым құқыққа ие болды. Сондықтан ханның ағасы, інісі ханның ұлдарынан үлкен болып есептелді. Алайда бұл дәстүрге өзге де себептер әсерін тигізе алатын. Тақ мұрагерлігі туралы қатаң ережелердің жоқтығынан сұлтандардың арасында билік үшін күрес жүрді және әрбір ханның өлімінен кейін Ұлы Далада аласапыран басталды.

Жаңа ханды таққа отырғызу кезінде ақ киізбен көтеру салты сақталды. Хан болып жарияланған сұлтанды ақ киізге отырғызды. Хандықтың неғұрлым ықпалды тұлғалары киізді шеттерінен ұстап, үш рет көтеріп, «Хан! Хан! Хан!» деп жариялады.

Хан өзіне жүктелген міндеттеріне орай төмендегідей орасан зор құқықтарды пайдаланды.

1. Шыңғыс хан ұрпақтарының және барлық қазақ тайпасының басшысы ретінде ханда ел аумағын басқару құқығы болды. Бұл құқықтың негізгі міндеті елді сыртқы жаулардан қорғау еді.

2. Хан соғыс жариялау және бітім жасасу құқығын иеленді. Бұл құқық оның бас қолбасшы қызметін атқаруына байланысты берілді.

3. Шетелдік мемлекеттермен келіссөздер жүргізу құқығы болды. Бұл оның мемлекеттегі сыртқы саяси бағытты белгілеу қызметіне орай берілген құқығы.

4. Хан өлім жазасына кесуге және кешірім беруге құқылы болды. Бұл оның бас төреші қызметіне орай иеленген құқығы саналады.

5. Хан заңдар мен бұйрықтар шығаруға құқылы болды. Бұл оның қоғамдық құрылысты және тәртіпті сақтау қызметінен келіп шықты.

### Кілт сөздер:

- мемлекеттілік
- этноәлеуметтік
- этноаумақтық
- жүз
- саяси құқықтар
- билік
- билік институты
- хан
- сұлтан
- билер
- батыр

Ханның айналасында кеңесшілер, әскербасылар, нөкерлер, сондай-ақ жасақ пен төлеңгіттер болды. Жасақ хан мен оның отбасын күзетуді қамтамасыз етті. Атқосшылар күнделікті тұрмыста және хан ұйымдастырып тұратын жиын-тойларға қызмет көрсетті.

**Назар аударыңдар!** Ханның орасан құқықтары оның жоғарғы билеуші, бас қолбасшы және жоғарғы төреші (сот) қызметтерінен келіп шықты.

XVII ғасырға дейін қазақ хандары Ұлы Даланы үнемі аралап жүрді және хан ордасы сол сәтте оның шатыры тігілген жерде орналасты. Хан ұлыстарды аралап жүріп, хандықтағы тәртіптің сақталуын қадағалады. Ел аралау кезінде хан істеріне қажет салық (әдетте, малмен) жиналды. Ташкент пен Түркістан хандар баратын жерге айналған кезде, олар өздеріне Бұхара және Хиуа билеушілерінің сарайларына ұқсас сарайлар салғызды.

**Аға және кіші хандар.** Бірнеше ғасыр бойы Қазақ хандығы биліктің орталықтанған және орталықсызданған кезеңдерін басынан өткерді. Біртіндеп орталықсыздану басым түсіп, хандықты бір адамның басқаруы тоқтатылды. Бұл жүздік жүйенің пайда болуымен байланысты еді. Тәуке хан билігін барлық жүз таныған Қазақ хандығының соңғы аға (ұлы) ханы болды. Кейін әрбір жүздің өз ханы сайланды. Алайда XVIII ғасырға дейін де хан билігі тек тайпалар тобына ғана таралған кезеңдер болды. Аға хандар билігі бүкіл хандыққа таралды (Қасым хан, Хақназар хан, Тәуке хан және т.б.), ал кіші хандар барлық өзге хандар болды. Әрбір кіші хан аға хан болғысы келді, сондықтан Қазақ хандығында билік үшін күрес үнемі болып тұрды.

**Хан билігінің қасиеттілігі туралы түсінік.** Беделді ханның өлімінен кейін басталатын өзара тартыстар мен сұлтандар арасындағы билік үшін күрес, сондай-ақ халық өкілдерінің өрлеуі (мысалы, шайқас кезінде батырлардың) биліктің қасиетті сипаты туралы түсініктерді жойған жоқ. Билік қазақтарда ежелгі түркілер мен моңғолдардағыдай сақталды. Шыңғыс хан ұрпақтарының билігіне ешкім таласқан жоқ. Қазақтар тәртіп пен әділеттілік негізінде билік жүргізетін ханның қасиеттілігіне сенді. Билеуші оларға ерекше құдіретті және құт қонған тұлға саналды. Құт қонған билеушіге бүкіл халықтың әл-ауқаты байланысты деп есептеді.

**Назар аударыңдар!** Қазақтардың (сондай-ақ моңғолдардың) түсініктері бойынша, хан мен бүкіл Шыңғыс хан ұрпағына ерекше дарын берілген немесе құт қонған. Қазақ қоғамындағы Шыңғыс хан ұрпақтарының ерекше жағдайы осылай түсіндіріледі.

**Сұлтандардың хандықты басқарудағы орны.** Сұлтанның басты саяси құқығы билікті мұрагерлікке алуы болды. Ол үшін Шыңғыс хан

тұқымынан шығуы тиіс еді. Сұлтандар мемлекетті басқаруға қатысты және өздеріне бөліп берілген ұлыстарды басқарды. Қазақтар Шыңғыс хан ұрпақтарының өз ұлыстарына басшылығын теріске шығарған жоқ. Ұлыстарды басқару сұлтандарға аумаққа иелік ету құқығын берді. Шыңғыс хан ұрпақтары жыл сайынғы құрылтайға келіп, мемлекеттік істерге қатысты. Құрылтай ақсүйектердің жиналып, маңызды қоғамдық істерді шешетін жалпы жиналысы болды. Құрылтай Шыңғыс ханның *Ұлы жасағымен* және қазақтың құқықтық жинақтарымен бекітілген. Мысалы, «Жеті жарғы» тармақтарының бірінде: «Хан және олармен тең сұлтандар, ақсақалдар мен рулардың билеушілері күзде, даланың ортасындағы бір жерге, ел ісін талқылау үшін жиналсын» делінген.



Абылай хан. Суретші  
Б.Мырзахметов

**Билер мен батырлардың билігі.** Жергілікті жерлердегі бүкіл билік билерге тиісті болғандықтан, бидің руы мен тайпасы неғұрлым қуаттырақ болса, оның ықпалы соғұрлым жоғары болды. Неғұрлым ықпалды билер хандар жанындағы кеңесті құрды. Осылайша қара халық мемлекетті басқаруға қатысып қана қоймай, кейде шешуші дауысқа да ие болды.

**Назар аударыңдар!** Рулар мен тайпалардың басшылары – билер халық мүдделерін қорғайтын өзіндік бір «ұлттық үкімет» болды.

Батырлардың мемлекетті басқарудағы орны соғыстар мен бейбітшілік кезеңдеріне орай анықталды. Бейбіт уақытта олар ұлыс сұлтандары, билер мен ақсақалдар билігіне бағынды. Алайда XVII–XVIII ғасырдың басында үздіксіз ойрат басқыншылығы мен хандықтың батыс шегараларындағы күрделі жағдайға байланысты батырлардың қоғамдағы рөлі айтарлықтай өсті.

**Мемлекеттік құрылыс сабақтастығы.** Қазақ мемлекеттілігі XV–XVIII ғасырлар шеңберімен шектелмейді. Оның бастаулары сақтар мен үйсіндердің ерте көшпелі мемлекеттерінде, түркілер мен моңғолдардың көшпелілер империяларында жатыр. Мемлекет құрылысындағы сабақтастық байқалады. Ол Еуразия даласындағы көшпелі өркениеттің өзіндік сипатымен байланысты.

Көшпелі мемлекеттілік екі мыңжылдық бойы өзгеріссіз сақталды. Мемлекет басында монархиялық үлгідегі тұлға (көсем, патша, хан)

тұрды, ал қоғамның негізін көшпелі малшаруашылығымен айналысқан және генеалогиялық туыстық идеясымен бір халыққа (ел) біріккен рулар мен тайпалар құрады. Ұлы Дала көшпелілерінің мемлекеті көшіп-қонып жүретін тайпалар одағынан құралды. Көшпелі жауынгер халықты хан басқарды және оның билігі қасиетті саналды. Көшпелілердің әскери-саяси бірлігі олардың этникалық бірлігіне сәйкес болды.

**Назар аударыңдар!** Осылайша Ұлы Дала көшпелілерінің мемлекеті этноәлеуметтік бірлестік түрінде болды. Ол көшпелілік өркениетпен бір мезгілде пайда болды. Өркениет көшпелілер мемлекеттілігінің саяси қалыптасуы мен көшпелі этностардың этногенезімен қатар дамыды.

Жайылымдық аумақтарға өзге көшпелі тайпалар келген жағдайда қалыптасқан қоғамдық ұйымға бөтендерді қосып алып, олармен туыстықты жаңа генеалогиялық аңыздармен бекіткен. Осылайша негізі түркі болған қазақ халқының құрамына өркениеттік жағынан жақын моңғол тайпалары да енді.

Ауқымды көші-қон дәуірінде бірігудің аумақтық факторының мәні этноәлеуметтік фактордан төмендеу болды. Алайда уақыт өте келе, қазақтардың мемлекеттілігі де этноаумақтық бірлестік түріне айналды. Жүздер белгілі бір аумақты мекендеді, ал Қазақ хандығы үш жүзді біріктірді; этникалық аумақ саяси аумақпен сәйкес келді.

**Билік үштігі.** Қазақтарды қоса алғанда, Ұлы Дала көшпелілерінің мемлекеттілігіне биліктің «хан – билер – халық» үштігі тән. Хандардың билігі ауқымды, билердің билігі неғұрлым шектеулі болды. Алайда көшпелілер мемлекетінің демократизмі халыққа да біршама билік берді. Шағын көшпелі қауымдастықтар (рулар) тәуелсіз болып, Далада еркін көшіп-қонып жүрді. Олар билікке өз көзқарасын билеушіге көшіп келу немесе одан көшіп кету жолымен білдірді. Халық көшіп кетсе, хан биліксіз және мемлекетсіз қалады. Сондықтан халық билік көзі және дәстүрлерді сақтаушы болды. Қазақ хандары халыққа құрметпен қарады, оның игілігі үшін жағдай жасауға тырысты. Дәстүрлі түсінік бойынша, хан халыққа «ананың балаларына» жасайтын қамқорлығын жасауға, ал оның қол астындағылар ханды «өзі үшін әке» деп есептеуге және ұлдары өз әкелеріне бағынғандай бағынуға тиіс болды. Бұл көшпелі мемлекеттерді шығыстың озбыр патшалықтарынан ерекшелендірді.

Тұтастай алғанда, Жошы ұлысы мен алғашқы қазақ мемлекеттерінің саяси құрылымдары Шыңғыс хан империясынан мұра болып қалған автократиялық белгілерге қарамастан, неғұрлым демократиялық институттар болып табылды. Бұл көшпелілердегі мемлекеттілік нысандарының белгілі бір эволюциясын білдіреді.

**Қорытынды.** Қазақ хандығында мемлекет екі жүйенің селбесуі түрінде көрініс тапты. Біріншісі, жоғарғы билік институты (хан, сұлтандар) ретіндегі белгілі саяси жүйе. Екіншісі, биліктің ру-тайпалық ұйымы, онда әрбір ру мен тайпаны би басқарады.

Билер – биліктің маңызды бөлігі және жоғары билік пен халықтың арасындағы байланыстырушы болды. «Хан – билер – халық» билік үштігі, олардың әрқайсысы Қазақ мемлекетінің нығаюы үшін маңызды рөл атқарды. Дәстүрлі қазақ мемлекеттілігі Еуразия даласындағы ерте көшпелілер мемлекеттілігімен сабақтастығын сақтаған (мемлекеттіліктің этноәлеуметтік сипаты, биліктің үштігі, биліктің қасиеттілігі туралы түсінік, авторитарлық пен демократиялық белгілердің үйлесуі).

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақ хандығындағы саяси билік қандай әлеуметтік топқа тиесілі болды?
2. Хан қандай құқықтарды иеленді? Оның қандай міндеттері болды?
3. Сұлтандардың саяси құқықтары туралы әңгімелендер. Сұлтандар бұл құқықтарды қалай жүзеге асырды?
4. Алдыңғы параграфтың материалына сүйене отырып, Қазақ хандығындағы ала-сапыран мен күшеюіндегі хандардың рөліне мысалдар келтіріңдер.
5. Билер мен батырлар қандай билікті иеленді?
6. Хан билігі неліктен қасиетті болды?
7. Қарапайым халық билікке қалай қатыса алатын еді? Хандар неліктен халыққа құрметпен қарады?

#### Күрделі тапсырмалар.

1. Қазақтардағы мемлекеттіліктің неліктен көшпелілер өркениетінің мәнімен байланысты екендігін ойланыңдар.
2. Жошы ұлысы мен Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысын салыстырыңдар. Қандай ұқсастығы мен айырмашылығы бар?

### § 39-40. Құтты жерді қорғау мен сақтаудағы ата-бабалардың рөлі

#### Бүгінгі сабақта:

- дұшпандар құрсауындағы Қазақ хандығы;
- көшпелілердің соңғы империясы;
- ойрат шапқыншылықтарын тойтару;
- «Ақтабан шұбырынды» жылдары және туған жерді қорғау туралы мәлімет аламыз.

**Қазақ хандығы дұшпандар құрсауында.** XVI ғасырдың соңына қарай ноғай (маңғыт) тайпалары шығысқа қарай жылдам кеңейіп келе жатқан Орыс патшалығының қысымымен Шығыс Дешті Қыпшақты иеленді. Ноғайлардың көшіп-қону аумағы XVII ғасырда Еділден Ертіске дейін жетті. Бұл сәтте ноғайлардан бөлек, қазақтардың батыс пен солтүстіктегі қарсыластары орыстар ығыстырған башқұрттар мен Сібір

**Кілт сөздер:**

- ноғайлар
- ойраттар
- Жоңғар хандығы
- көшпелілер империясы
- қоңтайшы
- Орбұлақ шайқасы
- Тәуке хан
- «Ақтабан шұбырынды» жылдары
- Аңырақай шайқасы

татарлары болды. Жайылым үшін жанталасқан күрес, тонаушылық шапқыншылықтар, Дала ауқымында және оның шегінен тыс жерлерге амалсыз қоныс аударулар, көшіп-қонудың табиғи сипатын бұзатын көшіп келулер мен көшіп кетулер сол уақытқа тән көрініске айналды.

XVI ғасырдың екінші жартысында шығыстан ойраттардың (жоңғар, қалмақтардың) шапқыншылығы жиіледі. Ойраттар өздерінің жайылымдық аумақтарын кеңейтті және Сырдария бойындағы қалаларды басып алуға ұмтылды. Нәтижесінде XVII ғасырдың бас кезінде Қазақ хандығы Сырдария жағалауындағы далалармен және Жетісу тауларымен шектеліп, сыртқы жаулардың күрсауында қалды. Ғасырдың соңына қарай батыста

ноғайлардан бөлек, Еділ қалмақтары, башқұрттар мен Жайық казактары, солтүстікте Сібір казактары басты жауға айналды. Қазақ хандығына оңтүстіктен бұхаралықтар мен хиуалықтар үнемі қатер төндірді. Алайда басты қатер бұрынғыша ойраттар болып қалды.

**Жоңғар хандығы** – көшпелілердің соңғы империясы. Жоңғар хандығы далалық халықтар бірінен кейін бірі отырықшы-егінші мемлекеттердің үстемдігін мойындаған сәтте (мысалы, Алтын Орданың бөліктері Орыс мемлекетіне қосылды, ал Шығыс Моңғолия тайпала-



XVIII ғасырдағы қазақ даласына төнген сыртқы қатерлер

ры Цинь империясына бағынды) пайда болды. Көшпелілер өркениеті дағдарыс кезеңіне енді. Осы кезде көшпелілердің соңғы империясы ретінде Жоңғар хандығы пайда болды. Оның бірінші ханы – Эрдени батур (*қоңтайшы* атағымен). Оның бастамасы бойынша құрылтайда бірыңғай заң орнатқан және буддизмді мемлекеттік дін етіп жариялаған Далалық жинақ қабылданды. XVIII ғасырдың бас кезінде қоңтайшы билігі Қазақстанның елеулі бөлігіне, Жоңғарияға (Синьцзяннің солтүстік бөлігі), Батыс Моңғолияға, Оңтүстік Алтайға таралды. Жоңғар хандығы орталықтандырылған мемлекет болды. Билеуші Галдан-Бошокту хан, қалғандары *қоңтайшы* атағын иеленді. Жоңғар хандығы көшпелілердің «жаңғыртылған» империясы болды. Оның билеушілері егіншілікті, қолөнер мен металлургияны дамытты, артиллерия мен ату қарулары өндірісін жолға қойды.

**Назар аударыңдар!** Әскері жағынан қазақтар артиллерия мен ату қарулары өндірісі жолға қойылған ойраттардан айтарлықтай артта қалды. Бұған қоса, Жоңғар хандығы орталықтандырылған мемлекет, ал Қазақ хандығында биліктің орталықсыздануы басым болды.

Ойрат қоғамы басқыншылыққа бағытталды. Алғашында шапқыншылықтар, кейін жоспарланған басқыншылығы басталды. Қазақ хандығы ойраттардың Ұлы Даладағы үстемдігі жолындағы басты кедергі болып шықты.

**XVII ғасырдағы ойрат шапқыншылықтарын тойтару.** XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында хандар, сұлтандар, батырлар мен ер адамдарға бүкіл өмірін сыртқы жаулармен соғыста өткізуге тура келді. Олардың ішіндегі бастылары ойраттар болды. Соғыс Далада әдеттегі оқиғаға айналды. Есім хан мен Тұрсын хан ойраттармен сәтті соғыстар жүргізді. Есім ханның мұрагері Жәнібек хан 1630 жылдары ойраттармен болған шайқаста қаза тапты. Оның інісі және мұрагері Жәңгір хан ойраттарға тұтқынға түсті. Тұтқыннан босағаннан кейін, ол жоңғарлардың бітіспес жауы болып қалды және олармен өзі билік еткен уақытта үздіксіз соғысты. Ержүректігі, жеңістері үшін Жәңгір халықтан *Салқам* (айбынды) атағын алды.

1643 жылдың шамасында Жәңгір хан шағын әскермен, бар-жоғы 600 адаммен таулы жердің артықшылығын пайдалана отырып, ойраттардың саны басым әскеріне төтеп берді. Бұл шайқас қазақ тарихында *Орбұлақ шайқасы* ретінде белгілі. Жәңгір ханға әмір Жалаңтөс батыр бастаған жиырма мыңдық әскер көмекке келген соң, ойраттар шегінді. Орбұлақ шайқасында да Жәңгір хан ататын қаруды қолданды. Ол өмірін жоңғарларға қарсы күреске арнап, жорықта қаза тапты.

**Тәуке хан кезіндегі Қазақ хандығы.** XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бас кезінде Қазақ хандығының билеушісі Жәңгір



Төке хан

ханның ұлы Төке (Төуекел Мұхаммед батыр хан) болды. Оның билікке келген уақыты белгісіз, бірақ дереккөздер бойынша, ол 1680 жылдары қазақтардың аға ханы ретінде танылды. Төкенің жастық шағы ойраттармен шайқастарда өтті. Ол бұл шайқастарда батыр әрі қолбасшы ретінде көзге түсті. Оның атағына *батыр* сөзінің қосылуы бекер емес. Төке маңызды реформалар жүргізді, олардың ішінде Қазақ хандығы заңдарының жаңа жинағы – «Жеті жарғы» да бар. Жаңа жинақта билер құқықтары едәуір кеңейтілді. Төке хан билерге арқа сүйеді, өйткені бұл ойрат қатеріне байланысты қажеттілік еді.

**1680 жылдары ойрат шапқыншылығын тойтару.** XVII ғасырдың соңында ойрат шапқыншылықтары әскери жорықтар сипатын алды. 1681–1684 жылдары Галдан-Бошокту Жетісуды басып алып, ол жерге өз ордасын көшірді. Ойраттар Іле, Шу және Талас өзендерінің жағалауларында көшіп-қона бастады. Сол жерден олар Оңтүстік Қазақстандағы Сырдария бойының қалаларына шапқыншылықтар жасап, қожайындық жасады.

Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би сияқты ықпалды билерге сүйене отырып, Төке хан көп жасақ жинады. Ол ойраттардың алға жылжуын тоқтатып қана қоймай, жаулап алған жерлердің бір бөлігін қайтарып алды. Атап айтқанда, Талас пен Шу өзендерінің аралығын азат етудің сәті түсті. Төке хан билігінің соңына қарай Қазақ және Жоңғар хандықтарының арасындағы шегара Шу өзені бойымен өтті.

1715 жылы Төке хан өлімінен кейін Қазақ хандығы бөлініп, әрбір жүздің өз хандары пайда болды. Сол жылы ойраттардың Циндермен соғысы басталып, ойрат билеушілерінің назарын «шығыс майданға» уақытша аударды. Алайда Циндермен соғысуды жалғастыра отырып, Цеван-Равдан қазақтар арасындағы өзара жанжал кезінде оларды бірнеше рет жеңіліске ұшыратты. Бірақ 1718–1719 жылдары қазақтар шабуыл жасауға көшіп, Жоңғар хандығы жаулап алған өз аумағының елеулі бөлігін қайтарды.

**«Ақтабан шұбырынды» жылдары.** 1723 жылы ойрат әскері Талас өзеніндегі қазақтардың қоныстарына соққы берді және Ертістен Шуға дейінгі орасан майдан шебінде шабуыл бастады. Әскерді Цеван-Рабданның ұлдары Галдан-Церен мен Шоно-Лоузан басқарды. 1724–1725 жылдары болған келесі соққы қазақтың көш жолдарын бөліп тастады және барлық жүзді ығыстырды. Қазақтардың бір бөлігі оңтүстікке, Ферғана мен Хорезмге қашты, басқа бір бөлігі Жайыққа қарай көшті. Көптеген қазақ босқындары Мәуереннахр шұраттарына





Ақтабан шұбырынды. Суретші Д.Қастеев

қоныстанды. Қазақ билеушілері өздерінің іс-қимылдарын ұйымдастыра және жаудың шабуылын тойтара алмады. Ойраттар Ташкент пен Түркістанды басып алды. «Ақтабан шұбырынды» жылдары қазақ елін аштыққа, қайғы-қасірет пен күйреушіліктерге душар етті. Жүздеген мың адамды туған жерін тастап кетуге мәжбүрледі.

Мұндай алапат қатерлі жағдайда күштердің бірігуі ғана көмектесе алатын еді. 1726 жылы Түркістан қаласына жақын Ордабасы деген жерде үш жүздің құрылтайы өтіп, онда екінші халық жасағын құруға шешім қабылданды. Үш жүздің, сондай-ақ қырғыздардың, қарақалпақтар мен Мәуереннахр қалаларының жауынгерлік күштерін шоғырландыру соңғы көшпелілер империясының тегеурінін тойтаруға көмектесті. 1726 жылы біріккен әскер ойраттарға Бұланты өзенінде соққы берді. Шайқас орны «Қалмақ қырылған» деген атау алды. Ойрат әскері шегіне бастады. Цеван-Рабданның өлімі, Жоңғарияда өзара қырқысу соғысының басталуы, сондай-ақ Циндердің шабуылға көшуі қазақ жасақтарына шабуылды табысты өрістетуге көмектесті. 1729–1730 жылдары қазақ әскері Балқаштан оңтүстік-шығысқа қарай 120 шақырым жерде ойраттарды жеңіліске ұшыратты (әйгілі Аңырақай шайқасы) және Жетісу іс жүзінде азат етілді.

Әр жылдары ойрат шапқыншылығымен күресті даңққа бөленген батырлар Бөгенбай,



Бұланты шайқасында қаза тапқандарға қойылған ескерткіш

Қабанбай, Жәнібек, Малайсары және т.б., сондай-ақ хандар мен сұлтандар, оның ішінде Әбілқайыр мен Абылай басқарды. Олар батырлығын, жауынгерлік ерлік өжеттігін және қолбасшылық дарынын көрсетті. Жау аумағына тереңдей еніп, жорықтар жасады және маңызды жеңістерге жетті.

1735 жылы Галдан-Церен Ұлы жүз жеріне соққы берді. Жалғыз өзі ойраттарға қарсы тұра алмаған Ұлы жүз билеушілері Жоңғар хандығының бодандығын мойындауға мәжбүр болды. 1739–1741 жылдары ойраттар Орта жүз жеріне жорықтар жасады. Алайда қазақ жасақтары жаудың шабуылын тоқтата алды. Көп ұзамай Цин империясы шешуші шабуылға көшті. 1755–1757 жылдары Жоңғар хандығына бірнеше дүркін шабуыл жасап, оны толықтай жойды.

**Назар аударыңдар!** Жалпы ойраттарға қазақтарды бағындырудың сәті түспеді. Біздің ата-бабаларымыз ержүрек күреспен құтты жерінің тәуелсіздігін қорғап қалды. Қазақ халқы күші жағынан XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығы уақытынан кейін көрмеген басқыншылықты тойтаруда шешуші рөл атқарды.

**Қорытынды.** XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысы қазақ мемлекеттігі, қазақ этносы және тұтастай алғанда көшпелілер өркениеті үшін ауыр сынақ уақыты болды. Еуразиядағы геосаяси жағдай Қазақ хандығы мен басқа да көшпелілер мемлекеттеріне оңтайлы болған жоқ. Жоңғар хандығының басқыншылығы көшпелілер өркениетінің соңғы «жанайқайы» еді.

Бір жарым ғасырға созылған қазақ-ойрат соғыстары жаңа тарихи жағдайдағы көшпелілер өркениетінің аман қалуы үшін жанталасқан күресі болды. Біздің ата-бабаларымыз өз жерін қорғап және өз мемлекетін сақтап қалды.



Аңырақай шайқасы. Суретші А.Жамхан

**Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Жоңғар хандығын неліктен «көшпелілердің соңғы империясы» деп атайды? Қандай мемлекет көшпелілердің бірінші империясы болды? Жоңғар хандығы көшпелілер мемлекетінің қандай үлгісіне жатты?
2. Қазақтар мен ойраттардың қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтары болды? XVIII ғасырдың бас кезіндегі Қазақ хандығы Жоңғар хандығынан несімен ерекшеленді?
3. Қазақтардың ойраттармен әскери қақтығыстарда жеңілістерінің себептерін атаңдар.
4. Қазақтарға ойрат шапқыншылықтарын тойтаруға және өз мемлекетін сақтауға қандай жағдайлар көмектесті?

**Картамен жұмыс.**

Картадан: XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың бас кезіндегі Қазақ хандығының аумағын; ойраттардың (жоңғарлардың) қазақ жеріне (1640 ж., 1680 ж., 1708–1711 жж., 1723–1725 жж., 1735 ж., 1739–1741 жж.) жасаған басқыншылығын; қазақ жасақтарының ойраттарды ірі жеңілістерге ұшыратқан жерлерді көрсетіңдер.

**Шағын топтарға арналған тапсырма.**

XVII–XVIII ғасырларда ойраттармен және қазақтардың басқа да жауларымен соғыстарда даңққа бөленген белгілі қазақ батырлары немесе қазақ жасақтарының ойраттарды ерлікпен жеңген жеңістері туралы таныстырылым дайындаңдар.

**Күрделі тапсырма.**

Қазақ эпостары мен ауыз әдебиетінде қазақ-ойрат соғыстары қалай көрініс тапқаны жөнінде мысалдар келтіріңдер.

## ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ЖОЛ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ

### § 41. Мемлекеттік егемендікті жоғалту

#### Бүгінгі сабақта:

- Ресей империясының протектораты;
- әкімшілік реформалар – отарлау құралы;
- Қазақ даласының Ресей империясының құрамында болуы;
- «отарлаушылық игіліктер» туралы қарастырамыз.

#### Кілт сөздер:

- империя
- протекторат
- губернатор
- хан билігі
- реформа
- әкімшілік реформа
- генерал-губернаторлық
- бай
- жатақ

Ресейдің өз аумағын кеңейтуге деген ұмтылысы оның Орталық Азияға қызығушылығын тудырды. I Петр (1682–1725 жж.) қазақ даласын «Шығыстың кілті және қақпасы» деп атады. Алайда I Петрдің өлімінен кейін, Ресейдің шығысқа бағытталған саясаты уақытша тынышталып қалды.

**Ресей империясының протекторатын қабылдау.** Әбілқайыр ханның Ресей императорына жүгінісі ойрат шапқыншылықтарынан кейінгі ауыр жағдайдан туындаған еді. Әбілқайыр Ресей ойраттар, башқұрттар және қалмақтармен соғыста көмек беріп, Даладағы өзара қырқысуларды тоқтатуға әсерін тигізеді деп есептеді. Бірақ кіші жүз билері мен батырларының көпшілігі және

бұқара халық Ресейдің бодандығын қабылдау тәуелсіздікті жоғалтуға әкеледі деп оған қарсы болды. Дегенмен олардың арасындағы ауызбіршіліктің болмауына байланысты қарсы әрекет жасай алмады. 1731 жылы 19 ақпанда император Анна Иоановна Кіші жүзді протекторат құқықтарымен Ресейдің қол астына қабылдау туралы грамотаға қол қойды. Ресейдің қол астына өтуді кейін Орта жүз ханы Сәмеке, Орта жүз ханы Әбілмәмбет және Абылай сұлтан қабылдады.

**Назар аударыңдар!** Протекторат – мемлекетаралық қатынастар түрі. Мұнда бір ел ішкі істерінде автономиялылығын және өз билеуші әулетін сақтай отырып, халықаралық қатынастарда басқа елдің өзінен жоғары екендігін мойындайды.

Протекторат ішкі істерге араласуды көздемесе де, 1734 жылы Орынбор экспедициясы деп аталған ұйым құрылды. Оның міндеті Далаға

бақылау жүргізу болды. 1735 жылы Орынбор қаласының негізі қаланып, 1744 жылы ол губерния орталығына айналды. Қазақ даласының шеткері аймақтарында казактардың бекініс шептері салынды. Отарлау саясаты алғаш казактардың көмегімен жүргізілді. Орынбордың алғашқы губернаторы И.И.Неплюев Кіші жүз қазақтарына Жайық өзені бойында көшіп-қонуға және оның оң жағасына өтуге тыйым салды. 1780 жылдары О.Игельстром Кіші жүздегі хан билігін жоюға әрекеттенді.

1801 жылы Әбілқайыр ханның немересі Бөкейге өз қол астындағылармен Жайық өзенінің оң жағасына көшуге рұқсат етілді. Бұл жерде Бөкей (Ішкі) ордасы құрылып, хан билігі 1845 жылға дейін сақталды.

**Әкімшілік реформалар – отарлау құралы.** ХІХ ғасырда қазақ даласын отарлау саясаты неғұрлым жүйелі жүргізіле бастады. Орта жүз бен кейбір Ұлы жүздің жерлері Батыс Сібірге қарайтын Сібір қырғыздарының облысына біріктірілді. 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» қабылданды. Соның негізінде облыс *округтерге, болыстар мен ауылдарға* бөлінді. Көшпелілерге басқа округке рұқсатсыз көшуге тыйым салынды. Хан билігі жойылды (Орта жүздің соңғы ханы Уәли хан болды). Округті аға сұлтан, болыстарды болыстық сұлтан, ауылдарды ауыл старшыны басқарды. Билер соты тек ұсақ істер деңгейінде ғана сақталып, қылмыстық істер империялық заңдар негізінде қарастырылды. Қазақтар қазынаға салық төлеуге тиіс болды.

**Назар аударыңдар!** «Сібір қырғыздары туралы жарғының» қабылдануы Орта жүздің іс жүзінде Ресей империясының құрамына кіруін білдірді.

1824 жылы «Орынбор қырғыздары туралы жарғы» қабылданды. Кіші жүзде де хан билігі жойылды. Кіші жүздің соңғы хандары Шерғазы мен Арынғазы болды. Енді басқаруды Шегаралық комиссия жүзеге асырды. Жүз бөліктерге, дистанцияларға (бекіністер арасындағы жерлер) және ауылдарға бөлінді. Бөліктерді сұлтан-әкімдер, дистанцияларды дистанция басшылары, ауылдарды старшындар басқарды. Әскери шеп бойындағы қазақтарға попечитель лауазымы енгізілді. Қылмыстық істерді әскери сот немесе Шегаралық комиссия қарады.



Абылай хан. Суретші  
А.Дүзелханов



Әскери шеп бекіністерін салушы казактар. Суретші *Н.Каразин* (XIX ғ.)

**Назар аударыңдар!** 1820 жылдардағы реформалар қазақ жерлерінің саяси жүйесін өзгертті. Қазақ қоғамының шаруашылық-экономикалық және этноәлеуметтік негіздері бұзылды. Реформалар көшіп-қону еркіндігін шектеді, ал бұл малшаруашылығының құлдырауына және қазақ руларының араласуына әкелді. Хан билігін жою қазақ мемлекеттілігінің дамуына нұқсан келтірді. Кіші және Орта жүз қазақтары саяси дербестігін жоғалтты.

**Ұлы жүздің Ресейге қосылуы.** XIX ғасырдың бас кезінде Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан облыстары ортаазиялық Қоқан және Хиуа хандықтарының қол астына өтті. Осы тұста Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия бағытындағы орыс басқыншылығы екі бағытта – Арал мен Жетісу жағынан жүргізілді. 1825 жылы Жетісудың солтүстігіндегі бірнеше орыс бекіністері Сібір казактары шебін жалғастырды. 1840 жылдары Арал мен Сырдарияның сағасында Сырдария шебін құрайтын форттар пайда болды. 1853 жылы орыс әскері қоқандық Ақмешіт (қазіргі Қызылорда қаласы) бекінісін басып алды. 1854 жылы Верный (Алматы) бекінісінің іргесі қаланды. 1865 жылы Сырдария және Сібір әскерлері қосылды. Әулиеата (Тараз), Түркістан мен Шымкенттен Түркістан облысы құрылды. 1866 жылы Ташкент алынғаннан кейін Түркістан генерал-губернаторлығы құрылып, оның құрамына Жетісу және Сырдария облыстары кірді. Осы уақытта Жетісу казак әскері құрылды.

**Назар аударыңдар!** 1860 жылдардың ортасына қарай Ұлы жүз жерлері, сонымен бірге Қазақстанның бүкіл аумағы Ресей империясының құрамына кірді.

**1860–1890 жылдардағы әкімшілік және сот реформалары.** 1867–1868 жылдары қазақтар мекендеген облыстарда «Басқару туралы

уақытша ереже» шығарылды. Қазақ аумағы үш генерал-губернаторлыққа бөлінді. Орынбор генерал-губернаторлығына Орал және Торғай облыстары, Батыс Сібір генерал-губернаторлығына Ақмола және Семей облыстары, Түркістан генерал-губернаторлығына Жетісу және Сырдария облыстары кірді. Бұрынғы Бөкей ордасының жерлері Астрахань губерниясының құрамына енді. Генерал-губернаторлықтағы барлық әскери және азаматтық билік генерал-губернатордың қолында болды. Облыстарды губернаторлар басқарды және олар уездерге, болыстарға бөлінді. Әрбір болысқа 10–12 ауыл кірді. Ауылдың бір болыстан екінші болысқа ауысуы қиындатылды. Төменгі лауазымдар сайланбалы болды. Алайда сайлаулар сатып алумен және билік үшін күреспен қатар жүрді. Сұлтандар болса, сайланбалы лауазымдарды иеленуге ерекше құқық алған жоқ. Олар тек дәстүрдің күшімен ғана саяси өмірге ықпал етуін жалғастыра берді. Сонымен бірге дәулетті адамдар тобы қалыптасып, олар биліктен сұлтандарды да, рулық ақсүйектерді де ығыстырды. Болыстық басқарушылар мен старшындар, әдетте, дәулетті адамдардан сайланды.

Қазақ даласында Ресей империясының құқығы қолданысқа енгізіліп, сот билігінің жаңа органдары құрылды. Тек ауылдарда ғана билер соты, ал Түркістан өлкесінің отырықшы халқында қазылар соты (шариғат бойынша) сақталды. Тұтастай алғанда, патша үкіметі исламның ықпалын шектеді. Молдалар Ішкі істер министрлігіне бағындырылды. Мешіттерді, мектептер мен медреселерді өз бетінше салуға тыйым салынды.



Патша жарлығын жариялау. Суретші *Н.Каразин* (XIX ғ.)



Ақмешіт бекінісінің шабуылдан кейінгі көрінісі.  
«Түркістан альбомы» фотожинағынан (1872 ж.)

Барлық жер Ресей мемлекетінің меншігі болып жарияланып, қазақ ауылдарына пайдалану үшін ғана берілді. Далалық өзен-көлдердің жағалауындағы құнарлы жер қазақ әскерлеріне берілді. Қазақтар бұл жерге көшіп-қонуы үшін оны жалға алуы тиіс болды.

1891 жылы қабылданған «Далалық облыстарды басқару туралы Ереже» бойынша қазақ жерлері тағы да бөлінді. Сырдария облысын қоспағанда, барлық облыс Далалық генерал-губернаторлықтың (Далалық өлкенің) құрамына кірді.

**Назар аударыңдар!** XIX ғасырдың соңында Ресейде буржуазиялық реформалар жүргізумен бір мезгілде қазақ жерлерін түпкілікті отарлаушылық жүзеге асты. Реформалар қазақ даласының отарлық жағдайын заңдық жағынан бекітті.

Уезд бастықтарының құқықтары кеңейтілді. Бұған қоса, орыс және украин шаруаларын Сібір мен қазақ даласына жоспарлы қоныс аударудың басталуына байланысты қоныс аудару басқармалары құрылды. Қоныс аударылған шаруалар жеңілдіктер ретінде: тегін жер мен құрылыс ағаштарын, егіншілікпен, саудамен айналысу құқығын алды. Қазақтар мен орыс шаруаларының қоныстануы қазақтарды ең жақсы жерлерінен айырды.

**Қазақ даласының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі әлеуметтік-экономикалық дамуы.** Жүргізілген реформалар нәтижесінде қазақ даласы жалпыресейлік экономикалық жүйеге қосылды. Оған Ресейдің ақша жүйесі таралды. Тауарлы шаруашылық пен сауданың, әсіресе жәрмеңкелік сауданың дамуы жеделдеді. 1899–1905 жылдары Орынбор-Ташкент теміржолы салынды. Ал қазақ аумағының солтүстігінен Транссібір магистралі өтті.



Қазақ қоғамында мүлкітік жіктелу күшейді: саудамен байланысты дәулетті байлармен қатар малынан айырылған, сондықтан көшіп-қону мүмкіндігі жоқ кедейленген адамдар – *жатақтар* пайда болды. Рулық өзара көмектің дәстүрлі жүйесі тоқтады. Жатақтар казактарға немесе шаруаларға батрақ болып жалданды, балық аулаумен немесе тасымалмен айналысты, шахталарға жұмысқа орналасты.

Отаршылдықтың игі істерінің ішінен империяның білім беру және медициналық талаптарының таралуын атап өтуге болады. Уездік қалаларда бастауыш мектептер мен медициналық орталықтар ашылды. Дәрігерлер пайда болып, шешекке қарсы егу жасалды. Тұрмысқа жаңа бұйымдар (самауырлар, керосин шамдары, тігін мәшинелері және басқалар) енгізілді.

**Қорытынды.** Кіші және Орта жүздің қазақ хандары Ресейдің қол астына өтуді қабылдағаннан кейін, өлкені әскери отарлау басталды. Қазақстанның Ресейге қосылуы 1860 жылдардың ортасында аяқталды. Қосылған жер империяның меншігі болып жарияланып, оны өз қалауынша билеп-төстеді. Қазақтар жарамсыз жерлерге қуылды, ал құнарлы жерлер казактар мен орыс шаруаларына берілді. Әкімшілік реформалар хан билігін және басқарудың бүкіл дәстүрлі жүйесін жойды. Бұл отарлық тәртіптің орнауына және ұлттық мемлекеттік дамудың өзіндік ерекшелігін бұрмалауға соқтырды.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. XVIII ғасырда Ресей империясы Қазақ даласының протектораты болды. Ресей үкіметі протекторат қағидаттарын қалай бұзды?
2. Қазақтардағы хан билігі қашан жойылды? Бұл неліктен қазақ мемлекеттілігінің негіздеріне нұқсан келтірді?
3. 1731–1917 жылдардағы отарлау кезеңін қандай екі үлкен кезеңге бөлуге болады? Бұлайша бөлу қандай критерий бойынша жүргізіледі?
4. Билер соты мен империялық сот органдары қандай істерді қарады? Билер соты қазылар сотынан несімен ерекшеленеді?
5. Далалық генерал-губернаторлықтың құрамына қандай облыстар кірді?
6. Қазақ даласының Ресей империясының құрамында экономикалық дамуы туралы әңгімелеңдер.

#### Күрделі тапсырмалар.

1. Ресей империясының қазақ даласындағы әкімшілік реформалары неліктен көшпелілер шаруашылығын құлдырауға әкелді?
2. Қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік жіктелуі XIX ғасырдың соңындағы әлеуметтік бөлінуден несімен ерекшеленеді? Қандай әлеуметтік топтардың жағдайы нығайды, қандай топтардікі әлсіреді? Мұндай жағдай неліктен орын алды?

## § 42-43. Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі

### Бүгінгі сабақта:

- ұлт-азаттық күрес;
- Сырым Датұлының көтерілісі;
- Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының көтерілісі;
- Кенесары хан және оның қазақ мемлекеттілігін қайта өрлетудегі күресі туралы білеміз.

### Кілт сөздер:

- ұлт-азаттық күрес
- көтеріліс
- ұлт-азаттық соғыс
- қазақ мемлекеттілігі
- тәуелсіздік үшін күрес
- бекіністер жүйесі

Қазақ халқы тәуелсіздікті қалпына келтіру мен мемлекетті сақтау үшін ұзақ күрес жүргізді.

**Назар аударыңдар!** Халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресі қоғамның жалпы ұлттық сезіммен қамтылған барлық тобын біріктірді. Ол халықтық және партизандық соғыс, бүліктер мен көтерілістер, наразылық қозғалыстары, идеологиялық және саяси күрес түрінде көрініс тапты. Күрестің түпкі мақсаты мемлекеттік егемендік пен ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу болды.

Қазақтардың ұлт-азаттық күресінің бірнеше кезеңін бөліп көрсетуге болады. Бірінші кезең (XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысы) – монархиялыққа, «жақсы патшаға» сену кезеңі және хан билігін қалпына келтіру үшін күрес уақыты. Даланы казактардың отарлауына байланысты жер мәселесінің шиеленісуі, жайылымдардың жетіспеушілігі, казактардың қазақ ауылдарына тонаушылық шапқыншылықтары – XVIII ғасырдың соңында қазақтардың көтеріліске ұласқан наразылығының негізгі себептері болды.

Қазақтар «дұрыс патша» өздеріне аңсаған еркіндік пен жер сыйлайды деген үмітпен **Емельян Пугачев бастаған шаруалар соғысына** (1773–1775 жж.) қатысты. Қазақ жасақтары бірқатар бекіністі бақылауда ұстады, Орынборды тіке шабуылмен алуға әрекеттенді. Алайда көтерілісшілер жеңіліске ұшырады. 1775 жылы қаңтарда Пугачев өлім жазасына кесілгеннен кейін де қазақ батырлары қаруларын бірден тастаған жоқ. Сондықтан орыс өкіметі қазақ даласына бірнеше жазалаушы жасақ жіберді.

Пугачевшілерден қорқып қалған II Екатерина қазақтарға Жайық пен Ертіс, Еділдің оң жағалауындағы, Каспий теңізі, Ембі мен Сағыз өзендері бойындағы қысқы қоныстарына қайтып оралуға рұқсат берді. Осының арқасында 1776 жылдың жазына қарай Далада уақытша тыныштық басталды. Алайда бұдан кейін өлкені казактардың отарлауы одан әрі күшейіп, қазақтардың жаңа көтерілісін туындатты.



Пугачевшілермен күрес. Суретші *Н.Каразин* (XIX ғ.)

**Кіші жүз қазақтарының Сырым Датұлы бастаған көтеріліске (1783–1797 жж.) қатысуы.** Қазақтардың өз жерінде дәстүрлі бағыттар бойынша көшіп-қонуы Жайық казактарының бұл жерді, әсіресе неғұрлым құнарлы учаскелерін басып алу ниетімен қарама-қайшылыққа тап болды. Алдымен (1782 ж.) казактар қазақтардан казак әскерінің аумағындағы жайылымдарды пайдаланғаны үшін ақы төлеуді талап етті. Кейін қазақтарға Жайықтың оң жағалауына өтуге мүлдем тыйым салды. Жылқы мен малдың тәркіленуі Ұлы Далада аштық тудырған 1783 жылғы қыстағы жұт жағдайды қиындата түсті. Батыр Сырым Датұлының басшылығымен қазақ жасақтары казак бекіністеріне шапқыншылықтар жасай бастады. 1785 жылдың басында Сырым батырдың қол астында 6 мыңнан астам сарбаз болды. Көтерілісшілер Жайық өзенінің ар жағындағы жерлерді қазақтарға қайтаруды, казактардың шабуылдарын тоқтатуды, Ресей қойған Нұралы ханды биліктен шеттетуді талап етті. 1786 жылы сәуірде хан Орынборға қашты. Уфаның жергілікті әкімі О.Игельстром Ұлы Даладағы хан билігін жоюға әрекеттенді. Мұның сәті түспегендіктен, тағы да орыс әкімшілігінің бекітуімен Ералы хан болды. Қазақтардың наразылығы артып, көтеріліс бүкіл Батыс Қазақстанды қамтыды.

1796 жылы орыс өкімет орындарының ұсынуымен Кіші жүзге Есім сұлтан хан бо-



Сырым батыр. Суретші *А.Дүзелханов*



Жоламан  
Тіленшіұлы

лып жарияланды. Хандық билік отаршылдарды қолдаушы билікке айналды. Хан өзін орыс отаршылдық билігінің адал қызметшісі ретінде көрсетті. Сондықтан 1797 жылы көктемде Сырым жасақтарының бірі Есім ханның ауылына шабуыл жасап, оны өлтірді. Кейін Орынбор әкімшілігі Айшуақ сұлтан бастаған хан кеңесін ұйымдастырды. Осымен Сырым Датұлының көтерілісі аяқталды. Оның оңды нәтижелері Жайықтың оң жағасына көшіп-қонуға мүмкіндік берілгендігі және Жайық казактарының қазақтарға шапқыншылықтарының бәсеңдеуі болды.

**Хан билігін жоюға қарсы наразылық.** 1820 жылдары ұлт-азаттық күрестің жаңадан өрлеуі Ресей империясының отарлық саясатының күшеюімен байланысты басталды. 1823 жылғы Жоламан Тіленшіұлының көтерілісі казак бекіністерінің Жаңаелек шебінің құрылысынан және Арынғазы хан мен Кіші жүздің кейбір старшындарын орыс тұтқынында ұстап отырудан туындады. Алайда басты себебі хан билігін жою болды. Жоламан жасақтары шегаралық бекіністер мен 1822 жылғы Жарғы бойынша сайланған сұлтан-басқарушылардың ауылдарына шабуылдар жасады. Көтерілісті басуға казак әскерлері тартылды. Көтеріліс 1835 жылы қайта тұтанып, көтерілісшілер саны 3 мың адамға жетті. Кейіннен Жоламан жасақтары Кенесары Қасымұлы жасағының құрамына қосылды.

Мұнымен бір мезгілде Орта жүз қазақтарының «Сібір қырғыздары туралы жарғыны» енгізуден туындаған наразылық көтерілістері басталды. Көтерілісшілерді Саржан Қасымұлы басқарды. Ол хан билігін қалпына келтіру үшін он екі жыл бойы күрес жүргізді. 1834 жылы Саржан мен қоқандықтардың біріккен әскері Ұлытау таулы аймағына орналасты. Жеңіліс Саржанды Түркістанға шегінуге мәжбүр етті. 1836 жылы Қоқанның Ташкенттегі жергілікті әкімі Саржанды бауырларымен бірге опасыздықпен өлтірді. Ал 1840 жылы оның әкесі Қасым өлтірілді. Көтерілісті басқару Қасымның кіші ұлы Кенесарыға өтті.

**Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының басшылығымен болған көтеріліс (1836–1838 жж.).** Көтеріліс Бөкей ордасында, Бөкей ханның ұлы Жәңгір ханның кезінде өтті. Жәңгір хан император сарайымен тығыз байланысты болды. Ол өзін далалық ханнан гөрі губернатор және патшалықтың адал қызметшісі ретінде ұстады. Бөкей ордасы қазақтарының наразылығын жердің тапшылығы, жер иеліктерін хан айналасындағылардың басып алуы, салықтық езгі, патша шенеуніктерінің жүгенсіздігі туындатты. Көтеріліс 1836 жылы би Исатай Тайманұлы мен ақын Махамбет Өтемісұлының басшылығымен басталды. 1836 жылы Исатай мен Махамбет өз туы астына 2 мыңдай

адамды жинады. 1837 жылы қазан айында олар екі апта бойы хан ордасын қоршады. 1838 жылғы 12 шілдедегі шайқаста көтерілісшілер нағыз ерлік көрсеткенімен, жеңіліске ұшырады. Көтеріліс басып-жанышталды, ал оның көсемі Исатай қаза болды.

**Кенесары Қасымұлының басшылығымен болған ұлт-азаттық соғыс (1837–1847 жж.).** Сұлтан Кенесары Қасымұлы (1802–1847 жж.) қазақтардың шашыраңқы күштерін біріктіре алды. Шыңғыс хан ұрпағы болғандықтан, Кенесары хан атағын иеленуге және хан билігін қалпына келтіруге қол жеткізді. Ол патша әскерлеріне қарсы он жылдай (1837–1847 жж.) күресті. Кенесары жасақтарын оның туыстары – сұлтандар, сондай-ақ батырлар да басқарды. Негізгі әскери күш Орта және Кіші жүздің жігіттері болды. Көтеріліс басталған кезде Кенесары көптеген жеңіске жетті. 1838 жылы тамызда Ақмола бекінісін басып алды. Кенесары Орталық Қазақстанның үлкен аумағына бақылау жүргізді және патша үкіметі елеулі жеңілдіктерге баруға мәжбүр болды. 1840 жылы Кенесарыға кешірім жарияланып, оның туысқандары тұтқыннан қайтып оралды. Орыс әскерлерінің Ұлы Далаға жазалаушы жорықтары біраз уақытқа тоқтатылды.

**Қазақ хандығы мен қазақ мемлекеттілігінің қалпына келтірілуі.** 1841 жылы Кенесары Қасымұлы хан болып сайланып, Қазақ мемлекеттілігі қалпына келтірілді. Кенесары ханның кезінде құрамына беделді адамдар кірген кеңес жұмыс істеді. Кенесары өзінің сенімді тұлғалары арқылы мемлекетті басқарды. Ханның өзі жоғарғы сот болды. Рулар арасындағы сот істерін (барымтаны, қанды кекті, өзара қырқыстарды тоқтату) шешу үшін билер тағайындалды. Жергілікті жерлерде хан жарлықтарының орындалуы мен салықтардың жиналуын жасауылдар қадағалады. Олар ауылдарды аралап, Кенесарының үндеуін таратты және халықты күреске көтерді. Негұрлым дәстүрлі салықтық жүйе енгізілді. Тұтастай алғанда, Кенесары реформалары соғыс уақыты жағдайларында билікті қатаң орталықтандыруға бағытталды.

Кенесары хан қатаң тәртіпке бағынған атты әскер құрды. Әскер мыңдықтар мен жүздіктерге бөлінді. Мергенбасы атқыштар жасақтарын басқарды. Артиллериясы мен жаяу әскері (қазақтардың тарихында бірінші рет) болды. Көтерілісшілерді жаңа әскери іске қашқын орыс солдаттары мен башқұрттар үйретті. Әскери айырым



И.Тайманұлы мен  
М.Өтемісұлы ескерткіші,  
Атырау қаласы



Кенесары хан ескерткіші. Нұр-Сұлтан қаласы

белгілері енгізілді. Кенесары өзін шебер қолбасшы ретінде танытты. Оның жігіттері көбінде айналып өтіп, ту сыртынан кенеттен шабуыл жасады. Кенесарының бекіністерге алғаш шашыраңқы шабуылдап, артынша қайта жиналатын тәсілді қолданды. Бұл тәсіл қарсыласқа естен тандырарлықтай әсер етті. Шегінген кезде Кенесары даланы өртеп, жау сусыз қалуы үшін, құдықтарды бұзып кетті.

Ресеймен соғыстағы үзілісті пайдаланып, Кенесары Қоқанмен Сырдария бойындағы қалаларды азат ету соғысын бастады. 1845 жылы күзде орыс әскерлері шабуылға көшті және Кенесары оңтүстікке қарай шегінді. 1847 жылы оның жасақтары қоқандық және қырғыз әскерлерінің қоршауына түсіп қалды. Нәтижесінде Кенесары хан тұтқындалып, қазаға ұшырады.

**Назар аударыңдар!** Кенесары хан бастаған қазақтар көтерілісі Ресей империясының, сондай-ақ Қоқан хандығының отарлаушы экспансиясына қарсы бағытталған наразылық болды. Наразылық ұлт-азаттық сипат алды. Кенесары Қасымұлы – қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі ретінде тарихта қалды.

**Қорытынды.** Қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің тарихында Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының көтерілістері маңызды орын алады. Кенесары Қасымұлының басшылығымен болған ұлт-азаттық соғыс тәуелсіздік үшін күреске барлық үш жүзді көтерген, XIX ғасырдағы қазақтардың ең ірі және уақыты жағынан ең ұзаққа созылған көтеріліс болды. Ол қазақ халқының қарсылығының орасан зор күшін көрсетті. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы көтерілістер отаршылыққа қарсы сипатта болды. Олар патша үкіметін белгілі бір жеңілдіктерге баруға мәжбүр етті. Көтерілістер қазақ жүздерінің бытыраңқылығынан, іс-әрекеттерінің үйлестірілмегендігінен, сондай-ақ көтерілісшілердің жақсы қаруланған патшаның тұрақты әскерімен

салыстырғанда, жауынгерлік дайындығының нашарлығынан жеңіліске ұшырады.

### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Көтерілісшілердің мақсаттары, себептері тұрғысынан алып қарағанда, ұлт-азаттық күрестің бірінші кезеңі немен сипатталады? XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ көтерілістері жеңілісінің себептері неде?
2. Сырым Датұлының басшылығымен болған көтерілістің себептерін Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс себептерімен салыстырыңдар. Айырмашылығы неде?
3. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілістің ұлттық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік те себептері болды. Ол қандай себептер?
4. Кенесары хан кезіндегі Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысына сипаттама беріңдер.
5. Кенесары әскеріндегі дәстүрлер мен жаңалықтар туралы әңгімелендер.

### Картамен жұмыс.

Картадан параграфта аталған көтерілістер және Кенесарының басшылығымен ұлт-азаттық күрес болған аудандарды көрсетіңдер.

### Шағын топтарға арналған тапсырма.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық күрес батырлары туралы таныстырылым дайындаңдар.

### Күрделі тапсырмалар.

1. Кенесары басқарған ұлт-азаттық соғыстың өзіндік ерекшеліктері неде? Әңгіме неліктен «көтеріліс» емес, «соғыс» туралы болып отыр? Кенесары басқарған соғыс неліктен ұлт-азаттық күрестің бірінші кезеңінің шеңберінен шықпайды?
2. Кенесары Қоқан және Хиуа хандықтарымен қандай аумақ үшін күрес жүргізді? Бұл күрес Қазақ мемлекетінің аумақтық біртұтастығын қалпына келтіру идеясын қалай бейнелейді?

## § 44-45. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс

### Бүгінгі сабақта:

- ұлт-азаттық қозғалыстың екінші кезеңі;
- Ресей Мемлекеттік Думасындағы қазақ депутаттары;
- 1916 жылғы көтеріліс;
- Алаш автономиясы және Қоқан автономиясы;
- ұлт-азаттық қозғалыстың екінші кезеңі туралы білеміз.

Жаңа кезеңде күреске жаңаша ойлайтын адамдар шықты. XIX ғасырдың соңынан бастап Батыс пен Ресейде капитализмнің дамуымен көптеген қазақ қайраткерлері дәстүрлі қоғамды реформалау және заманауи ұлттық мемлекетті – алдымен болашақ демократиялық Ресейдің құрамындағы автономия түрінде құру туралы армандай бастады.

**Кілт сөздер:**

- ұлт-азаттық қозғалыс
- далалық зиялы қауым
- парламент
- автономия
- либералдар
- либералдық-демократиялық құндылықтар
- жәдитшілдік
- пантүрік
- Ақпан төңкерісі
- Қазан төңкерісі

**Назар аударыңдар!** Автономия (саяси-құқықтық мағынасында) – мәселелерді конституция белгілеген шектерде өздері шешетін мемлекет аумағының бөлігі. Біртұтас мемлекетте саны аз ұлттың өзін-өзі басқару құқықтарын жүзеге асыру түрі.

Автономия мен прогресс идеяларын ұстанған жоғары білімді жүзден астам қазақты – заңгерлер, дәрігерлер, инженерлер мен публицистер тобы құрады. Сондай-ақ батыстық жаңғыртудың қарсыластары да аз емес еді. Олардың ішінде жәдиттер – ислам шеңберіндегі реформалардың жақтастары көзге түсті. Жәдиттерге тек батысшыл жаңғыртушылар ғана емес, сондай-ақ кез келген реформаға қарсы дәстүршіл-қадымшылар да қарсы шықты. Қазақ зиялы қауымының арасындағы батысшылдар да, жәдиттер де қазақ жерінің отаншылдары болып қалды. Олар қазақ этносының

бірлігі мен қазақтың бірегейлігін насихаттай отырып, ағартушылық жұмыс жүргізді, Ресей басқару органдарында өз халқының мүдделерін қорғады. Сол уақыттағы негізгі мәселе казак және орыс шаруаларының отарлауына орай көшпелілердің жайылымдық жерлерінің азаюымен байланысты жер мәселесі болды. Далалық зиялы қауым оны заңды саяси жолмен – парламент мінбесі мен баспасөз органдарының көмегіне сүйеніп шешуге әрекеттенді.

**Ұлт-азаттық күрестің бейбіт тәсілдері.** 1905–1907 жылдардағы төңкеріс барысында, Ресейде Мемлекеттік Дума құрылған кезде оның I және II шақырылуына (1906–1907 жж.) қазақ депутаттары да қатысты. Мұсылман фракциясына кірген олар кадеттердің либералдық партиясына қосылды және жергілікті халықты жермен толықтай қамтамасыз еткенше, шаруалардың қоныс аударуын тоқтатуды талап етті. I Думаның қазақ депутаттарының ішінде Ә.Бөкейхан, А.Бірімжанов, Б.Құлманов болды. Б.Қаратаев, М.Тынышбаев енген II Думаның құрамындағы қазақ депутаттары қоныс аударушылық саясатқа белсенді қарсы шығып, көшпелілерді күштеп отырықшылыққа көшірудің жөнсіз екендігін түсіндірді.

**Назар аударыңдар!** Қазақ халқының ұлт азаттығы үшін саяси күрестің шынайы көшбасшысы Әлихан Бөкейхан болды. Ә.Бөкейхан I Думаға Семей округі бойынша депутат болып сайланды.

II Думаның депутаты – Петербург университетінің заң факультетін бітірген Б.Қаратаев «Айқап» журналы редакторларының бірі болды.

Депутат М.Тынышбаев Петербургтегі Теміржол көлігі институтын бітірді. II Дума таратылғаннан (1907 ж.) кейін, ол теміржол құрылыстарында жол салушы инженер болып жұмыс істеп жүріп, ұлт-азаттық күрестің алдыңғы шебінде болды.





Өлихан  
Бокейхан



Мұхамеджан  
Тынышбаев



Ахмет  
Бірімжанов



Темірғали  
Нүрекенев



Тілеулі  
Аллаберген



Шәймерден  
Қосшығұлұлы



Бақытжан  
Қаратаев



Бақтыгерей  
Құлман



Молда  
Тайынұлы



Сәлімгерей  
Жантөрин



Алпысбай  
Қалменов



Дәуіт Ноян  
Тұндыт

I және II Мемлекеттік Думаға сайланған қазақ депутаттары. Алғашқы қазақ интеллигенциясы

1910 жылдары қазақ зиялы қауымының көзқарастарын білдірген алғашқы журналдар мен газеттер пайда болды. 1911–1915 жылдары М.Сералин шығарып тұрған «Айқап» журналы қазақ прозасының орнығуында үлкен рөл атқарды. Журнал қазақ кедейлерінің мүдделерін қорғады, халықты оқу-ағартуға, прогреске шақырды. Ұлттық сананың қалыптасуында 1913–1918 жылдары Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатовтар шығарып тұрған «Қазақ» газетінің маңызы орасан болды. «Қазақ» газетінің либералдық және ұлттық идеологиясы кейінірек «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметі бағдарламасының негізіне алынды.

**Назар аударыңдар!** Ахмет Байтұрсынұлы – ағартушы және ғалым, әліпбиге реформа жасаушы, қазақ халқын ағарту үшін күреске бар күшін жұмсаған және Ә.Бөкейханның либералдық идеяларын қолдаған қайраткер.

**Ресей империясының ұлттық шеткері аймақтарға қатысты саясатының қатаңдануы.** II Думаны тарату кертартпалықтың артуына әкеп соқты. Ұлттық саясатты қатаңдату орын алды: Далалы өлке мен Түркістан Думадағы өкілдіктен айырылды. Үкіметті парламенттік мінбеден сынға алу мүмкіндігі жойылды. Бұған қоса, премьер-министр П.А.Столыпин неғұрлым озбыр қоныс аударушылық саясатқа көшті. Қоныс аударушылар мемлекеттік қолдау мен жеңілдіктерді пайдаланды. Қазақтардан құнарлы жерлерді жаппай тартып алу мен оларды қоныстанушылардың жер қорына беру жүргізілді. 1906–1912 жылдары Далалық өлке мен Жетісуға 500 мыңдай славяндық отбасы қоныс

аударды. Бұл саясаттың нәтижесінде қазақтардың жаппай жерлерінен айырылуы мен күйзелуі, олардың көшпеліліктен бас тартуға мәжбүр болуы орын алды. Сондай-ақ көптеген бай шаруа (кулак) қожалықтары пайда болды. Жатақ қазақтар кулактарға батрақ болуға мәжбүр болды. Бұл халықтың стихиялық наразылығының алғышарттарын жасады.

**1916 жылғы отаршылдыққа қарсы көтеріліс.** 1916 жылы шілдеде жарияланған қазақтарды тыл жұмыстарына (Ресей 1914 жылдан бастап Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысты) жұмылдыру туралы жарлық көтеріліске себеп болды. Екіншілік науқаны қызған кезде, еңбек ету жасындағы барлық еркектерді алып кету қазақтарды аштыққа душар ететін еді.

**Назар аударындар!** 1916 жылғы көтерілістің себептері отарлық езгінің күшеюі және Ресей үкіметінің отаршылдық жер саясаты болды. 1916 жылғы көтеріліске қазақтарды тыл жұмыстарына жұмылдыру туралы бұйрық түрткі болды.

Көтерілісшілер әскерге шақырылғандардың тізімдерін өртеді, патша шенеуніктері мен казактарға шабуыл жасады. Көтеріліс Торғай және Ақмола облыстарын, Ертіс жағалаулары мен Жетісуды қамтыды. Бірқатар жағдайда көтерілісшілер басшылары хандар және сардарбектер (бас қолбасшылар) болып жарияланды. Сондай-ақ хандар жанынан кеңестер ұйымдастырылып, құрылтайлар өткізілді. Мысалы, Торғай облысында Әбдіғаппар Жанбосынов хан, Амангелді Иманов сардарбек болып жарияланды (А.Имановтың көтерілісшілер жасағында 50 мыңға дейін сарбаз болды). Көтерілісшілерге қарсы зеңбіректермен және пулеметтермен қаруланған жазалаушы бөлімдер жіберілді. Нәтижесінде жазалаушылардан қашқан ондаған мың адам Қытайға қарай көшті және босқындарға айналды. Көтеріліс 1917 жылдың ақпан айына



Қоныстанушы келімсектер



Амангелді сарбаздары. Суретші Ә.Қастеев

дейін созылды. Түркістанда оған исламдық дін үшін соғыс ұрандары қосылды.

**Алаш автономиясы сипатында мемлекеттік егемендіктің қалпына келтірілуі.** 1917 жылғы ақпан төңкерісі Ресей империясы халықтарының ұлттық сезімінің өсуіне әкелді. Қазақ зиялы қауымы автономия – қазақ мемлекеттілігінің жаңа нысанын құру әрекетін жасады. Оның көшбасшылары ұлт мәселесі бойынша келіспеушіліктерге байланысты Кадеттер партиясынан<sup>1</sup> қол үзді. Осыдан кейін жалпықазақтық съезд шақырып, 1917 жылы шілдеде Ә.Бөкейхан басқарған «Алаш» ұлттық партиясын құрды. Олар дереу Құрылтай жиналысын шақыруды және жаңа Ресейде федеративтік-демократиялық құрылысты бекітуді жақтады.

Қазан төңкерісінен кейін, 1917 жылы 5–13 желтоқсанда Орынборда өткен екінші съезд құрамына қазақ халқы басым облыстар енген Алаш аумақтық-ұлттық автономиясын жариялады. Атқарушы билік құрамында 25 адам бар Алашорда Уақытша халықтық кеңеске берілді. Автономияның төрағасы болып Ә.Бөкейхан сайланды. Автономияның Конституциясы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында<sup>2</sup> бекітілуі тиіс болды.

«Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланды. Бағдарламаны Ә.Бөкейхан, М.Дулатов пен А.Бірімжанов жасады. Бағдарламада либералды-демократиялық

<sup>1</sup> Кадеттер партиясы Ресей империясының сақталуын жақтады. Ресейдің федеративтік құрылысына және ұлттық автономиялардың құрылуына қарсы болды.

<sup>2</sup> Құрылтай жиналысы болған жоқ, өйткені оны 1908 жылы 6 (19) қаңтарда большевиктер қуып таратты.

құндылықтар: жекеменшік құқығы, теңқұқықтық, жекетұлғаға қолсұғылмаушылық, сөз, баспасөз бен одақтарға бірігу бостандығы жарияланды. Саны аз ұлттарға билік органдарына араласу құқығы мен өкілдігіне кепілдік берілді. Алашорда Семейде орналасты, кейіннен оның Батыс бөлімшесі құрылды.

Алашорда көшбасшылары Қазан төңкерісін қабылдай қойған жоқ. Ұлттық шеткергі аймақтарда төңкерістің отарлық сипаты болды. Оны шовинизмге шалдыққан және мұсылман халықтарының өмір сүруін жоққа шығаратын адамдар басқарды. Азамат соғысы басталғанда, Алашорда ақтар қозғалысы жағына шығып, өзінің әскери бөлімдерін құрды. Олар Қызыл Армиямен, оның ішінде оның қазақ бөлімдерімен (А.Иманов, Ә.Жангелдин) шайқасты. 1919 жылы көктемде, Колчак армиясының шабуылы кезінде алашордалықтар Торғай даласында көтеріліс жасады. Колчактың жеңілісі, қазақ қоғамының «ақтар» мен «қызылдарға» бөлінуі және Қызыл Армияның шабуылға шығуы Алашорданы Кеңес өкіметімен келіссөздер жасауға мәжбүр етті. Алашордалықтар кешірім алғанымен<sup>1</sup>, Алаш автономиясы жойылды. Алайда «Алаштың» автономиялық идеяларын кейіннен Кеңестер ұлт саясатын жүргізу кезінде пайдаланды.

**Түркістан (Қоқан) автономиясы.** 1917 жылы қараша айында Қоқанда өткен Түркістан мұсылман съезінде Түркістан (Қоқан) автономиясы құрылды. Оның басында М.Тынышбаев пен М.Шоқай тұрды. Ұлттық автономия идеяларын ұстанған Алаш көшбасшыларынан айырмашылығы М.Шоқай аумақтық автономияның жақтасы болды. Ондай автономия Орталық Азияның барлық мұсылман халықтарын біріктіруі тиіс болды.

**Назар аударыңдар!** Түркістан автономиясы идеясы тілдік және мәдени ортақтығы негізінде түркі халықтарын саяси жағынан ынтымақтастыруға бағытталған пантүркизм идеологиясымен байланысты болды.

Қоқан автономиясын 1918 жылы ақпан айында Қызыл Армия бөлімдері талқандады. Ферғананың Кеңестерге қарсы «басмашылық» қозғалысы Қоқан автономиясын қолдаған жоқ. Өйткені оның басшылары Қоқан хандығын жаңғыртуды емес, оны дәл бұрынғы сипатында қалпына келтіруді көздеген еді.

**Қорытынды.** ХІХ ғасырдың соңынан бастап қазақ халқының ұлт-азаттық күресі жаңа кезеңге өтті. Бір жағынан, бұрынғыша отаршылдыққа дейінгі тәртіптерді қалпына келтіру үшін халықтық наразылықтар (1916 жылғы көтеріліс) болып жатты. Екінші жағынан, наразылық қозғалысы жаңа идеялық-саяси мазмұнға ие болды. «Алаш» көшбасшылары қазақ этносының ұлт болып бірігуі және демократиялық

<sup>1</sup> 1930 жылдары алашордашылардың барлығы дерлік қуғынға ұшырады.

Ресей құрамында автономия түріндегі қазақ мемлекеттілігін құру үшін күресті. Қоқан автономиясы жеңілісінің негізгі себебі Түркістан халқының арасында дәстүрлі дүниетанымның үстемдік етуіне орай оның либерал-демократиялық және пантүркизм бағдарламасының утопиялылығы еді. Ал Алаш идеялары неғұрлым шындыққа жақын болды және Кеңес өкіметінің ұлттық саясатына ықпал етті.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Ұлт-азаттық қозғалыстың екінші кезеңінің мәні неде?
2. Алаш көшбасшылары қазақ мемлекеттілігінің болашағын қалай елестетті?
3. Қазақтар үшін Дала зиялы қауымының Ресейдің ХХ ғасырдың бас кезіндегі саяси өміріне қатысуының маңызы қандай болды?
4. 1916 жылғы көтерілістің себептері мен салдарын атаңдар. Бұл көтерілісті ХVIII ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы көтерілістермен не біріктіреді? Қандай айырмашылығы бар? 1916 жылғы көтеріліс кезінде қазақ мемлекеттілігінің қандай белгілері көрініс берді?
5. Алаш автономиясы мен Қоқан автономиясы неліктен өмірге бейімсіз болып шықты?

#### Шағын топтарға арналған тапсырма.

ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыстың көшбасшылары туралы таныстырылым дайындаңдар.

#### Күрделі тапсырмалар.

1. ХХ ғасырдың бас кезін «Азияның ояну» дәуірі деп атайды. Бұл сөйлемді қалай түсінесіңдер? Тарихи еңбектерден алынған ақпаратты пайдалана отырып, сол тұстағы Азиядағы басқа елдердің «оянуына» мысалдар келтіріңдер.
2. ХХ ғасырдың бас кезінде Қазақстан үшін либерализм, буржуазиялық-демократиялық, парламенттік-президенттік республика идеялары дер кезінде көтерілген идеялар болды ма? Олай болмаса, неліктен?
3. Дәптерлеріңе ХХ ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы идеялық келіспеушіліктерді бейнелейтін кесте жасаңдар. Кестеде қанша ағымды ұсынар едіңдер? Тағы қандай бағанды қосар едіңдер? Параграф мәтінінде қандай ақпарат жетіспейді?

Ағым	Өкілдері	Сословиелік-таптық тегі және білімі	Ұлттық бірегейлікке көзқарасы	Дінге көзқарасы	Мемлекетке көзқарасы	Жекеменшікке көзқарасы	Кеңес өкіметіне көзқарасы
1	2	3	4	5	6	7	8
Либерал-ұлтшылдар	Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Тынышбаев	Өргүрлі сословиелерден. Жоғары білім	Қазақтардың ұлттық бірегейлігін жақтайды.	Бейтарап	Ресей құрамындағы ұлттық автономия	Жақтайды.	Қарсы, кейін амалсыз мойындайды.

1	2	3	4	5	6	7	8
Ком- му- нис- тер	А.Има- нов, Ә.Жан- гелдин	Қара халықтан шыққан. Баста- уыш неме- се орта	Алға- шында жақ- тады, кейін қарсы шықты.	Теріс	Алға- шын- да – далалық демо- кратия, кейін про- лета- риат дикта- турасы	Қарсы	Жақтай- ды.

### § 46-47. XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанда қоғамдық-саяси ойдың дамуы

#### Бүгінгі сабақта:

- жәдидшілдік қоғамдық-саяси қозғалысын;
- панисламизм және пантүркизмді;
- жәдидшілдік және ұлтшылдықты;
- Ә.Бөкейханның саяси көзқарастары мен «Алаш» бағдарламасын;
- Б.Сыртанов жасаған бірінші Конституцияның жобасын қарастырамыз.

#### Кілт сөздер:

- ұлт-азаттық күрес
- жәдидшілдік
- панисламизм
- пантүркизм
- автономия
- конституция

**Жәдидшілдік қоғамдық-саяси ағым ретінде.** Алдыңғы параграфта XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ ұлт-азаттық қозғалысы көшбасшыларының бір тобы жәдидтер (жәдидшілдер) болғандығы туралы айтылды. Олар *жәдидизм* деген атау алған мұсылман әлеміндегі (әсіресе Ресей империясының мұсылмандары арасындағы) реформашыл қоғамдық-саяси қозғалыстың жақтастары еді. *Жәдид* сөзі араб тілінен «жаңа» деген мағынаны білдіреді, сондықтан жәдидшілдікті исламның ішінде жаңа

реформалар жүргізушілер қозғалысы ретінде түсіндіруге болады. Негүрлым тар мағынасында жәдидшілдік мұсылман мектебін жаңарту, жаңа әдіс бойынша оқыту үшін күресетін қозғалысты білдіреді. Сондықтан Қазақ даласында (Далалық өлке және Түркістан өлкесінде) XX ғасырдың бас кезінде пайда болған жаңа үлгідегі мұсылман мектептерін «жаңа әдісті мектептер» деп те атайды.

Ресейдегі жәдидизм мен басқа елдердегі осы тектес реформашыл қозғалыс, панисламизм аясында мұсылмандық білім беру реформасы үшін қозғалыстар өрістеді. Реформа мұсылмандар университет-

терде оқуын жалғастыруы және дәрігер, инженер, адвокат және т.б. мұсылман-мамандарды қалыптастыруы үшін білім жүйесіне шетел тілдерді, математика, география, жаратылыстану ғылымдарын енгізуді көздеді. Сонымен қатар XIX ғасырдың соңынан бастап мұсылман газеттері мен журналдары, ағартушылық мазмұндағы кітаптар мен кітапшалар шығарыла бастады. Прогресс пен жаңғыртудың жақтастары бола отырып, жәдидтер халыққа білім беру мен мәдени, экономикалық және әлеуметтік салалардағы арттақалушылықты жою, ұлттық капиталды (ұлттық буржуазияны) дамыту, әйелдердің теңқұқықтығы үшін күресті. Саяси жағынан жәдидтер конституциялық-парламенттік құрылысты (республиканы) жақтады.

**Назар аударыңдар!** Жәдидизм дін мен ағартушылықты біріктірді. Исламға қарсы бағытталған жоқ, исламның ішіндегі қозғалыс болды.

Қырым татарларының қоғамдық қайраткері және публицист Исмаил Гаспринский жәдидшілдіктің негізін қалады. Ол 1883 жылдан бастап бірінші түркітілдес газет «Терджиманды» («Аудармашы») шығара бастады. Оның материалдары бүкіл дүниежүзіндегі мұсылман ағартушылық басылымдарында қайта басылып шыға отырып, Қазақстанға да енді. Исмаил Гаспринский либералдық көзқарастарды ұстанды, қоғам прогресін, әртүрлі дін адамдарының арасындағы конфессиялық бейбітшілікті жақтады. Оның беделі өте жоғары болды, ал идеялары Ресей мұсылмандарының арасында, оның ішінде қазақтардың ішінде де кең таралды.

**Панисламизм және пантүркизм.** Панисламизм мұсылман әлемінің Батыс мемлекеттерінің отаршылдық экспансиясына жауап әрекеті болды. Оның негізінде жаңа тарихи жағдайларда исламды жаңарту (ислам модернизмі) мен дүниежүзінің барлық мұсылмандарын бірыңғай саяси күшке біріктіру идеясы жатты.

**Назар аударыңдар!** XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Осман империясынан Британдық Үндістанға дейінгі мұсылман елдерінде дүниежүзіндегі барлық елдің мұсылмандарын отаршылдыққа бірлесе қарсылық көрсетуге және жаңа халифат құруға шақырған панисламизм идеологиясы таралды.

Сол дәуірде панисламизммен қатар ислам әлеміндегі панэтникалық қозғалыстардың бірі пантүркизм болды. Пантүркизм Ресей империясы мен Осман империясында кең таралды.

**Назар аударыңдар!** Пантүркизм – түркі халықтарын мәдени және саяси біріктіруге бағытталған идеология және қоғамдық-саяси қозғалыс.



«Айқап» журналының бірінші нөмірі

Пантүркизм мұсылмандарды топтасуға шақыра отырып, панисламизмге қайшы келді. Өйткені оларды түркі еместерге қарсы қоя отырып, түркі мұсылмандарын жалпы мұсылмандардан бөліп алды. Түркілер мұсылмандардың көпшілігін құраған жерде панисламизм мен пантүркизм қосылып кетуі мүмкін еді. Мысалы, ХХ ғасырдың бас кезіндегі Ресейдегі Мұсылман съездері де, Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясы да Ресей мұсылман халықтарының саяси қозғалысында татарлар, башқұрттар, әзірбайжандар мен қазақтардың басымы болуын тудырды және көбінесе пантүркизм болды. Өйткені түркі емес мұсылмандар өкілдігі әлсіз еді.

Алғашқы сәтінен-ақ пантүркизм жалпытүркілік тілді тануда Түркия мен

түрік тілінің басым болу мәселесіне кезікті. Қырым татары Исмаил Гаспринский немесе әзірбайжан жәдиттері үшін бұл мәдени және тілдік жақындығына байланысты қабылдауға тұрарлық болса, қыпшақ немесе қарлұқ диалектілері үшін анағұрлым күрделі болды. Орталық (Орта) Азияда пантүркілік идеялар кең тарай қойған жоқ. Өйткені жергілікті жәдиттердің (М.Бехбуди, А.Фитрат) ортақ әдеби тілі ұзақ уақыт бойы парсы тілі<sup>1</sup> болып қалды және ортақ түркі тілі болған жоқ (мұндай тілді ортағасырлық шағатай тілі негізінде жасау әрекеттері болса да). Солай болғанымен де, пантүркизм идеясы 1917–1918 жылдардағы Түркістан (Қоқан) автономиясының негізі болды.

**Жәдитшілдік және ұлтшылдық.** Көптеген елде зияткер-прогресшілдердің мұсылмандық реформашыл қозғалысы ұлттық қозғалыспен қосылып кетті (жас түріктер, жас ирандық, жас ауғандық, жас бұхаралық қозғалыстар). Қазақстанда да дәл осылай болды. Бұл жерде жәдиттер, әсіресе Ресейдегі 1905–1907 жылдардағы революциядан кейін ұлт-азаттық қозғалыстың көшбасшыларына айналды. Ұлт-азаттық қозғалыс – тек қарулы емес, сондай-ақ орасан зор ағартушылық жұмыс, мәдениет өрісіндегі күрес. Жәдиттер ұлттық мәдени қайта өрлеу идеясын ұсынды. Олар заманауи педагогиканың бастауы болып, бірінші кезекте ана тілін оқуды көздеді (дәстүрлі мұсылман педагогикасында оқыту тілі – араб тілі). Орынбордағы «Хусаиния», Уфадағы «Ғалия», Жетісудағы «Мамания» медреселері

<sup>1</sup> Парсы тілі мың жыл бойы Орта Азияда ісқағаздарын жүргізу тілі болды.



сияқты жәдидтік оқу орындарынан, сондай-ақ көптеген жаңа әдісті мектептен білім алушылар еуропалық оқу орындарын бітірушілермен қатар ХХ ғасырдың бірінші ширегінде ұлттық зиялы қауымның негізін құрады. Қазақ жәдидтері заманауи қазақ әдебиетінің, әсіресе прозаның (М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» (1910 ж.), С.Көбеевтің «Қалыңмал» (1913 ж.) романдары) және драматургияның, сондай-ақ заманауи өнердің бастауында тұрды.

Қазақ жәдидтерінің 1907 жылдан 1917 жылға дейінгі кезеңде ұлттық сананы өсіруге бағытталған басты құралы мерзімді баспасөз еді. 1911 жылдан бастап Троицкіде «Айқап» журналы шығарыла бастады. Оның редакторы және идеялық жетекшісі Мұхамеджан Сералин болды. Журнал қазақ әдеби тілінің дамуына септігін тигізді және көркем туындылармен бірге этнография, тарих және фольклор бойынша зерттеулер жариялады. Білім беруді реформалау саласындағы жәдидтік идеяларды насихаттады, Қазақстан үшін маңызды аграрлық мәселені талқылады.

Қазақ баспасөзі мен әдеби тілінің дамуында, ағартушылық, реформашыл және ұлттық көзқарастарды насихаттауда 1913–1918 жылдары Орынбор мен Торғайда А.Байтұрсынұлының редакциясымен, Ә.Бөкейхан мен М.Дулатовтардың белсенді қатысуымен шыққан «Қазақ» газеті ерекше рөл атқарды. Бұл газет 1917 жылы «Алаш» партиясының ресми органына айналды.

**Әлихан Бөкейханның саяси көзқарастары.** Ә.Бөкейхан сол тұстағы қазақ зиялы қауымының арасындағы ең белгілі батысшыл болды. Басқа да қазақ ағартушылары сияқты, еуропалық білім алған ол батыстық либералдық идеялардың ықпалында болды және 1905–1907 жылдардағы революция кезеңінде Ресейдің саяси өміріне белсене қатысты. Ә.Бөкейхан 1905 жылы Ресейдің конституциялық-демократиялық партиясына (кадеттер партиясына) кірді. Ол алғашқы жылдары партия жариялаған либералдық-демократиялық құндылықтар ұлттық мәселенің әділ шешімін, атап айтқанда, Ресей құрамындағы барлық ірі этнос үшін автономия құруды білдіреді деген сенімде болды.



Әлихан Бөкейхан

**Назар аударыңдар!** Әлихан Бөкейхан болашақ демократиялық Ресей құрамындағы қазақ автономиясын жақтады. *Автономия* дегеніміз – қаржыны басқаруды қоса алғанда, өз парламенті мен өзін-өзі басқару мүмкіндігі және білім, мәдениет мәселелерінде толық дербестік алу.

Барлық жәдидтер сияқты Ә.Бөкейхан патшалық құрылыс, монархия қазақтардың ұлт азаттығына тосқауыл болды дей отырып, Ақпан революциясын қуанышпен қарсы алды. Ол Уақытша үкіметтің Торғай

облысындағы комиссары да болды. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының, кейін «Алаш» партиясының саяси бағдарламасын жасап шығарған бүкілқазақтық съездер Ә.Бөкейханның басшылығымен өтті. Кадеттердің автономия идеяларын толықтай түсінбеуі және олардың Ресей империясын Ресей Республикасы түрінде сақтау ниеті Ә.Бөкейханның кадеттер партиясы құрамынан шығуына себеп болды. Бұл 1917 жылы желтоқсанда «Алаш» партиясын құруына, Алашорда автономиясын жариялауына әкелді.

Ресей Құрылтай жиналысына сайлаудың алдында, 1917 жылы 21 қарашада жарияланған «Алаш» бағдарламасы Ресей федеративтік республикасының құрамындағы аумақтық-ұлттық автономиялардың (автономиялық республикалардың) құрылуын қарастырды. Олардың біреуі Қазақ автономиясы болуы тиіс еді. Өз құрылымы бойынша партия бағдарламасы еуропалық мемлекеттердің конституциялық құжаттарын еске салды. Ол мемлекет құрылысының федеративтік қағидатын, ұлттық автономиялар құруды, теңдей ұлттық өкілдік пен тілдердің теңқұқықтылығын, жалпыға бірдей сайлау құқығын, биліктің үш тармаққа бөлінуін, либералдық-демократиялық бостандықтарға кепілдік берілуін, діннің мемлекеттен бөлінуін (секуляризм қағидатын) қамтыды.

Осылайша, Ә.Бөкейхан мен оның серіктестері Қазақстанның шектеулі ұлттық-мемлекеттік егемендігі нысанындағы ұлттық өзін-өзі басқаруын жақтады. Көптеген либералдық құндылықтар мен секуляристік идеялардан айырмашылығы тәуелсіздік идеясы (автономия нысанында болса да) қарапайым қазақтардың арасында кең қолдауға ие болды. Бұл Азамат соғысы кезінде көрініс берді.

**Барлыбек Сыртанов жасаған бірінші қазақ Конституциясының жобасы.** «Алаш» бағдарламалық құжаттары даярланғаннан бірнеше жыл бұрын, 1911 жылы шығыстанушы және публицист Барлыбек Сыртанов «Қазақтар елінің жарғысы» атты құжат жобасын әзірледі. Б.Сыртанов



Барлыбек Сыртанов

Бүкілқазақтық съезд шақырылуын жақтады. Ол қазақтарға орыс үкіметі тартып алған жерлерді қайтарып беру мәселелерін шешуі және қазақтар мен орыстардың тең құқықтарын жариялауы тиіс болды.

Ә.Бөкейханның автономиялық бағдарламасынан айырмашылығы Б.Сыртановтың Жарғысы (Конституция жобасы) Қазақстанның Ресей құрамынан шығуын және тәуелсіз Қазақ Республикасын құруды көздеді. Жарғының негізгі идеясы Қазақстанның саяси тәуелсіздікке автономия ретінде емес, Ресей империясының доминионы ретінде ие болуы еді. Қазақстанның сыртқы саясатта Ресей

қамқорлығында қалуы, ал ішкі саясатта толықтай дербес болатыны ұйғарылды. Жарғы баптарының бірінде тәуелсіз Қазақстанда биліктің үш дербес тармағы: заң шығарушылық, атқарушылық және сот билігі болатыны көрсетілген. Жарғы сот билігінің тәуелсіздігіне ерекше назар аударды. Жарғыда заң алдында барлық адамның теңдігі мен жекеменшікке құқығы туралы либералдық қағидалар болды. Жарғының кейбір ережелері «Алаш» бағдарламасына енгізілді.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. XIX ғасырдың екінші жартысында исламда реформашылдық қозғалыстардың шығу себебі неде?
2. Жәдидтердің негізгі идеясы неде? Жәдидтер неліктен ағарту ісіне үлкен маңыз берді?
3. Идеология көзқарасы тұрғысынан Алаш автономиясы мен Түркістан (Қоқан) автономиясы арасындағы айырмашылықты түсіндіріңдер.
4. «Алаш» бағдарламасының жобасы бойынша Қазақ автономиясының мемлекеттік құрылысын сипаттаңдар.
5. Барлыбек Сыртанов жасаған бірінші Конституцияның жобасы туралы әңгімелендер.

#### Шағын топтарға арналған тапсырма.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ ағартушыларының бірі туралы таныстырылым дайындаңдар.

#### Күрделі тапсырмалар.

1. Қазақ көшпелілері Алашорда үкіметін қолдаған кезде, Ферғанадағы басмашылық қозғалыс Түркістан автономиясын неліктен қорғамады?
2. Сендердің көзқарастарың бойынша, Қазақстандағы жәдидтік қозғалыстың қайшылығы неде?
3. 1917 жылға дейінгі және одан кейінгі қазақ жәдидшілерінің қарсыластары кімдер болғанын атап көрсетіңдер.

## § 48-49. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі

### Бүгінгі сабақта:

- Қырғыз (Қазақ) АКСР-і және оның құқықтық жағдайы;
- Орта Азияны ұлттық-аумақтық межелеу;
- Қазақстан – одақтас республика;
- әміршіл-әкімшіл жүйе туралы білеміз.

Саны аз ұлттарды Кеңес өкіметі жағына тартуға ниеттенген Ленин бастаған большевиктер 1917 жылы қараша айында «Ресей халықтары құқықтарының декларациясы» мен «Ресейдің барлық мұсылман еңбекшілеріне» үндеуін қабылдады. Онда барша халыққа өзін-өзі билеу құқығы берілетіні айтылды. Алайда бұл құқықты Кеңестік Ресей шеңберінде ғана іске асыруға болатын.

**Кілт сөздер:**

- Кеңес өкіметі
- кеңестік мемлекеттік
- Автономиялық Кеңестік Социалистік Республика
- КСРО
- одақтас республика
- ХКК
- харкомат
- конституция
- КОКП
- әміршіл-әкімшіл жүйе
- егемендік

**Қырғыз (Қазақ) АКСР-ның құрылуы.** Қазақстанда Кеңес өкіметі 1918 жылы наурызда орнатылды. Ленин 1919 жылғы 10 шілдеде «Қырғыз<sup>1</sup> өлкесін басқару бойынша революциялық комитет туралы уақытша ережеге» қол қойды. Бұл комитеттің (Кирревком) құрамына коммунистер ғана емес, сондай-ақ Алашорда өкілдері де енді. Бұл Ұлы Даладағы Азамат соғысының аяқталуын тездетті.

1920 жылы көктемде Қазақстан автономиясының сипатын белгілейтін съезге дайындық жүргізілді. Қабылданған жоба большевиктердің бағдарламалық нұсқауларына сәйкес: бірпартиялық жүйе, Кеңестер билігі, пролетариат диктатурасын қолдады. Астанаға айналған Орынборда<sup>2</sup> РКФСР<sup>3</sup> үкіметінің арнаулы жарғысымен РКФСР құрамындағы Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы (ҚАКСР) құрылды. Сонымен қатар оның Орталық атқару комитеті (ОАК) мен үкіметі (ХКК) сайланды.

**Назар аударыңдар!** 1920 жылы 26 тамызда Қазақ автономиясы – Қырғыз (Қазақ) АКСР-і құрылды.

1920 жылғы 4 қазандағы ҚАКСР Кеңестерінің Құрылтай съезі «Қырғыз АКСР еңбекшілері құқықтарының декларациясын» қабылдады. ҚАКСР-ға Түркістан Республикасынан Адай және Маңғышлақ уездері берілді. Алайда қазақ ұлтының аумақтық бірігуі аяқталған жоқ.

**Түркістанда Кеңес өкіметінің нығаюы.** Қазақстанның оңтүстік облыстары орталығы Ташкент болған Түркістан Республикасының құрамына кірді. 1919 жылғы күзге дейін Қазақ даласын ақтар иеленгендіктен, Түркістандағы Кеңес өкіметі үлкен қиындықтарға кез болды. 1919 жылы қыркүйекте ақтар талқандалды. Түркістан Кеңестерінің VIII съезі өткізіліп, ОАК сайлады. Ондағы көпшілікті мұсылмандар құрағандықтан, партияның Мұсылман бюросы құрылды. Осылайша өлкеде Кеңес өкіметінің «жергіліктенуі» басталды. Мұсылман коммунистер байырғы халықтың мүдделерін қорғауға тырысты. 1920 жылы Партияның V өл-

<sup>1</sup> Яғни Қазақ.

<sup>2</sup> 1920 жылы Орынбордың қазақтар мекендеген аудандары ҚАКСР құрамына кірді, алайда 1925 жылы межелеу деп аталған аумақтық-әкімшілік реформалар барысында олар РКФСР-ға берілді, ал астана Қызылордаға көшірілді.

<sup>3</sup> Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы. КСРО құрылғанға дейін, 1918–1922 жылдары РКФСР елдің ресми аты болды. Басқаша атауы – Кеңестік Ресей.

келік конференциясы Түркі халықтарының коммунистік партиясы мен Түркі Кеңес Республикасын құру туралы шешім қабылдады. Мұсылман коммунистер Қызыл Армияның барлық мұсылман емес бөлімдерін Түркістаннан шығаруды талап етті. РК(б)П ОК<sup>1</sup> бұл жобаны бекітпеді және «Түркістан Республикасы» атының сақталуын талап етті.

**КСРО-ның құрылуы.** 1922 жылы желтоқсанда Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) құрылды, оған алғашқыда төрт республика – Украина КСР-і, Беларусь КСР-і, Закавказье КФСР-і мен РКФСР (Қазақстанды қосқанда) енді. «КСРО-ны құру туралы декларация» мен «КСРО-ны құру туралы келісімшарт» 1924 жылы қаңтар айында қабылданған бірінші одақтық Конституцияны құрады. Олар республикалардың Одаққа кіруінің еріктілігін және олардың тең құқылығын, сондай-ақ Одақтың ашықтық сипатын атап көрсетті.

**Орта Азияны ұлттық-аумақтық межелеу және Қазақстанның мемлекеттік шегараларын белгілеу.** 1924–1925 жылдары жүргізілген Орта Азияны ұлттық-аумақтық межелеу нәтижесінде бірнеше жаңа одақтас және автономиялық республикалар мен облыстар – Өзбек КСР-і, Түрікмен КСР-і, РКФСР құрамында Қара Қырғыз<sup>2</sup> автономиялы облысы (АО), ҚАКСР (Қазақстан) құрамында Қарақалпақ АО пайда болды. Сондай-ақ ҚАКСР құрамына таратылған Түркістан Республикасының құрамындағы Сырдария және Жетісу облыстары кірді. Республикалар мен облыстардың арасындағы шегаралар этникалық қағидат бойынша жүргізілді. Алайда көп жағдайда оларды жүргізу қиындады. Біріншіден, әртүрлі тілде сөйлейтін адамдар қатар өмір сүрді, екіншіден, олардың көпшілігінде этникалық ерекшелік болған жоқ.

Қазақтармен жағдай біршама басқаша болды. Қазақ мемлекеттілігінің ұзақ тарихы және қазақ зиялыларының жүздердің арасындағы келіспеушіліктерді жоюға бағытталған ағартушылық жұмысы Қазақстанның этникалық-аумақтық шегараларын айқын белгілеуге және этносты кеңестік мемлекеттілік шеңберінде ұлт етіп топтастыруға мүмкіндік берді.

ҚАКСР-ін ұлттық-мемлекеттік рәсімдеу 1925 жылғы сәуірде болған Қазақстан Кеңестерінің съезінде аяқталды. Съезд республиканың атын Қазақ АКСР (ҚазАКСР) деп өзгертті. Осылайша орыс тіліндегі ресми құжаттарда қазақтардың өзіндік атауы қайтарылды. ҚазАКСР-ның астанасы Ақмешіт (кейін Қызылорда болып өзгертілді) болды. 1929 жылы астана Алматыға көшірілді.

**Назар аударыңдар!** ҚазАКСР-ның құрылуы қазақ халқы өміріндегі маңызды оқиға болып, ұлттық егемендікті қалпына келтірудің бір сатысына айналды.

<sup>1</sup> Ресей Коммунистік (большевиктік) партиясының Орталық комитеті.

<sup>2</sup> Яғни Қырғыз.



ҚазКСР гербі

**Автономиялық республика ретінде Қазақстанның құқықтық жағдайы.** КСРО билік қатаң орталықтандырылған біртұтас мемлекет бола отырып, сөз жүзінде ғана федерация болды. Елдің ұлттық одақтас республикаларға бөлінуі олардың саяси дербестігін білдірген жоқ. Республикалар тек жергілікті шаруашылық мәселелерді ғана дербес шешті. Олардың басшыларын Орталық (Мәскеу) тағайындады және орындарынан алды. Биліктің орталық органдары республикалық органдардың шешімдерін жойып, әкімшілік шегараларын ауыстыра алды. Автономиялық республиканың құқықтық мәртебесі

одақтас республикалардан әлдеқайда төмен болды. Автономиялық республика, тіпті Одақтан шығу құқығына да ие болған жоқ.

Биліктің жоғарғы өкілдік органы Кеңестер съезі болды. Съездер аралығында биліктің жоғары органы Орталық атқару комитеті (ОАК), шын мәнінде, ОАК Президиумы болды. Ол республика үкіметін құрып, Кеңестердің сайлауларын басқарды. Сондай-ақ Халық комиссарлары кеңесі (ХКК) де заңнамалық өкілеттіліктерді иеленді. Ол төрағадан және жұмыстың жекелеген бағыттарын басқаратын – халық комиссарларынан (халком) құрылды.

Халық комиссариаттары (халкоматтар) біріккен және автономиялық болып бөлінді. Біріккендері РКФСР органдарына: Халық шаруашылығы кеңесіне, Ішкі істер, Азық-түлік, Қаржы, еңбек және байланыс жолдары халық комиссариаттарына, ТК-ға бағынды. Автономиялы халық комиссариаттары (заң, халық ағарту, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, егіншілік) неғұрлым дербес болды.

КСРО-да мемлекеттік басқару жүйесінің ерекшелігі партияның толық билігі болды. Барлық шешімді партиялық комитеттер қабылдады, ал кеңестік органдар оларды тек қайталады. Кеңестік органдар партиялық органдарға бағындырылды. Партия биліктің конституциялық органдарын алмастырып, халық билігінің өңін айналдырды. Қазақстан партия ұйымы БК(б)П ОК-не бағындырылды. 1930 жылдардың бас кезінен бастап И.Сталиннің жеке билігі режімінің бекуімен партиялық аппарат пен қуғындау органдарына сүйенген тоталитарлық жүйе орнады.

**Қазақ КСР-ның құрылуы.** КСРО-ның 1936 жылғы Конституциясы бойынша Қазақстанның мәртебесі одақтас республикаға – Қазақ КСР-не дейін көтерілді. Бұл мәртебе және атау 1991 жылға дейін, яғни Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланғанға дейін сақталды. 1936–1991 жылдар – Қазақстанның кеңестік республикалық мемле-



1937 жылғы Конституция

кеттілік кезеңі. Республика федерация субъектісіне айналды және формалды-заңдық жағынан егеменді мемлекет ретінде дами бастады. Қазақ КСР-ның 1937 жылғы конституциясына сәйкес, Қазақ КСР басқа республикалармен экономикалық, саяси және қорғаныс бағыты бойынша өзара көмекті жүзеге асыру мақсатында ерікті түрде бірікті. Республикаға оның мемлекеттік шегараларының ішіндегі аумақ бекітіліп берілді. Мемлекеттік биліктің жоғарғы органы болып Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі жарияланды.

Сталиннің өлімінен (1953 ж.) кейін елде демократияландыру кезеңі басталды. Орталықтан жергілікті жерлерге заңнамалық қызметтердің бір бөлігі берілді. Республикалардың сот істерін жүргізу, білім беру саласындағы құқықтары кеңейтілді. Республикалық бюджеттерге аударылатын қаржы көбейтілді. Алайда бұл іс-шаралар КСРО-ның ұлттық саясатының негіздерін шайқалтқан жоқ. Экономиканы дамыту, республика бюджеті, басшыларды тағайындау мен орнынан алу Орталық пен партиялық органдардың бақылауында қалды.

Қазақ КСР-і кейінгі КСРО әміршіл-әкімшіл жүйесінде. Қазақ КСР-інің 1978 жылғы Конституциясы КСРО құрамына өз еркімен кіру және одан шығу еркіндігі құқығы, Қазақ КСР Конституциясын дербес бекіту және өзгерту, республиканың келісімінсіз өзгертуге жатпайтын өз аумағының болуы және т.б. белгілерді бекітті. Алайда нақты өмірде республиканың егемендігі іске асырылған жоқ.

Билік бұрынғыша КОКП мен оның аймақтық бөлімшелері ретінде ұлттық компартияларда, мемлекеттік қауіпсіздік органдары мен армияда болды.

**Назар аударыңдар!** 1970–1980 жылдары КСРО орталықтандырылған басқару жүйесі, ортақ заңнамасы, бірыңғай экономикасы бар унитарлық федерация болып қалды.

Қазақ КСР-інің егемендігі шектелді және оның аумағының бір бөлігі КСРО Қорғаныс министрлігінің құқықтық өкілеттілігінде (оның ішінде Семей ядролық полигоны) болды.

**Қорытынды.** Өз конституциясы бар Қаз КСР-інің құрылуы ұлттық егемендікті қалпына келтірудің келесі бір сатысына айналды. Этникалық аумаққа жуықталған аймақта ұлттық-аумақтық мемлекеттілік құрылды, мемлекеттік шегаралар белгіленді, басқарудың заманауи органдары құрылды. Қазақ этносы мен елдің тарихи дұрыс аталуы қалпына келтірілді. Бөлінбейтін кеңестік федерация шеңберінде және кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйе жағдайларында қазақ қоғамының жаңғыруы орын алды. Кеңестік қазақ мемлекетінің құрылуы болашақта ұлттық егемендік пен тәуелсіздікке ие болудың мүмкіндігін жасады.

**Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. РКСФР құрамында Қырғыз (Қазақ) автономиялық республикасы құрылуының қазақ мемлекеттілігі үшін қандай маңызы болды?
2. ҚазАКСР-ның мемлекеттік құрылысы туралы әңгімелеңдер.
3. ҚазАКСР-ның мәртебесі одақтас республика деңгейіне дейін жоғарылағаннан кейін Қазақстанның мемлекеттік құрылысы қалай өзгерді?
4. Кеңестік конституцияларда жарияланған одақтас республикалардың егемендігі неліктен тиісті дәрежесінде іске асырылмады?
5. Әміршіл-әкімшіл жүйе дегеніміз не?

**Картамен жұмыс.**

Картадан 1924–1925 жылдардағы ұлттық-аумақтық межелеу нәтижесінде Қазақстанға өткен аумақтарды көрсетіңдер.

**Күрделі тапсырмалар.**

1. 1924, 1936, 1977 жылғы КСРО Конституциялары КСРО-ны федеративтік мемлекет деп жариялады. Алайда Кеңестер Одағы унитарлық мемлекет болды. Неліктен?
2. Қалай ойлайсыңдар, Қазақ КСР-ның 1978 жылғы Конституциясының қандай құқықтық ережелері Қазақстанның егемендік алуына көмектесті?

## § 50. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы

**Бүгінгі сабақта:**

- КСРО-дағы жүйелік дағдарыс, қайта құру мен жариялылық;
- Қазақстанның егемендігін жариялауы;
- Қазақстан – тәуелсіз мемлекет;
- ҚР Тұңғыш Президентінің ұлттық мемлекеттілікті қайта өрлетуіндегі рөлі туралы қарастырамыз.

**КСРО-дағы жүйелік дағдарыс.** КСРО ұлттық саясатындағы қайшылықтар, социалистік жоспарлы экономиканың экономикалық



дәрменсіздігі Кеңестер Одағының дағдарысына және күйреуіне әкелді. Экономикадағы дағдарыс, сыртқы саясаттағы сәтсіздіктер, коммунистік идеология ықпалының шұғыл төмендеуі кеңестік жүйеге кері ықпалын тигізді. Оған халықтардың кеңес басшылығының орыстандыру саясатына наразылығы қосылды. Бұл саясат «жаңа тарихи қауымдастық» – кеңес халқының пайда болуын жариялаған 1977 жылғы Конституциядан көрініс тапты.

**Қайта құру және жариялылық. Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы.** 1985 жылы КОКП ОК-нің Бас хатшысы М.С.Горбачевтің бастамасы бойынша жүргізілген «қайта құру» реформалары кеңес мемлекетін құтқара алмады. Жоспарлы жүйе ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін қабылдамады. Сондықтан өндірісті жеделдету бағыты сәтсіздікке ұшырады. Алматыда 1986 жылы Желтоқсан оқиғасы орын алды. Қазақ КСР-і басшысы Д.Қонаевты қызметінен босатып, орнына Т.В.Колбинді (тіпті республика тумасы болмаған) тағайындауға қарсы қазақ жастарының батыл наразылық білдіруі ұлттық сананың қаншалықты өскенін көрсетті. Қатал басып-жанышталған наразылық шеруі КСРО басшылығына республикадағы жағдайдан хабар берген «алғашқы дабыл» болып, Қазақстанның тәуелсіздігіне жол салды.

Қайта құрудың неғұрлым түбегейлі кезеңінде (1987–1988 жж.) М.С.Горбачев Ауғанстаннан кеңес әскерлерін шығарып, кеңестік экономикалық жүйені нарықтың тетіктерімен біріктіруге әрекеттенді, демократияландыру және «жариялылық» саясаты туралы жариялады. Бұл қоғамдық пікірталастар мен адамдардың саяси белсенділігінің өсуіне түрткі болды.

**Қазақстанда қоғамдық бірлестіктер мен партиялардың пайда болуы.** 1987 жылы жариялылық толқынында алғашқы қоғамдық ұйымдар пайда болды. Олар экологиялық (зиянды өндірістерді жабуды жақтаушылар, Арал мен Балқашты құтқару, О.Сүлейменов басқарған «Невада-Семей» ядролық сынақтарға қарсы қозғалыс), тарихи-ағартушылық (сталинизм қылмыстарын әшкерелеуші «Мемориал» және «Әділет»), ұлттық-мәдени сипатта болды. Қайта құрудың үшінші кезеңінде (1989–

### Кілт сөздер:

- қайта құру
- жариялылық
- КСРО-ның ыдырауы
- егемендіктер шеруі
- Тәуелсіздік туралы Декларация
- президенттік-парламенттік республика
- нарықтық экономика
- этносаралық келісім



Д.А.Қонаев пен Л.И.Брежнев



1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы

1990 жж.) қоғамдық қозғалыстар саясиландырылды. Республикада әртүрлі ауқымдағы бірнеше ондаған партия, қозғалыстар мен топтар пайда болды. Компартияның беделі құлдырай бастады.

**Қазақстанның егемендігін жариялауы.** Жариялылыққа рұқсат беру шектеусіз сөз бостандығына алып келді. 1989 жылы мамырда КСРО халық депутаттарының I съезі өтті. Онда КОКП мен кеңестік жүйені ашық сынап, КСРО-ны тарату талаптары айтылды. 1989 жылы 22 қыркүйекте қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін берген «Қазақ КСР-ндағы тілдер мен тіл саясаты туралы» Заң қабылданды. 1990 жылдың көктемінде КСРО халық депутаттарының II съезінде КОКП-ның басымдық рөлін бекіткен КСРО Конституциясының 6-бабы жойылды. Қоғамда демократия мен ерікті нарыққа бет бұру басым бола бастады. Идеологияда коммунизмге ашық қарсылықтар пайда болды.

1990 жылы КСРО-да президент қызметі, кейін барлық республикада президенттік лауазымдар қабылданды. 1990 жылы 24 сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР Президенті қызметін белгіледі. Жоғары Кеңес Сессиясында Тұңғыш Президент болып Қазақстан Компартиясының Бірінші хатшысы Н.Ә.Назарбаев сайланды. КСРО республикалары бірінен кейін бірі өз егемендігі мен республикалық заңдардың одақтық заңдардан басымдығын жариялай бастады (бұл үдеріс «егемендіктер шеруі» деп аталды). 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Республиканың мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны қабылдады.

**Қазақстан Президентін бүкілхалықтық сайлау және Қазақстанның тәуелсіздігін жариялау.** КСРО-ның ыдырауы мен Компартия ықпа-

лының толықтай құлдырауына 1991 жылғы тамыз бүлігі себеп болды. 1991 жылы 28 тамызда компартияның республика аумағындағы қызметі тоқтатылды. Басқару органдарын партия бақылауынан босату үдерісі басталды. Одақтық бағыныстағы кәсіпорындар Қазақ КСР үкіметінің қарамағына берілді.

**Назар аударыңдар!** 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстанда бірінші бүкілхалықтық Президент сайлауы өтті. Қазақстанның Тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.

1991 жылғы 8 желтоқсандағы Ресей, Украина мен Беларусьтің арасындағы «Беловеж келісімі» нәтижесінде 1922 жылғы КСРО құру туралы келісімшарт жойылды. Кеңестер Одағы ресми түрде ыдырады. Үш президент Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құру туралы келісімге қол қойды. 10 желтоқсан күні республиканың Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-ін Қазақстан Республикасы деп өзгертті. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өз лауазымын атқаруға кірісті.

**Назар аударыңдар!** 16 желтоқсанда Жоғарғы Кеңес «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық Заңды жариялады. Бұл күн – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні.

**ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұлттық мемлекеттіліктің қайта өрлеуіндегі рөлі.** 1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде дамып келеді. Ұлттық мемлекеттіліктің нығайуы өз жалғасын тапты. Ұлт көшбасшысы – мемлекеттік басқарудың қазақстандық моделін қалыптастырудың факторы. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қазақстандық мемлекеттілікті қайта өрлетуіндегі рөлі өте зор. Оның жүргізген сындарлы саясаты жаңа Қазақстан құрылысының тиімді құралына айналды. Президент жаңа мемлекеттік институттар құру, нарықтық экономикаға көшу, мемлекеттік тіл ұстанымдарын нығайту бойынша жұмыстарды басқарды.

90-жылдары еліміз дүниежүзілік нарыққа енуге, нарықтың тауарлар мен көрсетілетін қызметтермен толығына, кеңестік экономикалық байланыстардың үзілуінен туындаған экономикалық дағдарысты жоюға бағытталған нарықтық реформаларды жылдамдата жүргізді. Кейінгі реформалар экономиканың шикізаттық бағытталғандығын жоюға, көлік пен коммуникацияларды дамытуға, валюта, капитал мен жұмыс күші нарықтарының қалыптасуына бағытталды. Қазақстанның негізгі экспорттық тауарлары мұнай мен газға жоғары бағалар қалаларды абаттандыруға, жолдар салуға, әлеуметтік саланы жақсартуға, адамдардың әл-ауқаты деңгейін арттыруға көмектесті. Қазақстан экономикасы қарқынды дамыды.



1 желтоқсан – ҚР-ның Тұңғыш Президенті күні

Экономикалық тұрақтылық пен өсу ауқымды құқықтық базаға сүйенеді. 1993 жылы тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы қабылданды. Екінші, қазіргі қолданыстағы Конституция 1995 жылы қабылданды (оған 1998, 2007, 2011, 2017 және 2019 жылдары түзетулер енгізілді).

**Назар аударыңдар!** Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасы басқарудың президенттік-парламенттік нысаны бар унитарлық мемлекет болып табылады.

Конституция негізінде елдің жаңа құқықтық жүйесі жасалды. Конституция мемлекеттіліктің демократиялық негіздерін бекітеді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды. Қазақстанда мемлекеттік биліктің айқын жүйесі құрылған. Президент, үкімет, парламент, сот, басқарудың атқарушы құрылымдары биліктің бірыңғай тетігін құрайды.

Қазақстан Республикасының саясатында этносаралық қатынастар саласы ерекше орын алады. Еліміз үшін этносаралық бейбітшілік пен келісімді сақтаудың және нығайтудың маңызы зор. 1995 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Ассамблея бүкілқазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, этносаралық келісім мен халық бірлігін нығайту үшін қолайлы жағдай жасайды. Республика азаматтарының ұлтына, тіліне, дініне қарамастан, құқықтары мен бостандықтарының теңдігі толықтай қамтамасыз етіледі. Елбасы халыққа арнаған Жолдауларында үнемі этностар арасындағы



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев

татулықты, өзара түсіністікті сақтауға шақырады. 2017 жылы ұйымның атауы Қазақстан халқы Ассамблеясы болып өзгертілді.

1997 жылы Елбасының бастамасымен Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласына (бұрынғы Целиноград, Ақмола) көшірілді. Сол кезден бастап Астана өсіп, өркендеп, республиканың әкімшілік қана емес, сондай-ақ мәдени орталығына да айналды.

120-дан астам мемлекетпен дипломатиялық қатынастар орнатқан Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағыты халықаралық қауымдастықпен ынтымақтастыққа бағытталған. Қазақстанның сыртқы саясаты көпбағыттылығымен ерекшеленеді. Қазақстан беделді халықаралық ұйымдарға мүше. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Еуразия кеңістігінде және Орталық Азияда интеграциялық үдерістерді дамытуды жақтады, аймақта және дүниежүзінде үлкен беделге ие болды.

**Қазақстан Республикасының Президенттігіне кезектен тыс сайлау.** 2019 жылы 19 наурызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы (Ұлт көшбасшысы) Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің халыққа арналған үндеуінде Қазақстан Республикасының Президенті ретіндегі өкілеттігін тоқтататындығы жөніндегі шешімін жариялады. Н.Ә.Назарбаевқа Тұңғыш Президент статусын бекіткен Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, Елбасы Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы, «Нұр Отан» партиясының төрағасы және Конституциялық Кеңестің мүшесі қызметтерін жалғастыратын болады.

Осылайша Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің тарихи міндетін орындай отырып, конституциялық құқына сәйкес Мемлекет басшысы қызметін өз еркімен аяқтады.



ҚР Конституциясы мен Ақорда

Мемлекет басшысы қызметін одан әрі жалғастыру мәселесі Конституция бойынша шешілді. Мемлекетті басқару міндеті Қазақстан Республикасының Конституциясының 48-бабына сәйкес, президенттік сайлау өткенге дейін Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевқа жүктелді. 2019 жылдың 21 наурызында Қасым-Жомарт Тоқаев ант қабылдай отырып, Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кірісті.

2019 жылғы 23 наурыздағы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың №6 Жарлығымен Астана қаласының атауы Нұр-Сұлтан болып өзгертілді.

2019 жылы 9 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің азаматтарына арнаған үндеуінде кезектен тыс сайлау жөніндегі өз пікірін жариялады:

*Қымбатты отандастар!*

*Бүгін елімізге және әрқайсымызға қатысты аса маңызды Үндеу жариялап отырмын. Еліміздің Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2019 жылдың 9 маусымында өткізу туралы шешім қабылдадым.*

*Мен бұл жауапты шешім бойынша Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен ақылдастым.*

*Парламенттің қос палата спикерімен, Премьер-Министрмен кеңестім.*

*Конституциялық Кеңестің келісіміне жүгіндім.*

*Парламенттегі партия жетекшілерімен кездестім.*

*Кезектен тыс сайлау туралы шешім қабылдау – өте маңызды әрі қажетті қадам.*

*Біз Елбасымыздың арқасында тәуелсіз, қуатты мемлекет құрдық. Қазақстан халықаралық жүйеде өзіне лайықты орнын алды. Бізді ықпалды және белді мемлекет ретінде бүкіл әлем мойындайды.*

*Қазіргі таңда тарихи кезеңді бастан өткеріп отырмыз.*

*Жоғары билік заңды және бейбіт жолмен ауысты. Бүкіл әлем қоғамдастығы осы оқиғаны түсіністікпен және құрметпен қабылдады.*

*Мемлекет басшысы ретінде мен өзімнің міндетімді және жауапкершілігімді терең сезінемін.*

*Президент лауазымына кіріскеннен бастап өңірлерді аралап жүрмін. Халықтың көңіл күйін жақсы білемін. Зиялы қауыммен, еңбек ұжымдарымен, бизнес өкілдерімен, инвесторлармен, халықаралық тұлғалармен кездестім.*

*Біз Елбасының сара жолымен жүреміз. Халқымыз – біртұтас. Тәуелсіздігіміздің ең жоғары құндылығы ретінде мемлекетіміздің іргесі мығым. Алдағы Президент сайлауы осыған дәлел болуы керек.*

*Сондықтан елдегі қоғамдық-саяси келісімді қамтамасыз етіп, алға басу үшін, әлеуметтік-экономикалық мақсат-міндеттерді лайықты жүзеге асыру үшін бізге айқындық қажет. Оның үстіне, әлемдегі ахуал бұлыңғыр болып тұр. Бұл Отанымыздың қауіпсіздігіне сын-қатер әкелуі мүмкін.*

*Ішкі және сыртқы саясаттағы сабақтастық пен тұрақтылықты сақтап, Елбасы ұсынған әлеуметтік бағдарламаларды ойдағыдай сәтті әрі тиімді іске асыруымыз керек.*

*Ол үшін аталған тағдырлы шешімді қабылдадым.*

*Мұндай шешім тек халықтың тікелей еркімен сайлауда қабылдануы қажет.*

*Қазақстан – демократиялық мемлекет. Президент халықтың таңдауымен сайланады.*

*Мен, Мемлекет басшысы ретінде, сайлаудың таза, ашық әрі әділ өтуіне кепілдік беремін! Бұл – менің берік ұстанымым!*

*Алдымызда зор міндеттер тұр. Мен халқымызға, яғни Сіздерге сенемін.*

*Қадірлі отандастар!*

*«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді дана халқымыз.*

*Алдағы сайлауға баршаңызды барынша жауапкершілікпен қарауға шақырамын.*

*Еліміздің келешегі, әр отбасы мен әр азаматтың тағдыры Сіздердің шешімдеріңізге тікелей байланысты!*

2019 жылы 9 маусымда өткен кезектен тыс сайлауда Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, алдағы 5 жыл мерзімге ҚР Президенті болып сайланды.

**Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін қалпына келтіру – тарихи үдерістің заңды нәтижесі.** XVIII–XIX ғасырларда мемлекеттік тәуелсіздігін жоғалтқан қазақ этносы жер бетінен жоғалып кеткен жоқ. Ұлт-азаттық күрес ұлттың мәдени-генетикалық кодын сақтауға көмектесті. Тіпті кеңестік уақыттағы көшпелілік өркениет негіздерін жоғалтуға және орасан демографиялық шығындарға байланысты қасірет қазақ халқының сағын сындырған жоқ. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының ұлттық тәуелсіздікке деген ұмтылысы күшті екендігін көрсетті. Қазақстанның тәуелсіздігі заңды құбылыс болып табылады. КСРО құрамындағы Қазақ КСР-ның шекаралары қазақтардың этникалық аумағының негізінде құрылды. Бүкіл кеңестік кезеңде республиканың басқа этностары қазақтардың айналасына топтасты. Еліміздегі мемлекетті құраушы ұлт – қазақтар. Қазақстанда мекендейтін барлық этнос қазақ тіліне, діліне, мәде-

ниетіне, салт-дәстүрлері мен салттарына құрметпен қарайды. Бұл қазақ мемлекеттілігінің қайта өрлеуін білдіреді.

Қазақстан Республикасы қазақ мемлекеттілігінің дәстүрін мұраға алды, бірақ ол ортағасырлық Қазақ хандығына ұқсамайды. Бүгінгі Қазақстан – экономикалық және мәдени әлеуеті үлкен, тұрақты дамушы нарықтық экономикасы және жаңа инновациялық технологиялары бар заманауи зайырлы құқықтық мемлекет.

**Қорытынды.** 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі ресми түрде қалпына келтірілді. Тәуелсіз даму жылдарында Қазақстан елеулі жетістіктерге жетті: қазақ мемлекеттілігі қайта өрледі, президенттік-парламенттік унитарлық мемлекет моделі бойынша мемлекеттік басқарудың заманауи институттары жасалды; елдің жаңа Конституциясы мен оған негізделген заңнама қабылданды; маңызды реформалар жүргізілді; нарықтық экономика жасалды және макроэкономикалық тұрақтылыққа, берік халықаралық жағдайға қол жеткізілді; мемлекеттегі этносаралық тұрақтылық сақталды; ұлттың мәдени-генетикалық кодын қалпына келтіру мақсатымен қазақ тілі мен мәдениетінің беделі көтерілді. Қазақстан заманауи мемлекетке айналды. Жаңа тәуелсіз Қазақстанды құруда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев орасан еңбек сіңірді.

#### **Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Қайта құру кезеңдерін атаңдар. Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы қай кезеңде өтті?
2. КСРО-да жариялылықты жариялаудың қандай салдары болды?
3. 1991 жылы желтоқсанда қандай маңызды оқиғалар орын алды?
4. Тәуелсіз Қазақстандағы мемлекеттік құрылыс туралы әңгімелеңдер. Қазақстан Республикасында биліктің қандай жүйесі қалыптасты?
5. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды қалыптастырудағы рөлін сипаттаңдар.

#### **Кестемен жұмыс.**

КСРО-ның ыдырауы мен Қазақстан тәуелсіздігін жариялауға әкелген 1989–1991 жылдардағы негізгі оқиғалардың кестесін жасаңдар.

#### **Өлкетану бойынша тапсырма (шағын топтарға арналған).**

Тәуелсіздік кезеңінде өз қалаңның (облысыңның) дамуы (экономика, сәулет өнері, коммуникациялар, мәдениет) туралы таныстырылым дайындаңдар.

#### **Күрделі тапсырмалар.**

1. КСРО-дағы жүйелік дағдарыс неден көрінді? Қалай ойлайсыңдар, Кеңестер Одағы неліктен ыдырады?
2. Заманауи қазақ мемлекеттілігі кеңестік мемлекеттіліктен қаншалықты ерекшеленеді? Мемлекеттіліктің бұл екі үлгісін не жақындастырады?



## § 51-52. Мемлекеттік стратегиялар және Қазақстан Республикасының даму бағдарламалары

### Бүгінгі сабақта:

- стратегиялық жоспарлаудың мәні;
- ортамерзімді және ұзақмерзімді стратегиялар;
- 2050 жылға дейінгі дамудың негізгі басымдықтары мен мақсаттары;
- мемлекеттік және экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламалары туралы білеміз.

Қазақстандық жаңғыру үлгісінің ерекшелігі – оның экономикалық реформалардан басталуында. Нарықтық реформалардың заңнамалық іргетасы қаланды, күшті мемлекеттік биліктің нарықтық экономиканы және демократиялық қоғамды құра алатыны дәлелденді. Мемлекеттің экономикалық саясаты жалпыұлттық мүдделерде нарықтық күшті пайдалануға бағытталған. Елімізде экономикадағы жеке сектордың дамуы үшін қолайлы жағдай жасалды. 700 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік жұмыс істейді. Нарықтық экономиканың мемлекет пен мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің белсенді рөлін көздейтін тиімді үлгісі қалыптасты. Шикізат ресурстарын сатудан түсетін табысты жинақтайтын ұлттық қор құрылды. Ұлттық қор дүниежүзілік дағдарыстардың экономикаға теріс әсерін төмендетуге көмектеседі, экономикалық және әлеуметтік дамудың негізгі бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді.

### Кілт сөздер:

- тарих
- өркениет
- тарихқа жүйелі талдау
- әлеуметтік прогресс
- формация
- тап
- капитализм
- экономикалық детерминизм
- модернизация
- аграрлық қоғам
- индустриалдық қоғам

Қазақстанның мемлекеттік саясатында: «Егеменді мемлекет ретінде Қазақстанның орнығу және даму стратегиясы» (1992 ж.); «Қазақстан – 2030»; «2020 – көшбасшылыққа бастайтын қазақстандық жол», ұзақмерзімді «Қазақстан – 2050» Стратегиясы басымдыққа ие болды. Ұзақмерзімді әлеуметтік-экономикалық стратегияларды әзірлеу ұлттық дамудың орнықтылығын арттырады.

**«Қазақстан – 2030» Стратегиясы (1997 ж.).** Стратегияның қабылдануы Қазақстанның гүлденген мемлекет құруға ұмтылуының бастамасы болды. Бағдарламада ұзақмерзімді мақсаттар баяндалды: 1) ұлттық қауіпсіздік; 2) ішкі саяси тұрақтылық; 3) шетелдік инвестициялардың жоғары деңгейі бар дамыған нарықтық экономика негізінде экономикалық өсу; 4) Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты; 5) энергетикалық ресурстар; 6) инфрақұрылым; 7) кәсіпқой мемлекет.



«Қазақстан – 2030» Стратегиясы  
(1997 ж.)

секторын несиелеу деңгейі бойынша Қазақстан Республикасы бұрынғы кеңестік елдердің ішіндегі көшбасшылардың біріне айналды.

**«2020: көшбасшылыққа бастайтын қазақстандық жол» стратегиялық жоспары (2010 ж.).** 2008 жылғы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс аясында қабылданған бұл стратегиялық жоспарды іске асыру нәтижесінде Қазақстан 2020 жылы: 1) әлемдік дағдарыстан сан-салалы экономикасы мен жаңа экономикаға белсенді тартылған халқы бар, неғұрлым күшті және бәсекеге қабілетті елге айналуы; 2) дүниежүзіндегі неғұрлым бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енуі; 3) сан-салалы экономиканың дамуы үшін қажетті адам ресурстарына ие болуы; 4) қажетті инфрақұрылымы болуы тиіс. Оның негізгі міндеттері 2018 жылы орындалған, қалған міндеттер мемлекеттік бағдарламалар арқылы іске асырылып келеді. Бұл жоспардың орнына 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары қабылданды.

**«Қазақстан – 2050» Стратегиясы.** 2012 жылы желтоқсанда Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұзақмерзімді «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жариялады. Ол Қазақстанның алдына жаңа мақсат-міндеттер белгіледі:




Инновациялық даму

Реформалар жүргізу, қолайлы инвестициялық ахуал жасау және қоғамда тұрақтылық орнатудың арқасында экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз етеді. 2000 жылдан бастап ЖІӨ-нің жылдық орташа өсу қарқыны шамамен 10 пайызды құрады. 2010 жылға қарай Қазақстанда жан басына шаққанда, 90-жылдардың бас кезімен салыстырғанда, ЖІӨ 12 есе артты. Халықтың табысы да өсті. Жан басына шаққанда шетелдік инвестицияларды тарту мен экономиканың нақты

мықты мемлекет, дамыған экономика мен жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру.

2050 жылға қарай Қазақстан дүниежүзінің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі тиіс. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін Стратегия жеті ұзақмерзімді басымдықты жүзеге асыруды көздейді: 1) жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым



Астана экономикалық форумы

алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм; 2) кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау; 3) әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік; 4) білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары; 5) мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту; 6) дәйекті және болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту; 7) жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары (2018 ж.) ұзақмерзімді «Қазақстан – 2050» Стратегиясын іске асыру шеңберінде қабылданды. 2017 жылдың бас кезінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев жариялаған елдің Үшінші жаңғыруы үдерісін бастады. Жоспардың басты мақсаты – адамдардың әл-ауқатын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің деңгейіне дейін арттыруға бастайтын экономиканың сапалы және орнықты дамуы. Стратегиялық жоспар елдің экономикасы мен әлеуметтік өмірінде 2025 жылға дейінгі кезеңде жүзеге асырылатын жеті аса маңызды реформа мен жеті басымдыққа ие саясаттың төңірегіне құрылған. Елдің дүниежүзіндегі дамыған отыз мемлекеттің қатарына ену жолындағы прогресін өлшеу үшін негізгі көрсеткіштері белгіленді.

«Қазақстан — 2050» стратегиясының логотипі



**Логотип белгісі:**  
Бір-бірімен қиылысқан жартылай мөлдір сәулелер дөңгелек форма құрайды. Логотип белгісінде мынадай элементтер көрініс тапқан: шаңырақ және киіз үйдің өрілген қабырғасы тәрізді дәстүрлі қазақ мәдениеті, сондай-ақ қазақстандық халықтың басты жетістігі халық бірлігі мен топтасқандығын сипаттайтын қол алысу образы бейнеленген.

**Қазақстан – 2050 Біздің күш-қуатымыз**

**логотип жазуы:**  
Жазу логотиптің мағынасына қарай қолданылуына арнайы әртүрлі болуы мүмкін.

**Қазіргі кезде «Қазақстан — 2050» стратегиясында 7 негізгі бағыт бар. Олардың әрқайсысына өзіндік бірегей түс берілген. «Қазақстан — 2050» стратегиясы ұзақ уақытқа есептелген. Сондықтан басымдықтар бағыттары тізімі (түстері де) уақыт өткен сайын кеңейе бермек.**

<p>Институционалдық даму (басқару)</p> 	<p>Энергетикалық секторды дамыту (басқару)</p> 	<p>Жасыл өсім, жасыл экономика (экология)</p> 	
<p>Заманауи ғылымды қажетсінетін экономиканы қалыптастыру (ғылымды қажетсінетін экономика)</p> 	<p>Адами капиталды дамыту (адамдар)</p> 	<p>Урбанизация, аймақтық даму және орталықсыздандыру (урбанизация)</p> 	<p>Аймақтық және халықаралық ықпалдастық (ықпалдастық)</p> 

Дамудың ауқымды және ұзақмерзімді стратегияларынан бөлек, Қазақстанда экономикалық және әлеуметтік саланы қамтитын, неғұрлым тар салаларда нақты мақсаттар қоятын мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялар қабылданды. Білім беруге, технологиялық дамуға, инновацияларға, ақпараттық технологияларға, энергиялық-экологиялық қауіпсіздікке, экономиканы салаландыруға ерекше орын берілді.

**Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2010 ж.).** 2014 жылы бағдарламаға балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтамасыз ету бойынша «Балапан» бағдарламасы енгізілді. Мақсаты – білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сапалы білімнің барлығы үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету. Оның міндеттеріне мыналар жатады: педагог беделі мен мәртебесін көтеру, 2020 жылға қарай балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен 100 пайыз қамту, мемлекеттік тапсырыстар бойынша оқыған және мамандығы бойынша жұмысқа орналастырылған жоғары оқу орындарын бітірушілер үлесін 80 пайызға дейін арттыру, дүниежүзіндегі үздік университеттер рейтингісіне енетін жоғары оқу орындарының санын арттыру.

**«Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы (2013 ж.).** Бағдарламаның мақсаты – ақпараттық қоғамға өту үшін жағдайлар жасау. Негізгі міндеттері: мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы үшін ақпараттық орта жасау, отандық ақпараттық кеңістікті дамыту. Бағдарлама бойынша, 2020 жылы Қазақстан Бүкіләлемдік банктің Doing Business рейтингінде алғашқы 35 елдің тізімінде болуы тиіс; Қазақстан Республикасының «электрондық үкімет» индексі (БҰҰ-ның әдістемесі бойынша) алғашқы 25 елдің

ішінде болуы; интернетті пайдаланушылар саны халықтың 75 пайызын; сандық теле-радиохабарлар таратумен қамту 95 пайызын құрауы тиіс.

**Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы (2014 ж.).** Бағдарлама өңдеуші өнеркәсіптің салалануы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Бұл бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 2019 жылға қарай Қазақстан өңдеуші өнеркәсіп өндірген өнім көлемін 43 пайызға арттыруға қол жеткізеді.

**«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» инфрақұрылымдық даму бағдарламасы (2015 ж.).** Бұл мемлекеттік бағдарлама 2015–2019 жылдарға арналған. Оның мақсаты – тиімді инфрақұрылым жасаудың көмегімен елдің макроөңірлерін интеграциялау жолымен бірыңғай экономикалық нарық қалыптастыру, сондай-ақ экономиканың жеке-леген секторларын қолдау. Бағдарламаның негізгі міндеттері: тиімді көліктік-логистикалық инфрақұрылым құру, индустриялық және туристік инфрақұрылымды дамыту, энергетикалық инфрақұрылымды нығайту, азаматтарға арналған тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру, білім беру саласы инфрақұрылымын дамыту, отандық машина жасау мен экспортқа қолдау көрсету. 2019 жылы ЖІӨ-ні 2014 жылмен салыстырғанда 15,7 пайызға ұлғайту жоспарланған.

**Денсаулық сақтауды дамытудың «Денсаулық» жоспары (2016 ж.)** 2016–2019 жылдарға есептелген. Жоспардың мақсаты – халықтың денсаулығын нығайту. Негізгі міндеттері: қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін дамыту, аурулардың алдын алу және олармен күресті жетілдіру, денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыруды арттыру. 2020 жылға қарай өмір сүру ұзақтығының деңгейін 73 жасқа дейін ұлғайту, халықтың медициналық көмек сапасына қанағаттану деңгейін 46 пайызға дейін арттыру жоспарлануда.

**Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасы (2011 ж.).** Бағдарламаның мақсаты – ұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік (қазақ) тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты. Бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру, мемлекеттік тілдің қолданысын және тілге сұранысты арттыру, қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу, тіл мәдениетін жетілдіру, Қазақстанда тілдік әралуандылықты сақтау, ағылшын және басқа да шетел тілдерін оқып-үйрену. Бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай ересектердің 95 пайызы «Қазтестті» тапсыру нәтижелері бойынша мемлекеттік тілді меңгеруі тиіс. Мектеп бітірушілердің 100 пайызы қазақ тілін В1 деңгейінде білетін болады. Халықтың 15 пайызы үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгереді. Үш тілді теңдей меңгеруге бағыт алу Қазақстан азаматтарының жаһандық дамуға қатысуын көздейді.

**Қорытынды.** Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік саясаты нарықтық күшті жалпыұлттық мүдделерге пайдалануға бағытталған. Дағдарысты еңсеруге және орнықты дамуға өту ұзақмерзімді даму бағдарламаларының мақсат-міндеттері мен оларға қол жеткізу жолдарын анықтаудан басталады. Бүгінде стратегиялық тәсілдер ұзақмерзімді ұлттық мүдделерге бағытталған саясатты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасын іс жүзінде орындау Қазақстанның болашаққа ұмтылысына жағдай жасайтын жетістіктерді анықтайды. 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспарларды жүзеге асыру ел экономикасының сапалы өсуі нәтижесінде азаматтар әл-ауқатының елеулі артуына әкеледі. 2050 жылға қарай Қазақстан дүниежүзіндегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына өтуі тиіс.

#### **Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы туралы әңгімелеңдер. Оның орындалуы (негізгі көрсеткіштер бойынша) неліктен «қазақстандық керемет» туралы айтуға мүмкіндік берді?
2. «2020: көшбасшылыққа бастайтын қазақстандық жол» стратегиялық жоспары неге бағытталған?
3. «Қазақстан – 2050» Стратегиясының негізгі мақсаттары мен басымдықтары қандай?
4. Қазақстанда білім беруді дамытуға байланысты қабылданған мемлекеттік бағдарламалар туралы әңгімелеңдер. Неге мемлекет білім беруге көп көңіл бөледі?
5. Стратегиялық бағдарламаларда: инновацияларға, экологияға, адам капиталына неліктен баса назар аударылатынын айтыңдар.

#### **Шағын топтарға арналған тапсырма.**

«Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары» (жеті реформа мен жеті саясатты ашу) туралы таныстырылым дайындаңдар.

#### **Күрделі тапсырма.**

Қалай ойлайсыңдар, қазіргі жастарға ең аз дегенде үш тілді білу не үшін қажет? Неліктен қазақ, ағылшын және орыс тілдері таңдалды?

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІ – ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ МҰРАСЫ

### § 53. Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы өнері

#### Бүгінгі сабақта:

- материалдық мәдениет;
- қазақ халқының дәстүрлі баспанасы;
- киіз үйдің нышаны;
- қазақтың қолөнері мен үй кәсіпшіліктері;
- ою-өрнектердің символикасы туралы білеміз.

Материалдық мәдениет жәдігерлерден (адамдар жасаған заттардан) және технологиялардан (жәдігерлерді жасау тәсілдерінен) тұрады. Материалдық мәдениетке: баспана, киім-кешек, әшекейлер, қару-жарақ, қолданбалы өнер заттары, тағам, ыдыс-аяқ және т.б. жатады.

**Киіз үй – қазақ халқының дәстүрлі баспанасы.** Киіз үй жай ғана өмір сүруді қамтамасыз ететін баспана ғана емес, сондай-ақ ол материалдық мәдениеттің көрінісі. Үйдің жасау-жабдығымен үй кәсіпшіліктері, қолөнер мен қолданбалы өнер байланысты. Көшпелілік дәуірдегі қазақтардың баспанасы бөлшектеніп тасымалданатын киіз үй болды. Бұл – көшпелілердің жыл бойы көшіп-қонуға жарамды тамаша өнертабысы. Киіз үйдің іші – жазғы аптап ыстықта салқын, қысқы суық ызғырықта жылы. Ол жылдам жиналады, бөлшектенеді және оңай тасымалданады.

#### Кілт сөздер:

- материалдық мәдениет
- киіз үй
- қолөнер
- үй кәсіпшілігі
- сәндік-қолданбалы өнер
- өрнек

**Назар аударыңдар!** Халықтың (этностың) материалдық мәдениеті дегеніміз – халық жасаған материалдық құндылықтар жиынтығы.

Киіз үйдің ағаш қаңқасы бөлшектенетін торлы қабырғалар – *кереге*, дөңгелек төбесі – *шаңырақ* пен шаңырақты ұстап тұратын иілген күмбездік – *уықтардан* құралады. Киіз үйдің ағаш бөліктерін талдан, қайыңнан, қараағаштан, көктеректен жасайды. Киіз үйге кіретін жерде жарма есік бекітілетін жақтау орнатылады. Керегенің сыртынан ши тұтылып, олардың үстінен киіз жабындар (туырлық, үзік,



Киіз үйдің ішкі жабдықтары

түндік, киіз есік) жабылады. Киіз жабындар жылқының қылы мен қой жүнінен есілген арқандармен бекітіледі. Сонымен бірге керегенің торларын бекіту үшін баулар және қайыстар пайдаланылады. Киіз үй күмбезі бау-басқұрлармен және шашақтармен әшекейленеді. Киіз үйдің жасау-жабдығы киіздер, тоқылған кілемдер, төсеніштер мен әралуан ағаш және былғары бұйымдардан тұрады. Ыдыс-аяқ пен киім аспалы қаптарда, киіз қорапшаларда, заттар салатын қапшықтар мен сандықтарда сақталады. Ағаш заттар көркем оюлармен безендіріледі.

**Назар аударыңдар!** Киіз үй кеңістігі бес бөлікке бөлінеді: ошақ, қонақтарға арналған орын, еркектерге арналған, әйелдерге арналған бөлік, босаға.

Киіз үйдің орталығы – ошаққа арналған орын. Кіретін жерге қарсы төр – қонақтарға арналған құрметті орын. Бұл жерде сәнді кілем ілінеді, үстіне көрпелер мен жастықтар жиылған сандықтар, мылтықтар мен



Киіз үйдің сыртқы көрінісі

сәнді қамшылар, сондай-ақ қасиетті зат ретінде құрметтелетін домбыра ілулі тұрады. Төрден оңға қарай (кіреберістен солға қарай) еркектерге арналған бөлігі: бұл жерде ер-тұрман, ат әбзелдері, қару, аспаптар, әртүрлі қасиетті заттар мен тұмарлар сақталады. Төрден солға қарай (кіреберістен оңға қарай) шымалдықпен бөлінген әйелдер бөлігі орналасқан. Ол



жерде кереует тұрады, үй жабдықтары сақталады. Төрге қарама-қарсы, есіктің жанындағы кеңістік – босаға.

Киіз үйдің көлемі қанаттардың санына, ал қолданылуы көлеміне байланысты. Хандар дәуірінде сән-салтанатты киіз үйлер көлемінің үлкендігімен және жасау-жабдығының әсемдігімен ерекшеленді, ақ киізбен және жібекпен жабылды. Кереге қанаттары аз (4-5) киіз үйлер тұрмыстық қажеттіліктер үшін қызмет етті.

Жорықта, мал айдау кезінде жеңіл киіз күркелер орнатылды. Балалар мен әйелдерді алып жүру үшін дөңгелекті киіз үйлер пайдаланылды. Қыстаулардағы үйлерді, көбінесе шикі кірпіштерден салды.

**Назар аударыңдар!** Киіз үй көшпелі өмір үшін мінсіз баспана ғана емес, сондай-ақ ғаламның моделі болды. Киіз үйдің күмбезі – Аспанның, шаңырақ – Күннің, ошақ пен киіз үйдің дөңгелек кеңістігі Жердің нышанын білдіреді.

**Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері.** Киіз үй қазақтарда дәстүрлі қолөнердің, үй кәсіпшіліктері мен қолданбалы өнер түрлерінің дамуына зор әсерін тигізген. Аса маңызды қолөнер түрі – ағаш өңдеу. Ағаш өңдеуші шеберлер үлкен құрметке ие болды. Олардың уықтарды булауға арналған пеші, июге арналған құрылғысы, бұрғылау аспабы бар арнаулы шеберханалары болды. Олар киіз үйдің ағаш бөліктерінен басқа, ағаштан әртүрлі еңбек құралдарын, ыдыс-аяқ пен тұрмыстық бұйымдарды, музыкалық аспаптар жасады. Ағаш заттарды оюлау мен асыл тастармен безендіру ағаш өңдеушіні қолданбалы өнерге жақындатты. Ағаш оюшылар ою мен әртүрлі өрнектерді пайдаланды.

Бұған қоса, қазақтарда зергерлік, қару-жарақ жасау, былғары өңдеу, сүйектеу және тас қашау сияқты қолөнер түрлері дамыды. Зергерлік өнердің кәсіптік сипаты болды. Шебер зергерлер зергерлік техниканың күрделі тәсілдерін меңгерді. Ұста аспаптар, металл ыдыстар, ал ертеректе қарулар да жасаған. Сүйек пен мүйіздерден дәстүрлі тұрмыстық бұйымдар, сондай-ақ сәндік



Күмістелген ер



Әшекей бұйымдар



Шебердің жасаған ағаш төсегі



Тоқымашылар. Суретші Н.Хлудов

қолданбалы заттар даярлаған. Тас қашау ісі де ежелгі дәстүрдің бірі. Тас-тан зират құрылыстары тұрғызылды, оларға бейнелер мен өрнектер салды, жазулар жазды.

**Қазақ халқының үй кәсіпшіліктері.** Үй кәсіпшіліктерінің ішіндегі негізгісі *киіз басу* болды. Киіз үйдің сыртқы қабырғаларына арналған киіздерден басқа, ішкі жасау-жабдықтарға арналған түрлі түсті киіздер де дайындалды. Киіз басу бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен жүнді дайындап (жүнді сұрыптап, та-

зартып, бояп) алып, ши төсенішке жаяды. Содан кейін төсенішті орап, ыстық сумен ылғалдайды да, аяқпен және шынтақпен нығыздауға кіріседі. Бұған үнемі көп адам, әсіресе әйелдер қатысады.

Текеметтер еденге төсеу үшін пайдаланылады. Оларды ою түріндегі жүнді жаймалап салу немесе киізден кесіліп алынған оюларды басу әдісімен жасайды. Қабырғаға ілетін және жерге төселетін сырмақтарды дайындаудың бірнеше тәсілі бар: қарама-қарсы түстегі киіз қиықтарынан құрастыру, ақ киізге матаны тігу, киізге жіппен кестелеп өрнек салу. Қошқармүйіз түріндегі зооморфты оюлары бар текеметтерден айырмашылығы сол, сырмақтар сан алуан өрнектермен безендіріледі. Қабырға кілемдері – тұскиіздер құрастыру, жапсыру және кестелеу тәсілдерімен жасалады. Оларға жануартектес және өсімдіктектес өрнектердің үйлесуі тән.

Әйелдердің келесі бір кәсіпшілігі ши төсеніштер тоқу болды. Оюлы төсеніш дайындау кезінде ши сабақтарына қандай да бір ою жасау үшін түрлі түсті иірілмеген жүн орайды. Әйелдердің дәстүрлі кәсіпшіліктері – тоқымашылық пен кестелеу. Қазақ әйелдері тоқыма құрылғысында (өрмек) жүн жіптен киіз үйді сәндеу үшін қажетті түрлі түсті және оюлы бұйымдар тоқыды. Тоқылған бірнеше жолақтардан алашалар даярланып, оларды еденге төседі. Кестемен киімді, кілемдерді, көрпелер мен түрлі үй бұйымдарын безендірді. Қалыңдық жасауына енетін дәстүрлі бұйымдарды, оның ішінде үлкен тұскиізді қалыңдық өзі кестелеген.

**Сәндік-қолданбалы өнер.** Тұрмыстық бұйымдардың әсемдігіне орасан зор мән берілуі бұл заттардың көпшілігін сәндік-қолданбалы өнер туындыларына айналдырды.

**Назар аударыңдар!** Шеберлер жасаған әдемі бұйымдар тек әсемдік үшін емес, пайдалану үшін де даярланатындығымен ерекшеленеді. Тұрмыстық көркем жәдігерлердің әсемдіктен бөлек, нышандық маңызы да зор.


Ұрпақтан-ұрпаққа мүліктермен бірге оларды дайындау жолы, нышандық мағынаға толы өрнектері мен оюлары да беріледі. Материалдық мәдениет заттарында таңбаланған ақпарат – ұлттың мәдени коды сақталады.

**Ою-өрнектердің символикасы.** Өрнек – сәндік-қолданбалы өнердің ең ежелгі түрі. Оған пропорциялылық, симметрия мен үйлесім, табиғат құбылыстарын стильдендіру тән. Қазақ халқында XIX ғасырға дейін өрнек салу өнері басым болды.

Өрнектердің геометриялық, өсімдіктестес, жануартектес және антропоморфты түрлері бар. Қазақ қолданбалы өнерінде сақтардың аңдық стилінен шығатын жануартектес өрнек жетекші орын алады. Бұл – мүйіздер, қарға ізі, құс тұмсығы мен құс қанатының және т.б. бейнесі. Зооморфтық белгілердің тотемдік шығу тегі және тұмарлық сипаты бар.

Әмбебап геометриялық оюлардың шеңбер, айқыш, шаршы, шиыршық деген түрлері бар. Ортасында Күн орналасқан шеңбер аспандық жаратылыстың нышанын білдіреді. Тік сызық (жарық сәулесі, от қозғалысы, аспан мен жерді қосатын сызық, дененің осьтік симметриясы) қуатты, даму мен өсуді білдіреді. «Әлемдік ағаш» (бағана, тас баған) үш дүниенің: жерасты, жербеті және аспандағы әлемнің қосылу нышаны болып табылады. Көлбеу энергияның тыныштықтағы нышанын білдіреді (су беті, құбылыстардың ұзақтығы, көкжиек сызығы, демалған кездегі адам денесі). Тік сызық пен көлбеудің қосылу нүктесі энергиялардың қосылған жерін білдіреді. Сондай-ақ айқыш – әлемнің төрт тұсының, адамның төрт темпераментінің, жылдың төрт мезгілінің нышаны. Шаршы (айқыштың туынды пішіні) материалдық әлем белгісі болып табылады. Ол тәртіп пен орнықтылықтың нышаны саналады. Төбесі жоғары бағытталған үшбұрыш рухтың материядан шығуының (әйелдік бастама) және бұған керісінше, төбесі төмен бағытталған үшбұрыш рухтың материяға енуінің (еркектік бастама) нышанын білдіреді. Осындай ою элементтерінің кезектесіп орналасуы қазақ өрнегінде жиі кездеседі. Шиыршық – қозғалыстың, үдемелі күштің нышаны. Солға шиыршықтану білімді, ал оңға шиыршықтану қозғалысты сипаттайды. Бұл екеуінің бірігуі қазақтың жануартектес өрнегі қошқармүйіздің негізін қалаушы болып табылады.

Бұған қоса, қазақ өрнегінде үш бірлік (қарама-қарсы күштер мен біріктіруші үшінші күш; қазіргі уақытпен астасқан өткен уақыт пен болашақ) заңының нышанын білдіретін 3 санының магиялық мәні, сондай-ақ дүниені дуалистік қабылдауды



Қошқармүйіз



Қосмүйіз

бейнелейтін қарама-қарсылықтар үйлесімі (әсіресе сырмақтар мен түскиіздердің өрнектерінде) байқалады.

**Қорытынды.** Қазақтардың материалдық мәдениеті халықтың шаруашылық өмірінің ерекшеліктеріне байланысты болды. Көшпелі қазақтар баспанасы мен ыдыс-аяқтары өмір сүрген табиғи жағдайларға неғұрлым оңтайлы бейімделген. Киіз үй көшпелілік өмір жағдайларындағы ыңғайлы баспана, сонымен бірге әлемнің кішігірім үлгісі болды. Киіз үйде қазақтардың материалдық және рухани өмірі шоғырланған. Қазақтардың қолөнерлері мен үй кәсіпшіліктерінің тамырлары ежелгі замандарға кетеді және далалық өркениет дәстүрлерімен және көшпелі өмірдің ерекшеліктерімен тығыз байланыста. Киіз үйдің ішкі жасау-жабдығы қолданылуға қолайлылығымен, жоғары эстетикасымен ерекшеленеді.

**Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. *Материалдық мәдениет* дегеніміз не?
2. Киіз үйдің неліктен көшпелілік өмірге неғұрлым бейімделген баспана болып табылатындығын түсіндіріңдер. Көшпелілерде баспаналардың тағы қандай үлгілері кездеседі?
3. Киіз үйдің ішкі кеңістігі қандай бөліктерге бөлінеді?
4. Қолөнердің үй кәсіпшілігінен қандай айырмашылығы бар? Қолөнер қолданбалы өнерден несімен ерекшеленеді?
5. *Шаршы (ромб), шеңбер* ненің нышанын білдіреді? Өрнектің кейбір бөлшектері неліктен әмбебап (барлық халықтарда ортақ) болып табылады?

**Шағын топтарға арналған тапсырма.**

Қазақ халқының дәстүрлі киім-кешектері, дәстүрлі тағамдары, киіз кілемдері, қазақ әйелдерінің әшекейлері туралы таныстырылым дайындаңдар.

**Күрделі тапсырмалар.**

1. Киіз үйдің неліктен конустық емес, жартылай сфералық үлгісі таралған? (Көмек: бұл Қазақстан климатымен байланысты.)
2. Қазақ халқының ұлттық тағамы соңғы жүз жылдың ішінде қалай өзгерді? Не нәрсе өзгеріссіз қалды?

## § 54-55. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы

### Бүгінгі сабақта:

- қазақ халқының ділі;
- діни сенімдері;
- әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері;
- өмірлік кезеңдерге қатысты салттары туралы білеміз.

**Қазақстан аумағындағы тарихи-этнографиялық үдерістердің эволюциясы мен сабақтастығы.** Қазақ халқының көшпелілік өркениеті мен онымен байланысты мәдениеттің тамыры өте ежелгі замандарда жатыр. Мысалы, Ботай археологиялық мәдениетімен қазақтардың

жылқы шаруашылығы мен жылқыға табыну, ал арий мәдениетімен жауынгерлердің беделі байланысты. Ерте көшпелілерге тән әскери демократия түркі құрылтайларына айналды және қазақ қоғамында да болды (қазақтар ханға наразылығын одан көшіп кетуі арқылы білдіре алды). Материалдық мәдениеттегі сабақтастық шаруашылық жүргізудің көшпелі түрінен, сондай-ақ тұрмыс, киім, ыдыс-аяқ, әшекейлер, қару-жарақ және т.б. ұқсастығынан көрініс табады. Мысалы, қалыңдықтың баскиімі (сәукеле) сақ-тиграхауданың баскиіміне ұқсайды, қазандарға арналған темір тағандардың қола түрлері бар; ою-өрнектерде сақтардың аң стиліне ұқсас жануартектес оюлар бар және т.б. Рухани өмірде де сабақтастық байқалады.

#### Кілт сөздер:

- рухани мәдениет
- діл
- дәстүр
- әдет
- жора-жоралғы
- өмірлік кезең салттары



Сәукеле

**Назар аударыңдар!** Этностың рухани мәдениеті – қандай да бір этносқа тән білімдер мен дүниетанымдық идеялар жүйесі. Рухани мәдениет түсінігіне діни сенімдер, салт-дәстүрлер, дәстүрлі музыкалық мәдениет, дүниетаным, мерекелер мен ойын-сауық кіреді.

**Діл (менталитет)** этностың мәдени ерекшелігінің бірі болып табылады.

**Назар аударыңдар!** Діл – адамның ақыл-ой (менталды), мәдени және сезім ұстанымдарының, дүниетанымының жиынтығы.

Көшпелілер ділі Ұлы Даланың табиғатымен және қозғалыста болу қажеттілігімен байланысты. Далалық қатаң жағдайларда өмір сүру қазақтарды тәні және рухани жағынан төзімді етті. Сонымен қатар оларды апаттармен күресуге, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге және оны қорғауға үйретті. Қазақ халқының ділі өзгерістерге ашық және араласуға бейім болды. Олар төзімді әрі қонақжай, ұшы-қиыры жоқ даланы (кеңістікті) туған өлкесіндей қабылдаған. Бұл Далада көшіп-қонып жүрумен, басқа ру-тайпалармен және халықтармен қарым-қатынастар орнатумен, қала мен ауыл болып бөлінудің жоқтығымен байланысты. Сонымен бірге қазақ халқының ашықтығы мен қонақжайлылығы бөтен мәдениетке «араласып кетуге» бейімдігін білдірмейді.

**Қазақтардың рухани және өнегелілік құндылықтары** олардың діні мен салтынан, әдет-ғұрыптарынан тұратын мәдени дәстүрінде бекітілген. Олар әрбір қазақтың мінез-құлқын, оның отбасымен, ру мүшелерімен



Бақсы. Суретші  
М.Қайдаров

өзара қатынастарын және қоғамның қызметін анықтайды. Бұл құндылықтар мен дәстүрлер таңғаларлық орнықтылығын танытуда.

**Діни сенімдері.** Қазіргі кезде қазақ халқы – мұсылмандар, яғни исламды ұстанушылар. Ұлы Дала мен Орталық Азияда ислам пайда болғанға дейін әртүрлі діндер – манихейлік, зороастризм, христиан, буддизм мен бақсылық өмір сүрді.

**Тәңірге табынушылық.** Алайда түркілердегі басты дін тәңірге табынушылық (тәңіршілік) – көк Тәңіріне табыну еді. Тәңірге табыну барлық түркі-моңғол халықтарына тән. Тәңірге табынушылық түркі қағандықтарындағы мемлекеттік дін болды.

Тәңірге табынушылардың түсінігі бойынша ғалам жоғарғы, орта және төменгі әлемге бөлінеді. Тәңір – жоғарғы әлемнің әміршісі, адамдардың тағдыры мен дүниеде болып жатқан құбылыстардың бәрін басқарады. Ежелгі түркілер Күнге, Айға, биік ағаштарға және т.б. табынды. Ұмай ұрпақ жалғастырушы, береке-молшылықтың иесі саналды. Бұл сенімнің негізінде *Жер-анаға* табынушылық жатыр. Орта әлемдегі басты құдірет – қасиетті *Жер-су*. Төменгі әлемнің әміршісі ежелгі түркілерде адамдардың өлімін билеп-төстейтін Еркілік болды. Осы үш құдіретке сиыну Тәңірге табынушылықтың мәнін құрайды. Барлық түркілер сияқты қазақ халқы да ерекше қуаттың немесе Құдайлар сыйлайтын берекенің (*құттың*) бар екендігіне сенді. Исламның Ұлы Далаға таралуына қарай Тәңірге табынушылықпен араласып, «қазақы исламға» белгілі бір ерекшелік берді.

**Бақсылық және ата-бабаларға табыну.** Бақсылық ежелгі пұтқа табынушылықпен, анимизм, тотемизм және рухтарға сенумен байланысты. Сенушілердің түсініктері бойынша бақсы – о дүниелік әлеммен және рухтармен байланысты жүзеге асыратын, әртүрлі сиқырлар жасайтын, мысалы, сиқырлық іс-әрекеттерімен (қобызда немесе домбырада ойнау, ән айту және т.б.) адамдарды емдеуге қабілетті адам. Тіпті ислам уақытында *бақсылар* емдеу және балгерлік іспен айналыса отырып, өз ықпалын сақтауды жалғастырды.

**Ата-бабалар рухына табыну және қасиетті жерді құрметтеу.** Қазақ халқының наным-сенімінде ата-бабаларға табыну (ата-бабалар рухына – әруақтарға) елеулі орын алды. Ол жерлеу-еске алу ғұрыптарынан, ата-бабалар зираттарына тәу ету, құрбандық шалу, ата-бабалар атын әскери ұрандар ретінде пайдаланудан көрініс тапты.

Исламға дейінгі дәстүрлерге қасиетті жерлерді – *әулиелер* зираттарын, сондай-ақ табиғаттың ерекше нысандарын (ағаштар, су көздері, үңгірлер және т.б.) құрметтеу жатады. Әулиелі жерлерді құрметтеу киелі орындарға арнайы барудан көрінді және ол қасиетті жерден шығатын берекеге сенуге негізделген.

Қазақтардағы ислам өзіне тән бірқатар белгілерге ие болды. Біріншіден, Далада *ханафилік мазхаб* орнықты. Бұл суннизм (исламдағы екі негізгі бағыттың бірі) мектебі әдеттегі құқық – *адатты* таниды. Бұл ХІХ ғасырдың соңына дейін істерді дәстүрлі құқық негізінде қарастырған билер соты өмір сүрген көшпелілер үшін өте маңызды болды. Екіншіден, исламның Далада таралуы *сопылықтың* көмегімен жүрді. Ол әулиелерге табыну мен қасиетті молаларды құрметтеуді мойындайды. Сопылықтың көрнекті өкілі Қожа Ахмет Ясауидің зираты қазақтар сиынып баратын басты қасиетті орынға айналды. Ясауи кесенесіне бару «кіші қажылық» болып есептеледі. Бейнесіз жоғарғы құдай Тәңірді Аллаға теңестіру арқылы Тәңірге сену Аллаға сену болып өзгерді.

XVIII ғасырдың өзінде ежелгі діннің қалдықтары жерлеу-еске алу салттарынан (мысалы, хандарды жылқыларымен бірге жерлеу) көрініс тапты. Көшпелі өмір салты қазақтардың өміріне исламның отырықшы халықтардағыдай, мысалы, татарлардағыдай немесе өзбектердегідей терең енуіне мүмкіндік береді. Қазақтарда әйелдер шаруашылыққа араласты, сондықтан қазақтарда әйелдерді қамап ұстау мен паранжы (бетті толық жабатын киім) болған жоқ.



Нұр-Сұлтан қаласындағы Өзірет Сұлтан мешіті



Бесікке бөлеу

XIX ғасырда қазақтардың арасында мұсылман діншілдігі арта түсті: мешіттер саны мен онымен байланысты бастауыш мектептер саны артты. Қарапайым қазақтардың арасында Құран және ислам әдебиетін оқитын сауатты адамдар пайда болды. Қазақтар Меккеге қажылыққа («үлкен қажы») жиі бара бастады. Тәуелсіздік дәуірінде Қазақстанда ислам қайта өрлеп, өз орнын нығайтуда.

**Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары.** Қазақ қоғамы – осы күнге дейін, көбінесе дәстүрлі, яғни дәстүрмен байланысты қоғам. Дәстүр – қоғамның барлық мүшесіне ұсынылатын, мінез-құлық пен белгілі бір жөн-жоралардың атқарылуынан көрінетін топтық тәжірибе. Дәстүрлі қоғамда жеке тәсілдің мүмкіндігі шектеулі болып табылады.

Дәстүрдің әдет-ғұрыптарға қарағанда, өресі әлдеқайда кең, тұтастай қоғамға таралады. Әдет кез келген ортада және кез келген сәтте туындауы мүмкін. Дәстүр – тамырланған, терең әдет. Оның ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырлар бойы берілуі маңызды.

Басқа да дәстүрлі қоғам сияқты қазақ қоғамында өмірлік кезеңдерге қатысты (туу – үйлену – өлім) салттар ерекше берік. Әсіресе ол *ас беру* кезінде ерекше байқалады.

**Назар аударындар!** *Ғұрып* – нышандық мәні бар бірқатар қалыптасқан іс-әрекеттер қатары. *Әдет* – адам, топ немесе қоғам қабылдаған мінез-құлықтың қалыптасқан бейнесі. *Дәстүр* – ұрпақтан-ұрпаққа берілетін және қоғамдық қатынастарды реттейтін түсініктер мен ғұрыптар (жоралар) жиынтығы.

**Өмірлік кезеңдерге қатысты салттар:**

*Ана мен баланың денсаулығын, ырыс-берекені қамтамасыз етуге бағытталған және бала босануға байланысты салттар:* жүктілік кезінде белгілі бір тыйымдарды сақтау; бала туғаннан кейінгі алғашқы қырық күндегі жораларды орындау; бала туғаннан кейін «қырық күндік», *шілдеhana* мен *бесіктой* (бесікке салу) және т.б. тойлар.

*Балаларға байланысты салттар:* есім қою салты; нәрестені қырқынан шығару; тұсау кесу салты (*тұсаукесер*); көз тию мен



қаһарлы рухтардың зиянды әрекеттеріне сенумен байланысты жоралар жасау; ер баланы атқа бірінші рет отырғызу салты (*атқа мінгізу*) және т.б. Балаларға байланысты салттарда мұсылмандық сүндеттеу (*сүндетке отырғызу*) ерекше орын алады.

*Үйленуге байланысты салттар*: құдалықтың бірнеше кезеңі (*құда тқсу*); қыз жасауын дайындауға байланысты салттар; қалыңдықты шығарып салу (*қыз ұзату тойы*); некелесудің мұсылмандық салты (*неке қию*); қалыңдықты күйеужігіт туыстарының қарсы алу салтанаты (*келін тқіру*); үйлену мерекесі (*үйлену тойы*), сонымен қатар әрбір кезеңде көптеген жол-жоралғылар жасалады. Үйлену тойлары ұлан-асыр етіп өткізіледі.

*Жерлеу-еске алу салттары*. Онда мұсылмандық салттар исламға дейінгі салттармен үйлеседі. Жерлеуге дайындық кезеңі мен көңіл айту салттарынан; қайғыру және еске алу жоқтауларынан; молданың мұсылмандық дұға оқуы мен жерлеу рәсімдерінен; еске алу-қайғыру кезеңдерінен (үші, жетісі, қырқы, жүзі және жылы) тұрады. Жерлеуді өткізуге көптеген рулардың өкілдері қатысады.

Өмірлік кезең дәстүрлерінен бөлек басқа да салттар, қонақжайлылық әдеттері мен онымен байланысты жора-жоралғылар; өндірістік салттар (мысалы, қымызмұрындық мерекесі, қойларға ен салу жоралғысы, құрбандық шалып, жаңбыр сұрау жоралғысы (тасаттық)); үй салған кезде өзара көмек салты (*асар*) және т.б. да салттар бар. Осындай салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мүлтіксіз сақталады және қазақ қоғамын біріктіретін мәдени бірегейліктің нығаюына жағдай жасайды.

#### **Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. *Рухани мәдениет* дегеніміз не?
2. Қазақ халқының исламға дейінгі діни наным-сенімі туралы әңгімелеңдер. *Анимизм, тотемизмнің* не екендігін еске түсіріңдер. Барлық түркі-моңғол халықтарына қандай дін ортақ болған?
3. Исламның (XX ғасырға дейін) ерекшеліктері неде?
4. *Дәстүр, әдет, жора-жоралғы* дегеніміз не? Дәстүрдің әдеттен қандай айырмашылығы бар?
5. Қандай салттардың атқаратын ғұрыптары көп?

#### **Шағын топтарға арналған тапсырма.**

Қазақтардың балаларға және үйленуге байланысты салттары туралы таныстырылым дайындаңдар.

#### **Күрделі тапсырмалар.**

1. Қазақ менталитетінің қалыптасуына қандай факторлардың әсер еткені туралы ойланыңдар. Қазақ халқына қандай дүниетанымдық ұстанымдар мен мінез-құлық белгілері тән? Қазақ, орыс, америкалық, қытай менталитеттерін салыстырыңдар.
2. Дәстүрлерге ұқыпты қарау не үшін қажет? Ойланыңдар.

## § 56. Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық және рухани мұрасы

### Бүгінгі сабақта:

- қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениеті;
- ұлттық мерекелер;
- халықтық білім (этноғылым);
- патриотизм және дәстүр туралы білеміз.

### Кілт сөздер:

- рухани мәдениет
- діл
- дін
- дәстүр
- әдет
- жора-жоралғы
- өмірлік цикл салттары
- халықтық білім
- эволюциялық жаңғырту
- патриотизм

**Дәстүрлі музыкалық мәдениет.** Қазақ халқының музыкалық дәстүрлері шығармашылықтың поэтикалық түрлерінен бөлінбейді, халқымыздың өмірімен, тұрмысымен тығыз байланысты. Музыка әртүрлі жора-жоралғылар мен салтанаттарды сүйемелдеді. Мысалы, әскери магия мен ата-бабаларға табыну ғұрыптарымен байланысты *жыр* жанры пайда болды. Оларды қылқобыз немесе домбыраның сүйемелдеуімен жырау орындады. Ауызша сақталған, ата-бабалар тарихын аңыздық және мифтік түрде бейнелейтін жүзден астам эпикалық дастандардың ішінде «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Еңлік-Кебек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырлары ерекше орын алады. Эпикалық музыка дәстүрімен қатар, аспаптық музыка – қылқобызда және домбырада орындалатын күйлер дамыды. Екі дәстүрдің де шығу тегін алғашқы бақсы, жырау, қылқобызды жасау-



Қобызшы. Суретші Н.Г.Худов



Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары

шы, алғашқы күйді шығарушы Қорқыттың есімімен байланыстырады. Қорқытқа тиісті бірнеше қобыз күйі бүгінгі күнге дейін сақталған. Аңыздармен байланысты тағы бір ежелгі аспап – *сыбызғы* аңшылар мен батырлардың аспабы болып табылады. Қазақ музыкасының неғұрлым көне үлгілеріне құстар мен жан-жануарларға арналған күйлер, балалар немесе жануарлар төлдерін жоқтау күйлері жатады. Ғалымдар бұл күйлерден ежелгі тотемдік табынушылықтың жаңғырығын көреді. Аталған музыкалық аспаптардан бөлек, дәстүрлі халықтық аспаптарға жеті ішекті *жетіген*, ішекті аспап – *адырна*, *сырнай*, *керней*, ұрмалы аспаптар – *даңғыра*, *дабыл*, тілікті аспап *шаңқобыз* және тағы басқалары жатады.

XIX ғасырдан бастап қазақ музыкасы ғұрыптық және эпикалық жанрдан бөлек, сазгерлер мен орындаушылардың шығармашылығы түрінде дами бастады. Қазақстанның батыс және орталық аймақтарында домбырада орындалатын *күй* дамыды (Қ.Сағырбайұлы, Дәулеткерей, Т.Қазанғапұлы, Д.Нұрпейісова). Орталық және Шығыс Қазақстанда кәсіптік *ән мектебі* қалыптаса бастады (Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса), Жетісуда *айтыс* (суырыпсалма ақындардың сөз жарысы) дәстүрі дамыды. XIX ғасырдағы халқымыздың көрнекті музыканттары, сазгерлері мен ақындарының шығармашылығы қазақ музыкасының классикасына айналды. Сол тұстағы қазақ музыканттары жан-жақты

болды: әртүрлі аспаптарда шебер ойнады, ән салды, шешендік өнерді меңгерді. Олар Ұлы Дала тұрғындарының арасында аса танымалдыққа ие болды, сүйіспеншілікке бөленді. Айтыстың көрермені өте көп болды. Суырыпсалма ақындар тапқырлығымен, өткір сөзімен, әсіресе әлеуметтік-саяси мәселелерді шындықпен жырлауымен өз көрермендерін тәнті етті. Айтыстар үлкен аста, мереке күндері өткізілді.

**Қазақтың дәстүрлі мерекелері.** Ұлттық мерекелердің ішіндегі ең басты мейрам *Наурызды* (парс. Жаңа жыл дегенді білдіреді) қарсы алу болды. Бұл – Азияның көптеген халықтарына ортақ мереке. Наурыз көктемгі күн мен түннің теңелген күнінде мерекеленді. Бұл мейрам көктемді құрметтеумен, табиғат пен өмірдің қайта жандануымен, сондай-ақ құнарлылыққа табынумен байланысты. Наурыз мерекесінде ең маңызды нәрсе – міндетті түрде жеті дәмнен (су, ет, тары, тұз, май, бидай, айран) тұратын *наурызкөже* дайындалады. Жеті тағам жеті өмірлік бастаманы білдіреді, олар: бақ-береке, ырыс, даналық, денсаулық, байлық пен Аспан қамқорлығының нышандары. Наурызкөжені үлкен қазанда пісіріп, туған-туысы мен көршілерін шақырған. Сонымен қатар Наурызда айтыс, ұлттық ойындар (*көкпар, күрес, арқан тарту*, алыс және жақын қашықтықтарға *атжарыстар, қыз қуу* т.б.) мен басқа да салттар (*ұйқыашар, селтеткізер* т.б.) өткізіледі. Қысқы жайылымдардан жазғы жайылымдарға және керісінше көшіп-қонуы да мерекеленді. Бұл мерекелерден бөлек, қазақтар мұсылман мерекелерін – *Ораза айт* (рамазан айындағы оразадан кейін) пен *Құрбан айтты* (құрбандық шалу мерекесі) атап өтті.

**Халықтық білім (этноғылым).** Этностың рухани мәдениеті саласына фольклор (халық әндері, ертегілер, мақал-мәтелдер ғана емес,



Көкпар. Суретші Б.Досымов

сондай-ақ наным-сенімі, ырым-тыйымдар және т.б. кіреді), есептеу жүйесі (сандар магиясы), халықтық астрономия (күнтізбелер мен Күн, Ай, жұлдыздар шоғыры) және халықтық медицина (емшілік) жатады. Қазақ халқы Орталық Азияның көптеген басқа да халықтары сияқты он екі жылдық *мүшелге* негізделген күнтізбені пайдаланды. Мүшелдің көмегімен адамның жасы есептелді. Жыл көктемгі күн мен түннің теңелуінен басталып, төрт маусымға және он екі айға бөлінді. Аспан жұлдыздары мен жұлдыздар шоғырын (Жетіқарақшы, Арыстан, Үркер) білу арқылы даладағы малшылар мен жолаушылар айналасын бағдарлай білді. Халық арасында емдеумен айналысатын бақсы-тәуіптер, шөппен емдейтін емшілер, сынықтарды салатын сынықшылар, оташылар болды. Халық мұрасы – атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық тәлім. Әдеттегі біліммен (техникалық, өндірістік т.б.) қатар, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін халық мұрасы (білім) да дәстүр саласына жатады.

**Патриотизм туған жерге, мәдениет пен дәстүрлерге ерекше көзқарас ретінде.** Кеңестік кезеңдегі өзгерістерге байланысты халық дәстүрі ескілік ретінде қарастырылып, «тарих қоқысына» лақтырылды. Дінге тыйым салу, ескі әдеттерді жаңа кеңестік әдеттермен алмастыруға ұмтылу, халық дағдыларын «өткеннің қалдықтары» деп жариялау сол уақытқа тән құбылыс болды. Жаңғырту, индустрияландыру мен урбандалу (қалаландыру) тұтастай алғанда дәстүрге теріс әсерін тигізіп, оны жойды. Индустриялық қоғамда адам өзін рулық топтың мүшесі ретінде сезінуден қалып, өз күшіне ғана сенетін және өзіне-өзі жауап беретін жеке тұлғаға айналды. ХХ ғасыр көптеген дәстүрлі қоғам үшін сынаққа айналды. Бірақ қазақ халқының қасіреті жаңғырту



жағдайындағы дәстүрдің дағдарысы емес. Өркениеттік негізінен ажыраған, халқының жартысынан айырылған, қуғын-сүргін, аштық, экологиялық апат салдарынан гендік қоры нашарлаған қазақ халқы орыстандыру саясатының жағымсыз салдарына ұрынды. Қазақ халқы ұлттық мәдениеттің негізінде жатқан мәдени-генетикалық коды мен дәстүрін, демек өзін жоғалта жаздады. Кеңестік жаңғырту кезінде қазақ халқы шамадан тыс көп шығынға ұшырады.

Бұл жағдайда қазақ патриотизмі бәрінен бұрын мәдениет пен дәстүрге, индустрияландырудан зардап шеккен туған жерге сүйіспеншілік пен құрмет түрінде қалыптасуы керек. Сондай-ақ қазақ тілін қайта дамыту мен нығайту қазақша сөйлеуден, қазақша жазудан, қазақша заманауи ғылым тілін жетілдіруден көрінуі тиіс. Дәстүр экономика мен кәсіпкерлікті реттемейді, дәстүр техникалық паркті жаңартуға, білім, ғылым, инфрақұрылым мен ақпараттық технологиялардың дамуына бөгет жасамайды. Дәстүр өз саласын – отбасылық және ішінара қоғамдық қатынастар саласын реттейді. Дәстүр көбінесе өнегелілік нұсқауларды, оны тасымалдаушылардың рухани құндылықтарын белгілейді. Дұрыс, ақылға қонымды көзқарас ұстанса, дәстүр жаңғыруға бөгет жасамайды. Алайда бұл эволюциялық жолмен біртіндеп жаңғыруы тиіс.

**Қорытынды.** Көшпелі қазақтардың рухани мәдениетінің эволюциясы материалдық мәдениет сияқты сабақтастық белгілерін сақтаған. Жаңғырудың басталуына қарай қазақтың дәстүрлі қоғамында дінмен, ауыз әдебиетімен, халықтық және кәсіптік музыкамен, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар кешенімен байытылған рухани мәдениеті болған. Қазақ халқының өз мәдени кеңістігі мен менталитеті, жалпыға ортақ қабылданған өнегелілік құндылықтары мен қағидалары болды. Кеңестік кезеңдегі жаңғыру қазақ халқының рухани мәдениетіне ауыр зардаптар келтіргенімен, оны жоя алған жоқ. Дәстүрлі мәдениетті қайта жаңғырту, ата-бабалар мұрасына ұқыпты қарау елімізді эволюциялық жолмен жаңғырту үшін қажет.

#### **Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық аспаптарын атаңдар.
2. *Жырау* жанры қазақ фольклорымен қалай байланысады?
3. *Айтыс* дегеніміз не? Айтыскер ақындар қандай тақырыптарды көтерді? Мысалдар келтіріңдер.
4. Бұрынғы кезде қазақтар қандай күнтізбені қолданған?

#### **Шағын топтарға арналған тапсырмалар.**

1. Қазақтың әйгілі сазгерлері мен дәстүрлі музыканы орындаушылар туралы таныстырылым дайындаңдар.
2. Қазақтың ұлттық ойындары, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы таныстырылым дайындаңдар.

**Күрделі тапсырмалар.**

1. Индустриялық қоғамда дәстүр неліктен күйреуге ұшырайды?
2. Дәстүр мен жаңғыру бір-бірімен үйлесе ала ма?

**§ 57. Далалық өркениеттің тарихи және мәдени ескерткіштері****Бүгінгі сабақта:**

- Қазақстанның сакральді картасы;
- сакральді нысандардың жіктемесі;
- рухани қасиетті орындар және ұлттық бірегейлік туралы білеміз.

Қазақстанның алдында қоғамды жаңғырту міндеті тұр. Ол қоғамдық сана мен ұлттың рухани қайта өрлеуінсіз мүмкін емес. 2017 жылы сәуірде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында рухани қайта өрлеуді ұлттың басты міндеттерінің бірі деп атады. Рухани қайта өрлеу жолдарының бірі Қазақстанның рухани қасиетті орындарына (сакральді орындарына) қоғамдық назарды аудару болып табылады. Олар рухани дәстүр негіздерінің бірі ретінде қарастырылады.

*Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі.*

*Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі.*

*Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген.*

*Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз.*

*Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ.*

*Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді.*

*Н.Ә.Назарбаев*

**Кілт сөздер:**

- сакральді нысан
- рухани қасиетті орын
- тарихи-мәдени ескерткіш
- қажылық
- тарихи жады
- мәдени-генетикалық код
- ұлттық сәйкестік



Қазақстанның сакральді картасы

Рухани қайта өрлеу бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде 2017 жылғы мамыр айында «Сакральді Қазақстан» («Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы») жобасы жасалды. Қалалар мен облыстарда әрбір өңірдегі сакральді орындарды анықтау бойынша жұмыс топтары құрылды. Тарихшылар мен өлкетанушылар сакральді ретінде танылатын мәдени, археологиялық нысандар, тарихи және мәдени

ескерткіштер туралы ақпарат жинады және республикадағы облыстар бойынша сакральді нысандардың тізімдерін құрастырды. «Сакральді Қазақстан» картасы жасалып, онда барлық аса маңызды нысандар көрсетілді.

**Ұлттық рухани қасиетті жерлерді білу не үшін керек?** Жоба ескерткіштердің рухани, құндылықтық мазмұнын тіркейді. Бұрынғы заман ескерткіштерін сақтаудың және қалпына келтірудің қажет екендігі түсінікті. Алайда материалдық нысанның өзі ғана емес, оның дәстүрлі халық санасы мен мәдениетінде қандай мәнге ие болғаны маңызды. Табиғат пен мәдениеттің сакральді ескерткіштері – мәдени-тарихи жадының аса маңызды құрамдас бөліктері. Олар адамды өз халқының өткенімен байланыстырады. Ескерткіштер дүниетанымдық құндылықтар мен дәстүрлі білімді болашақ ұрпаққа беруді қамтамасыз етеді. Өткен заманда олар, әдетте дәстүрлі салттар мен жоралғылар өткізілетін орындар болды. Нақ осы дәстүр халықты біртұтас етіп біріктіреді.

Тарихи-мәдени ескерткіштерді, табиғи және қолмен жасалған нысандарды *киелі* деп қабылдау және оларды құрмет тұту ұлттық дәстүрге айналды. Басқа да факторлармен қатар ұлттық ерекшелік негізін қалады. Киелі жерлерді және олармен байланысты сиыну мен құрмет тұтуды ұнатпау, тұтастай алғанда дәстүрді ұнатпау мәдени-генетикалық кодтың бұзылуына әкеледі. Бұл этнос (ұлт) және этникалық (ұлттық) бірлестік үшін тілді жоғалтудан кем болмайтын қауіп саналады.

**Назар аударыңдар!** Сакральді – ерекше құрметтелетін, қасиетті. Сакральді ескерткіштерді құрметтеу халықтық дәстүр болып табылады, оны сақтау бірлік үшін маңызды.

**Тарих және мәдениет ескерткіштерін жіктеу.** «Сакральді» сөзі тар мағынасында «құдайға, дінге қатысты», «ғұрыптық», «діни ғұрыппен байланысты» дегенді білдіреді. «Сакральді Қазақстан» жобасында



рухани қасиетті орындар мен сакральді нысандар ретінде мифологиямен, дәстүрлі дін мен наным-сенімге байланысты нысандар ғана емес, сондай-ақ бірегей табиғи ландшафтылар, мәдени мұра мен зайырлы сәулет өнерінің ескерткіштері, ауызша тарихнамамен, халқымыздың жадында сақталған құндылыққа ие тарихи және саяси оқиғалармен байланысты нысандар да түсіндіріледі.

Маңызы бойынша сакральді орындар жалпыұлттық маңызы бар макросакральді және микросакральді (мысалы, сол жердегі ауыл тұрғындары үшін ғана маңызы бар және солар ғана баратын киелі, қасиетті жерлер) болып бөлінеді. Өз үлгісі бойынша қасиетті орындар төрт топқа бөлінеді:

1) табиғи-ландшафтылы нысандар; 2) археологиялық және сәулет өнерінің ескерткіштері; 3) қасиетті діни қажылық орындары; 4) тарихи тұлғалар мен саяси оқиғаларға байланысты жерлер. Қандай болмасын нысанның сакральділігін анықтаудың аса маңызды шарттарының бірі оған адамдардың сиыну мен құрмет тұтуы (адамдардың діни нысандарға ғана емес, сондай-ақ қасиетті саналатын археологиялық, тарихи ескерткіштерге немесе табиғат нысандарына да қадір тұтып баратыны құпия емес) болып табылады.

**Жалпыұлттық маңызы бар сакральді нысандар.** Тізімге жалпыұлттық маңызы бар 100 сакральді нысан енді. Ерекше құрметтелетін табиғи нысандар тобына Әулие-Ақмешіт тауы (Ұлытау), Хан Тәңірі шыңы, Мұзтау (Белуха, Алтай), Шарын шатқалы, Шымкент маңындағы Қазығұрт тауы, Абай ауданындағы Қоңыр Әулие үңгірлері, Отпан тау (Маңғыстау), Бектау ата (Балқаштан солтүстікке қарай), Қаратаудағы Жылаған ата кіреді. Осы таулар мен үңгірлерге байланысты көптеген халық аңыздары бар. Дінге сенушілердің пікірінше, емшілік пен басқа да қасиеттерді иеленген бұл нысандар – тауап ететін нысандар. Бұл нысандар туралы аңыздар сакральді географияның негізін құрып, әлемнің мифологиялық бейнесін көрсетеді. Мысалы, үңгірлердің өсіп-өнумен мифологиялық байланысын оған перзентсіз ата-ананың, бала көтере алмай жүрген әйелдердің мінәжат етуінен (мұндай қасиетті жерлерге барушылардың ішінде ерекше көп тобы) көруге болады.

Екінші топқа ежелгі дүниенің археологиялық ескерткіштері, қоныстар, жерлеу орындары кірді. Олардың ішінде: Ботай қонысы, Беғазы археологиялық кешені, Тамғалы жартас суреттері, Есік, Боралдай, Шілікті, Берел қорғандары, түркілік кезеңдегі Мерке және Жайсан



Хан Тәңірі

ескерткіштері және т.б. барлығы он екі нысан бар. Бұл топқа ежелгі және ортағасырлық Шірік Рабат, Тараз, Жент, Сығанақ, Отырар, Созақ, Сауран, Сарайшық, Сайрам қалашықтары да кіреді. Екібастұзға жақын Ақкөл-Жайылма деген жердегі XIV ғасырға жататын ескі қаланың орны назар аудартады. Бұл жерде бір замандарда Ақ Орда хандарының ордасы орналасқан болуы ықтимал. Әрине, археологиялық нысандарға саяхатшылар да көп барады. Бұлар соңғы жылдары көшпелілер өркениетінің ескерткіштері мен мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде көруге баратын нысандарға айналууда.

Сакральді нысандардың үшінші тобын тауап ету орындары және табыну нысандары, яғни діни және киелі орындар: кесенелер, мазарлар, жерлеу орындары, мешіттер, шіркеулер құрайды. Олардың ішінде Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Арыстан бап, Үкаш ата, Қарахан, Айша бибі кесенелері, толып жатқан жерлеу орындары мен Маңғыстаудағы жерасты мешіттері бар.

Сакральді нысандардың бұл тобы көп жағдайда әулиелер феноменімен байланысты. Олардың ішінде ежелгі мифологиялық кейіпкерлер, Құран кейіпкерлері және өмірде болған нақты тарихи тұлғалар да бар. Әрбір қасиетті орынның айналасында мифологиялық, сондай-ақ тарихи сипаттағы наным-сенім мен аңыз-әңгімелер қалыптасты. Бұл топқа христиандық қасиетті орын – Алматыдағы Вознесенск кафедралық соборы да кіреді.

Сакральді нысандардың төртінші тобын тарихи және мәдени ірі тұлғалар: Қобыланды батыр, Абылай хан, Әбілқайыр хан, Есім хан, М.Өтемісұлы, Ф.М.Достоевский, Т.Шевченко, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов және т.б. байланысты нысандар құрайды.



Қазығұрт тауы



Арыстан бап кесенесі

Тізімдегі соңғы нысандарды тарихи немесе саяси оқиғалармен байланысты жерлер құрайды, мысалы, қазақтардың жоңғарлармен болған шайқастарда жеңіске жеткен жерлері (Орбұлақ, Бұланты, Аңырақай), саяси қуғын-сүргін құрбандарының АЛЖИР мемориалдық кешені, Семей полигонының құрбандарына арналған «Өлімнен де күштілер» монументі, Нұр-Сұлтандағы «Астана–Бәйтерек», «Қазақ елі» және «Мәңгілік ел» салтанат аркасы және т.б. Бұл топтағы қасиетті нысандар қиян-кескі шайқастар, Қазақ даласы тарихындағы қиын-қыстау дәуірлер мен қазақ халқының бірлігі туралы әңгімелейді.

Жалпыұлттық тізімнен бөлек, өңірлік 500 нысан тізімі жасалып, арнаулы комиссиялар нысандарды құжаттандыру ісін жүргізуде. Анағұрлым ауқымды тізімдерден нысандарды бөліп алу оның көнелігіне ғана емес, сондай-ақ қоғамдағы ұйымдастырушы рөліне, ұлттық қасиетті орын ретінде танылу қабілеттілігіне де байланысты болды.

**Қазақстанның рухани қасиетті орындары – ұлттық бірлік негізі.** Ұлттық қасиетті орындарға қызығушылық ұлттық бірлікті іздестірумен байланысты. Ұлттық бірлік тілмен ғана емес, сондай-ақ ұлттық құндылықтарға, оның ішінде ұлттық рухани қасиетті орындарды құрметтеуге де қатысты. Қазақстандағы «қазақы исламның» ерекшелігі – ата-бабаларға (әруақтарға) сиыну мен әулиелі жерлерге тауап етудің және осыған байланысты салттардың болуы. Кеңестік кезеңдегі қатаң атеизм ресми дінді, дінбасыларын, діни кітаптарды ғана емес, сондай-ақ халықтық дін саласына жататын және дәстүрге кіріккен бөлігінің бәрін де жоюға тырысты. Кеңестік уақытта қасиетті мазарлар жойылды, сакральді орындарға, қажылық әрекеттерге тыйым

салынды. Тәуелсіздік кезеңінде дінге деген құрметті қалпына келтіру жүзеге асырылды. Алайда республика халқы дінге, көбінесе ұлттық рухани дәстүрге жат насихатшылардың да күшімен қайта келді. Бұл қазақстандық мұсылмандарды бөтен мәдениеттің жақтастары етті және оларда діни бірлік ұлттық бірліктен жоғары тұрды. Ұлттық рухани қасиетті орындарды діни ортаға қайта енгізу ата-бабалар дінімен сабақтастықты қалпына келтіруге және осылайша ұлттық бірлік пен ұлттық мәдени-генетикалық кодты нығайтуға, сақтауға көмектеседі.

Ұлттық діни қасиетті орындарды дәріптеу шынайы патриотизмге тәрбиелеу тұрғысынан алып қарағанда да маңызды. Әрбір жергілікті жерде діни қасиетті орындарды іздестіру және оларға бару мектеп оқушыларының кез келген өлкетану жұмысы сияқты педагогикалық маңызға ие болып, туған өлкеге, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді.

**Қорытынды.** Ұлттық бірлікті қалыптастыру үшін ұлттық рухани қасиетті орындар – халықтың сиынатын және құрметтейтін сакральді нысандары үлкен маңызға ие. Бұл сакральді нысандардың ішінде табиғи нысандар, археологиялық және тарихи ескерткіштер, діни табыну нысандары мен мәдени-тарихи ескерткіштер бар. Олардың бәрі бірігіп, халықтың тарихи жадының жинағы болып табылады. Ұлттық діни қасиетті орындарды қастерлеу де дәстүрлер қатарына жатады және ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Бүгінгі күнде елімізде «Қазақстанның сакральді картасын жасау» жобасы іске асырылуда.

#### **Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Қазақстанның сакральді картасы туралы әңгімелеңдер. Ол қашан басталды және оның мәні неде?
2. Сакральді нысандарды білу және сақтау неліктен маңызды? Бұл нысандардың халықтың тарихи жады үшін маңызы неде?
3. Сакральді нысандардың топтамасы туралы әңгімелеңдер. Олар маңызы бойынша қандай топтарға бөлінеді? Ал үлгісі бойынша қандай топтарға бөлінеді?
4. Сендердің өңірлеріңде (облыста) қандай сакральді нысандар орналасқан?

#### **Шағын топтарға арналған тапсырма.**

Өз өңірлеріңдегі діни қасиетті орындардың бірі туралы таныстырылым әзірлеңдер.

#### **Күрделі тапсырма.**

Тарихи-мәдени, тарихи-әдеби әдебиеттердегі ақпараттарды пайдалана отырып, Қазақстанның ежелгі сакральді нысандарының бірін сипаттап жаз. Сипаттамаға аңыздар мен мифтерден мысалдар келтіріңдер.

## КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ

### § 58. Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар (1920–1930 жылдар)

#### Бүгінгі сабақта:

- КСРО-дағы исламның жағдайымен;
- кеңестік мектеппен, ғылыммен;
- кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетімен;
- қазақ өнерімен;
- КСРО-дағы мәдениеттің даму мәселелерімен танысамыз.

Кеңестік кезеңде рухани сала түбегейлі жаңғыруға ұшырады. Дінге, білімге, жоғары және бұқаралық өнерге қатыстының бәрі өзгерді.

**КСРО-дағы ислам дінінің жағдайы.** Кеңестер Одағы зайырлы мемлекет болды. Онда діннен бездіру саясаты үстемдік етіп, дін мемлекеттен, ал мектеп діннен толықтай бөлінді. Дінге, оның ішінде ислам дініне қарсы күрес жүргізілді: діни мектептер жабылды, мешіттер жойылды, діни қызметшілерді сайлау құқығынан айырды, жер аударды және айдауға жіберді. Діни кітаптар жойылды. Араб-парсы жазуына негізделген әліпби латын әліпбиіне, кейін, 1940 жылы кириллицаға ауысты. 30-жылдары Меккеге қажылыққа баруға тыйым салынды. Мұсылман мерекелері ресми түрде мерекеленбеді, мұсылмандық жоралғыларды өткізуге рұқсат етілмеді. Атеистік насихат жүргізілді. Бұл іс-шаралардың бәрі ислам дінін оның экономикалық, рухани және әлеуметтік негізінен айырды. Бірақ Кеңес өкіметі адамдардың діни көзқарасын, сенімін толықтай жоя алмады. Дінді жасырып, халықтық әдеттермен бүркемелеп ұстауға тура келді.

**Кеңестік мектептің құрылуы және 20–30-жылдары мектептегі білім берудің дамуы.** Кеңестік кезеңдегі жетістіктердің бірі халыққа білім беру жедел дамыды.

Сауатсыздықпен жаппай күрес, жалпыға бірдей бастауыш, одан кейін толық емес орта білім беруді енгізу осы жолдағы кезеңдер бол-

#### Кілт сөздер:

- рухани мәдениет
- жаңғырту
- реформа
- халық ағарту
- мектеп
- ұлттық зиялы қауым
- қазақ әдебиеті
- социалистік реализм
- театр
- опера
- өнер



Сауатсыздықты жою науқанына орай  
білім беру

ды. Білім беру индустрияландырудың қажетті негізгі шарты және маңызды идеологиялық құралы қызметін атқарды.

Ересектер арасындағы сауатсыздықты жоюға бағытталған күрес Кеңес өкіметінің алғашқы қадамдарынан-ақ басталды. Жер-жерде «Сауатсыздық жойылсын!» қоғамдастығының бөлімшелері ашылды. Бөлімшелерде мыңдаған ересек адам оқып-жазуға үйренді.

30-жылдардың соңына қарай елу жасқа дейінгі халық арасындағы сауаттылық 83,6 пайызды құрады. 1918 жылы екі сатыдан тұратын кеңестік бірыңғай еңбек мектебі құрылды: бірінші сатысы 8-ден 13 жасқа дейінгі (5-сынып); ал екінші сатысы 14-тен 17 жасқа дейінгі балаларды қамтыды. Ұл балалар мен қыз балаларды біріктіріп оқыту, барлық ұлт балаларының теңдігі енгізілді. Ұлттық аудандарда оқу ұлттық тілде жүргізілді. Мектеп толықтай тегін болды. Кедей отбасылардың балалары оқулықтармен, таңғы аспен, киім-кешекпен және аяқкиіммен қамтамасыз етілді. Өлі тілдерді (латын және ежелгі грек) және діни пәндерді оқу жойылды. Мектеп «еңбек мектебі» деп аталды, өйткені еңбек дағдыларын меңгеруді қамтамасыз етті. Көшпелі және жартылай көшпелі халықтың арасында мектеп-коммуналар құрылды. 1920–1921 оқу жылында Қазақстанда 2410 мектеп болды. Бірақ 1929 жылы үй-жайлардың, мұғалімдердің жетіспеуінен мектептерге мектеп жасындағы балалардың тек 40 пайызы ғана барды.



Алғашқы мектептердің бірі



Абай атындағы ҚазҰПУ ғимараты



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғимараты

Екінші сатылы мектептер, әсіресе қазақ мектептері әлі де болса аз болды. Ауылдық мектептерде толық орта білімі жоқ адамдар сабақ берді.

1930 жылы КСРО-да жалпыға бірдей бастауыш білім беру енгізіліп, педагогикалық кадрлар мәселесі шешіле бастады. Нәтижесінде 1937 жылға қарай балалардың 96 пайызы бастауыш біліммен қамтылды (7,5 мың мектеп). 1936 жылы алғашқы 11 бала қазақ орта мектебін бітіріп шықты.

**Қазақстанда жоғары білімнің дамуы.** Кеңес өкіметінің алғашқы он жылында Қазақстанда жоғары оқу орындары болған жоқ. Бірақ көптеген қазақ жігіттері мен қыздары Ресей жоғары оқу орындары мен техникумдарында білім алды. 1928 жылы Алматыда алғашқы жоғары оқу орны – Абай атындағы ҚазПИ (қазіргі ҚазҰПУ) құрылды. Көп ұзамай ауылшаруашылық, малдәрігерлік және медициналық институттар, ал 1934 жылы Киров атындағы ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) ашылды. Техникумдар мен училищелер өнеркәсіп, көлік, құрылыс және байланыс мамандарын дайындады.

**Қазақстандық ғылымның қалыптасуы.** Заманауи үлгідегі алғашқы қазақ ғалымдары ХХ ғасырдың бас кезіндегі кәсіптік, ғылыми және қоғамдық-саяси қызметті үйлестірген ағартушылар болды. Мысалы, Ә.Бөкейхан экономика, А.Байтұрсынұлы тілтану, М.Тынышбаев тарих, Ж.Аймауытов психология мен педагогика, Х.Досмұхамедов медицина, зоология, әдебиет жөнінде еңбектер жазды. 20-жылдары бұрынғы алашордашылар сабақ берді. Олар қазақ мектептеріне арналған оқулықтар жасауға қатысты (20-жылдардағы алғашқы қазақ оқулықтары аударма емес, түпнұсқа оқулықтар болды).

1920 жылы Қазақ өлкесін зерттеу қоғамы құрылды. Сол тұста Қазақстанда алғашқы ғылыми-зерттеу институттары ашылды. С.Асфендияров (дәрігер, тарихшы, профессор), жазушы және әдебиеттанушы М.Әуезов, филолог Қ.Жұбанов (тілтанушы, профессор), Қ.Сәтбаев (геолог) 20-жылдардың екінші жартысында-ақ танымал бола бастады. 1932 жылы КСРО Ғылым Академиясының қазақстандық



Ө.Бөкейхан



А.Байтұрсынұлы



М.Дулатов

базасы құрылып, зоологиялық, ботаникалық, географиялық және басқа секторларды қамтыды. 1938 жылы ол КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы болып қайта құрылды.

**20–30-жылдардағы қазақ әдебиеті.** Қазақ әдебиетінде жаңа жанрлар мен баяндау түрлері пайда болды (драматургия, новелла, повесть, роман). Революцияға дейінгі Ө.Бөкейханның, А.Байтұрсынұлының, М.Сералиннің, С.Торайғыровтың публицистикалық туындылары проза жанрының қалыптасуына ықпал етті. Алғашқы қазақ романының авторы М.Дулатов болды («Бақытсыз Жамал», 1910 ж.). С.Көбеевтің «Қалыңмал» романында (1913 ж.), С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» (проза) және «Кім кінәлі?» (өлең) романдарында әйел теңсіздігі тақырыбы көтерілді. Әдебиеттегі осындай жаңару үдерісі революциядан кейін де жалғасты.

**Назар аударыңдар!** 20-жылдары қазақ әдебиетінде көптараптылық орын алды. Әдебиет пен өнерде эксперимент пен еркін ойлауға алғышарт жасалды. 30-жылдары мәдениеттің көптеген өкілдері қуғын-сүргінге ұшырады, ал мәдениет социалистік реализм шеңберінде дамыды.

20-жылдары ұлттық ауызша дәстүрмен байланысты ақындар оны жаңа мазмұнмен толықтырып, дамытуды жалғастырды (мысалы, Жамбыл шығармашылығы). Ақындардың халық арасында танымал екендігін білген Кеңес өкіметі оларды өз жағына тартуға ұмтылды. Кейбір көрнекті жазушылар Кеңес өкіметін қабылдамай, үнсіз қалуды артық көрді. XX ғасырдың бас кезіндегі ұлттық зиялы қауым өкілдері Кеңес өкіметін мадақтаудан бас тартқанымен, халыққа пайда әкелу ниетімен халық ағарту саласында қызмет етті. Бұл топтың ішіндегі ең ірі прозашы, «Қартқожа» (1926 ж.), «Ақбілек» (1928 ж.) реалистік романдарының, «Шернияз» пьесасының (1925 ж.) авторы Ж.Аймауытұлы

болды. Сол дәуірдегі белгілі, өлеңдері кеңінен танымал лирик ақын М.Жұмабаев еді.

Келесі бір топты революцияшыл-демократияшыл талантты жазушылар құрады. Олардың қатарына ақын және прозашы, «Тар жол, тайғақ кешу» романының (1926 ж.) авторы және Қазақстан Жазушылар



одағының негізін салушы (1934 ж.) С.Сейфуллин; ақын, прозашы және драматург Б.Майлин («Раушан коммунист», «Күлтай болыс», «Зейнептің анты» повестері мен әңгімелері); ақын І.Жансүгіров кіреді. Коммунист жазушылар революция мен жаңа тұрмысты романтикамен жырлады. Социализмге деген сенім олардың көзін байлады. 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың бас кезіндегі сталиндік қайта құрулар олардың наразылығын тудырды. Оны І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы (1937 ж.) дәлелдейді. Поэмада ақын күйреген көшпелі өркениетті жоқтайды. 30-жылдары ұлттық зиялы қауымның барлық өкілдері – ғалымдар, жазушылар, алашордалықтар мен коммунистер қуғын-сүргінге ұшырады.



М.Тынышбаев

**Социалистік реализм.** Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуы социалистік реализм стилі мен әдісін енгізумен байланысты болды.

*Социалистік реализм* – социализм мен коммунизм құрушылардың дүниетанымын эстетикалық жағынан көрсететін көркемдік әдіс. Социалистік реализм стиліндегі туындылардың мазмұны мен нысаны социализм кезіндегі өмірлік мұраттарды (Коммунистік партия мен жұмысшы табының жетекшілік рөлін, еңбекке табыну, тап жауларына деген жеккөрініш, жаңару эстетикасы мен энтузиазмді қосқанда) бейнелейді.

30-жылдардың ортасынан бастап социалистік реализм кеңестік жазушы мен суретші үшін рұқсат берілген шығармашылықтың бірден-бір әдісі болып бекітілді. Кейін шығармалар тек социалистік мазмұнда жазыла бастады. «Тар жол, тайғақ кешуден» өткен және ең соңында «коммунизм құрылысшылары» қатарына қосылған (классикалық мысалдардың бірі ретінде С.Мұқановтың «Ботагөз» (1938 ж.) романын атауға болады) «қарапайым адамдар» туралы туындылар болуы тиіс еді. Сондай-ақ Қазан төңкерісін, Ленин мен Сталинді мадақтаған өлеңдер, поэмалар, пьесалар мен романдар жазылуы шарт болды. Әдебиеттің «түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік» сипатта болуы талап етілді.

**Өнер саласының жаңғыруы** нәтижесінде кәсіптік театр, жаңа музыкалық өнер түрлері (симфониялық және камералық музыка, опера, балет), кескіндеме, мүсін өнері пайда болды. 1926 жылы Қызылордада (1928 жылдан бастап Алматыда) алғашқы Қазақ драма театры М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясын қоюмен ашылды. 30-жылдары республикада



С.Мұқанов

тағы да бірнеше театр пайда болды. 1934 жылы сазгер А.Жұбанов қазақ музыкалық аспаптар оркестрін, филармония мен Қазақ музыкалық театрын құрды. Қазақ халық музыкасы негізінде ұлттық рухтағы алғашқы қазақ опералары сахналанды. 1934 жылы «Қыз Жібек» (сазгер Е.Брусиловский) алғашқы қазақ операсы қойылды. Операда қазақ және еуропалық дәстүрлер өзара үндестік құрды. Қазақ кеңестік мәдениетінің байқауы ретінде 1936 жылы Мәскеуде қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігі өтіп, «Қыз Жібек» және «Жалбыр» опералары көрсетілді. Қыз Жібек партиясын аса көрнекті қазақ әншісі, «қазақ бұлбұлы» атанған К.Байсейітова орындады.

Ә.Қастеев қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалады. Қазіргі кезде Алматыдағы Мемлекеттік өнер мұражайы оның есімімен аталған. Мұражайда қазақстандық суретшілердің картиналары мен мүсіндік туындылары және Алматыда 1935–1967 жылдары өмір сүрген С.Калмыковтың туындылары да қойылған.

Жаңа өнер түрлерінің ішінде кино да бар. 1929–1931 жылдары Алматы қаласында деректі қысқаметражды кинолар түсірген алғашқы киностудия жұмыс істеді. 1934 жылы Алматы кинохроника студиясы ашылды. Ал Мәскеуде фильмдерді қазақ тіліне дубляж жасау басталды. 1938 жылы Ленфильмде «Амангелді» (басты рөлді Е.Өмірзақов сомдады) фильмі түсірілді. Бұлардың бәрі қазақ тарихында елеулі мәдени оқиғаға айналды.

**Қорытынды.** Рухани мәдениет саласында түбегейлі жаңғыру көрініс тапты. Зайырлы мектеп қалыптасты, жалпыға бірдей бастауыш білім беру жүйесі енгізілді, қазақ техникумдары мен жоғары оқу орындары пайда болды. Шығармашылық зиялы қауым заманауи өнер жанрлары мен түрлерін жасады. Дінге қарсы күрес жүрді және атеистік насихат жағдайларында исламның қоғамның рухани өміріне ықпалы әлсіреді. 30-жылдары кеңес өкіметі ақын-жазушылар мен суретшілерді қатаң бақылауға алды. Олардың туындылары «түрі бойынша ұлттық, мазмұны бойынша социалистік» сипатта болуы тиіс еді (социалистік



Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы



Қазақфильм

реализм). Ұлттық зиялы қауымның ең жарқын өкілдері қуғын-сүргінге ұшырады.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Кеңес өкіметінің исламға қатысты саясаты қандай болды? Өліпби реформасы неліктен исламға қарсы күрес тәсілі болды?
2. Неліктен жаңғырту мен индустрияландыру үнемі жалпы білімді дамытумен қатар жүрді? Қазақ КСР-інде білім беру жүйесінің дамуы туралы әңгімелеңдер.
3. 20–30-жылдардағы қазақ мәдениетінің жағдайы несімен ерекшеленді?
4. 20–30-жылдардағы қазақ жазушыларын қандай екі топқа бөлуге болады?
5. *Социалистік реализм әдісі* дегеніміз не? *Түрі* – ұлттық, *мазмұны* – социалистік деген сөзді қалай түсінесіңдер?
6. 20–30-жылдары қазақ әдебиеті мен өнерінде қандай жаңа жанрлар пайда болды?

#### Шағын топтарға арналған тапсырма.

1920–1930 жылдардағы қазақ мәдениетінің аса көрнекті қайраткерлері туралы таныстырылымдар дайындаңдар.

#### Күрделі тапсырма.

Автономиялық, кейін КСРО мәртебесін алған соң Қазақстанда осы мәртебеге сәйкес келетін ұлттық атрибуттар пайда болды. Параграфтағы мәтінді мұқият оқып шығып, қандай атрибуттар туралы сөз болып отырғанын түсіндіріңдер.

## § 59. Қазақстанның кеңестік кезеңдегі мәдениеті (1940–1980 жылдар)

### Бүгінгі сабақта:

- Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы;
- қазақ әдебиетінің басты жанры – тарихи роман;
- Қазақстанның музыкалық өнері;
- кеңестік дәуірдің жетістіктері мен қарама-қайшылықтары туралы білеміз.

**Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы** – қазақ кеңес әдебиетінің шыңы. М.Әуезов (1897–1961 жж.) қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алады. М.Әуезов шығармашылығына Батыс және Шығыс әдебиетінің ағымдары өз әсерін тигізді. Оның шығармашылығы социалистік реализм шеңберінен шығып, модерндік сипатта болды. Пьесалары қазақ драматургиясының классикасына айналды. Ал «Абай жолы» роман-эпопеясы (1954 ж. аяқталды) – қазақ әдебиетіндегі эпикалық және реалистік роман, қазақ өмірінің көркем энциклопедиясы. Тарихи-өмірбаяндық роман жанры М.Әуезовке сол тұстағы өмірді астарлап жеткізуге, жойылып бара жатқан салт-дәстүрлерді (XX ғасырдың ортасына қарай) жаңғыртуға мүмкіндік берді. Оны байқамау мүмкін емес еді, сол себепті М.Әуезов қудалауға ұшырады. Тек «жылымықтың» басталуымен ғана (50-жылдардың ортасында), көзінің тірісінде бұл шығарма классика болып танылды.

**Кілт сөздер:**

- мәдениет
- социалистік реализм
- тарихи роман
- опера
- халық аспаптар оркестрі
- театр
- кино
- сәулет өнері
- қалаландыру
- шығармашылық одақтар
- орыстандыру



М.Әуезов



Ғ.Мүсірепов

**60–80-жылдардағы тарихи роман.** Кейінгі кеңестік кезеңде де көптеген жазушылар социалистік реализм стилінде жазуды жалғастырды. Өндіріс озаттары немесе тың игеру туралы романдар мен повестер әдебиетке берілетін өзіндік бір рұқсатнамаға айналды. Алайда бұл туындылар оқырмандар арасында танымал болған жоқ. «Жылымық» кезеңінде (50-жылдардың екінші жартысы мен 60-жылдардың бірінші жартысы) жөнсіз қуғын-сүргінге ұшыраған жазушылардың ақталуы әдебиеттегі ахуалдың түзелуіне жағдай жасады. Майдангер жазушылар (Б.Момышұлы, Қ.Қайсенов т.б.) шығармашылығы, психологизм мен жаңашылдыққа бағыт алған «60-жылғы» ақын-жазушылардың пайда болуы социалистік реализм шеңберінен шығуға мүмкіндік берді. Прозашылар өздерінің шынайы ой-сезімдерін білдіру мүмкіндіктерін іздестірді. Сондай жанрлардың бірі тарихи роман болды. Қазақ жазушылары тарихи роман түрінде халықтың тарихи жадын жандандыруға, көшпелілердің өмірі және Қазақ даласының ұлы тұлғалары туралы еске салуға әрекеттенді. Мысалы, С.Мұқанов Шоқан Уәлиханов туралы «Аққан жұлдыз» трилогиясын, Ә.Нұрпейісов ХХ ғасырдың бас кезіндегі Арал балықшылары туралы «Қан мен тер» трилогиясын жазды. Социалистік реализмнің шебері Ғ.Мүсірепов «Ұлпан» романын жарыққа шығарды. С.Жүнісовтің Ақан сері туралы дилогиясы, І.Есенберлиннің көшпелілер өркениетінің «алтын ғасыры» туралы романдары оқырмандар арасында үлкен табысқа жетті. «Көшпенділер» трилогиясы тек орыс тілінде ғана (аударған М.Семашко) жалпы таралымы 1,5 млн дана болып, 12 рет басылып шықты. Ә.Әлімжановтың «Дала жаңғырығы» трилогиясы да кеңінен танымал болды.

Тарихи жанрмен қатар шағын психологиялық проза, балалар әдебиеті дамыды, алғашқы қазақ детективтері мен ғылыми фантастика жанрындағы туындылар пайда болды. Аталған кезеңде қазақ лирикалық поэзиясы үлкен биіктікті бағындырды (М.Мақатаев, Қ.Мырза Әлі, Т.Молдағалиев).

Көпұлтты Қазақстанда тек қазақ әдебиеті ғана дамып қойған жоқ. Қазақстандық орыс жазушыларының ішінен И.Шухов, М.Зверев, Д.Снегин, Н.Анов есімдерін атауға болады. Алматыда тұрған, көп жыл бойы жер аударуда болған көрнекті жазушы Ю.Домбровскийдің («Көнелікті сақтаушы» мен «Керексіз заттар факультеті» романдары) шығармашылығы Қазақстанмен байланысты болды. Қазақстанда орыс тілінде жазатын ақын-жазушылар көптеп шықты. Олардың ішінде Қазақ даласы мен қазақ тілінің тарихи тағдырын ой елегінен өткізген О.Сүлейменов те болды. 70-жылдары оның «Азия» кітабы ең танымал кітаптардың біріне айналды. Кітапта өткен замандағы түркі-славян мәдениеттерінің өзара ықпалы мен этнолингвистикалық қатынастары тақырыбы көтеріледі. Бұл кеңес басшылығына бүлікшіл болып көрінді, автор ұлтшылдықпен айыпталды, ал кітапқа уақытша тыйым салынды.

**Музыка өнері.** 1944 жылы Алматы консерваториясы ашылып, онда «классиктер» де, «халықшылдар» да дайындалды. А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» (1944 ж.) және М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» опералары (1946 ж.) қазақ опера өнерінің шыңы болды. Соғыстан кейінгі уақытта Абай атындағы театрда қазақ және шетелдік операларда КСРО Халық артистері – Б.Төлегенова, Р.Жаманова мен Е.Серкебаев сияқты дарынды әншілер өз өнерлерімен жарқырады. Басқа да музыкалық жанрлар: симфониялық, камералық, эстрадалық музыка дамыды; хорлар мен оркестрлер жұмыс істеді. Олардың ішіндегі ең ірілері кезінде А.Жұбанов құрған Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі, сазгер және дирижер Н.Тілендиевтің басқаруындағы «Отырар сазы» оркестрі болды. Халықтық ішекті және үрмелі аспаптардың үндесуі, оркестрдің орындауындағы күйлер мен халық әуендерін қайта өңдеу қазақ музыкасындағы жаңа бағытқа айналды. Кеңестік уақытта халық арасында осы күнге дейін танымал көптеген қазақ әндері дүниеге келді.

**Театр және кино.** 1945 жылы Алматыға жер аударылған Н.Сацтың күш-жігерімен Қазақстан астанасында балалардың сүйіктісіне айналған Жас көрермендер театры пайда болды. Жетекші қазақ театры



М.Мақатаев



Т.Молдағалиев



О.Сүлейменов

Алматыдағы академиялық қазақ драма театры болды. Оған 1961 жылы М.Әуезовтің есімі берілді. Бұл сахнада Ш.Аймановтың актерлік және режиссерлік таланты танылды. Қырық жылдай театрдың көркемдік жетекшісі болған Ә.Мәмбетовтің «Ана – Жер-ана» (Ш.Айтматовтың повесі бойынша), «Қан мен тер», «Қарагөз», «Абай», «Көктөбедегі кездесу» және басқа да спектакльдері қазақтың сахна өнерін жаңа биікке көтерді. Алматыдағы М.Ю.Лермонтов атындағы Орыс драма театры, Ұйғыр және Корей музыкалық комедия театрлары бүкіл республика бойынша ондаған облыстық театр көрермендерін сапалы спектакльдерімен қуантты.

1941 жылы қыркүйекте Алматы көркемсуретті фильмдер студиясы (1960 жылдан бастап «Қазақфильм») құрылды. Онда соғыстың басталуымен Қазақстан астанасына эвакуацияланған көптеген даңқты кинематографшылар жұмыс істеді. Соғыс кезінде шығарылған кеңестік фильмдердің көпшілігі Алматыда түсірілді. Соғыстан кейін «Қазақфильмде» көрермендердің бірнеше буынының сүйіктісіне айналған туындылар: Ш.Аймановтың «Қыз бен жігіт», «Біздің сүйікті дәрігер» мен «Тақиялы періште» комедиялары, «Қыз Жібек» эпикалық фильмі (режиссері С.Қожықов), А.Әшімов түскен шытырман оқиғалы «Атаманның ақыры» (реж. Ш.Айманов) мен «Транссібір экспресі» (реж. Ә.Уразбаев), «Көксерек» драмасы (М.Әуезовтің әңгімесі бойынша, реж. Т.Өкеев), балаларға арналған А.Қарсақбаевтың фильмдері («Менің атым Қожа», «Алпамыс мектепке барады») түсірілді.



Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры



М.Өуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры

**Кеңестік дәуірдегі мәдени ахуалдың ерекшеліктері.** Мәдениет саласы аталған туындылармен шектелмеді. Мүлдем жаңа сәулет құрылыстарымен салынған мектептер, университеттер, кітапханалар, театрлар, филармония, кинотеатрлар, мәдениет үйлері, стадиондар, спорт сарайлары, цирк, ботаникалық бақтар мен саябақтардан («мәдени демалыс орындары» деп аталатын) тұратын қалалық қоғамдық-мәдени ортаны жасау қала келбетін өзгертті. Еліміздің түкпір-түкпірін газет-журналдармен, радио және теледидармен қамту адамдардың өмірі мен тұрмысын толықтай өзгертті.

**Назар аударыңдар!** Кеңес кезеңіндегі білім беру, мәдени ағарту, әдебиет пен кәсіптік өнер, оның ішінде «түрі жағынан ұлттық» өнер саласындағы жетістіктер айтарлықтай зор болды. Мемлекеттің мәдени саясаты Қазақстанда жоғары мәдени және эстетикалық талаптарға ие қалалықтар буынын қалыптастырды.

Жетістіктермен қатар кемшіліктер де болды. Біріншіден, КСРО-да қандай да бір рухани ізденістерге бөгет жасайтын атеизм өмір сүрді.

Екіншіден, мемлекет бекіткен бірыңғай ойлау жүйесі шығармашылық еркіндікті шектеді және жасампаздарды қатаң шектеулерге ұшыратты.

«Жылымық» кезеңінде ғылым мен мәдениетке идеологиялық бақылау сталиндік уақытпен салыстырғанда бәсеңдесе де, О.Сүлейменов кеңестік цензураның, тіпті әдеби бейнелерден және әдебиеттанушылық ізденістерден де «идеологиялық диверсияны» таба алатынын көрсетеді.

Үшіншіден, кеңес мемлекеті ізденімпаздықты қолдамады. Яғни көркемдік ізденіске емес, біржолата бекітіліп қойған сипатқа негізделуі тиіс еді (бұл әдебиетте, кескіндемеде, сәулет өнерінде көрініс тапты).

Төртіншіден, шығармашылық одақтардың (Жазушылар одағы, Суретшілер одағы және т.б.) құрылуы мемлекеттің шығармашыл адамдарды бақылап қана қоймай, олардың адалдығы үшін ақы төлеуіне алып келді. Одақтарға мүше болу көптеген артықшылықтар берді. Одаққа кірмеген жазушылар шығармаларын жарыққа шығара алмаса, суретшілер өз шығармаларын көрмеге қоя алмады. Шығармашыл тұлғалар (суретші, ғалым, жазушы) «партия бағытына қарсы» жүрсе, жоқшылыққа тап болды.

**Орыстандыру проблемасы.** Алғашқы жылдары кеңес өкіметі ұлттық тілде халық ағартуды дамыту үшін айтарлықтай көп жұмыс атқарды. Алайда кейін білім беру мен қоғамдық өмірді интернационалдандыру деп аталатын үдеріс басталды. КСРО-ның ұлттық шеткергі аймақтарын орыстандыру жүргізілді. Оның үстіне, еліміз орыс казактары мен шаруаларынан бастап, тың игерушілер мен комсомолдық құрылыстарға қатысушыларға (70-жылдардағы) дейінгі көптеген көші-қон тобының орналасатын орны болды. Нәтижесінде республика халқында славян халқының пайызы шұғыл артты. КСРО-ның орыстандыру саясаты қазақ тіліндегі мектептерді жабуға әкелді, орыс тіліне ресми тіл, білім мен ғылымның тілі ретінде басымдық берілді. Өз балаларына үздік білім беру үшін оларды орыс мектептеріне беруге (оның үстіне, қалаларда қазақ мектептері өте аз болды) мәжбүр болды. Нәтижесінде қазақ тілін білмейтін қалалық қазақтар көбейді. Мұның ұлттық мәдениет үшін үлкен мәселе болғаны түсінікті. Оның салдары осы күнге дейін сезілуде.

**Қорытынды.** Соғыстан кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетінің шыңы М.Әуезовтің шығармашылығы мен тарихи романдар болды. Музыка, театр өнері, кино, сәулет өнері мен бейнелеу өнері тамаша жетістіктерге жетті. Сонымен бірге мәдениет коммунистік идеологияның езгісінде болды, шығармашылық зиялы қауым «түрі бойынша ұлттық, мазмұны бойынша социалистік» туындылар жасауға тиіс болды. Бұл рухани және зияткерлік ізденісті тежеді. Бұдан бөлек, ұлттық мәдениет орыстандыруға әкелетін білім мен қоғамдық өмірді интернационалдандыру тарапынан тұрақты қатерге тап болды.

#### Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. М.Әуезов қазақ әдебиеті тарихында қандай рөл атқарды?
2. Жазушылар мен суретшілер коммунизмге сенбесе де, неліктен социалистік реализм рухындағы туындылар жасауды жалғастыра берді?
3. Кеңестік кезеңдегі музыкалық өнер саласындағы жетістіктер туралы әңгімелендер.
4. Өз қалаңдағы немесе облыс орталығындағы қандай сәулет және монументалды ескерткіштер кеңестік дәуірге жатады?



5. Мәдениеттің еркін дамуына тоталитарлық мемлекеттің теріс ықпалы неден көрінді?

**Шағын топтарға арналған тапсырма.**

1940–1980 жылдардағы кеңестік мәдениеттің аса көрнекті қайраткерлері, өздерінің сүйікті жазушыларың, сазгерлерің немесе актерлерің туралы таныстырылым дайындаңдар.

**Күрделі тапсырмалар.**

1. КСРО-да дінге көзқарас қатаң болды. Алайда Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ол жұмсарды. Мысалы, Мұсылмандардың ортаазиялық рухани басқармасы (МОАРБ) құрылды. Қалай ойлайсыңдар, оның себебі неде?
2. Неге тарихи романдар социалистік реализмге қарсы болды? Өз ойларыңды оқыған тарихи романдардан мысалдар келтіре отырып дәлелдеңдер.
3. Сендерге кеңестік кино туындылары ұнай ма? Қалай ойлайсыңдар, кеңестік кино нақты өмірді шынайы бейнеледі ме? Ол бойынша КСРО-дағы өмір туралы түсінік қалыптастыруға бола ма?

## ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ МӘДЕНИЕТ

### § 60. Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы

#### Бүгінгі сабақта:

- білім мен мәдениет саласындағы реформалар;
- қазақ тілі мен ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуі;
- заманауи Қазақстанның мәдени өмірі;
- дүниежүзілік мәдениетпен байланыс туралы білеміз.

#### Кілт сөздер:

- тәуелсіздік
- кеңестіктен арылу
- идеологиясыздандыру
- қазақ тілі
- мәдени мұра

**Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақстандық мәдениеттің дамуы.** Ұлттық мемлекеттіліктің қайта өрлеуі ұлттық мәдениеттің қайта жандануымен және дамуымен қатар жүрді. Бұл саладағы мемлекеттің басымдықтары: ұлттық мәдениет пен Қазақстанның басқа этностарының мәдениеттерін сақтау және дамыту, тарихи-мәдени мұраны сақтау, қазақ мәдениетінің үздік жетістіктерін насихаттау болды.

**Назар аударыңдар!** Тәуелсіздік кезеңінде мәдениеттің дамуына негізгі үш фактор әсер етті: идеологиясыздандыру (әдебиет пен өнерде социалистік реализмнен бас тарту), ұлттық бастауларға қайта оралу, батыс мәдениетімен неғұрлым кең қарым-қатынастар жасау.

**Қазақ тілін сақтау және дамыту жөніндегі іс-шаралар.** Ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуі үшін қазақ тілін сақтау және дамыту жөніндегі іс-шаралардың маңызы зор. 1989 жылдан бастап қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылады. Тәуелсіз Қазақстанда мектептерде қазақ тілін оқыту айтарлықтай ұлғайтылды, көптеген қазақ мектептері мен балабақшалар ашылды. Қазақ тіліндегі теле-радиохабарлар тарату арттырылды. Қазақ тіліне орыс тілінен енген сөздер байырғы қазақ сөздерімен алмастырылды.

**Қазақстандағы байыпты тіл саясаты.** Заң бойынша азаматтарды тілдік белгісі бойынша қысым жасауға тыйым салынған. Бірақ жоғарғы мемлекеттік лауазымдарды, сондай-ақ кейбір кәсіптерді иелену үшін мемлекеттік тілді білу міндетті болып табылады. 2010 жылдан бастап Қазақстанда ресми құжаттама екі тілде жүргізіледі.



2007 жылы «үштұғырлы тіл» мемлекеттік жобасы басталды. Жоба бойынша болашақта әрбір қазақстандықтың үш тілді – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеруін көздейді. Алайда қазақ тілі қазақстандық көпэтносты тілдік ортаның негізі болып қалады. Болашақта қазақ мектептерінің арқасында елдің барлық азаматтары қазақ тілін меңгертін болады. Қазақ тілін жаңғырту бойынша маңызды іс-шараның бірі – 2025 жылға қарай қазақ жазуын латын жазуына көшіру.

**Дінге және адамдардың діни ізденістеріне құрмет.** Тәуелсіз Қазақстан – зайырлы мемлекет, яғни дін мемлекеттен бөлінген. Алайда атеизм мемлекеттік идеология болудан қалды. Қазақстанда адамдардың діни көзқарасына, сеніміне және дін қызметшілеріне құрметпен қарайды. Тәуелсіздік жылдары көптеген мешіттер мен ғибадатханалар салынып, қалпына келтірілді. Басты діни мерекелер атап өтіле бастады және діни әдебиеттер жарыққа шықты (экстремистік әдебиет қосылмайды). Дінге байланысты халықтық дәстүрлер сақталды. Бұған қоса, қасиетті жерлерге тауап ету аса маңызды ұлттық дәстүрлердің бірі болып танылды.

**Кеңестік кезеңнен кейінгі Қазақстанда білім берудің дамуы.** Тәуелсіз Қазақстанда жалпыға ортақ міндетті және тегін орта білім сақталды. Жоғары білім барлық қабілетті жастар үшін қолжетімді. Заман талабына сай оқу бағдарламалары қайта даярланып, жаңа оқулықтар басылып шықты. Жоғары оқу орындарына грантқа түсу үшін қазақстандық мектеп бітірушілер 2004 жылдан бастап ҰБТ түрінде сынақтар тапсырады. Талапкерлердің ішіндегі үздіктері «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдік жоғары оқу орындарына оқуға жіберілді. Жоғары білім реформаларының ішінен бесжылдық жоғары білім беру жүйесін алмастыратын Болонья жүйесін (бакалавриаттың төрт жылы мен магистратураның екі жылы) енгізуді атауға болады.

**Баспалық саясаттың өзгеруі.** Нарықтық экономика нәтижесінде көптеген жекеменшік баспалар пайда болды (олардың қазіргі кездегі саны 1500-дей). Мемлекет баспалық бағдарламаларды қалыптастыруға және әлеуметтік мәні бар әдебиетті шығаруға қатысады. Энциклопедиялық басылымдардың жаңа томдары жарыққа шығарылды. Баспа нарығында оқулықтар, балалар кітаптары, қазақстандық классиктер мен қазіргі жазушылардың туындылары, дүниежүзілік әдебиет туындыларының қазақ тіліндегі аудармалары ұсынылды.

**Есімдерді қайтару.** Кеңестік идеология салдарынан КСРО дәуірінде өткен заманның ұмытылған батырлары мен ұлы ақын-жазушылардың есімдерін қайтару болды. Қуғын-сүргінге ұшыраған қайраткерлер, ақын-жазушылар ақталды. Орыс және кеңестік атаулары бар қалаларға, ауылдар мен көшелерге қазақ тұлғаларының есімдері берілді немесе бастапқы қазақша аттары қайтарылды. Қазақстан астанасының (1997 жылға дейін) орысшаланған Алма-Ата атауы Алматы, Целиноград – Ақмола, Шевченко – Ақтау және т.б. болып өзгертілді.

Қазақ және қазақстандық мәдениеттің ұлы ақын-жазушылары, сазгерлері мен қайраткерлерінің мерейтойларын мерекелеу айтулы оқиғаларға айналды. Осылайша мерейтойлар ата-бабалардың рухани мұрасына назар аударып, оларды танымал етуге себепкер болды. Есте қалатын тарихи даталарды мерекелеу тарихқа қоғамдық назардың күшеюіне әсер етті.

2004 жылдан бері «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Оның мақсаты – мәдени мұраның көмегімен ұлттық сана-сезімді нығайту. Тарих және археология ескерткіштерін сақтау және қалпына келтіруге елеулі қаражат бөлінді. 25 мың ескерткіштен



жүздегені қазірдің өзінде толықтай қалпына келтірілді. Еліміз өзінің белгілі ескерткіштерін (Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Тамғалы шатқалындағы петроглифтер) дүниежүзілік деңгейде танытуға белсенді түрде қатысты. «Қазақстанның сакральді картасы» жобасына байланысты рухани мәдениет ескерткіштерін қорғауға және сақтауға бұрынғыдан да көп көңіл бөлінуде.

**Жаңа мәдени мекемелердің ашылуы.** Елорда Астанаға көшірілгеннен кейін, ол елдің жаңа мәдени орталығына айналды. 1998 жылы Астанада Ұлттық музыкалық академия құрылды (қазір Қазақ Ұлттық өнер университеті). Өз архитектурасы бойынша бірегей «Қазақстан» концерт залы, «Астана» опера және балет театры, «Астана-Балет» театры, Хореография академиясы ашылды.

2000 жылы Алматыда Т.Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік (2001 жылдан Ұлттық) өнер академиясы құрылды. Музей және галерея қозғалысының дамуы жалғасуда: кеңестік кезеңде құрылған көрме залдары мен музейлермен қатар жаңа галереялар – «Тәңірі Ұмай», «Ұлар», «Арт нават», «Құланшы» заманауи өнер орталықтары және т.б. бар.

**Музыка – қазақ өнерінің маңызды саласы.** Қазақстанда өнердің ең сұранысқа ие түрі – музыка. Бұл музыкалық дәстүрдің ежелден келе жатқандығы мен өміршеңдігіне және жас дарындылардың жаңа толқынының артуына байланысты. Қазіргі Қазақстанда дәстүрлі халық музыкасы, сондай-ақ Батыс мәдениеті дәстүрлерінен шығатын симфониялық және камералық музыка да дамуда. Бүкіл республика бойынша концерттік алаңдарда музыкалық ұжымдардың, оның ішінде симфониялық оркестрлер мен халық аспаптар оркестрлерінің қойылымдары өтуде. Эстрадалық музыка да дамып, жаңа жұлдыздар қалыптаса бастады (Д.Құдайбергелі және т.б.).

**Фестивальдар мен конкурстар өткізу.** Тәуелсіз Қазақстанда көптеген музыкалық, театрлық және өзге де фестивальдар, конкурстар мен жүлделер, оның ішінде халықаралық жүлделер пайда болды. Оларға түркі дәстүрлі музыкасының «Астана-арқау» фестивалі, Алматыдағы пианиношылар конкурсы, «AstanaPianoPassion» мен «Опералия» фестивальдары, «Шәкен жұлдыздары» кинофестивалі, Орталық Азия елдерінің театр фестивалі, «Тарлан», «Дарын» жүлделері және т.б. жатады. Фестивальдар мен конкурстар қазіргі Қазақстанның мәдени өмірін жарқын және әралуан етеді. Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» шығармашылық конкурсы жаңа өнер туындыларына арналған және отандық суретшілер мен шеберлерге қолдау көрсетуге, өнердің ұлттық нысандарын дамытуға бағытталған.

**Қазақстандық кино.** «Қазақфильм» киностудиясында жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, компания әртүрлі форматтағы фильмдер түсіру үшін заманауи жабдықтармен жабдықталды. Қазақстандық кинолар



«Азия дауысы» фестивалі

халықаралық кинофестивальдарға қатыса бастады. А.Әміркүловтың «Отырардың күйреуі», «Қош бол, Гүлсары!», Д.Әмірбаевтың «Қайрат», «Кардиограмма», Р.Әбдірашевтің «Қайта өрлеу аралы», «Сталинге сыйлық», Е.Тұрсыновтың «Шал» және «Қаңғыбас», Ә.Байғазиннің «Үйлесім сабақтары» фильмдері халықаралық дәрежеде танылды. Қазақ киносы «Мұстафа Шоқай» және «Аманат» өмірбаяндық фильмдерімен мақтана алады.

**Әдебиет.** Ұлттық қайта өрлеу қазақ әдебиетінің идеялық-көркемдік жаңаруға әкелді. Алайда стильдік тұрғыдан жаңару неғұрлым баяу жүрді. 90-жылдары Батыс әдебиетінің ықпалы жазушылардың бір бөлігін постмодерндік тәжірибелер жасауға мәжбүр етті. Бұл ізденістер көп жағдайда орыс тілді поэзия мен прозаны қамтыды. Бұл кезеңде



«Отырардың күйреуі» фильмінің түсіруші тобы. 1991 ж.

қазақ әдебиетінде тіл мен түрге «қастандық» жасауға қарсылық білдірді.

Заманауи қазақ әдебиетіне социалистік реализмнің бұлжымас ережелерінен толықтай бас тарту, идеологиясыздандыру, өмір құбылыстарына тарихи тәсілді тереңдету, алдыңғы қатарға ұлт мүдделерін шығару тән. Сонымен бірге көптеген қазақ жазушылары стиль мен эксперимент еркіндігі үшін күресуде.

**Өнердегі жаңа бағыттар мен жанрлар.** КСРО ыдырағаннан кейін «темір шымылдыңтың» құлауы арқасында Қазақстан өнері Батыс өнеріндегі заманауи үдерістер туралы ақпарат ала бастады. Ақпараттық ағынның молдығы өзіндік бір сілкініске және суретшілердің толықтай өзекті салаларға кетуіне соқтырды. Суретшілер социалистік реализмді жоққа шығарып, жаңа жанрлар, стильдер мен тәсілдерді іздестіре бастады.

Екінші жағынан, ұлттық қайта өрлеу дәстүр мен халық өнеріне, қазақ ауыз әдебиеті мен тарихына орасан қызығушылықты оятты. Көптеген қазақ суретшілері қазақтардың дәстүрлі ұғымдарына сүйеніп, ата-бабалардың ежелгі өнерінің құндылықтарына қайта оралуда. Оның үстіне, ұлттық идея алдыңғы қатарлы өнер туындыларынан да орын алуда.

**Халықаралық мәдени кеңістікке кірігу.** Қазақстан мәдениеті халықаралық деңгейде алға жылжуда. Халықаралық конкурстардан бөлек, қазақстандық шығармашылық ұжымдар мен артистердің шетелдегі, сондай-ақ шетелдік орындаушылардың біздің елдегі іссапарларының маңызы орасан. 2012 жылы А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсын Оңтүстік Тюрингия (Германия) опера театрында сахналануы тарихи маңызды оқиға болды.

Осылайша қазақ операсы алғаш рет Батыс Еуропаның театр сахнасында қойылды. Қазақ этникалық музыкасы батыс музыкашыларын қызықтырды. Мысалы, Алматы симфониялық оркестрі британдық сазгер К.Дженкинстің бірегей өңдеуімен ұлттық тақырыптағы сюиталарды орындады.

Дүниежүзілік мәдени кеңістікке енудің сыртқы және ішкі түрі бар. Сыртқы түрі – фестивальдар, гастрольдер, көрмелер, олардың өзіндік ізденістері мен нәтижелерін көрсету. Басқа да халықтардың жетістіктерімен және өнердегі жаһандық үдерістерімен танысу маңызды. Ішкі түрі – дүниежүзілік мәдениет жетістіктерін меңгеру.

**Назар аударыңдар!** Кескіндеме, мүсін өнері, опера, балет, симфониялық музыка, сәулет өнері, кино – қазақ халқы үшін жаңа және әдеттен тыс өнер түрлері. Оларды қазақ халқы жан-жақты меңгеріп, ұлттық сипат берді.

*Құрылатын жалпықазақстандық мәдени өмір біздің мемлекет шектерінде тұйықталған мәдени жүйе болмауы тиіс. Оның негізгі сипаттамасы – қағидаттық жағынан ашықтығы мен басқа мәдени ағындармен сұхбатқа бағытталғандығы.*

*Н.Ә.Назарбаев*

Жалпы тәуелсіз Қазақстанның мәдени өмірі жан-жақты дамыды. Ұлттық білім, тіл, музыка, сәндік-қолданбалы өнер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер мен мерекелер (мысалы, Наурыз ұлттық мейрамы), ұлттық спорт түрлері қайта жаңғыруда. Бұл мәдениет саласында мәселелердің (орыстандыру салдары, ауыл мектептерінің қала мектептерінен артта қалуы, жоғары білім мен ғылым мәселелері және т.б.) жоқ екендігін білдірмейді, бірақ олар біртіндеп өз шешімдерін табуда.

**Қорытынды.** Тәуелсіздік жылдары Қазақстан мәдениеті өте қарқынды дамыды. Еліміздің мәдени өмірі жан-жақты өмір сүріп жатыр. Мәдениеттің дамуы ұлттық қайта өрлеумен қатар жүріп, оған қуатты әсер етеді. Идеологиясыздандыру, батыс мәдениетімен байланыстар, жаңа жанрлар мен стильдердің халық мәдениеті мен қазақ тілінің қайта жандануымен бір мезгілде пайда болуы, оларға мемлекеттік қолдау көрсету Қазақстан мәдениетінің қазіргі жай-күйін сипаттайды.

#### **Өз білімдеріңді тексеріңдер.**

1. Тәуелсіздік жылдарындағы білім, мәдениет салаларында жүргізілген реформалар туралы әңгімелеңдер.
2. Қазақстанның қазіргі мәдениетінің дамуын анықтайтын негізгі үш факторды атаңдар.
3. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда қандай жаңа мәдени орталықтар пайда болды?
4. Қазақстан үшін өнердің негізгі түрі неліктен музыка болып табылады?
5. Өз қалаларыңда (облыстарыңда) осы жылы қандай мәдени іс-шаралар болып өтті? Сендерге оларға қатысудың сәті түсті ме? Әңгімелеңдер.

#### **Күрделі тапсырма.**

Ұсынылған тақырыптардың бірін таңдап, эссе жазыңдар: «Менің сүйікті фильмім», «Менің сүйікті жазушым», «Менің сүйікті суретшім» және т.б. (тәуелсіздік кезеңіндегі туындылар).



## ГЛОССАРИЙ

**Авеста** – зороастрашылдықтың қасиетті кітаптарының жинағы, ең ежелгі ирандық жазбаша дереккөз.

**Ақсүйек** – қазақтардағы артықшылықтарға ие топ, оған Шыңғыс хан ұрпақтары – сұлтандар мен дінді таратушылар – қожалар кірді.

**Қара халық** – ру-тайпалық жүйемен біріккен көшпелі қазақтар.

**Автономия** – өзін-өзі басқару. Мемлекет құрамындағы аумақтық (ұлттық-аумақтық) автономия – қандай да бір ұлттың өзіне бөлінген аумақта дербес, тәуелсіз басқару құқықтарын иеленуі.

**Автохтонды халық** – аумақты мигранттар пайда болғанға дейін, бастапқыда иеленген этностар.

**Азамат соғысы** – бір мемлекеттегі азаматтар арасындағы соғыс.

**Азаматтық қоғам** – адамдар арасындағы қатынастар жиынтығы. Адамдар мемлекет шеңберінен тыс бір-бірімен байланысты болады және өзара қарым-қатынас жасайды.

**Ақ Орда** – Орда (Жошының екінші ұлы) ұлысы, Жошы ұлысының Шығыс қанаты.

**Ақсақал** – құрметті және беделді жағдайға қол жеткізген қарт адам.

**Ақтау (саяси)** – әділетсіз сотталғандарды қылмыс құрамы жоқ болғандықтан толықтай жауапкершіліктен босату және олардың саяси құқықтарын қалпына келтіру.

**Алғашқы қауымдық құрылыс (формациялық теорияда)** – тарихи жағынан бірінші қоғамдық-экономикалық құрылыс, оған өндірістік күштер дамуының төмен деңгейі, таптардың жоқтығы мен рулық қауым тән.

**Алтай тіл шоғыры** – тунгус-маньчжурлық, моңғол және түркі халықтары.

**Алтын Орда** – Жошы (Шыңғыс ханның үлкен ұлы) ұлысының орнына құрылған мемлекет.

**Антикалық** – ежелгі гректер мен римдіктердің тарихы мен мәдениетіне қатысты нәрселер.

**Антропогенез** – түр ретінде адамның шығу тегі.

**Антропология (физикалық антропология)** – адам мен оның нәсілдерінің биологиялық табиғаты, шығу тегі мен эволюциясы туралы ғылым.

**Арийлер** – үндіирандықтар, үндіеуропалық тіл семьясы тармақтарының біріне жататындар.

**Археология** – сақталып қалған заттық ескерткіштер бойынша ежелгі халықтардың тұрмысы мен мәдениетін зерттейтін ғылым.

**Археологиялық мәдениет** – бір аумаққа және дәуірге жататын және ортақ белгілері бар материалдық ескерткіштер кешені.

**Ассимиляция (этнологияда)** – бір этностың басқа, неғұрлым әлсіз және саны аз этносты өзіне қосып алуы.

**Ата-бабаларға табыну** – діннің ежелгі және кең тараған нысандарының бірі, оның негізінде өлген арғы ата-бабалары мен туыстарына табыну және

ата-бабалар ұрпақтарының өміріне сиқырлықпен қатысып отырады деген сенім жатыр.

**Атеизм** – Құдайға сенімді жоққа шығаруға құрылған дүниетаным.

**Ауызша тарихи ілім** – тарихи білімді шежіре мәліметтерінің көмегімен ауызша беру феномені.

**Әдеттік құқық** – әдет-ғұрыпқа негізделген нормалар (мінез-құлық ережелері) жүйесі.

**Әкелік негіздегі ру-тайпалық жүйе** – еркек жағынан туыстыққа (нақты немесе мифтік) негізделген жүйе.

**Әкімшілік-әміршілік жүйе** – КСРО-да орын алған, мемлекеттік меншік негізіндегі қатаң орталықтандырылумен, экономикалық бостандықтың жоқтығымен және партиялық төрешілдіктің үстемдігімен сипатталатын қоғамдық қатынастарды ұйымдастыру тәсілі.

**Әлеуметтік эволюция** – сапа жағынан өзге нысан немесе құрылымның пайда болуына әкелетін, әлеуметтік нысан немесе құрылымның уақыт ішінде өзгеруінің біртіндеп болатын үдерісі.

**Әскери демократия** – шешімдер қабылдауда жауынгерлердің жалпы жиналысының үлкен рөлінің болуы, әскери көсемдердің билігі. Әскери демократия түсінігіне көсемдік түсінігі жақын.

**Бақсылық** – діннің ертедегі түрі, оның негізінде бақсының аруақтармен сөйлесуіне сену жатыр.

**Басқақ** (моңғол. даруға) – салық жинаушы.

**Басмашылдар** – Азамат соғысы кезінде Орталық Азиядағы кеңес өкіметіне қарсы шыққан мұсылман ұйымының атауы.

**Бек** – рудың немесе тайпаның басшысы (түркілерде).

**Беклербек** – бас қолбасшы.

**Би** – қазақтардағы рудың немесе тайпаның өкімшілік, әскери және сот билігіне ие болған басшысы.

**Билік бағаны** – бағынудың қатаң жүйесі бар билік органдарының иерархиялық құрылысы.

**Бодын (будын)** – тайпалық одақ (түркілерде).

**Большевиктер** – Ресейде 1917 жылғы қазан айында өкімет билігін басып алған, В.И.Ленин бастаған Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясының (кейіннен компартияның) революциялық фракциясы (бөлігі). «Коммунистер» сөзінің синонимі.

**Буржуазия** – капиталистер, жалдамалы жұмысшылар еңбегін пайдаланатын, капиталистік кәсіпорындардың қожайындары.

**Біліктер** – Шыңғыс ханның Моңғол империясындағы құқықтық тәртіпті белгілеген сөздері.

**Бірпартиялық жүйе** – билік жүргізуші партиядан басқа барлық партияларға тыйым салынған қоғамдық құрылыс (мысалы, КСРО-да).

**Вассалдық мемлекет** – сюзерен-мемлекетке бағынатын, бірақ өз билеушісін сақтайтын мемлекет.

**Генеалогия** – ру (ру тегінің) тарихы.

**Дәстүр** – ұрпақтан-ұрпаққа берілетін және қоғамдық қатынастарды реттейтін түсініктер мен салттар жиынтығы.

**Дәстүрлі қоғам** – дәстүрмен реттелетін қоғам.

**Дәстүрлі мәдениет (жаңғырту теориясында)** – аграрлық (индустриялыққа дейінгі) қоғамға тән мәдениет.

**Демократия** – мемлекет саяси құрылысының түрі. Бұл кезде халық биліктің заңдық және атқарушылық функцияларын тікелей немесе өз өкілдері арқылы жүзеге асырады.

**Депортация** – халықты күшпен қоныс аударту.

**Деректану** – тарихи дереккөздерді зерттеу мен пайдалану әдістері туралы көмекші тарихи ғылым.

**Дуализм (философияда)** – шындықты түсіндіру үшін бағынбайтын және әртекті (гетерогенді) екі бастаманы пайдалануды қарастыратын ілім. Дуализмнің мысалдары Құдай мен әлем, материя мен рух, дене мен сана, ақиқат пен жалғандық, жақсы мен жаман болып табылады.

**Егемендік** – мемлекеттің сырқы істердегі тәуелсіздігі және ішкі істерде мемлекеттік биліктің жоғарылығы.

**Елтебер** – тайпалардың ірі одағының басшысы (түркілерде).

**Еуроцентризм** – еуропалық даму жолын бүкіл дүниежүзі үшін бірыңғай және әмбебап жол деп жариялайтын көзқарастар жүйесі.

**Жабғу** – тайпалар одағының басшысы (түркілерде).

**Жазбаша дереккөздер** – тарихи дереккөздер ретінде пайдаланылатын құжаттар, жылнамалар, тарихи зерттеулер, мемуарлар, өзге де әдеби шығармалар.

**Жаңғырту** – заманауи талаптарға жауап беретін қайта құрулар үдерісі, қоғам өмірінің әртүрлі жақтарының жаңаруы.

**Жаңғырту теориясы** – қоғамдардағы жаңғырту үдерісін түсіндіруге арналған және тарихты аграрлық қоғамнан индустриялық қоғамға өту үдерісі ретінде қарастыратын теория.

**Жәдидизм** – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде Ресей империясындағы мұсылмандар арасындағы қоғамдық-саяси, ағартушылық, реформашылық қозғалыс.

**Жекешелендіру** – мемлекеттік меншікті жеке қолдарға беру-сату (толық немесе ішінара) үдерісін білдіретін меншікті қайта құру нысаны.

**Жұрт** – қандай да бір тайпаның немесе тайпалар тобының көшіп-қону аумағы, ұлыс аумағы.

**Жүз** – қазақтардың құрамындағы қосымша этникалық этноаумақтық бірлестік (тайпалар одағы).

**Зороастризм** – ежелгі ирандықтардың діні.

**Иемденуші шаруашылық (өркениеттік теорияда)** – адамзат шаруашылық-мәдени тарихының ең ежелгі сатысына сәйкес келетін аңшылар мен терімшілердің экономикалық қызметінің нысаны.

**Иерархия** – қоғамдық топтар немесе шендер мен атақтардың ең төменгілерден бастап жоғарыға қарай, олардың бағыну ретімен кезектесіп орналасуы.

**Империя** – император немесе оған теңестірілген (мысалы, ұлы хан немесе шахиншах) атағы бар адам басқаратын қуатты монархиялық мемлекет. Империяда империяны жасаған халық (империялық халық) жаулап алған (бағындырған) өртүрлі елдер мен халықтарды біріктіреді.

**Индустрияландыру** – аграрлық қоғамнан индустриялық, экономикада өнеркәсіптік өндіріс басым болатын қоғамға қарай жеделдетіп өту үдерісі.

**Индустриалды-аграрлы мемлекет** – экономикасында өнеркәсіп ауылшаруашылығынан айтарлықтай басым болатын мемлекет.

**Интеграция (экономикалық)** – келісілген мемлекетаралық экономика мен саясат негізінде ұлттық шаруашылық жүйелердің жақындасу және кірігу үдерісі.

**Интернационализм** – ұлттар арасындағы достық пен ынтымақтастықты насихаттайтын идеология.

**Ислам** – VI ғасырда Мұхаммед пайғамбардың насихатымен пайда болған, дүниежүзілік монотеистік діндердің бірі. Исламды жақтаушылар (мұсылмандар) бірден-бір Құдайға–Аллаға сенеді.

**Исламдандыру** – исламды қабылдау үдерісі.

**Кадеттер** – XX ғасырдың бас кезіндегі Ресейдегі либералдық конституциялық-демократиялық партияның мүшелері.

**Капиталистік құрылыс (капитализм)** – (формациялық теорияда) үшінші таптық формация, оның негізгі таптары – капиталистер (буржуазия) мен олар қанайтын жұмысшылар (пролетариат).

**Кеңес өкіметі** – Кеңестердің, яғни халық сайлайтын өкілдік органдар билігі (Ресейде, КСРО-да). Іс жүзінде Кеңестер халықтың құқығын емес, билік жүргізуші коммунистік партияның құқығын білдірді.

**Кеңестік** – Кеңес өкіметімен немесе Кеңестер Одағымен (КСРО) байланысты нәрселер.

**Кеңестік дәуір** – Ресейде (КСРО-да) билікте Кеңестер мен компартияның 1917 жылдың қазан айынан 1991 жылғы желтоқсан айына дейін (КСРО-ның тарауы) болған кезеңі.

**Кеңшар (совхоз)** – кеңестік шаруашылық, КСРО-дағы мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпшілігі.

**Коммунизм** – коммунистік қоғам (толық әлеуметтік теңдік пен өндіріс құралдарына, қоғамдық меншікке негізделген теориялық қоғам) құру мақсатын жариялаған идеология.

**Коммунистік** – қоғам немесе идеология ретіндегі коммунизммен байланысты нәрсе.

**Компартия** – коммунистік партия. Коммунизм идеологиясымен қаруланған және коммунистік қоғам құру мақсатын қойған саяси ұйым. КСРО-да компартия бірден-бір және үстемдік етуші партия болды.

**Конституция** – мемлекеттің негізгі заңы, жоғары заңдық күші бар ерекше нормативтік-құқықтық акт.

**Көпвекторлы сыртқы саясат** – барлық мемлекеттермен өзара достық қарым-қатынастарды дамыту.

**Көппартиялы жүйе** – қоғамдық құрылыс, әртүрлі идеологиялық бағыттағы көптеген партиялардың өмір сүруі, олар сайлаушылардың даусы үшін өзара саяси күрес жүргізеді.

**Көшпелілік өркениеті** далалық өркениетті білдіреді. Еуразия даласы (Ұлы Дала) – көшпелілер жасаған өркениет.

**Көшпеліліктану (номадистика)** – көшпелі малшылық тұрмысты, көшпелілік өмір салты мен көшпелі қоғамды зерделейтін көшпелілер туралы кешенді ғылым.

**Көшпеліліктік (номадизм)** – жайылымдардың қажеттігіне қарай көшіп-қонуға негізделген малшылардың тұрмыс-салты.

**Қаған** – түркі империясының (қағандықтың) ең жоғарғы билеушісі.

**Қағандық** – империя, держава (түркілерде).

**Қажылық** – Меккеге қажылыққа бару (мұсылмандарда).

**Қайта құру** – КОКП ОК-нің Бас хатшысы М.С.Горбачевтің бастамасы бойынша 1985 жылы басталған және 1991 жылы КСРО ыдырау үдерісін бастаған реформалар мен әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар топтамасы.

**Қожа** – төрт халифтың (мұсылман қауымының Мұхаммед пайғамбардан кейінгі бірінші көшбасшылары) немесе VIII ғасырда Орталық Азияны жаулап алған арабтардың ұрпағы.

**Қола дәуірі** – б.з.б. III мыңжылдықтың соңы мен I мыңжылдықтың бас кезі. Бұл кезде қола металлургиясының басталуымен, дөңгелекті көлікті қолданумен, өндіруші шаруашылықтың орнығуымен байланысты өзгерістер болып өтті.

**Қоңтайшы** – ойраттардағы (жоңғарлардағы) жоғарғы билеуші.

**Қорған** – жерлеу ескерткіштерінің түрі, оған қабірлік шұңқырдың үстіндегі топырақ (сирек жағдайда тас) үйіндісі тән.

**Құрылтай** – халықтық жиналыс (түркілер мен моңғолдарда).

**Құлиеленушілік құрылыс (формациялық теорияда)** – адамзат тарихындағы адамды адамның қанауына негізделген бірінші таптық формация. Негізгі топтар құлиеленушілер мен құлдар болды; құлиеленушілер құлдарды қанады (езді).

**Либерализм** – жекеменшік құқығын қосқанда, адам құқықтары мен бостандықтарының мызғымастығын жариялайтын идеология.

**Макроэкономика** – экономикалық ғылымның тарауы. Бұл ретте ол жиынтық экономикалық көрсеткіштерді (ішкі жиынтық өнім, ұлттық табыс және басқалар) олардың ақша айналысымен, халықтың жұмыспен қамты-

луымен, инвестициялармен және т.б. байланыстарында пайдалана отырып, тұтастай экономиканы, сондай-ақ оның құрамдастарын да зерттейді.

**Мақтаб** – мұсылмандардағы діни мектептің бірінші сатысы.

**Материалдық мәдениет** – баспана, киім-кешек, әшекейлер, қару-жарақ, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары, музыкалық аспаптар, ыдыс-аяқ және т.б.

**Мәдени антропология** – адамзат қоғамдарын салыстырмалы зерттеумен айналысатын ғылым. Этнологиядан айырмашылығы қоғамның этникалылығына көп мән бермейді.

**Мәдени-генетикалық код** – бір этнос, ұлт немесе өркениет адамдарын байланыстыра отырып, тіл мен нышандардың көмегімен ұрпақтан-ұрпаққа берілетін рухани құндылықтар, түсініктер, тәжірибе мен дәстүрлер.

**Мәдениет** – материалдық және рухани шығармашылық өнімдерімен айқындалатын, адамның табиғатты, қоғам мен адамның өзін қайта құру бойынша тіршілік қарекетінің тәсілі; ұрпақтан-ұрпаққа құндылықтар, нормалар, мағыналар мен белгілер (нышандар) арқылы берілетін әлеуметтік мәнді ақпарат.

**Мәдениет генезисі** – мәдениеттің пайда болуы.

**Мәдениеттану** – 1) халықтың рухани мәдениеті, мәдениет пен қоғамның өзара әрекеттестік үдерістері туралы ғылым; 2) құрылымдық біртұтастық ретінде мәдениетті зерттеулер жиынтығы.

**Мәдени-тарихи үлгі (өркениеттік теориясында)** – Н.Данилевскийдің «Ресей және Еуропа» кітабында тұжырымдалған өзіндік ерекшелігі бар өркениет, түсінік; халыққа немесе рухы мен тілі жағынан біршама жақын халықтарға тән, мәдени, психологиялық және өзге де факторлармен анықталатын көзқарастар жүйесі.

**Мәдени-шаруашылық үлгі (ресейлік этнографияда)** – дамудың жақын деңгейлерінде орналасқан және ұқсас табиғи-географиялық жағдайларда мекендейтін әртүрлі халықтардың шаруашылығы мен мәдениетіндегі ерекшеліктерінің кешені. Типтердің (үлгілердің) арасындағы басты ажыратушы элемент өндіріс тәсілі болып табылады.

**Мемлекет** – белгілі бір аумақтағы саяси билік жүйесі.

**Мемлекеттік Дума** – патшалық Ресейдегі бірінші парламент.

**Менталитет** – ақыл-ой (ментальдық), мәдени және эмоциялық қондырғылардың, дүниетанымның жиынтығы.

**Миграция (көші-қон)** – халықтың қоныс аударуы, көшіп-қонуы.

**Миф** – дүние мен оның жаралуы, құдайлар мен батырлар туралы ұғымдарды бейнелі нысанда беретін аңыз.

**Монархия** – билік нысаны, бұл кезде мемлекеттегі билік бір, әдетте мұрагерлікпен берілетін билеушіге тиісті болады.

**Наркомат** – халық комиссариаты. Кеңестік Ресей мен КСРО-дағы 1917–1946 жылдардағы министрліктің аналогі.

**Неолиттік революция** – тұтынушы шаруашылықтан өндіруші шаруашылыққа көшуі.

**Нумизматика** – ақша соғу мен ақша айналысының тарихын зерттейтін көмекші тарихи пән.

**Ономастика** – тілтанудың атауларды (оның ішінде антропонимдер, топонимдер, этнонимдер, соционимдер) зерттейтін тарауы. Тарих үшін аса бағалы материал береді.

**Орталықтандырылған мемлекет** – бірыңғай басқару аппараты, заңы, қаржы және салық жүйесі, тұрақты армиясы бар мемлекет.

**Орхон-Енисей жазуы (ежелгі түркі руна жазуы)** – VIII–X ғасырлардағы түркі тілдеріндегі жазбалар, Орталық Азияда қолданылған жазу.

**Отар** – шет мемлекеттің (метрополияның) билігіндегі, дербес саяси және экономикалық билігі жоқ, тәуелді аумақ.

**Отарлау** – жаңа жерлерді игеру және қоныстану.

**Отарлаушы** – отарға айналдыру мақсатымен қандай да бір елді немесе облысты басып алу саясатын жүргізуші, жүзеге асырушы тұлға.

**Отарлық саясат** – басқа ұлттар орналасқан және әдетте экономикалық жағынан нашар дамыған халықтарды, елдер мен аумақтарды әскери, саяси және экономикалық әдістермен жаулап алу және қанау саясаты.

**Отаршылдық** – XVI–XX ғасырлардағы дамыған елдер (метрополиялар) тобының өзге әлемге үстемдік ету жүйесі.

**Отырықшылық-егіншілік өркениет** – егіншілікке негізделген өркениет; оның негізгі белгілері отырықшы тұрмыс салты, қолөнердің, сауданың, қалалар мен мемлекеттердің дамуы.

**Өмірлік кезең салттары** – адам өмірінің негізгі кезеңдерімен (дүниеге келуі, есею, үйлену, жерлеу) байланысты салттар, салттардың неғұрлым ғұрыптандырылған бөлігі.

**Өндірістің көшпелі тәсілі** – экономика үлгісі, бұл кезде негізгі өндіруші шаруашылық малды жыл бойы жайып бағатын экстенсивті малшаруашылығы болып табылады, табындармен бірге көшіп-қонуға халықтың көп бөлігі қатысады.

**Өндірістің өндіруші тәсілі** – қол егіншілігі, малшылық; неғұрлым кейінгі сатыда – кетпенді егіншілік.

**Панисламизм** – әлеуметтік, ұлттық немесе мемлекеттік сипатына қарамастан, бүкіл дүниежүзі мұсылмандарының діни бірлігі туралы ұғымдар жиынтығы.

**Пантүркизм** – түркі халықтары мекендеген мемлекеттерде тараған мәдени және саяси ағым. Оның негізінде түркілердің этникалық, мәдени және тілдік ортақтығы ретінде саяси топтасу қажеттігі туралы идеялар жатыр. XIX ғасырдың соңында пайда болды.

**Патриархалды** – 1) патриархат уақытына қатысты, онымен байланысты нәрселер; 2) дәстүрлі, көне, көне заманда өмір сүрген.

**Патриархат** – әлеуметтік ұйым түрі, онда саяси билік пен моральдық беделдің иесі еркек болып табылады, отбасының басшысы әке болады.

**Патронимия (патронимиялық топ)** – ер адам жағынан ортақ ата-бабадан таралатын және генеалогиялық жағынан туыстықпен біріккен ру, ру-тайпалық бөлімше.

**Петроглиф** – жартастағы бейнелер, жазбалар, таңбалар.

**Политогенез** – мемлекеттілік пен мемлекеттің пайда болуы мен дамуы.

**Революция** – түбегейлі төңкеріс.

**Республика** – мемлекеттік басқару нысаны. Мұнда мемлекеттік биліктің барлық органдары не белгілі бір мерзімге сайланады, не өкілдік мекемелермен қалыптастырылады. Ал азаматтар жеке және саяси құқықтарды иеленеді. Республика басшысы лауазымы да сайланбалы болып табылады және мұрагерлікке берілмейді (монархиядан айырмашылығы). Мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы, сот болып бөлінеді.

**Рухани мәдениет** – білімдер мен дүниетанымдық идеялар жүйесі, ол әдеби, көркем, сәулет және өзге де ескерткіштерден көрініс табады.

**Сакральді** – қасиетті.

**Сакральді нысан** (қасиетті орын, жер) – мифологиямен, дәстүрлі дінмен және сеніммен байланысты, ерекше құрметтелетін қасиетті нысан, сондай-ақ мәдени мұраның, сәулет өнерінің немесе тарихтың ерекше құрметтелетін ескерткіштері, бірегей табиғи ландшафт.

**Салт/ғұрып** – нышандық маңызы бар қалыптасқан іс-әрекеттер жүйесі.

**Секулярландыру** – діни институттар мен тұтастай алғанда діннің ықпалынан азат ету.

**Симбиоз** – өзара қатар өмір сүру, оның ішінде этностар мен өркениеттердің өзара селбесе өмір сүруі.

**Синкретизм** – араласу, әлдебір нәрсенің бейорганикалық қосылуы.

**Социализм (марксизмде)** – капитализмнен коммунизмге қарайғы өтпелі кезең; КСРО мен басқа да социалистік елдердегі қоғамдық құрылыс, оған меншіктің қоғамдастырылуы (іс жүзінде мемлекеттенуі) мен пролетариат (компартиялар) билігі тән болды.

**Социалистік** – социализмге қатысты немесе социализм қағидаттарына негізделген нәрселер.

**Стратегия** – уақыттың ұзақ кезеңін қамтитын қандай да бір қызметтің жалпы жоспары, күрделі және көлемді мақсатқа қол жеткізу тәсілі.

**Субстрат (лингвистикада)** – жергілікті халық тілінің жаулап алушылар тіліне (әсіресе біріншіден екіншіге өткен кезде) ықпал етуі.

**Сұлтан (қазақтарда)** – Шыңғыс хан ұрпағы.

**Таптық күрес** – қоғам таптарының қақтығысы мен өзара күресі. Марксизм-ленинизмде тарих қозғаушысы болып есептелді.

**Тарихи география** – 1) тарихтың географиялық аумақ пен оның халқын зерттейтін бөлімі; 2) белгілі бір тарихи кезеңдегі қандай да бір аумақтың географиясы (мемлекет пен оның облыстары, қалалары, жолдары және басқаларының шегараларын анықтау).



**Тарихи дереккөздер** – жекелеген фактілер мен болып кеткен оқиғаларды бейнелейтін құжаттар мен материалдық мәдениет заттары. Олардың негізінде қандай да бір тарихи дәуір туралы түсінік қалыптастырылады.

**Тарихи жад** – ұрпақтан-ұрпаққа берілетін, халықтың жағымсыз тәжірибесі туралы қорытындыларын қосқанда, өткен заман оқиғалары туралы тарихи хабарламалар, мифтер, аңыздар жиынтығы.

**Тарихи-мәдени ескерткіш** – тарихи және саяси оқиғалармен, ауызша тарихи іліммен, халықтық мәдениетпен байланысты ескерткіш.

**Тарихқа өркениеттік көзқарас** – адамзат әрқайсысы өз заңдарымен дамитын, бір-бірімен байланысы аз өркениеттер жиынтығы екендігі туралы түсінік.

**Тарихқа сызықтық көзқарас** – бүкіл адамзаттың барлық қоғам мен халықтар үшін ортақ, белгілі бір даму сатысынан кезектестіре өте отырып, қандай да бір мызғымайтын заңдар бойынша дамитындығы туралы түсінік.

**Тәңіршілдік** – құдайландырылған көкке (Тәңірге) табыну – түркі-моңғол халықтарының ежелгі діні.

**Топонимика** – жер-су атаулары туралы ғылым саласы. Ол тарихта көбіне жоғалып кеткен тілдер мен халықтар туралы бірден-бір дереккөз болып табылады.

**Тоталитаризм** – мемлекеттің қоғам мен адам өмірінің барлық жақтарына толық (төтенше) бақылау жасауына ұмтылатын саяси режім.

**Төзімділік, толеранттылық** (лат. *tolerantia* – шыдамдылық, шыдау, қабылдау) әлеуметтанушылық ұғым; өзге дүниетанымға, тұрмыс салтына, мінезқұлық пен әдет-ғұрыптарына төзімділікті білдіреді.

**Төре** – қазақтағы Шыңғыс хан ұрпақтарын білдіретін ұғым.

**Төрешілдік** – нақты билік шенеуніктерге (номенклатураға) тиісті болатын басқару жүйесі.

**Тудын** – жергілікті билеуші, меншікті үлес басшысы (түркілерде).

**Түмен** – он мың жауынгер.

**Түркілендіру** – түркілердің түркі емес (ирандық, моңғолдық) халықтарды ассимиляциялауы және олардың түркі тіліне көшуі.

**Уәзір (ортағасырлық мұсылман мемлекеттерінде)** – бірінші министр; салықтармен айналысатын әкімшіліктің (диуанның) бастығы.

**Унитарлық мемлекет** – мемлекеттік құрылыс түрі, бұл кезде оның құрамдас бөліктері әкімшілік-аумақтық бірліктер болып табылады және мемлекеттік құрылым мәртебесіне ие бола алмайды.

**Урбандалушылық** – қалалар санының өсуі және қалаларда мемлекеттің саяси, экономикалық және мәдени өмірінің шоғырлануы.

**Ұжымдастыру** – КСРО-дағы жеке шаруа қожалықтарын ұжымдық шаруашылықтарға біріктіру үдерісі.

**Ұжымшар** – ұжымдық шаруашылық, ұжымдастыру кезіндегі жеке шаруаларды біріктірудің кооперативтік нысаны.

**Ұлт** – 1) мәдениеттің ортақтығынан көрініс табатын, тілдің, аумақтың, экономикалық өмір мен психикалық қалыптың ортақтығы негізінде пайда

болатын, адамдардың тарихи жағынан қалыптасатын орнықты қауымдастығы;  
2) ел, мемлекет.

**Ұлттық бірегейлік** – адамның белгілі бір ұлтқа тиістілігін ұғынуы.

**Ұлтшылдық** – саясат бағыты және идеология. Оның негізін қалайтын қағидаттар ұлттың қоғамдық бірліктің ең жоғары нысаны ретінде құндылығы, оның мемлекет құрушылық үдерістегі маңыздылығы туралы ұстаным болып табылады.

**Ұлы Дала** – Еуразия құрлығының ортасындағы далалық белдеу.

**Ұлы жасақ** – Шыңғыс ханның заңдары мен нұсқауларының жазбаша жинағы.

**Ұлыс** – түркі және моңғол мемлекеттеріндегі үлестік иелік.

**Ұран** – әскери айбарлы сөз.

**Федерация** – жекелеген дербес мемлекеттерден құралатын мемлекет.

**Феодалдық құрылыс/феодализм (формациялық теорияда)** – екінші таптық формация, оның негізгі таптары жер иеленуші – феодалдар мен оларға тәуелді және қаналатын шаруалар болып табылады.

**Формациялық теория** – неміс философы және экономисі К.Маркс жасаған теория. Бұл теорияға сәйкес, адамзат өндіргіш күштердің даму дәрежесіне қарай бір-бірін алмастыратын құлиеленушілік, феодалдық және капиталистік формациялар сатысынан кезегімен өте отырып, «алғашқы қауымдық формациядан» «коммунистік формацияға» қарай дамиды.

**Халком** – халық комиссары (министр).

**Хан** – қазақтардағы ең жоғарғы билеуші.

**Ханафи мазхабы** – суннизмдегі төрт негізгі мектептің біреуі. Ол құқық көздерінің бірі ретінде – әдеттік құқықты мойындайды. Осының арқасында ханафиттік мазхаб көшпелілердің арасында таралды.

**Шаньюй (тәңірқұт)** – ғұндардағы жоғарғы билеуші.

**Шариғат** – мұсылмандардың сенімдері мен қалыптасатын өнегелілік құндылықтарын анықтайтын және мұсылмандардың күнделікті өмірінің барлық салаларын реттейтін ережелер мен ұйғарымдар кешені.

**Шежіре** – қазақтардағы тектанушылық ілімі, ру тарихы.

**Шовинизм** – нәсілдік артықшылықты насихаттайтын және ұлттық жауласу мен жеккөріністікті қоздыратын, неғұрлым реакцияшыл ұлтшылдық.

**Эволюциялық жаңғырту** – шұғыл секірістерсіз, ұлттың мәдени-генетикалық кодына қатер төндірмейтін біртіндеп жаңғырту.

**Экзогамия** – бір ру мүшелерінің арасындағы некелік қатынастарға тыйым салу.

**Экономикалық детерминизм (формациялық теорияда)** – қоғамдық формациялардың ауысуы күштердің дамуы нәтижесінде болатыны, мұның үстемдікке ұмтылатын жаңа қоғамдық таптардың пайда болуына әкелетіні туралы түсінік.

**Экономикалық саясат** – үкіметтің макроэкономикалық деңгейде экономикалық шешімдерді таңдау мен жүзеге асыру бойынша іс-шаралары, іс-әрекеттерінің жиынтығы.

**Экспансия** – жаңа аумақтарды басып алу, кеңею, таралу.

**Эндогамия** – ру немесе этнос шектерінде неке құрудың ережелік талабы.

**Энеолит** (мыс дәуірі) – б.з.б. IV–III мыңжылдық дәуірі, бұл кезде адамдар бірінші металл-мысты соғу мен құюды үйренді.

**Этникалық аумақ** – этностың таралып қоныстанған аумағы.

**Этникалық өзіндік сана (бірегейлік)** – адамның өзінің белгілі бір этносқа тиістілігін ұғынуы.

**Этногенез** – этностың шығу тегі, этникалық тарихы.

**Этнография (кеңестік ғылымда)** – этностарды және басқа этникалық құрылымдарды, олардың шығу тегін, құрамын, таралып қоныстануын, мәдени-тұрмыстық ерекшеліктерін, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін ғылым.

**Этнология** – этникалық үдерістерді (этностар, тіршілік қарекетінің әртүрлі аспектілерін) зерттейтін ғылым.

**Этноним** – этностың немесе этникалық топтың атауы.

**Этнос** – ортақ белгілері (шығу тегі, тілі, мәдениеті, шаруашылық қызметінің үлгісі, аумағы, сыртқы түрі, менталитеті мен өзіндік санасы) бойынша біріккен, адамдардың тарихи қалыптасқан, орнықты жиынтығы.

**Юрисдикция** – қандай да бір соттың немесе мемлекеттік биліктің басқа бір органы құзіретінің шектері.

**Ясауия** – негізін Қожа Ахмет Ясауи салған сопылық бауырластық (тариқат).

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Асфендияров С.* Қазақстан тарихы. Алматы, 1993.
2. *Аяган Б.Ф., Әбжанов Х.М., Махат Д.А.* Қазіргі Қазақстан тарихы (жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған оқулық). Алматы: Раритет, 2010.
3. *Аманжолова Д.А.* Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. М., 1994.
4. Голод в Казахской степи. Сб. документов. Алма-Ата, 1991.
5. Гражданская война в Казахстане: летопись событий (сб. документов). Алма-Ата, 1974.
6. Қазақстан тарихы. Ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейін: Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра, 2002.
7. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 4-том. Алматы: Атамұра, 2010.
8. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін (Очерк): Оқу құралы. Алматы: Дәуір, 1994.
9. Қазақстан тарихы. Лекциялар курсы. Редакциясын басқарған тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.С.Қаражан. Алматы: Заң әдебиеті, 2009.
10. Қазақстан тарихы. Оқулық / Жұмақаева Б.Д. Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2010.
11. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. «Тар жол, тайғақ кешу...» (1917–1937 жж.). Құжатты көрменің проспект-жоспары. Алматы, 2008.
12. Қазақстан. Фотошежіре. 1-том. Алматы: RUAN, 2005.
13. Қазақтар, казахи: Тоғыз томдық анықтама. Алматы, 1998.
14. Казахстан сегодня / Под ред. Б.К.Султанова. Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009.
15. *Козыбаев М.К.* Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Алматы, 2000.
16. *Козыбаев М.К., Козыбаев І.М.* Қазақстан тарихы (қазақ мектептерінің 10-сынып оқушыларына арналған оқулық). Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993.
17. *Мұхамедов М.Б., Сырымбетұлы Б.* Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Қарасай, 2009.
18. *Назарбаев Н.А.* На пороге XXI в. Алматы, 1996.
19. *Назарбаев Н.А.* В потоке истории. Алматы, 1999.
20. Новейшая история Казахстана. Сб. документов и материалов. Т.1 (1917–1939 гг.). Сост. *Каражанов К.С., Такенов А.С.* Алматы: Санат, 1998.
21. *Нұрпейісов К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995.
22. *Тәтімов М.* Қазақ әлемі. Алматы: Атамұра, 1993.
23. *Төлентаева К.* Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: «Зият Пресс», 2006.
24. *Төлеубаев Ә.Т.* т.б. Қазақстан тарихы (Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған байқау оқулығы). Алматы: Мектеп, 2003.

## МАЗМУНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

### ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨРКЕНИЕТТЕРІ: САНАЛУАНДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ОРТАҚТЫҒЫ

§ 1-2. «Орталық Азия» ұғымының тарихи және географиялық негіздері .....	4
§ 3. Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы .....	10
§ 4. Орталық Азияда өркениеттің пайда болу факторлары.....	16
§ 5-6. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары.....	21

### ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ

§ 7. «Ұлы Дала» ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы.....	27
§ 8. Ұлы Дала көшпелі өркениетінің қайнаркөзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит пен қола дәуірі) .....	31
§ 9. Қазақстан аумағындағы қола дәуірінің археологиялық мәдениетінің ерекшеліктері .....	36
§ 10. Ерте көшпелілер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті .....	41
§ 11. Орталық Азияның ежелгі мәдениетінің сабақтастығы мен өзара ықпалы.....	47

### ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ

§ 12. Ертедегі көшпелілердің әлемдік тарихи үдерістер бағытына ықпалы .....	52
§ 13-14. Орталық Азия халықтарының әлемнің материалдық мәдениетіне қосқан үлесі .....	56
§ 15-16. Орталық Азия халықтарының әлемдік рухани мәдениеттің дамуына қосқан үлесі.....	62

### ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ

§ 17. Антропогенез және этногенез .....	68
§ 18-19. Ежелгі дәуірдегі Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық үдерістер.....	72
§ 20. Түркі дәуіріндегі Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық үдерістер .....	76
§ 21-22. Моңғол дәуіріндегі Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық үдерістер .....	81
§ 23. Мәдени-генетикалық код – ұлт негізі.....	85

### ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ: ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҰЙЫМДАСУЫ

§ 24. Қазақ қоғамындағы ру-тайпалық құрылымның қалыптасуы .....	91
§ 25. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы .....	94
§ 26. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері.....	96

### ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЕРТЕ МЕМЛЕКЕТТЕР

§ 27. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымы .....	101
--	-----

### ҰЛЫ ДАЛА КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ ИМПЕРИЯЛАРЫ

§ 28-29. Түркі империясы – көшпелілер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі ...	106
--	-----

§ 30. Түрік империясының мұрагерлері .....	111
§ 31. Шыңғыс хан империясы және оның мұрагерлері. Шыңғыс ханның дүниежүзілік тарихтағы рөлі .....	117
§ 32. Қазақстан аумағында ұлыстық жүйенің дамуы .....	123
§ 33-34. XIII–XV ғғ. мемлекеттердің геосаяси белсенділігі және олардың Еуразиядағы тарихи үдерістерге әсері .....	128

### **ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ – ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ**

§ 35. Қазақ хандығының құрылуы – тарихи үдерістердің заңды нәтижесі .....	134
§ 36. Қазақ хандарының Қазақ хандығын құру мен нығайтудағы рөлі .....	139
§ 37-38. Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары .....	145
§ 39-40. Құтты жерді қорғау мен сақтаудағы ата-бабалардың рөлі .....	149

### **ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ЖОЛ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ**

§ 41. Мемлекеттік егемендікті жоғалту .....	156
§ 42-43. Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі .....	162
§ 44-45. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс .....	167
§ 46-47. XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанда қоғамдық-саяси ойдың дамуы .....	174
§ 48-49. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі .....	179
§ 50. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы .....	184
§ 51-52. Мемлекеттік стратегиялар және Қазақстан Республикасының даму бағдарламалары .....	193

### **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІ – ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ МҰРАСЫ**

§ 53. Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы өнері... ..	199
§ 54-55. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы .....	204
§ 56. Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық және рухани мұрасы .....	210
§ 57. Далалық өркениеттің тарихи және мәдени ескерткіштері .....	215

### **КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ**

§ 58. Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар (1920–1930 жылдар) .....	221
§ 59. Қазақстанның кеңестік кезеңдегі мәдениеті (1940–1980 жылдар) .....	227

### **ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ МӘДЕНИЕТ**

§ 60. Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы .....	234
Глоссарий .....	241
Пайдаланған әдебиеттер тізімі .....	252

*Учебное издание*

**Джандосова Заринэ Алиевна**

**ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА**

Учебник для 10 классов общеобразовательных школ

*(на казахском языке)*

Редакторы *Е. Жайнаков*

Көркемдеуші редакторы *Ж. Болатбаев*

Техникалық редакторы *Л. Садықова*

Компьютерде беттеген *А. Кокумова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген



ИБ № 5937

Басуға 24.06.19 қол қойылды. Пішімі 70·100<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз.

Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 20,64. Шартты бояулы беттаңбасы 79,34.

Есептік баспа табағы 15,44. Таралымы 155 000 дана.

Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй

Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34

E-mail: [mektep@mail.ru](mailto:mektep@mail.ru)

Web-site: [www.mektep.kz](http://www.mektep.kz)



